

**Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі
А.Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университеті
Тіл және әдебиет теориясы кафедрасы**

А.Т. ДОСОВА

ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ ОРФОГРАФИЯСЫ МЕН ПУНКТУАЦИЯСЫ

Оқу құралы

Қостанай, 2018

УДК 811.512. (075.8)
ББК 81.2 Қаз-923
Д 64

Пікір жазғандар:

Безаубекова А.Д., филология ғылымдарының кандидаты, Қостанай мемлекеттік педагогикалық университетінің доценті

Қайыпбаева А., филология ғылымдарының кандидаты, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университетінің доценті

Оразбаева А.С., филология ғылымдарының кандидаты, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университетінің аға оқытушысы

Досова А.Т.

Д 64 Қазақ тілінің орфографиясы мен пунктуациясы. – Қостанай: А.Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университеті. 2018 -115 бет

ISBN 978-601-7985-14-1

Оқу құралында «Қазіргі қазақ тілінің фонетикасы», «Қазіргі қазақ тілінің морфологиясы», «Қазіргі қазақ тілінің жай сөйлемі», «Қазіргі қазақ тілінің құрмалас сөйлемі» сияқты бағдарламалық пәнге көмекші құрал бола алатын теориялық ой-тұжырымдар түйінделген. Сондай-ақ еңбекке бақылау сұрақтары, жаттығу жұмыстары енгізілді.

Жоғары оқу орнының «Филология» мамандығы бойынша оқып жатқан студенттерге арналған.

УДК 811.512. (075.8)
ББК 81.2 Қаз-923

ISBN 978-601-7985-14-1

© А.Байтұрсынов атындағы
Қостанай мемлекеттік университеті

Мазмұны

Кіріспе.....	4
1-тақырып. Қазақ орфографиясы пәні.....	5
2-тақырып. Дауыстылардың және кейбір дауыссыздардың жазылуы.....	11
3-тақырып. Түбір сөздер мен қосымшалардың жазылуы.....	18
4-тақырып. Түбір сөздердің емлесі.....	25
5-тақырып. Шылау мен одағай сөздердің жазылуы.....	41
6-тақырып. Сөйлем соңында қолданылатын тыныс белгілер.....	52
7-тақырып. Қаратпа, қыстырма және одағай сөздердің тыныс белгілері.....	59
8-тақырып. Айқындауыш және бірыңғай мүшелердің, жалпылауыш сөздердің.. тыныс белгілері.....	67
9-тақырып. Құрмалас сөйлемдердің тыныс белгілері.....	77
10-тақырып. Төл сөздің тыныс белгілері.....	86
11-тақырып. Сөйлем ішінде келетін тыныс белгілер.....	94
12-тақырып. Бастауыш пен баяндауыштың арасына қойылатын сызықша.....	98
Қорытынды.....	108
Пунктуацияға қатысты сызбалар.....	109
Ұсынылған әдебиеттер тізімі	105

Кіріспе

Жазу мәдениетінің өркендеген, жетілген заманында айтылмақ ойды жазба түрде дәл, айқын жеткізе білу әрбір адамнан сауаттылықты талап етеді. Ал филология факультетін бітірген мамандардың сауатты жазып, мәдениетті сөйлеулеріне қойылар талап өте жоғары. Әдетте жазу жалпыға ортақ болғандықтан, оның ережелері де көпшілікке бірдей болып, қалың жұрттың пайдалануына арналады. Сондықтан емле ережелері әрі ортақ, әрі тұрақты болуға тиіс.

Емле ережелерінің тиянақсыздығы жазатын адамға үлкен қиындық келтіреді. Белгілі бір сөздер мен сөз тіркестерінің жазылуы бір ізге түспеген болса, ең сауатты адамның өзі толқып, қиналады. Бұл сауатты жазудың басты шарты. Жазғанды, айтқан ойды басқалар қалай қабылдайды дегенді әр уақытта естен шығармаған жөн.

Ал тыныс белгілерін дұрыс қоя білу сауаттылықты арттырады, әрі синтаксисті жете меңгеруге көмектеседі. Тіліміздегі сөздер синтаксистік қызмет атқару үшін, сан алуан байланысқа түседі. Сол байланыстарды мағыналық жағынан дәл ажыратып тұратын – тыныс белгілері, тыныс белгілерін «оқудың нотасы» дейтін себебіміз де сондықтан. Кейде сөйлемді дәл ұғуға тек тыныс белгісі ғана көмектесетін контекстер де кездесіп қалады. Сондай-ақ сөздерді дұрыс орналастырып айтпасақ, тыныс белгілерімен дұрыс бөліп жазбасақ, айтайын деген ойың теріс беріледі. Міне осындай жағдайлар мен тыныс белгілерін қарастыру пунктуацияның үлесінде.

«Қазақ тілінің орфографиясы мен пунктуациясы» оқу құралының негізгі мақсаты – болашақ ұстаздың тіл ғылымының салаларымен байланысты сауатты жазу ережелерінің бағдарламалық материалдарын студенттерге тиянақты да жүйелі үйрететін іскерліктерін шыңдау. Сауатты жаза білетін ұрпақ тәрбиелеу үшін білімді ұстаз тәрбиелеу.

Осы еңбекті игеру жолында студент өзінің білімін шыңдау, дағдылық, іскерлік қабілетін дамытып, ана тілінің қасиетін тереңінен танып, оның қыр-сырын меңгеріп, өз бойына ана тіліне деген сүйіспеншілігін дарытып, тіл мәдениетін өркендетуге үлес қосады деген ойдамын.

Оқу құралының мәселелері бойынша сын айтып, пікірлерін ортаға салушылар болса, алдын ала шын жүректен рахметімді айтамын. Болашақта сіздердің көмектеріңізбен оқу құралын ары қарай толықтырып, сапасының жақсаруына еңбек ете бермекпін.

1- тақырып. Қазақ орфографиясы пәні

Жоспары:

- 1 Орфографияның мақсат-міндеттері
- 2 Морфологиялық-фонематикалық принцип
- 3 Фонетикалық принцип
- 4 Тарихи-дәстүрлік принцип
- 5 Орфографиялық сөздік

Орфографияның мақсат-міндеттері. Орфография (грек. orthographia, orthos – дұрыс, grapho – жазу, жазамын) – жазудың біркелкілігі үшін ережелер жүйесін жасайтын тіл білімінің саласы. Орфография және пунктуация пәнінің мақсат-міндеттері - қазіргі қазақ жазуы емле ережелерінің қалыптасу негіздерін көрсету, студенттерге сөздерді ережеге сай дұрыс жазуды меңгерту, қазақ орфографиясының негізгі принциптерінің сипатын анықтау, емле ережелерін тәжірибе жүзінде меңгерту мәселелерін зерделеу. Орфографияда сөздерді ережеге сай дұрыс жазу, соның ішінде түбір сөздердің және қосымшалардың жазылуы, сөздердің бірге, бөлек және дефис арқылы жазылуы, шылаулар мен одағайлардың және бас әріптердің қолданылуы мәселелері қамтылады. Орфография дұрыс жазудың, жазылғанды дұрыс оқып, дұрыс түсінудің құралы.

Морфологиялық-фонематикалық принцип. Көптеген тілдердің емле заңдарына көбінесе үш-төрт түрлі принцип негіз болады. Олар: фонематикалық, фонетикалық, морфологиялық, тарихи-дәстүрлік принциптер.

Морфологиялық принцип бойынша сөз бөлшектерінің түбір тұлғалары сақталып жазылады. Фонематикалық принципке дыбыстардың бір сөз ішіндегі немесе сөз аралықтарындағы бір-біріне тигізетін әсерлері ескерілмей, негізгі фонемалық түрі сақталып жазылуы жатады. Фонетикалық принцип бойынша сөз бөлшектерінің дыбыстық өзгеріске ұшырауы есепке алынып, олар айтылуынша жазылады. Тарихи-дәстүрлік принцип бойынша жазу сөз бөлшектерінің түбір тұлғасын сақтау ережесіне де, естілуінше жазу ережесіне де сай келмейді, мұнда сөздердің бір кездегі қалыптасып, үйреншікті болып кеткен жазылу түрі сақталады.

Қазақ орфографиясының негізгі морфологиялық-фонематикалық және фонетикалық принциптерге сүйенеді.

Қазақ тіліндегі сөздер мен сөз бөлшектерінің (түбір, жалғау, жұрнақтарының) басым көпшілігінің түпкі тұлғасы сақталып жазылады. Мысалы, жұмыс, іс, аш деген түбірлерге –шы, -шен, -са қосымшалары жалғанғанда, олардың естілуі (айтылуы) жұмұшшы, ішшен, ашша болады. Бірақ сөздердің түбірі жұмыс, іс, аш болғандықтан түбір тұлғасы сақталып, жұмысшы, ішшен, ашса түрінде жазылады. Сондай-ақ, қашанғы, түнгі, күнге деген сөздердің естілуі қашанғы, түнгү, күнгө болады. Бірақ бұлардың айтыл

уындағы фонемалардың қосалқы реңкі есепке алынбай, сөз бөлшектерінің түпкі тұлғалары сақталып, фонемалардың негізгі реңкі таңбаланады да, қашанғы, түнгі, күнге болып жазылады. Бұл ереже емленің фонематикалық принципін қолданылуын танытады. Қазақ орфографиясында фонематикалық принцип пен морфологиялық принциптердің тоғысып кететін сәттері жиі кездеседі. Мысалы, біріккен сөздер мен қос сөздер де, негізінен, әр компонентінің жеке тұлғасын сақтап жазылады, олардың арасындағы дыбыстардың айтылуыда бір-біріне ететін әсері ескерілмейді. Айталық, *қара-құйрық (жануар), жар-қабақ, орынбасар, алма-кезек, көзбе-көз, қиян-кескі* деген сөздер біріккенде не қосаранғанда, айтылуы (естілуі) *қарағұйрық, жарғабақ, оғұмбасар, алмагезек, көзбөгөз, қиянгескі* болады, бірақ әр сөздің түбір тұлғасы сақталып, *қарақұйрық, жарқабақ, орынбасар, алма-кезек, көзбе-көз, қиян-кескі* түрінде жазылады. Бұл әрі фонематикалық, әрі морфологиялық принциптердің қабаттаса қолданылуы болып табылады.

Фонетикалық принцип. Қазақ орфографиясында фонетикалық принцип те кеңінен қолданылады. Ол мынадай тұстарда көрінеді:

1) Қазақ тіліндегі септік, көптік, тәуелдік, жіктік жалғаулары, сондай+ақ жұрнақтардың көпшілігі сөздің соңғы буынының жуан-жіңішке әуеніне қарай және ең соңғы дыбысына қарай түрленіп жалғанады: қала+лар, көше+лер, аттар, ит-тер, қаз-дар, із-дер, қала-ның, көше-нің оқушы-мын. Бұларда жалғаулар естілуінше жазылып тұр.

2) Қатаң п, қ, к, к дыбыстарына аяқталған сөздерге дауыстыдан басталған қосымша жалғанғанда, қатаң дыбыстар ұяң естіледі (айтылады): кітап-ым-кітабым, тарақ-ы- тарағы, күрек+ін-күрегін. Мұндай жағдайда да сөздің түбірі сақталмай, естілуінше ұяң дыбыс әрпі жазылады: кітабым, тарағы, күрегін. Бұл да фонетикалық принцип бойынша жазу.

3) Қазақ тілінде жалғанғанда, қос и дыбысы қатар айтылмай немесе алдыңғысы ұяңдамай, түбірдегі и дыбысы үнді у дыбысына айналып кетеді және сол өзгеруінше жазылады: кеп+іп-кеуіп (кепіп емес), тап+ып-тауып (табып емес). Ал пы, пі дыбыстарына аяқталатын етістіктерге п жұрнағы жалғанады, алдыңғы ережеге бағынбай, екі дыбысы араларына ы, і дауыстыларын салып, қатар естіледі және естілуінше жазылады: күпі+п- күпіп, лепі+п-лепіп (отыр).

4) Бірқатар біріккен сөздер әр компонентінің түбір тұлғасын сақтамай, естілуінше жазылады: белбеу (бел+бау), қолғабыс (қол+қабыс), қолғап (қол+қап), бүгін (бұл+күн), биыл (бұл+жыл), екіншігәрі (екіншіден әрі). Бұл тәрізді фонетикалық принциппен жазылатын біріккен сөздердің саны, морфологиялық принциппен жазылатындарына қарағанда, әлдеқайда аз. Олар орфографиялық сөздіктерде беріледі. Сондықтан кез келген біріккен сөзді естілуінше жазудан сақ болу керек.

5) Орыс тілінен ертеректе еніп, дыбысталуы жағынан өзгеріп кеткен бірқатар сөздер фонетикалық принциппен қазақша айтылуынша жазылады: самаурын (самовар емес), божы (вожжи емес), болыс (волость, емес), шөген (чугун емес).

б) Араб-парсы тілдерінен енген сөздер қазақ тілінің фонетикалық заңдылықтарына қарай өзгерген күйінде, айтылуынша жазылады: әділ (адл), пайда (файда), ақпар (әкбар), қайран (хэйран), қате (хэта), дүние (дүнийя), нәпсі (нәфс), өсиет (уасийәт), ауа (һауа), әлек (һәлак), мазақ (мәзх). Мұндағы жақша ішінде көрсетілгендер бұл сөздердің арабша-парсыша транскрипциясы.

Тарихи-дәстүрлік принцип. Тарихи-дәстүрлік принципке орыс тілінен және орыс тілі арқылы өзге тілдерден енген сөздердің қазақша айтылуынша емес, орыс орфографиясы бойынша жазылуы жатады: спорт, стадион, алгебра, физика, химия, геометрия, банк, биржа, съезд, фестиваль, кандидат, доктор, капитал, кальций, авиация, акционер. Бірақ бұларға қазақ тілі қосымшалары фонетикалық-морфологиялық принциппен жалғанады, яғни сөздің соңғы буынының жуан-жіңішкелігі, сөз соңындағы қатаң дауыссыздардың ұяндығы (бұл сөзге дауысты дыбыстан басталатын қосымша жалғанған күнде), дәнекер ы, і дыбыстарына иек артуы сияқты құбылыстар орын алады: акционер+лік, кон+церн+дер, репор+таж+ы дегендерде кірме сөздің соңғы буындарына қарай бірде жуан, бірде жіңішке қосымшалар жалғанған, ал банк, фонд сияқты сөздерге қазақ қосымшалары ы, і дәнекерлері арқылы қосылады: банк +і+ге, банк+і+ден, фонд+ы+сы.

Араб пен парсы тілдерінен енген бірқатар сөздерді қ, һ әріптері арқылы жазу да дәстүрлік принципке сүйенеді: *хат, халық, хабар, хал, хан, -хана, гауһар, жаһан, қаһарман*. Бұлайша таңбалау 1940 жылы қазақ тілінің кириллицаға негізделген жаңа жазуы мен жаңа емле ережелері қабылданған кезде көрсетілді де, содан бергі мерзім ішінде осылайша таңбалау дәстүрге айналды.

Орфографиялық сөздіктің құрылысы. Сөздікке қазақ тілі сөздік құрамындағы сөздердің бәрі түгел енген жоқ, жазылуы бірқыдыру қиын деген сөздер енді. Қазақ тіліне орыс тілі арқылы енген сөздердің де барлығы бірдей енбей, олардың ішінде жазылуы күрделілеу ең жиі қолданылатындары және қазақ тілі қосымшалары жалғанғанда, жазылуы қиын соғатындары берілді. Мысалы: *абстракт (абстрактіге, абстрактісі), альманах (альманахы), принцип (принципі), калий (калийге, калийі), полюс (полюске) т.б.*

Идиома, фраза тәрізді тұрақты сөз тіркестерін кейде бөлек, кейде қосып, кейде дефис арқылы жазу қаупінен сақтандыру үшін, көбінесе, екі сөзден құралғандары реестр етіп сөздікке енгізілді: *боз өкпе, жез таңдай, нар тәуекел, ақ ниетті, қара ниетті т.б.* Қос сөздер сөзтізбеде (реестрде) берілді. Жазылуы қиындау сирек қолданылатын кейбір көне сөздер сөздіктен орын алды. Оларға жақша ішіне «көне» деген белгі қойылып, кейбіреулеріне түсініктеме берілді: *ағасұлтан (көне; термин), айдауыл (көне; конвой), басқақ (көне); бірауыз (көне; мылтық), қаратаяқ (көне; интеллигент), сияз (көне) т.б. Авиа, авто, кино, аэро...* сияқты сөздермен келетін күрделі тұлғалардың көбінесе қазақ сөздерімен келетіндері берілді де, жақша ішінде орыс немесе қазақ сөздерінің осы компоненттер қосылуы арқылы жасалатын өзге түрлерінің де бірігіп жазылатындығы ескертілді. Бір өсімдіктің, аңның, жәндіктің, аурудың екі-үш түрлі атауы бары белгілі. Әр түрлі мақсатпен олардың барлығының да жазба әдебиетте қолданылатындығынан бұл жарыспа сөздердің көпшілігі сөздіктен

орын алды. Мысалы, тышқан тұқымдас бір ғана аңның үш аты бар: *аламан//атжалман//алақоржын*. Бұл үш сөздің үшеуі де өз орындарында берілді.

Екі түбірден құралған термин сөздердің басым көпшілігінің бірігіп жазылатындығын ескеру үшін бірқатар сөздердің тұсына жақша ішіне сол терминнің «иесі» болып тұрған ғылым саласының аты немесе «термин» деген белгі көрсетілді: *қуысмүйізділер (термин), алауыздық (термин), алғышарт (термин), атсайыс (спорт термині) т.б.*

Әр түрлі айтылып және түрліше жазылып жүрген сөздердің дұрыс емес түрі жақша ішіне алынып, «емес» деген сөзбен берілді: *маңдай (маңлай емес), айнала (айлана емес)*. Мұндай ескертулер өткен басылымдарға қарағанда, едәуір азайды, өйткені көптеген сөздердің жарыспалы тұлғалары екшеліп, олардың бір вариантының жазылуы соңғы ширек ғасыр ішінде орнықты деуге болады.

Реестрдегі сөзбен көбінесе тіркесе айтылатын екінші сөз жақша ішінде берілді: *ат шаптырым (жер), әбілет (басқыр), әлден (бастап), дақ (түсу), далап (жағу) т.б.*

Бұлар реестр сөздің жалғасы іспетті сол шрифтімен терілді.

Мағынасы түсініксіздеу деген сөздің тұсына жақша ішіне әр түрлі жолмен түсіндірмесі берілді. Ол түсіндірмелер:

1) сол заттың жалпы атын көрсету арқылы берілді. Мысалы: *ақиық (құс), ақшелек (індет), бұзаубас (құрт), аюқұлақ (өсім.) т.т.;*

2) кейбір сөздер синонимі арқылы түсіндірілді: *қайтіп (қалай), әнтек (сәл), әсел (бал);*

3) бірен-саран сөздердің түсіндірмесі орыс тіліндегі баламасы немесе ғылыми термині арқылы берілді: *Ақшақар (Снегурочка), қылтүтік (капилляр), көлтабан (лиман);*

4) бірқатар сөздердің бөлек не бірге жазылу себебін таныту үшін немесе мағыналарын ажырату үшін, оның қай сөз табына жататындығы жақша ішінде көрсетілді: *ауру (зат е.), ауыру (етістік), дағы (шылау), гөрі (шылау), моһ-моһ (одағай) т.т.* Сөз таптарының аталуы қысқартылып берілді. Ол қысқартулардың тізімі кітап соңында.

Сөзді тәуелдегенде соңғы буынындағы *ы, і* әріптерінің түсіріліп немесе түсірілмей жазылатындығы сол сөздердің III жақта тәуелдеулі түрін жалғастыра беру арқылы көрсетілді: *ауыл, аулы; ауыз, аузы; орын, орны; халық, халқы; көрік, көркі («ажар» мағынасында), парық, паркы*. Бұл сөздерде, демек, тәуелдегенде *ы, і* әріптері жазылмайды, ал *бауыр, бауыры; дәуір, дәуірі; иық, иығы; иін, иіні; көрік, көрігі (ұстаның көрігі)* деп көрсету бойынша бұл әріптер түсірілмейді.

Ы, і, й дыбыстарына аяқталатын етістіктердің реестр сөз ретінде берілген тұйық түрінің (-у жұрнақты түрінің) қасына үтірден кейін оның II жақ бұйрық райдағы, III жақ ауыспалы шақтағы түрлері және үш дауысты дыбыс әрпі қатар келетіндерінің III жақ тәуелдеулі тұлғалары берілді: *азаю, азай, азаяды, азаюы; бұрку, бүрік, бүркеді; қабу, қап, қабады (ит қабады), қабу, қабы, қабиды (көрпені қабиды); ою, ой, ояды, оюы; құю, құй, құяды, құюы*. Тұйық етістік

түрінде қос уу әріптеріне аяқталатын сөздердің ІІІ жақтағы тәуелдеулі түрі де көрсетілді: *ауу, аууы; қуу, қууы*.

Орыс тілінен енген сөздерге қосымшаның жуан не жіңішке жалғанатындығын көрсету үшін сол сөздің барыс септіктегі түрі мен тәуелдіктің ІІІ жағындағы тұлғасы берілді. Етістікке бұл жалғаулар жуан жалғанып тұрса, сол сөзге қалған жалғаулардың және жұрнақтардың барлығы да жуан жалғанады деп білу керек және керісінше: *педагог, педагогке, педагогі; парк, паркке, паркі; блок, блокқа, блогі; поляр, полярға, поляры; полюс, полюске, полюсі; ансамбль, ансамбльге, ансамблі; цех, цехқа, цехы*. Жіңішке *ль* дыбысына аяқталатын сөздерге тәуелдік жалғаулары тек қана жіңішке жалғанатындығы да (басқа қосымшалар жуан жалғанғанмен) көрсетілді: *магистраль, магистральға, магистралі; фестиваль, фестивальға, фестивали*.

Бірдей екі дыбысқа (сс, лл, тт сияқты) және ст, зд, сть дыбыстарына аяқталатын сөздерге қосымша жалғанғанда соңғы әріптерінің түсіп қалатын-қалмайтындығы сол сөздердің барыс жалғаулы және ІІІ жақтағы тәуелдік тұлғасының қатар берілуі арқылы көрсетілді: *металл, металға, металы; класс, класқа, класы; грамм, граммға, грамы; съезд, съезге, съезі; ведомость, ведомосқа, ведомосы*.

Орыс тілінен енген, дауыссыздар тіркесіне аяқталатын кейбір сөздерге қазақ тілі қосымшалары дәнекер **ы, і** әріптері арқылы жалғанып жазылатындығы қатарында көрсетілді, ол үшін сөздің барыс жалғаулы және ІІІ жақтағы тәуелдік жалғаулы тұлғасы берілді: *фонд, фондыға, фондысы; ромб, ромбыға, ромбысы; лифт, лифтіге, лифтісі*. Сөз соңындағы *п, х* дыбыстарының дауыстыдан басталған қосымша жалғанғанда ұяңдамайтындығы ғана ІІІ жақтағы тәуелдеулі түрін беру арқылы көрсетілді: *принцип, принципі; тип, типі; альманах, альманахы; цех, цехы; тарих, тарихы*.

Б, в, г, д дыбыстарына аяқталатын сөздерге қосымшалар қатаң дыбыстан басталып жалғанатындығы сөздің барыс септік жалғаулы түрі арқылы көрсетілді: *отряд, отрядқа; клуб, клубқа*. Әр түрлі екі-үш мағынада қолданылатын, бірақ жазылуы бірдей сөздердің әрқайсысының тіркесетін компоненттерін көрсету үшін немесе мағыналарын айқынырақ таныту үшін екі реттен (екі рет реестр етіп) берілген сәттері бар: *бұлау (көз жасын бұлау); бұлау (ванна); бұлт (аспандағы); бұлт берді (жалтарды)*. Түбірі бір болғанмен, өз алдына мағыналық реңктері бар жарыспа сөздердің екеуі де (кейде үшеуі де) реестрден орын алды: *кебек – кеуек; гашық – асық – ашық, сұрақ – сұрау; суару – суғару; қазына – қазине (қазинелі қара нар), оттегі – оттеқ*.

Сөздікке мынадай тұлғалар енгізілген жоқ:

1) Етістіктің -у жұрнақты тұйық тұлғасы берілді де, қалған тұлғалары берілмеді, ол – осы етістік тұйық тұлғада қалай (бөлек я бірге, немесе дефис арқылы) жазылса, қалған тұлғаларында да солай жазылады деген сөз. Мысалы, *арып-ашу деген тұлға реестрде берілді, осыған қарап арып-ашты, арып-ашып, арып-ашқан, арып-ашар т.б.* тұлғалар да дефис арқылы жазылатындығын түсінуге болады.

Идиома, фраза тіркестері де осы сияқты. Мысалы, *бас қатыру* деген тіркестің бөлек жазылатындығы сөздікке енгізілді, ал *бас қатырды, бас*

қатырғыш, бас қатырушылық, бас қатырған сияқты тұлғалары жоқ, бірақ реестрдегі бас қатыру деп бөлек жазылатыны көрсетілген үлгі бойынша әрдайым бөлек жазылатындығын білуге болады.

2) Әріптерден қысқарған сөздер енгізілген жоқ.

3) Жұрнақ арқылы жасалатын туынды тұлғалардың көпшілігі, яғни жазуда қиындық туғызбайтындары, сөздікке енген жоқ. Мысалы, *ауыл* деген сөз бар, ал *ауылдық, ауылдай, ауылша, ауылсыз* деген тұлғалар жоқ, *революция* деген сөз берілді де, оның *революциялық, революциялы, революцияшыл* сияқты сын есімдік тұлғалары берілген жоқ, өйткені соңғы туынды тұлғалардың түбірі реестрдің берілген түріне қарай жазылатындығы белгілі. Бұлардың ішінде тек -лы жұрнақты сөзге тағы да -лық жұрнағы қосылып жасалғандары берілді: *айнымалылық, жайдарлылық, жарлылық*.

Бақылау сұрақтары:

- 1 Орфография сөзі қандай мағынаны білдіреді?
- 2 Пунктуация нені зерттейді?
- 3 Орфография және пунктуация практикумы пәнінің мақсат-міндеттері не?
- 4 Тілдердің емле заңдары қандай принциптерге сүйенеді?
- 5 Морфологиялық принцип бойынша сөз бөлшектерінің түбір тұлғалары қалай жазылады?
- 6 Фонематикалық принцип бойынша сөз қалай жазылуы тиіс?
- 7 Фонетикалық принцип бойынша сөз қалай жазылуы тиіс?
- 8 Тарихи-дәстүрлік принцип бойынша сөз қалай жазылуы тиіс?

1-жаттығу. Орфографиялық принциптерге мысал келтіріп, ережесін түсіндіріңіздер.

Үлгі. Морфологиялық принцип:

жазылуы	айтылуы
ашса	– ашша
сенбі	– сембі

2-жаттығу. Асты сызылған сөздердің ережесін еске түсіріп, қандай орфографиялық принцип бойынша жазылғанын анықтаңыздар.

Төмен сырғанақтаған бөшкені бүктетіле тіреп, сілеусін көзі ызғар шаша қарап қалғаны Танабайдың көз алдынан кетпей қойды. Бейшара несіне жетіседі, мұның халінде бетегеден биік, жусаннан аласа тірліктен басқа не бар... Биыл Қарауыл суы мол тасып, Жидебай, Мұсақұл үстіндегі кең қорық көк жайқын қалың шалғын боп келе жатыр еді. Дәл бүгін осы қонысқа жеткенше бұл ауылдар өзге Шыңғыс бөктерінен көшкен Бөкенші, Жігітекті қуып жете алмаған. Сүйтіп, қазаннан жаңа түскен ет бір қолдан бір қолға лып-лып етіп, салқындамай, тоңазымай лезде жетіп тұрды. Бердіқожаның көнген хабарын алысымен Құнанбай қалың малды, жыртысты бір-ақ жібертті.

3-жаттығу. Төмендегі үзіндіден морфологиялық және фонетикалық принциптер бойынша жазылған сөздерді тауып, ережесін түсіндіріңіздер.

Ерліктің негізі – сүйіспеншілік. Кісі сүйгенінің құлы да, құрбаны да болады. Отанын сүйген солдат ол үшін отқа да, суға да түседі. Сөйтіп, саналы 5 түрде ерлік жасайды. Ол ерлікті қай күні, қай сағатта жасайтынын солдаттың өзі білмейді. Сәт сағаты жетіп, жан толқыны тулап, шиыршық атып аспанға шапшығанда, солдаттың жұдырықтай жүрегінен ерліктің жалыны бұрқ ете лаулап атылады. Дүниені дүлей тасқын кернейді. Жер сілкініп, тау төңкеріледі. Күн күркіреп, найзағай жарқылдайды. Солдат ерлік жасағанда осындай болады! Бірақ солдат оны ерлік жасадым деп есептемейді. Азаматтық міндетімді атқардым, Отан алдындағы перзенттік борышымды өтедім деп қана біледі. Ерлік жасаған сәтте солдаттың басындағы ой осы ғана болады. Өзінің ерлік жасағанын өлген солдат білмей кетеді, тірі қалған артынан ұғады. Онда да алғашында ол ондай ерлік жасаған емес, басқа біреу болар деп ойлайды. Мінеки, ерліктің ешқандай есепке көнбейтіні де сондықтан! (Ә.Нұршайықов «Ақиқат пен аңыз»)

2-тақырып. Дауыстылардың және кейбір дауыссыздардың жазылуы

Жоспары:

- 1 Дауыстылардың жазылуы.
- 2 Кейбір дауыссыздардың жазылуы.

Дауыстылардың жазылуы. А әрпі сөздің барлық буындарында жазылады: ал, ала, алақан, аспан, мақала, сарымсақ.

Сөз басындағы **ж, ш** дыбыстары мен **й** дыбысының ортасында келген жуан дауысты **а** дыбысы көбінесе **ә** болып айтылады, бірақ **а** әрпі жазылады: *жай* (барлық мағынада да: *жай жүру, жай сөйлем, жай отыр, жай түсу, дастарқанды жай т.б.*) және осы түбірден өрбіген сөздер (*жайбарақат, жайғасу, жайғызу, жайдан жай-күй, жайлы, жайсыз, жайлап т.б.*), *шай, шайы* (көйлек).

Ә әрпі көбінесе сөздің бірінші буынында және бір буынды сөздерде жазылады: *ә-сем, ә-леумет, ә-демі, тәр-тіп, кә-сіп, сәу-ле, дәу-рен, ән, әл, әр, жә.*

Сөздің алғашқы буынындағы не алғашқы буындарындағы жіңішке дауыстының әуенімен келесі буында жіңішке айтылатын (естілетін) **ә** дыбысының орнына, негізінен, **э** әрпі жазылады: *тәкаппар* (айтылуы – *тәкәппар*), *ләззат* (айтылуы – *ләззәт*), *рәсуа* (айтылуы – *рәсуә*), *Жәмила* (айтылуы – *Жәмилә*), *Сәбира* (айтылуы – *Сәбирә*), *Кәмила* (айтылуы – *Кәмилә*) және тағы осы сипаттас жалқы есімдер.

Ескертулер. 1. Мына сөздердің екінші буындарында естілуінше **ә** әрпі жазылады: *сірә, куә, күнә, кінә, іңкәр, зәмзам, жүдә, күмән, мүсәпір, дүдәмал, шүбә* (бұлардың жазылуын емле сөздіктерінен қарап білу керек).

2. Бірінші буыны жіңішке ү дыбысымен келген жалқы есімдердің екінші буынында да естілуінше ә әрпі жазылады: *Күләш, Күләнда, Күлән*.

3. Біріккен сөздер мен қос сөздердің соңғы буындарында ә әрпі жазыла береді: *ендігәрі, әжептәуір, Гүлжәмила, Бейсенәлі, әлсін-әлі, кәп-кәрі, әп-әсем*.

О, ө әріптері қазақтың көп буынды сөздерінің алғашқы буынында және бір буынды сөздерде ғана жазылады: *о-рамал, о-тын, то-ры, до-лана, ө-сімдік, ө-кімет, кө-леңке, ал, от, ор, он, өс, өр, тор, төс, төр, төрт*.

Алғашқы буындағы еріндік ө дыбысының әсерімен екінші буындағы езулік е дыбысы ө болып естіледі (айтылады), бірақ жазуда е әрпі жазылады: бөрене (айтылуы –бөрөне), көбелек (айтылуы- көбелек), жол-жөнекей (айтылуы – жолжөнекей).

Ескертулер. 1. Орыс тілінен енген сөздердің соңғы буындарында **о** әрпі жазыла береді: кино, динамо, аккорд, паспорт, синоним.

2. Біріккен сөздер мен қос сөздердің соңғы буындарында **о, ө** әріптері жазыла береді: *көркемөнер, кәсіпорын, алабота, Айнамкөз, оқтын-оқтын төсек-орын*.

4. **Ұ, ү** әріптері, негізінен, сөздің бірінші буынында және бір буынды сөздерде жазылады: ұ-лы, ұ-зын, ұ-лан, құ-лақ, жұ-дырық, құ-мыра, үл-кен, түй-іншек, түй-реуіш, ұн, ұл, үн, үш, құн, күн, күрт.

Алдыңғы буындағы еріндік **ұ, ү, о, ө** дыбыстарының әсерімен келесі буында естілетін **ұ, ү** дыбыстарының орнына **ы, і** әріптері жазылады: *құндыз (айтылуы -құндұз), құрық (айтылуы -құрұқ), бүгін (айтылуы-құрұқ), бүгін (айтылуы-бүгүн), күбір (айтылуы - бүгүн), күбір (айтылуы - күбүр), орын (айтылуы-орұн), өңір (айтылуы -өңүр), домбызу (айтылуы - домбұзғу)*.

Ескертулер. 1. Мына тәрізді түбір сөздердің екінші буындарында **ұ, ү** әріптері жазылады: *бұлбұл, байғұс, мазмұн, мақұл, мағлұмат, дүлдүл, мәжбүр, дәстүр*.

2. Біріккен сөздер мен қос сөздердің соңғы буындарында **ұ, ү** әріптері жазыла береді: *көкқұтан, Аққұдық, қыстыгүні, мал-мүлік*.

Ы, і әріптері сөздің барлық буындарында жазылады: *ыс, ыстық, ыдырау, қыдырыс, қыртыс, торы, іс, кіріс, ірі, кідіріс*.

Үш буынды сөздердің ортасында дүдәмалдау естілетін қысаң **ы, і** дыбыстарының әріптері көбінесе түсірілмей жазылады: *абырой, адыраспан, адыраю, азына, айырым, ақымақ, аңызак, аңырау, атырап, атырау, әсіресе, бадырақ (көз), бадыраю, бытыра, дәрігер, едірею, ежірею, жадырау, жайылым, жапырақ, жауырын, жұдырық, көбінесе, көкірек, қабілет, қагілез, қазына, қапырық, қатынас, қоңырау, құбылыс, құдірет, құжынау, құмыра, құрылыс, мағына, мәжіліс, мәлімет, мәміле, мейірім, меңіреу, мөңіреу, омырау, өкімет, сүмірею, тамызық, тебірену, тоқырау, топырақ, төңірек, ұмыту, үзіліс, үкімет, шекірею, шұғыла, ыдырау, ықылас, ысырап*.

Ескерту. Мына сияқты сөздердің ортасында **ы, і** әріптері жазылмайды: *баурай, баурау, лоблу, мәжнүн, малғұн, медресе, сахна*.

Кейбір сөздердің соңғы буындарындағы **ы, і** дыбыстары сол сөздерге белгілі бір қосымшалар жалғанғанда, айтылуы да, жазуда да сусып түсіп қалады. Мысалы: *орын+а-орна/ды/, ойын+а-ойна/ды/, бұйыр+ық-бұйрық,*

жиын+а+лыс-жиналыс, қорық+ып-қорқыту, қорық+а+атын- қорқатын, үрік+ек-үркек, ерін+еу-ернеу, қырық+ыншы-қырқыншы, айыр+ық+ша-айрықша.

Ескертулер. 1. *Айыр, қайыр, майыр, шайыр, үйір, шүйір* сияқты етістік түбірлеріне етіс жұрнақтары (+ыс,+ыл т.б.) жалғанғанда й +ден кейінгі ы, і әріптері түсірілмей сақталып жазылады: *айырылу, айырысу, қайырылу, қайырысу, үйірілу, шүйірілу.*

2. Соңғы буынындағы ы, і әріптерін түсіріп не түсірмей жазу бірқатар сөздердің мағынасын айыру үшін пайдаланылады. Мысалы: ұмтылу- талпыну және ұмытылу – естен шығу.

Соңғы буындарында ы, і дыбыстары бар сөздерді тәуелдегенде, көбінесе соңғы буындарындағы ы, і әріптері сақталып жазылады: киім+і – киімі, бауыр+ы- бауыры, бақыт+ы- бақыты, бұйым+ы- бұйымы, дәуір+і- дәуірі, пейіл+і – пейілі, рақым+ы-рақымы, уақий+ы-уақыты, уыт+ы-уыты, ырыс+ы-ырысы, иіс+і-иісі, ғылым+ы-ғылымы.

Ескерту. Тәуелдегенде соңғы қатаң дауыссыз дыбысы ұяндап кететін сөздерде ы, і әріптері түсірілмейді: көрік+і- көрігі, білік+і-білігі. Мынадай сөздерде, яғни соңғы буынындағы қысаң ы, і дыбыстары үнді дыбыс пен қатаң дыбыстың ортасында келген сөздерді тәуелдегенде, қысаң дыбыстар сусып түсіп қалады және түсіріліп жазылады: мойын+ы-мойны, мұрын+ы- мұрны, халық+ы-халқы, ерік+і-еркі, әріп+і-әрпі т.б.

Ы, і дыбыстарына аяқталатын сөздерге дауысты дыбыстан басталатын қосымша жалғанғанда, ы, і әріптері түсіріліп жазылады. Мысалы: алты+ау-алтау, жеті+еу- жетеу, екі+еу- екеу.

Ы,і дыбыстарына аяқталатын етістіктерге –у жұрнағы жалғанғанда, ы, і әріптері түсіріліп жазылады: оқы+у- оқу, тоқы+у-тоқу, кемі+у- кему, жібі+у-жібу, иі+у-ию, кейі+у-кею.

Л, р дыбыстарынан басталып, одан кейін а, ә, е, у, ұ, и дыбыстары келетін түбір сөздердің басында ы, і әріптері жазылмайды: лаж, лайық, лас, лай, лайсаң, лақ, леген, рай, рас, лауазым, лашын, лашық, лақап, лезде, леп, лепіру, лоблу, рақым, рет, ренжу, рең, реңк, ру, рух, рухани, рұқсат, риза, рия, рәсуа.

Л, р дыбыстарынан басталып, одан кейін қысаң ы, і дыбыстары келетін сөздердің басында (л, р әріптерінен бұрын) ы, і әріптері жазылады: ырыс, ырым, ырыө, ырсылдау, іріту, ілігу.

Сөз р немесе л дыбыстары мен қатаң дауыссызға аяқталып, шұғыл айтылатын жағдайда бұлардың арасына ы, і әріптері жазылмайды. Мысалы: ұят, жұрт, кілт, бұлт, қарт, төрт, құрт, жалт-жұлт, тарс-тұрс, бырт-бырт, жарқ-жұрқ, салт, қалт (етті).

Ескерту. Шұғыл айтылмайтын соңғы үнді мен қатаң дауыссыздың арасына ы, і қойылып жазылады: жарық (сәуле), қарыс (бір қарыс сақалы бар), қарыт(аязға беін қарытып алды), тұрыс (бұл тұрысың маған ұнамайды).

Л, э әріптері орыс тілінен енген сөздерде ғана жазылады: пулемет, Петр, Семен, этажерка, эпос, поэма, эволюция экономика.

Я, ю әріптері қазақ сөздерінде й+а, й+у қосар дыбыстарын таңбалап, дауысты әріптен кейін ғана (я әрпі бірен-саран қазақ сөздерінің басында да)

жазылады: *аю (айу), үю (үйу), қою (қойу), аян (аяан), қоян (қойан), баяндауыш (байандауыш), яғни, яки, япырмай.*

Бұл әріптер орыс тілінен енген сөздерде қосар **йа, йу** дыбыстарының да (*каюта, маяк*), жалаң **а, у** дыбыстарының да таңбасы ретінде қолданылады.

И дыбысына біткен етістіктер мен сый, тый деген етістіктерге – у, –а жұрнақтары жалғанғанда, олар ю, я болып жазылады (сый, тый деген сөздерде й әрпі түсіп қалады): *ки+у –кию, қи+а-қия, и+у –ию, сый+у-сюю, сый+а+ды –сыяды, тый+у-тыю, тый+ады –тыяды.*

Ю әрпіне аяқталатын сөздерге дауыстыдан басталған қосымша жалғанғанда ю таңбасы сақталады да, үш дауысты әріп қатар жазылады: *баю+ы-баюы (Біз ауылдың баюын әңгімеледік); кею+i-кеиді (Ол кеюін қойды).*

Ескерту. Мына сөздерде қатар келген **йу** әріптерінің орнына **ю** әрпі жазылмайды, сол таңбаларының өзі сақталады: айуан, хайуан, бейуақ, кейуана.

У әрпі үш түрлі қызмет атқарады: 1) жуан айтылатын ұу дауысты дыбысын таңбалайды: су (сұу), суық (сұуық) туыс (тұуыс), бару (барұу),

Кейбір дауыссыздардың жазылуы. **Ф, х** әріптері, көбінесе, орыс тілінен және орыс тілі арқылы басқа тілдерден енген сөздер мен жалқы есімдерде, оның ішінде кісі аттарында жазылады: *фабрика, фонетика, шкаф, шеф, химия, техника, цех, Фәтима, Фазыл, Хамит, Райхан, Мұхтар, Ахмет.*

Х әрпі араб-парсы тілдерінен енген бірқатар сөздерде де жазылады: халық, хат, хан, ханзада, хас, хош, мұхит, сахна, тарих, рухани, асхана.

В, ч, ц әріптері орыс тілінен енген және орыс тілі арқылы енген сөздеріне ғана жазылады: вагон, велосипед, вокзал, аквариум, цирк,, чек, очерк, диспетчер.

- *Ов, -ев, -ова, -ева* жұрнақтарымен жасалған қазақ фамилияларында **в** әрпі жазылады: *Асанов, Асанова, Бәйішев, Бәйішева.*

Щ әрпі орыс тілінен енген жалпы және жалқы есімдерде, қазақ тілінің ащы, тұщы, кеше деген түбір сөздерінде ғана жазылады: *училище, Щедрин.*

Ескертулер. 1. Түбір сөз **ш** дыбысынан аяқталып, оған **ш** дыбысынан басталған қосымша жалғанғанда, қос **шш** әрпі жазылады (**щ** әрпі жазылмайды): *аш+шы- ашшы (есікті ашшы), іш+ші (шай ішші).*

2. Түбір сөз **с, з** дыбыстарына аяқталып, оған **ш** дыбысынан басталған қосымша жалғанғанда, қос **шш** дыбысы естілгенімен (айтылғанымен), сөз бөлшектерінің түбірі сақталып жазылады: *сөз+шең – сөзшең (айтылуы – сөщен), бас+шы- басшы (айтылуы - бащы), қос+шы – қосшы (айтылуы-қошшы).*

Б, в, г, д дыбыстарына, негізінен, орыс тілінен енген және орыс тілі арқылы енген сөздер аяқталады: клуб, штаб, актив, педагог, монолог, округ, отряд, парад, жад деген бірен-саран кірме сөздер де б, д дыбыстарына аяқталады.

Бақылау сұрақтары:

- 1 Ә әрпі орфографиялық ереже бойынша қалай жазылады?
- 2 Ы, І дыбыстарының қолданылуында қандай қиындықтар бар?
- 3 О, Ө дыбыстарының жазылуы қандай
- 4 Ж мен ш дыбыстарының қолданысы қандай?
- 5 И дыбысын жалаң және қосар дыбыс ретінде қалай танысыз?

6 Ф, х әріптері көбінесе қандай сөздерде қолданылады?

7 В, ч, ц әріптерінің емлесі қандай?

1 – жаттығу. Текстерден *а, ә, е, ы, і* әріптері қатысқан сөздерді теріп жазып, олардың қай орында қандай дыбыстық мағынада қолданылып тұрғанын түсіндіріңіздер.

1-нұсқа. Осымен Абай бастаған төрт аңшы Қырғыз шатынан шығып, Жәнібекті желкелеп, Қазбаладан өтіп, күн түске тақаған кезде, Ботақан ошағынан аса берді. Бұл жолда да қар қалындай қоймапты. Жүргіншілер келе жатқан әзіргі жерлер – Абай ауылдарының, ағайындарының жылдағы, жазғы таныс қоныстары. Аттары семіз, күйлі. Тегіс тағаланған, жүріске қажитын емес. Бір қалыпты бұлаң құйрықпен, жіті жортып келеді. Тынық күндерде жауған ақша қар, әлі сырттың аязы мен қатты желін көрмегендіктен, үлпілдеп, мамықтай боп, күпсек жатыр. Ат аяғына бөгеттігі азғана. Бірақ аттың шашасынан асқан, жолсыздың қары болғандықтан, жолаушылар қатар жүрмей, шұбыра жортып келеді (М.Ә.).

2-нұсқа. Әйгерім ауылға сол жанжал болатын күннен сәл бұрын кешке жақын қайтқан-ды. Үш күн бойы, көптен көрмеген сауығына қайтқан, әнін тапқан жас өнерпаз әйел, осы күндерін, талайдан сағынған арманды күткендей рақаттанған екен. Кеш бата өз үйінің сыртына кеп, пар ат жеккен жеңіл арбадан түскенде, Абай мен Ербол тыста тұр еді.

Әйгерімнің өңі ақ, қызылы қызыл боп, өзгеше құлпырғандай. Бұрын бір Абаймен ыстық шағындағы сауық-сайран салған, шексіз ән салған күндеріндей көрікті екен. Қасындағы Злиханы киім-кешектерімен үйге жіберіп, әдеттегі сыпайы, биязы қозғалысымен Абайлар қасына кеп, ауыл амандығын сұрады. Абай Әйгерімнің жүзіне таңдана, қызығып қарағандай (М.Ә.).

2-жаттығу. Текстерден *о, ө, ұ, у* әріптері қатысқан сөздерді теріп жазып, олардың қай орында (буында) тұрғанын көрсетіп, түсінік беріңіздер.

1-нұсқа. Биылда күріштің шығымы жаман емес еді. Енді бас ала бастаған қалың нау тегіс тұтасып, теңселіп жатыр. Тек кей атыздың шет-шеті аласа, алақат көрінеді. Бұл екі рет тұқым себілгеннің белгісі. Әйтеуір әбүйір болғанда мұндай алақат жерлер онша көп емес. Демек егіннің бас-аяғы бір мезгілде пісіп, бір мезгілде орақ түседі деген сөз. Председатель еңкейіп, атыздың шетінен бес-алты тал өскінді алды да, әрлі-берлі айналдырып, үңіліп қарай бастады. Сырт көзге тұтас, бітік көрінетін өскіннің жапырақ ұштары кәдімгідей сарғайып, қаудырап үгіле бастаған екен. Мұны көрген басшының қабағы қалындап, көңілі нілдей бұзылды (О.С.).

2-нұсқа. 1. Ол орыс реализмінің дәстүрін қабылдады. Көркем творчество арқылы патша үкіметі тудырып отырған әділетсіздік пен әлеуметтік теңсіздікті әшкере ету қажеттігін көтерді. Халық өмірі, оның арманы мен тілегі

жазушының қаламына жел берді. Сол арқылы Ахундов азербайжан мен бүкіл шығыс халықтары әдебиеті үлгілерін хылықтық тұрғыда бағалау қажеттігін көтерді («Сөз зергерлері»). 2. Ол Грибоедовтың, Гогольдің, Шекспир мен Мольердің үздік туындыларынан үйренді. Драмалық шығармалар жазумен Ахундов ұлттық әдебиет пен өнердің алдында тұрған міндеттерге шұғыл жауап бере алатын және халыққа жақын жанр арқылы ескі кертартпалықты сынауға кең мүмкіндік алды (сонда).

3-жаттығу. Текстерден *и, у* әріптері қатысқан сөздерді теріп жазып, олардың қолданылуындағы ерекшеліктеріне және қандай дыбыстық мағыналарды қамтитындығына түсінік беріңіздер.

1-нұсқа. 1. Бұл уақытта жел қатайып, күн суытып, таңертеңгі қиыршық қар енді бетке сабап, қалындай түсіп тұр. Айнала бұлыңғыр. Шыңғыстың биектерінен бүктетіліп, булығып түсіп, ағындап өтіп жатқан тұманды шаңыт та бар екен (М.Ә.). 2. Тәңірберген ел тізгінін ұстаған игі жақсылардан торығып қалды. Тым құрыса, осы қазіргідей жөн таппай қиналған кезде ақылдасар адам болмағанын айт. Ағаның сиқы – Алдаберген. Ақбаланы қуғалы сопы ағасымен табысса да, оқыған інісмен бұрынғыдан бетер суысып, келімге келмей қиғаш тартып барады (Ә.Н.). 3. Құдай-ау, бұл неткен қыз, не іздеп жүр?... Түү, әрең таныды ғой!... Түнеугүні Отарбайдың үйінде өлімнен құтқарған қыз екен-ау! (Ғ.М.).

2-нұсқа. 1. Сапардың сөзіне ешкім қарсы дау айтқан жоқ. Мұнан әрі бәрі де үнсіз жүрді. Аттарды шалдықтырмау үшін, өрге қарай жаяу көтеріліп келеді (Ә.Әлім.). 2. Сонадайдан әлі күзеуге түсіп үлгермеген шопандардың киіз үйлері көрінді (Ә.Әлім.). 3. – И-и, балақайым, тоңғансың, тоңғансың, деп, Темірке жүгіріп барып, түп жақтағы бөлменің бірінен түлкі ішік әкелді (Ә.Н.). 4. Билер үйінде жақсылардың тақ ортасында отырған семіз сары кісі Бақтығұлдан мал қуушы даугер болып шықты (М.Ә.).

4-жаттығу. Текстерден мысал келтіре отырып: а) *ж, з, ң* әріптерінің қолданылуын; ә) *ф, ц, ч, щ* әріптерінің қолданылуын түсіндіріңіздер.

1-нұсқа. 1. Таң білініп, төңірек бозамықтана бастады (Ә.Н.). 2. Кешке қарай Әлиза қалжырады; тамағы қарлығып, даусы тарғылданып жыртылып шықты (Ә.Н.). 3. Әлиза күн ұясына қонғасын ғана басын көтерді. Кеудесін кернеген іштегі ащы күйікті сыртқа шығарып, сарқып алғаннан кейін, бойы біраз жеңілденді (Ә.Н.). 4. Станцияның басы олай-былай жүгірген адамдарға толған (С.Е.). 5. Бір уақытта чертеждеріне үңіліп, тағы блокнотына жазды (С.Е.). 6. – Бір техникалық формула есіме түсіп кеткені, блокнотым машинада қалып кеткен екен ғой (С.Е.). 7. Сәрсен физматқа түссем деп жазыпты, ал Жабай химфакты қалайды екен, - деді ол әңгімесін жалғастыра түсіп (Ә.Әлім.).

2-нұсқа. 1. Мен тарихшымын, сондықтан бұл даудан шеткері тұра алмаймын. Хиросима трагедиясы сияқты, Отрар алапаты да жер үстіндегі ауыр трагедиялардың бірі болған (Ә.Әлім.). 2. Осы қалалар құлағаннан кейін

Шыңғысхан ордасы сол кезге дейін «қаңлылар» (каналдар елі) атанған біздің даламыздан еш кедергісіз алға жылжыған. Соның ізінше біздің жерімізді жоңғарлықтар мен ирандық Нәдір шахтың аттарының тұяғы айғыздады (Ә.Әлім.). 3. Сондықтан оны «Ақ лоцман» деп атайды. Бір елде сондай дельфинге орнатылған ескерткіш бір деген сөзді де естідім (Ә.Әлім.). 4. Ыстықкөл түбінде шөгіп жатқан Чигучен қаласының тарихына қатысты деректерді көбірек білгісі келеді (Ә.Әлім.).

5-жаттығу. Текстерден мысал келтіре отырып, *б, в, г, д* әріптерінің қолданылуындағы ерекшеліктерді көрсетіңіздер.

1-нұсқа. 1. Бірақ бұл кісі қанша талпынса да, өсе келе педагог бола алмады (Ж.Ж.). 2. Міне сол тау ішінің тастар әлеміне, тау жыныстарына құмар геолог, минеролог не петрограф деп аталатын жандарға тигізетін әсері қандай десеңізші (Т.Әбдісадықов). 3. Өйткені ұзақ саяхатқа шыққан кезде космонавтар планетааралық корабльдің ішінде овощ өсіруге мәжбүр болады (сонда). 4. Өзің-ақ айтшы, экскурсовод болып істеу шынымен ұнағаны ма саған (Ә.Әлім.). 5. Египеттің мәдени қазыналарымен таныстырып, арабтардың ғана емес-ау, жер үстіндегі мәдениет атаулыны қадірлейтіндердің құрметіне бөленген (Ә.Әлім.). 6. Екі палуан ортада, кілем үстінде. Арбитрдің үскірік шалуы-ақ мұң екен, екеуі ұстаса кетті (А.Х.).

2-нұсқа. 1. – Біздің өлкеміз жайлы неғұрлым көп білгілері келеді, - деді құрылыс комсоргі Жомартқа. – Қызғылықты оқығайсыз (Ә.Әлім.). 2. Жендтің өз уақытындағы ұлылығы мен қуаттылығын сол кезде Арал теңізінің Женд деп аталуы-ақ білдіреді (Ә.Әлім.). 3. Жауапты тек Бартольд қана беретін (Ә.Әлім.). 4. Бүгіннің өзінде ғана газикпен жүз отыз шақырымдай жерді алып жібердік (Ә.Әлім.). 5. Ол Мерв тарихын, оның ғаламат қорғандарын еске алып, Мервтің ең биік қорғанына тұтқындалған Вие сұлуға порфяндық жас жігіттің садақ оғының ұшына хат байлап жібергені туралы әңгімеледі (Ә.Әлім.). 6. Тұйық мінезді космонавпен кездескенін есіне алған (Ә.Әлім.).

6-жаттығу. Көп нүктенің орнына *с, ш* әріптерінің тиістісін қойып жазыңыздар.

Екін...і...і – «Қара тандай» атанған ...е...ен Байжігіт қызай хандығының ақыл...ы биі.

Ү...ін...ісі – «Суырыпсалма» атанған Байжігіт Ұбай ұлы, уақ ұлысынан ...ыққан жырау.

Төртін...і...і – «қо... жетім» атанған, ХҮ ға...ырдағы бе... жа...ар бала, ел аралар күн көрген, өнерлі Байжігіт.

Бе...ін...і...і – ХҮІІ ға...ырда Көрпебай Батыр ба...таған. «Бе... қа...қа» атанған бе... батырдың бірі Байжігіт Ры...петек ұлы.

Алтын...ы...ы – ұлы Абайдың заманда...ы, қа...қа, «жорға» атанған ХІХ ға...ырдағы Байжігіт Сүйіндік ұлы, Абылайдың «Тоғыз тарау, тоқ...ан толғау» атты күйлерін әйгілеп, мадақ тұтқан домбыра...ы.

Жетін...і – «Қо... мі...кер» атанған ...еберлер, домбыраны бітеу аға...ты қуы...тап ...абатын ағайынды, жол жорғалы Байжігіт және Ержігіт Мұ...абек ұлдары...»

Байжігіт бидің әділ билік, адалдық жөнінде айтқан терме, толғау, нақылдары жинақтала қоймаған. Ел аузында айтылып жүрген бірлі жарымы мыналар:

Қара...а үй екен деп,
Көп ауылдан қа...паңыз.
Тама...а үй екен деп,
Бай отауына қадам ба...паңыз.

Құм ү...тінде ине ...абақтама,
Тү...іп кет...е табылма...
Қонған үйді бір күнде адақтама,
Қоналқы ертеңге табылма.

3-тақырып. Түбір сөздер мен қосымшалардың жазылуы

Жоспары:

- 1 Түбір сөздердің жазылуы
- 2 Қосымшалардың жазылуы

Түбір сөздердің жазылуы. Көп буынды түбір сөздер көбінесе бірыңғай жуан не жіңішке болып келеді: *дала, балалар, ана, жұмысшы, өмір, өнер, бөлме, көрермен*. Мұндайда сөз бірыңғай жуан не бірыңғай жіңішке дауысты дыбыс әріптерімен жазылады.

Көп буынды түбір сөздер аралас буынды болып та келеді, мұндайда бір сөз ішінде жуан-жіңішке дыбыс әріптері жазыла береді: *мұғалім, кітап, қызмет, қадір, емхана, сәнқой*. Бұндай мысалдар араб-парсы тілдерінен енген сөздер болып табылады.

Орыс тілінен және орыс тілі арқылы енген және көбінесе термин болып келетін сөздердің басым көпшілігі орыс орфографиясы бойынша жазылады: *антоним, биология, повесть, гарнизон, гастроль, генерал, геофизика, конгресс, медицина, термометр, хром, химия т.б.*

Орыс тілінен енген сөздердің ішінде дыбысталуы өзгеріп қалыптасқан бірқатар сөздер сол өзгерген күйінде жазылады. Олардың дені қазақ тіліне ертеректе ауызша сөйлеу тілі арқылы енген сөздер. Бұл сөздер, негізінен, тұрмыстық зат, бұйым атаулары мен әкімшілік, сот, сауда, шаруашылық салаларына қатысты атаулар болып келеді: *барқыт, бәтеңке, бәтес, божы (вожжи), бөкебай (пуховый), бөрене (бревно), шөген (чугун), ауылнай, болыс, сот, шіркеу (церковь), тауар, зауыт, кір (гиря)*.

Орыс тілінен енген кірме сөздердің бірқатары соңғы дауысты **а** дыбысын түсіріп қалыптасқандықтан, сол ықшамдалған түрінде жазылады: газет (газета

емес), минут (минута емес), пар (пара емес), секунд (секунда емес), координат (координата емес), цифр (цифра емес).

Араб, парсы тілдерінен, сондай-ақ туыстас татар, өзбек тілдерінен енген сөздер қазақша айтылуынша жазылады: *бұқара (фуқара), пікір (фикр), әкім (хақим), әзір (хазир), пайда (файда), наурыз (ноуруз), қате (қата), мақта (пақта), жүзім (йүзүм) т.б.*

Жазу тәжірибесінде кейбір түбір сөздер екі түрлі дыбысталуына (айтылуына) қарай екі нұсқада беріліп жүр. Бірқатар түбір сөздердің екі, кейде үш нұсқада да жазылуы заңды түрде орын алады. Мысалы, *айғай-айқай, бұндай-мұндай, балуан-палуан, ертегі-ертек, пәле-бәле, гауһар-жауһар, заңғар-зеңгір, байымдау-пайымдау-бағамдау, айдаһар-аждаһа, сықылды-секілді, өзге-өңге, уәде-уағда, жәбір-зәбір, жаһан-жиһан, айуан-хайуан т.б.*

Қосымшалардың жазылуы. Қосымшалар, негізінен, сөздің соңғы буынындағы дауысты дыбыстың әуеніне қарай буын үндестігі бойынша я жуан, я жіңішке жалғанғанда да, естілуінше жазылады. Мысалы, *еңбек+ші+лер+іміз+дің, жұмыс+шы+лар+ымыз+дың, кі-тап+тың, мұға-лімнің, кіттап-хана+ға, ға-лым+дар+дың, зерт-хана+шы+лар.*

Соңғы буынында у дыбысы бар орыс тілінен енген сөздерге қазақ тілі қосымшалары жуан жалғанады: *курс+қа, автобус+ты, институт-қа, каникул+ға, тайфун+ның, шуруп+ты.* Бұл ережеге г дыбысына аяқталатын сөздер мен жіңішкелік белгісіне аяқталатын бір буынды сөздер және бль, ль дыбыстарына аяқталатын сөздер бағынбайды, оларға қосымша жіңішке жалғанады: *округ+ке, руль+ге, патруль+ге, ансамбль+ді, ансамблі.*

Соңғы буынында и дыбысы бар орыс тілінен енген сөздерге қазақ тілі қосымшалары жіңішке жалғанады: *кассир+ге, синтаксис+тік, магнит+тік, кальций+дің магний+ге.*

Адамның тегін жасайтын –ев (ева), -ов (-ова), -ин (-ина) қосымшалары буын үндестігіне бағындайды: -ев (-ева) қосымшасы сөздің соңғы буынының жуан-жіңішкелігіне қарамастан й және ш дыбысына аяқталған жалқы есімдерге жалғанады. Бұл қосымша жалғанғанда, түбірдегі й әрпі түсіріліп жазылады: *Тәжібай+ев- Тәжібаев, Жабай+ев- Жабает, Имашев, Мұқашев, Жақашева.*

Орыс тілінен енген *рк, рг, ск, кт, нк, нг, лк, нкт* деген дыбыстар тізбегіне аяқталған сөздерге қазақ тілінің қосымшалары жіңішке жалғанады: *паркке, парктер, Омскіге, Омскіден, киоскіге, киоскіні, фактіге, фактісі, танкіге, танкілер, полкке, полктер, полкі, пунктке, пункті.*

Жіңішкелік белгісіне аяқталған көп буынды сөздерге қазақ тілі қосымшалары буын үндестігі бойынша жалғанады, яғни сөздің соңғы буыны жуан болса, қосымша жуан, соңғы буында жіңішке дауысты дыбыс болса, қосымша да жіңішке жалғанады: *лагерь+ге, лагерь+і, фестиваль+ға, бандероль+ға.*

Соңғы екі дауыссыздың арасында жіңішкелік белгісі бар сөздерге де қазақ тілі қосымшалары буын үндестігі бойынша жалғанады. Мысалы, *вальс+қа, вальс+ты, вальс+ы, рельс+ке, рельс+і.*

Жабай+ев – Жабает, Имашев, Рашев, Мұқашев, Мұқашева, Жақашева. Дауысты дыбыстарға аяқталған кісі аттарына да **-ев (-ева)** қосымшасы

жалғануы мүмкін. *Мұса+ев – Мұсаев, Абдолла + ев, Бөке + ев – Бөкеев*. Түбір сөздің соңғы дыбысы **ы, і** болса, **-ев (-ева)** қосымшасы жалғанғанда, ол дыбыстардың орнына и әрпі жазылады: *Сары+ев – Сариев, Жұмали+ев – Жұмалиев, Аққозы+ев – Аққозиев*. **Й** мен **ш** дыбыстарынан басқа барлық дауыссыздардан кейін **-ов (-ова)** қосымшасы жалғанады, мұнда да сөздің соңғы буынының жуан-жіңішкелігі есепке алынбайды: *Мұ-рат+ов, Ме-дет+ов, Сұл-тан+ов, Жү-ніс+ов, Сейіт+ов*. Дауысты дыбысқа аяқталған кісі аттарынан, әдетте фамилия **-ин (-ина)** қосымшасы арқылы жасалады, мұндайда соңғы дауыстылар түсіріліп, түбірге **-ин (-ина)** қосымшасы тікелей жалғанады және сөздің соңғы буынының жуан-жіңішкелігі есепке алынбайды: *Нұралы+ин – Нұралин, Алтынсары+ин – Алтынсарин, Дербісалы+ин – Дербісалин, Ғайса+ин – Ғайсин*. **-ин (-ина)** жұрнақтары жалғанғанда, кейде түбірдегі **ұ, ү, о, о** дыбыстары у болып өзгеріп айтылуы және солай жазылуы мүмкін (ал **-ов, -ова** жұрнақтарымен жасалғандарында түбір өзгермейді). Мысалы: *Мұса+ин – Мусин (ал Мұса+ев – Мұсаев), Жұма+ин – Жумин (ал Жұма+ев – Жұмаев), (Абдолла+ин – Абдуллин) (ал Абдолла+ев), Бөке+ин – Бөкин (ал Бөке+ев – Бөкеев)*. Сонымен қатар Абдоллин деп түбірін сақтап жазу да орын ала алады. жұрнақтары арқылы жасалған фамилияларға қосымша бастапқы түбірдің соңғы буынының жуан-жіңішкелігіне қарай жалғанады: *Аймановқа, Тәжібаевқа* дегенде *Ай-ман, Тәжі-бай* түбірлерінің соңғы буындары жуан болғандықтан, қосымша да жуан жалғанып тұр. Ал Жүнісовке, Әйтиевке дегендерде түбірдің соңғы буындарында жіңішке дауысты дыбыс болғандықтан (*Жү-ніс, Әй-ти*), қосымшаның да жіңішке варианты жалғанып тұр.

Орыс тілінен енген **к, г** дыбыстарына аяқталған сөздерге қазақ тілінің қосымшалары буын үндестігіне қарай, яғни сөздің соңғы буынындағы дауысты дыбыстың әуеніне қарай жалғанады: *фи-зик+тер, лак+тың, га-мак+тың, поляк+тар, ма-як+қа, бам-бук+тың*.

Е с к е р т у. *ог, уг* дыбыстарына аяқталған сөздерге қосымша жіңішке жалғанады: *педагогке, педагогі, педагогтік, округке, округі, округтік*.

Орыс тілінен енген **рк, рг, ск, кт, кс, нк, нг, лк, нкт** деген дыбыстар тізбегіне аяқталған сөздерге қазақ тілінің қосымшалары жіңішке жалғанады: *паркке, парктер, Омскіге, Омскіден, киоскіге, киоскісі, фактіге, фактісі, танкіге, танкілер, полкке, полктер, полкі, пунктке, пункті*.

Жіңішкелік белгісіне аяқталған көп буынды сөздерге қазақ тілі қосымшалары буын үндестігі бойынша жалғанады, яғни сөздің соңғы буыны жуан болса, қосымша жуан, соңғы буында жіңішке дауысты дыбыс болса, қосымша да жіңішке жалғанады: *ла-герь+ге, ла-гер+і, банде-роль+ға, фести-валь+ға*.

Соңғы екі дауыссыздың арасында жіңішкелік белгісі бар сөздерге де қазақ тілі қосымшалары буын үндестігі бойынша жалғанады. Мысалы: *вальс+қа, вальс+ты, вальс+ы, асфальт+қа, асфальт+ы, рельс- +ке, рельс+і*.

Кль, брь, бль тәрізді дауыссыз дыбыстар мен жіңішкелік белгісіне аяқталған сөздерге және жіңішкелік белгісіне аяқталатын бір буынды сөздерге қазақ тілі қосымшалары әрдайым жіңішке жалғанады: *ансамбльге, тюльді,*

тюлі, оське, осінің, тканьь (биология термині), тканьге, ткані, княздік, князі, верфьке.

Орыс тілі жұрнақтары жалғанғанда, жіңішкелік белгісі л әрпінен кейін жазылатын сөздерге қазақ тілі жұрнақтары жалғанғанда, жіңішкелік белгісі жазылмайды: *материальный* – материалдық, *феодальный* – феодалдық, *коммунальный* – коммуналдық, *патриархальный* – патриархалдық.

Ал жұрнақтар жалғанбай-ақ түбірдің өзінде л-дан кейін жіңішкелік белгісі келетін сөздерде бұл белгі сақталады: *моральный* – моральдық, *артельный* – артельдік, *акварельный* – акварельді.

Соңғы буынында ю, ё, э дауысты дыбыстар келетін орыс тілінен енген сөздерге қазақ тілі қосымшалары жіңішке жалғанады: *полюс-ті*, *полюс-ке*; *шлюз-ді*, *шлюз-ге*; *дюйм-ге*, *дюйм-і*, *велюр-ге*, *велюр-ді*, *парашют-ке*, *парашют-тер*, *парашют-і*, *актёр+лер*, *актёр-ге*, *дуэль-ге*, *дуэль-і*, *дуэт-ке*, *дуэт-і*.

Қосымшалар дыбыс үндестігі бойынша не қатаң, не ұяң, не үнді дауыссыздан басталып жалғанады:

а) Сөздің соңғы дыбысы дауысты немесе үнді (**м, н, р, л, ң, у, й**) **я** ұяң (**ж, з**) дауыссыз дыбыс болса, қосымша үнді не ұяң дауыссыздан басталады: *терезе+ге*, *терезе+нің*, *терезе+ден*, *шам+ды*, *шам+нан*, *шам+ға*, *шам+ның*, *қаз+ды*, *қаз+ға*, *қаз+бен*, *мұқтаж+дық*.

Е с к е р т у. Бұл ережеге **с, ш** қатаң дыбыстарынан басталатын қосымшалар: *-сыз*, *-сіз*, *-са*, *-се*, *-сың*, *-сің*, *-шы*, *-ші*, *-шыл*, *-шіл*, *-ша*, *-ше*, *-шаң*, *-шең*, *-шық*, *-шік* т.б. бағынбайды. Мысалы: *бала+сыз*, *бала+сың*, *көйлек+шең*, *сөз+шең*, *көп+шіл*, *ұран+шыл*.

ә) Сөздің соңғы дыбысы қатаң дауыссыздардың және **в, б, г, д** ұяң дауыссыздарының бірі болса, дауыссыздан басталатын қосымшаның бірінші дыбысы қатаң болады: *кітап+тар*, *кітап+қа*, *хат+ты*, *клуб+қа*, *педагог+тер*, *араб+тар*.

б) Сөздің соңғы дыбысы **с, з** болып, оған **с, ш** дыбыстарынан басталатын қосымша жалғанғанда, оның соңғы дыбысы өзгертілмей жазылады: *жұмыс+шы* (айтылуы – *жұмышышы*), *бас+шылық* (айтылуы – *башишылық*), *ауыз+ша* (айтылуы – *ауұшиша*), *жаз+саң* (айтылуы *жассан*), *сөз+сіз* (айтылуы – *сөссүз*), *орыс+ша* (айтылуы – *орұшиша*).

в) **ш** дыбысына бітетін сөздерге **с** дыбысынан басталатын қосымша жалғанғанда, қосымшаның басқа дыбысы өзгеше айтылуына қарамастан, өзгертілмей жазылады: *іш+сең* (айтылуы – *ішшең*), *ұш+саң* (айтылуы – *ұшишаң*), *күш+сіз* (айтылуы – *күшишүз*), *көш+сін* (айтылуы – *көшишін*).

г) Сөздің соңғы дыбысы қатаң **п, қ, к** болса, жалғанатын қосымшалар дауыстыдан басталғанда, **қ, к** дыбыстары ұяңдап, **ғ, г** дыбыстарына, ал **п** дыбысы **б**, кейде **у** (қосымшада тағы бір **п** дыбысы болған күнде) дыбысына айналады да, естілуінше жазылады: *күрек+і* – *күрегі*, *тарақ+ы* – *тарағы*, *тік+у* – *тігу*, *тап+у* – *табу*, *тап+ып* – *тауып*, *кеп+у* – *кебу*, *кеп+іп* – *кеуіп*, *блок+ы* – *блогы*, *ток+ы* – *тогы*, *бак+ы* – *багы*.

ғ) Сөздің соңғы дыбысы **н** болса, оған жалғанатын қосымшалар **қ, ғ, г, б** дыбыстарынан басталғанда, **н** дыбысы өзгеріліп, **ң, м** болып айтылады. Бірақ

бұл өзгеріс еске алынбай, н әрпі жазылады: *түн+гі – түнгі (айтылуы – түңгү), бұрын+ғы – бұрынғы (айтылуы – бұрұнғы), сән+қой – сәнқой (айтылуы – сәңқой), көн+беді – көнбеді (айтылуы – көмбеді), көрін+беді – көрінбеді (айтылуы – көрүмбеді).*

Нд, нз, нк, нг, мп, мб, мт, кт, ск, вт, фт, пт дыбыстарына аяқталатын орыс тілінен енген сөздерге қазақ тілі қосымшалары **ы, і** дәнекер дыбыстары (әріптері) арқылы жалғанады: *фонд+ы+сы, фонд+ы+ны, ценз+і+ге, ценз+і+сі, штамп+ы+ны, штамп+ы+лау, танк+і+ге, танк+і+лер, франк+і+сі, митинг+і+ге, митинг+і+сі, шланг+і+ге, шланг+і+сі, ромб+ы+ға, ромб+ы+сы, объект+і+ге, объект+і+сі, киоск+і+ге, киоск+і+сі, киоск+і+лер, Омск+і+ден, Омск+і+ге, лифт+і+мен, факт+і+сі, факт+і+лер, рецепт+і+нің, рецепт+ті+ге, манускрипт+і+ге, почтамп+ы+ға, экспромт+ы+ны, фармацевт+і+ге, ямб+ы+ны.*

Қатар келген дауыссыз дыбыстар тіркесінің қалған түрлеріне (**нс, рс, рт, рш, нт, рд, рм, фр** т.б.) аяқталған кірме сөздерге қазақ тілі қосымшалары **ы, і** дәнекерінсіз, буын үндестігі бойынша тікелей жалғанады: *финанс+қа, финанс+ы, аванс+ы (авансысы емес), цемент+ке, цемент+ті, фермент+тік, цифр+ға, цифр+ы (цифрысы емес); хлороформ+ға, хлороформ+нан, хлороформ+ы, фунт+қа, фунт+ы, формант+тар, формант+ы.*

Сс, лл, тт, пп, ст, кст, сть, зд, кк дыбыстарына біткен орыс тілінен енген жалпы есімдер атау күйінде өзгеріссіз жазылады да, оларға қазақ тілі қосымшалары жалғанғанда соңғы дауыссыз дыбысы түсіріліп жазылады: *кросс, кросқа, кросы, класс, класқа, кластар, класы, металл, металды, металы, грамм, грамм +ға – грамға, грам м+дық – грамдық, грамм +ы – грамы, киловатт+қа – киловатта, грипп +і – грипі, съезд+ге – съезге, съезд +і – съезі, ведомость+ка – ведомосқа.*

Бірдей қос дыбыстарға аяқталған жалқы есімдерге қазақ тілі қосымшалары жалғанғанда, қос әріп сақталып жазылады, тек қосымшаның басқы дауыссыз дыбысы түбірдегі қос дыбыспен бірдей болғанда ғана, үш біркелкі әріп жазылмай, екеуі жазылады: *Гримм+ге – Гриммге, Гримм+ді – Гриммді, Гримм+мен – Гриммен (Гримммен емес), Покрасс+тың – Покрасстың, Покрасс+қа – Покрассқа, Кирилл+ге – Кириллге, Филипп+тің, Филипп+пен–Филиппен (Филиппен емес), Кузбасс+тың – Кузбасстың, Донбасс+қа – Донбассқа, Порккала-Удд+тан – Порккала-Уддан, Лакснесс+ке – Лакснесске.*

Әріптерден қысқарған сөздерге қазақ тілінің қосымшалары соңғы әріптің немесе соңғы цифрдың айтылу әуеніне қарай, ал олардың ішінде дауысты дыбыс болса, сол дыбыстың айтылу әуеніне қарай жуан не жіңішке жалғанады да, дефис арқылы жазылады: *АҚШ-қа, БАМ-ға, ЮНЕСКО-ның, МТЗ-82-ге (сексен екіге).*

Цифрмен жазылған есептік, бөлшек сан есімдерге дефис арқылы жалғанатын қосымшалардың жуан-жіңішкелігі цифрмен белгіленген санның айтылуына қарай болады: *10-ды 2-ге көбейт (онды екіге). Оқушылардың 20- сы экскурсияға кетті (жиырма). Жолдың 1/5-іне келіп қалдық (бестен біріне).*

Процентті (%), градусты (°) белгілейтін таңбалары бар сөздерге қосымша пайыз (процент), градус деген сөздердің соңғы буынының әуенімен (процент сөзіне жіңішке, пайыз, градус сөздеріне жуан) жалғанады: *жұмыстың 90%-ы (тоқсан пайызы) немесе 90%-ті істелді (тоқсан проценті). Суықтық 20°-қа дейін барды (жиырма градусқа).*

См, мм, км, га сияқты қысқарған белгілерге жалғанатын қосымшалар да дефис арқылы жазылып, осы белгілер таңбалайтын сөздердің соңғы буынының жуан-жіңішкелігіне қарай жалғанады: *Ұзындығы 10 см-ге (он сантиметрге) жуық сызық сызыңдар. 20 км-ден (жиырма километрден) астам жер жүрдік. 500 га-ға жуық жер жыртылды (500 гектарға).*

Жеке әріптер, жеке сөздер объект болып, оларға қосымшалар жалғанғанда, сол объектілердің айтылу әуеніне қарай жуан не жіңішке болып, дефис арқылы жазылады: **а**-ның артикуляциясы **ә**-ге қарағанда өзгеше. *«Жаз шықты» және «хат жаз» дегендердегі жаз-дың мағыналары бір емес. Жомарт Жақыптың “дұрыс”-ын осымен екі рет естіді (Ғ.Мұсағалиев).*

- **Ша, -ше** жұрнақтарынан кейін **-ла, -ле** жұрнағы жалғанғанда, алдыңғылары **-шы, -ші** түріне айналып айтылады және солай жазылады: *орыс+ша+ла – орысшылап (айтқанда), қазақ+ша+ла+ғанда – қазақшылағанда, өзім+ше+леп – өзімшілеп.*

Әдетте шылау жалғаулардан кейін тұрады. Мұндайда олардың көпшілігі бөлек, ал бірқатары дефис арқылы жазылады (83-88- параграфтарды қараңыз): *Біз әншіміз де, бишіміз де. Әңгімені келістіріп айтасың-ақ. Бүгін киноға барасың ба?*

Ауызекі сөйлеуде, кейде әдеби тілде де, кейбір шылаулар жалғау мен түбірдің арасына түсіп кетеді. Бұл жағдайда:

а) II жақтық жіктік жалғауы мен түбірдің арасына түскен **ма, ме, ба, бе, па, пе** сұраулық шылаулары **мы, мі, бы, бі, пы, пі** тұлғаларына айналып, түбірге қосылып жазылады: *барамысың (барасың ба), келемісің (келесің бе), үлкенбісің (үлкенсің бе), жаспысың (жассың ба);*

ә) басқа шылаулар тұлғалары өзгерілмей, түбірге қосылып жазылады: *Біз әншідеміз, бишідеміз. Әңгімені келістіріп айтады-ақсың. Онда отырғанбіздер ебетейсізақпыз (С.Мұқанов). Күн болса, ондай антты берерақпын (“Қозы Көрпеш-Баян сұлу”). Досыңақпын, тағдыр араз, толғанамын, кайтемін. Ғашықақпын еш күмәнсіз (Абай).*

II жақ жіктік жалғау **-сың, -сің** түрінде (**-сын, -сін** емес) жазылады: *сен барасың (барасын емес), сен отырсың (отырсын емес).* III жақ бұйрық райдың жұрнағы **-сын, -сін** түрінде жалғанады: *ол барсын, ол келсін, балалар жиналсын, олар отырсын.*

-Сымақ тұлғасы және **-шы, -ші** жұрнақтарымен мағыналас қолданылатын **-дағы, -тағы** тұлғалары сөзге қосылып *төресымақ, әкімсымақ, айттағы (Әңгімеңді қайталап айттағы – Әңгімеңді қайталап айтшы), барайықтағы («Орманға барайықтағы», – деп өтінетін едім. «Орманға барайықшы», – деп өтінетін едім).*

Етістіктерге жалғанатын **-дағы, -тағы** қолданылатын *дағы, тағы (да, де, та, те)* шылауымен шатастырмау керек. **Дағы** шылауы алдындағы сөзден

бөлек жазылады: *Кәрі жырау мен дағы Москваға өрлеген (Жамбыл). Қырық пышақпен қыржыңдап тұрған түлкі О дағы осал жау емес қыран паңға (Абай).*

Бақылау сұрақтары:

- 1 Қандай жағдайларда үндестік заңы сақталмайды?
- 2 Қандай сөздер көбінесе бірыңғай жуан не жіңішке болып келеді?
- 3 Аралас буынды болып келетін сөздер қандай тілдерден енген сөздер?
- 4 *Бөрене, бөшке, жәшік, шіркеу, зауыт, келі* сөздері қандай ережеге сай жазылған?
- 5 Жазу тәжірибесінде қандай сөздер екі түрлі дыбысталуына (айтылуына) қарай екі (кейде тіпті үш) нұсқада беріліп жүр?
- 6 Қазақ тіліндегі қосымшалар сөзге қандай заңдылық бойынша жалғанып жазылады?
- 7 Орыс тілінен енген сөздерге қосымша қалай жалғанады?
- 8 Соңғы буынында *у* дыбысы бар орыс тілінен енген сөздерге қазақ тілі қосымшалары қалай жалғанады?
- 9 *Г* дыбысына аяқталатын сөздер мен жіңішкелік белгісіне аяқталатын бір буынды сөздер және *бль, ль* дыбыстарына аяқталатын сөздерге қазақ тілінің қосымшалары қалай жалғанады?
- 10 Адамның тегін жасайтын –*ев (ева), -ов (-ова), -ин (-ина)* қосымшалары буын үндестігіне бағынады ма?
- 11 Орыс тілінен енген *рк, рг, ск, кт, нк, нг, лк, нкт* деген дыбыстар тізбегіне аяқталған сөздерге қазақ тілінің қосымшалары қалай жалғанады?
- 12 Жіңішкелік белгісіне аяқталған көп буынды сөздерге қазақ тілі қосымшалары қалай жалғанады?

1-жаттығу. Орфографиялық сөздіктен аралас буынды он бес сөз теріп, олармен сөйлем құрастырыңыздар.

2-жаттығу. Берілген сөздердің ортақ фонемаларын тауып, топтап жазыңыздар. Үлгі: өрт, төрт, өр, көр, төр, өрік, мөр, сөре. Ортақ фонемалары – өр.

Тегіс, қарғыбау, асық, сақ, тер, қар, берік, зақым, кереге, жар, кереует, нар, ар, арқар, іскер, жарық, тас, ісек, сарын, мас, қасқыр, жер, нарық, ер, қақ, қарқыл, тері, қарт, тарақан, астау, тарсыл, жақ, барқыт, тасаттық, бақ, тақсыр, нас, тартыс, ақсүйек, тігіс, рас, ақсұңқар, ақша, ақыл, тақ, арыз, бақша, сері, бақылау, масқара, жақша, бер, жақсылық, терлік, жақын, қақпан, тістеуіш, ас, қақпақ, бас, қас, аққу, бар, жас, арқырау, лас, егіс, қаспақ, кісі, қасық, кісен, масақ, ақын, маса, тасбақа, сарқыт, қару, астық, істік, асаба, серік, асқазан, қарғыс, ерік, бақыт, баспана, жақұт, керуен, тар, бастық.

3-жаттығу. Орфографиялық сөздіктен *рк, рг, ск, кт, нк, нг, лк, нкт* әріптеріне аяқталған сөздердің мамандыққа қатыстысын теріп, олармен сөйлем құрастырыңыздар.

4-жаттығу. Түсіндірмелі сөздіктен араб, парсы тілдерінен енген 20 сөзді теріп жазып, олармен сөйлем құрастырыңыздар.

5-жаттығу. Сөйлемдердегі сөздердің қосымшасын түбірінен ажыратып, олардың сингорманизм мен ассимиляция заңдарына бағыну-бағынбауына байланысты емлесіне түсінік беріңіздер.

1-нұсқа. 1. Шереметьев аэропортынан «Ту-114» самоләті садақтың оғындай аспанға атылып, шырқау биікке көтеріліп алды да, Атлантика мұхитына қарай зулай жөнелді (І.О.). 2. Теңз бетінде ақ отаудай болып төңреріліп бара жатқан айсбергтер ұшырайды. Бір шама мұхиттан соң Канаданың океандық провинцияларының бірі – Лабродордың, үстімен ұштық (І.О.). 3. Осы бір көңілді елегізткен қаһарлы күндері генерал-майор Панферовтың штабына армия команшасы келді. Қасына екі-ақ адам ертіп, жалғыз «виллиспен» жүрген генерал-лейтенантты ешкім байқай қойған жоқ (Т.Ахт.). 4. Жақындап қалған снарядтың даусын танып, Раушанды ептеп тез жатқызды Т.Ахт.). 5. Бұрынғы педагогтік дәстүрді бұзып, шәкіртіне қол беріп қоштасуы Алябьевтің өзіне де, Әлияға да ерсі өрінді. (Ж.Ж.). 6. Ертеңіне Алябьев оралып, балалардың екінші тобын Ленинградқа алып жүрді (Ж.Ж.).

2-нұсқа. 1. Чехтар өз ұлтының мәдениет тарихын бұдан 25 мың жыл бұрын өлген әскери қолбасшының сүйегін, оның әшекейленген қару-жарақтарын сақтай білгендіктерімен дәлелдейді (І.О.). 2. Қолымда Мұқаннның «Қараш-Қарашы» еді. Бірнеше бетін оқығасын төңірегімдегі-лерге көз жүгірттім (І.О.). 3. Вокальды искусствоның бұл түрі қазақ халқының музыкалық мұрасында бұрын да болған (І.О.). 4. Иіс сабын, қағазға оралған тіс порошогі, орамал, тіпті кішкене ғана дөңгелек айнаға дейін бұлардың бойларында (Ж.Ж.). 5. Түйе жүнін өткізіп, жүз килограмдай ұн әкеледі екенбіз (Ә.Әлім.). 6. Граниттің түсі калийлі дала шпаты минералының түсіне байланысты болады (Т.Әбдісадықов). 7. Жолға шығарының алдында Асқар Ақтұмадағы Дәмеш апайдікінде болып, Сапар ақсақалға кездесті (Ә.Әлім.).

4-тақырып. Түбір сөздердің емлесі

Жоспары:

- 1 Бөлек жазылатын сөздер.
- 2 Бірге жазылатын сөздер.
- 3 Дефис арқылы жазылатын сөздер.
- 4 Қысқарған сөздердің жазылуы.

Бөлек жазылатын сөздер. Екі (кейде одан да көп) сөз қатар айтылып, бір ғана ұғымды білдіретін, яғни бір ғана затты, құбылысты, қимылды, түр-түсті, санды атайтын күрделі сөздердің әрбір компоненті бөлек жазылады. Олар мыналар: Екі зат есім қатар айтылып, бір ғана затты атап, алдыңғысы

соңғысының тегін (неден жасалғанын), неге арналғанын, немен жұмыс істейтінін және өзгелерінен ажыратылатын белгілерін білдірсе, олар бірбірінен бөлек жазылады. Мысалы: *ағаш шот (ағаштан жасалған шот), ат қора (атқа арналған қора), жел диірмен (желмен жұмыс істейтін диірмен), жол азық (жолда жеуге арналған азық), май шам (маймен жанатын шам), шай қасық (шай ішкенде жұмсалатын қасық) т.б.* Бұлардың қатарына екінші компоненті *бау, айыл, жіп, сап, киім, қалта, май, қағаз, ағаш («өсімдік» деген мағынада емес, зат, бұйым жасайтын материал – «древесина» мағынасындағы)* сияқты зат есімдер мен олардың түрлерін (яғни сол сөз атап тұрған заттың түрлерін) айырып атайтын сапалық не қатыстық сынды білдіретін есім сөздер жатады. Мысалы, *бау* сөзімен келетін: *аяқ бау, балақ бау, жел бау, қарғы бау, қармақ бау, тамақ бау* деген күрделі сөздердің барлығында да алдыңғы компонент *баудың* түрлерін атайды (бұл қатарға *шашбау, белбеу* сөздері кірмейді, олар – кірігіп барып, бірігіп кеткен сөздер, яғни осылайша жазылуы дәстүрге айналғандар). Сол сияқты: *құр айыл, төс айыл, шап айыл; бас жіп, күзеу жіп, мойын жіп, өрмек жіп* дегендерде алдыңғы сөздер – айыл мен жіптердің түрлерін айырып атайтын анықтауыш сөздер, сондықтан бөлек жазылады. Екінші компоненті қағаз сөзі болып келген күрделі атаулардың бірқатары бір ұғымның (кейде бір құжаттың) атын білдіреді: *арыз қағаз, жолдама қағаз, куәлік қағаз, қатынас қағаз, мақтау қағаз, рұқсат қағаз, талақ қағаз, шақыру қағаз.* Бұлардағы алдыңғы сөздер “қағаздың” (жазылған дүниенің) неге байланысты, не үшін берілетін (жолданатын, жазылатын) құжат екендігін білдіреді: *рұқсат қағаз* – бір нәрсеге (іс-әрекетке, затқа т.б.) рұқсат ететін құжат, *талақ қағаз* – көне атау, әйелін талақ еткенін куәландыратын қағаз т.т. Бұлардың көпшілігінің бірінші сөзі осы мағынада қағаз компонентінсіз-ақ қолданыла береді: *жолдама, куәлік, шақыру, арыз т.т.* Енді бірқатар тіркестерде алдыңғы компонент қағаздың сапалық не қатыстық сынын білдіретін анықтауыштар болып келеді: *ватман қағаз, көшірме қағаз, қатырма қағаз.* Бұл көрсетілген екі жағдайдың екеуінде де қағаз сөзімен келген тіркестердің әрбір сөзі бөлек жазылады.

Е с к е р т у. Бұл ережеге қарақағаз сөзі бағынбайды. Ұлы Отан соғысы кезінде пайда болған бұл атауда қара сөзі қағаздың түсін де, мақсатын да көрсетпейді, майданда қаза тапқан адам туралы ресми хабардың атауы болып табылады.

Адам, мал, айуан организмі мүшелерінің атауларын білдіретін екі зат есімнен құралған күрделі сөздердің әрбір компоненті бөлек жазылады. Олардың соңғы компоненті көбінесе жалпы атау (*сүйек, жілік, қол, тіс, көз, жақ, омыртқа, бет, ет, тамыр т.б.*) болады да, алдыңғы компоненті соларды анықтап, ажыратып тұрады: *асық жілік, тоқпан жілік, ортан жілік; бел омыртқа, мойын омыртқа; ортан қол, сұқ қол; тоқ ішек, аңы ішек; күре тамыр, желке тамыр, қан тамыр; күрек тіс, ақыл тіс, азу тіс, сүт тіс, ит тіс, бас сүйек, төс сүйек, жақ сүйек, төбе сүйек, бет сүйек; көк желке, қыр желке, ой желке; сан ет, қол ет, қара ет, қызыл ет, сұрпы ет т.т.*

Үш зат есім қатар келіп, алдыңғы екеуі соңғы сөз білдіріп тұрған заттың түрін саралау үшін айтылса, олар бөлек жазылады: *үйрек бас ер, қос етек көйлек, мысық мұрт жігіт, саба құрсақ байлар*.

Түбір күйінде компоненттері бір-бірінен бөлек жазылатын анықтауышты тіркестер мен тұрақты тіркестерге етістік не есім тудыратын жұрнақтар жалғанғанда да сөздердің бөлек жазылуы сақталады, бұлар күрделі етістік немесе күрделі сын есім қатарына жатады. Мысалы: *ақ таңдақ (жер) – ақ таңдақтану (жер ақ тандақтанып жатыр), қара барқын – қара барқындану, іш құса (болу) – іш құсалық, темір жол – темір жолдық (құрылыстар), ортан қол – ортан қолдай (жігіт), көп бала – көп балалы (отбасы), жоғары сапа – жоғары сапалы, шала сауат – шала сауатты, мал дәрігері – мал дәрігерлік, көп ұлт – көп ұлттық, көп жыл – көп жылдық (еңбек), ұсақ буржуазия – ұсақ буржуазиялық*.

Ескертулер. Бұл ережені терминдік мәнге ие болған күрделі атаулардың (көбінесе зат есімдердің) қосылып жазылатын заңдылығымен шатастырмау керек. Мысалы: темір жолдық құрылыс, ал теміржолшы (соңғы сөз – мамандық иесін атайтын термин), көп жылдық еңбек, ал көпжылдық шырмауық (соңғыда көпжылдық сөзі күрделі ботаникалық терминнің компоненті болып тұр), бес жылдық оқу, ал бесжылдық (термин).

2. Бірге жазылуы дәстүрге айналған дүниежүзілік, бүкілодақтық сияқты қосылып таңбаланатын бес-алты сөздің орфограммасын емле сөздіктеріне қарап біліп алуға болады.

3. Бөлек не дефис арқылы жазылатын екі компонентті жалқы есімдерден қазақ тілі жұрнақтарымен жасалған туынды сөздер кіші әріппен қосылып жазылады: Коста-Рики – костарикалықтар, Батыс Сібір – батыссібірлік.

Күрделі сан есімдерді құрап тұрған сөздердің әрқайсысы барлық тұлғада да бөлек-бөлек жазылады: он бір, он бірінші (қабат), он бірге (Балам он бірге шықты), он бірлерде (Ол бала он бірлерде), он екі, он екінші, он тоғыз, жиырма бір, бір мың, он мың. Сан есімдермен жанастырыла қолданылатын жарым, есе, рет деген сөздер бөлек жазылады: бір жарым, үш жарым, екі есе, екі рет, бес есе, бес жарым, бес рет. Болжалды сан есім жасауға қатысатын шақты, шамалы, қаралы деген шылаулар да бөлек жазылады: он шақты, отыз шақты, жүз шамалы, мың қаралы (қой), жүз қаралы (атты).

Түсті білдіретін екі (кейде үш) сын есім қатар айтылып, үшінші бір түстің атауы болып тұрса, олар бір-бірінен бөлек жазылады: қара күрең, қара торы, қызыл ала, қызыл күрең, қара көк, сары ала, көк ала, ақ сары, ақ сұр, шұбар ала. Жеке тұрып, барлық заттардың түсін білдірмейтін ал, құба, кер, құла, шабдар сияқты сөздермен қатар келген түс атаулары да бөлек жазылады: ал күрең, ал қара, ал қара көк, ал қызыл, ал қоңыр, қара кер, ақ құба, құла жирен, құла кер, ақ шабдар, шабдар ала.

Малды (көбінесе жылқыны) сипаттау үшін сын есіммен қатар айтылатын төбел, қасқа, шолақ сияқты сөздер де бөлек жазылады: *торы төбел (ат), құла қасқа (бие), шолақ торы (жабағы), ақ бақай (ат)*.

Ескертулер . 1. Екі сын есімнен жасалып, немесе басқа сөздермен аралас келіп, малдың (көбінесе жылқының) меншікті аты – жалқы есім болып тұрған сөздер бірігіп, бас әріппен жазылады: Ақан серінің Құлагері. Менің Торытөбелім. Құлақасқа Жиренторыдан озып келді. 2. Екі түсті білдіретін бірыңғай анықтауыштарды немесе қос сөздерді күрделі анықтауыштармен шатастырмау керек. Бірыңғай анықтауыштар үтір арқылы, қос сөздер дефис арқылы жазылады. Мысалы: Қызыл-жасыл (киім) киінген жастар тобы көрінді (Қызыл

және жасыл киім киінген немесе қызылды және жасылды болып киінген). Ақ, сары гүлдер алыстан көз тартады (ақ және сары гүлдер).

Жеке тұрып сол тіркестегі беретін мағынасында қолданылмайтын қақ (тіркестегі мағынасы «екі» және «дәл»), қара (тіркестердегі мағыналары «үлкен», «жай, күрделі емес, қарапайым» т.б.), қас (тіркестегі мағынасы «нағыз»), қыр («артқы, соң»), сар(ы) (тіркес құрамындағы мағынасы «үлкен», «ұзақ») сияқты сөздермен келген тіркестердің әрбір компоненті бөлек жазылады: *қақ айырылу, қақ алды, қақ басы, қақ бастан (салып қалды), қақ бөлу, қақ жару, қақ маңдай, қақ шеке, қақ төсі, қақ тілу, қара жаяу, қара жол, қара жел, қара өлең, қара сөз, қара халық, қара нөпір, қас батыр, қас маңғаз, қас сұлу (қаса сұлу), қыр желке, қыр соңынан, сар желу, сар(ы) қарын, сар дала, сары буын, сары жілік, сары уайым, сары балақ*, (бұлардың да жазылуын емле сөздіктері реттеп көрсетеді).

Е с к е р т у. Бұл қатарға қыркүйек, қақбас («баласыз» және «жексұрын»), қаскүнем, қаскөй, қасқалдақ, саратан (ай), сарауру, саршұнақ (тышқан), сарсу (ауру), сарыбас (жылан) тәрізді бірге жазылатын сөздер жатпайды. Бұлар аң-құс, жан-жануар, жәндік, ауру-індет т.б. атаулары болғандықтан, бір сөз ретінде танылады.

Күрделі етістіктердің әрбір сөзі бөлек жазылады. Күрделі етістіктер екі, үш, кейде төрт, бес сөзден де құралуы мүмкін: келе жатыр, оқып отыр, алып бер, келе қал, бара алмады, жүріп келе жатыр, алып беріп жібер, бара алмай қалды, жүріп келе жатыр еді, оқып отыра бергісі келді, кетіп қала жаздап барып қалды.

Екі етістіктен бірігіп, ықшамдалып, қалыптасып кеткен әпер (алып бер), әкел (алып кел), әкет (алып кет), түрегел (тұра кел), мойынсұн (мойын ұсын), өсіт (осылай ет), бүйт (бұлай ет), неғып (не қылып), неткен (не еткен), қайткен (қалай еткен) сияқты сөздер сол қалыптасқан ықшам тұлғасында да, күрделі түрінде де қолданылады. Соңғы жағдайда екі етістік бөлек-бөлек жазылады. Мысалы: *Кітапханадан көп кітап әкелдім – Кітапханадан көп кітап алып келдім. Ол түрегелді де, гимнастика жасай бастады – Ол тұра келді де, гимнастика жасай бастады. – Әкет әрі! – Алып кет әрі!*

Ескерту. Мойынсұну, неткен, сөйтіп, өйтіп, өйткені, неғып сияқты сөздердің толық (күрделі) түрде тұлғалануынан (жұмсалуынан) гөрі осы ықшамдалған тұлғасында қолданылуы басымырақ.

Есімдер мен етістіктерден араласып құралған, бір мағына беретін тіркестердің әрбір сөзі бөлек жазылады: *жұмыс істеу, қызмет ету, жәрдем беру, қол шапалақтау, ат қою, егін ору, жер қазу, жер өлшеу, іс жүргізу*. Мұндай тіркестердің соңғы компонентіне жұрнақтар жалғанып, туынды сөз жасалған күнде де әр сөз бөлек-бөлек жазылады: қызмет етуші, жәрдем бергіш, ат қоюшы, егін орушы, жер қазушы (адам), сөз жасаушы (жұрнақ), іс жүргізуші (делопроизводитель). Есім мен етістіктерден жасалған тіркестер -у, -мақ жұрнақтарымен келіп, заттық ұғымды (демек, бір ғана заттың, құбылыстың, ұғымның атауын) білдірген күнде де олар күрделі сөз ретінде бөлек-бөлек жазылады. Мысалы: *ду қол шапалақтау, астық жинау басталды* (мұндағы астық жинау заттық мағынада жұмсалып жүр).

Идиомалық, фразалық тұрақты тіркестердің әрбір сөзі бөлек жазылады. Әдетте мұндай тіркестер бір ғана ұғымды білдіреді, сондықтан олардың екі

сөзден тұратындары біріккен сөздерге ұқсап, жазуда көп қиындық келтіреді. Терминдік мәнге ие болып, біріккен сөз дәрежесіне көтерілген бірқатар тұлғалардың о баста идиома не фраза болғандығы да (мысалы: келіссөз, көзқарас, ақсақал, атқамінер т.с.) бұл қиындықты күшейте түседі. Дегенмен идиома мен фразалық тіркес компоненттерінің бөлек жазылатындығын негізгі қағида деп ұғыну қажет. Бұлар есім мағыналы да, етістік мағыналы да болып келеді. Мысалы, есімдер: *көк езу, сөз бұйда, өгіз аяң, арам ой, арам ойлы, ақ көңіл, ақ көңілді, қара ниет, қара ниетті, қара ниеттілік, асқар тау, шалқар көл, бие сауым (уақыт) ет асым (уақыт), қозы көш (жер), тіс қаққан (бала)*. Етістік мәнді фразеологизмдер: *тіл қату, тіл алу, тілге келу, тілін тарту, тіл өту, тіл ширату, бас ию, бас көтеру, бас салу, бас сауғалау, бас тарту, бас қатыру, бас қорғау, бас қосу, бас құрау, бел байлау, бой бермеу, бой тасалау, бой ұру, жан ұшыру, жан қию, жаны ашу, қол жету, қол қою, қол байлау, қол ұзу, ат қою («шабуылға шығу» мағынасында), ат салысу, жек көру т.б.* Етістік мәнді фразалық тіркестерден жұрнақтар жалғанып жасалған туынды сөз тіркестердің де әр компоненті бөлек жазылады: *тіл алу – тіл алғыш (бала), бас көтеру – бір үйдің бас көтерген үлкені, бас қатыру – бас қатырушылық, бой ұру – бой ұрғыш, жан қию – жан қиярлық (іс), жаны ашу – жаны ашығыш, қол жету – қол жеткен (табыстар), қол байлау, қол үзбеу – қол үзбей (көмектесу), жек көру – жек көрінішті, жек көрушілік, жүз таныс – жүз таныстық, салқын қанды – салқын қандылық, бір сөзді – бір сөзділік.*

Ескерту. Етістік тұлғалы сөз тіркесінен жасалып, терминге айналған сөздер біріктіріліп жазылады. Мысалы: басқосулар (саяси-әлеуметтік термин, яғни белгілі бір адамдар тобының белгілі бір саяси, қоғамдық, тәрбиелік т.б. мақсатпен бас қосқан жиындарының ресми атауы), жанкүйер (спорт термині), мұзжарғыш (кеме), қаржыртқыш (машина атауы), қойтоғытпа (ауыл шаруашылық саласының термині, яғни қойға қотыр түсірмеу және қотырдан емдеу үшін қолданылатын арнаулы шараның атауы), мұзойнақ (спорт термині), өнертапқыш, өнертапқыштық, пікірталас, атқамінер, алыпсатар, ізашар, еттартқыш, шаңсорғыш (кұрал атаулары).

Қыз, ер, сал, сері, батыр, балуан, сұлу, би, қожа тәрізді тұрақты эпитеттер өздеріне қатысты жалқы есімдерден бөлек жазылады. Олар жалқы есімдердің алдынан да, соңынан да келе береді. Алдынан келгенде, эпитеттер бас әріппен; ал соңынан келгенде кіші әріппен жазылады. *Қыз Жібек, Ер Тарғын, Балуан Шолақ, Алдар Көсе, Ер Төлеген, Батыр Мәлік, Тентек Ояз, Кішкене Молда (соңғы екеуі Мұхтар Әуезовтің “Абай” романынан), Жаяу Мұса, Біржан сал, Ақан сері, Қамбар батыр, Баян сұлу, Жиренше шешен, Аяз би, Игілік би, Күреңкөз қожас* (соңғы екеуі Ғ.Мүсіреповтің “Оянған өлке” романынан).

Ұқсас жер аттарын бір-бірінен ажырату үшін сол атаулардың алдынан келетін тұрақты анықтауыштар бас әріптен басталып, бөлек жазылады: *Кіші Жамантау, Үлкен Жамантау, Күнгей Алатау, Ақ Қойтас, Қара Қойтас, Орта Азия, Орталық Азия, Кіші Азия.*

Ғылымның әр алуан саласына жататын күрделі терминдердің компоненттері бөлек жазылады. Ол күрделі атаулар бірнеше тәсілмен жасалады: 1. тәуелдік жалғаулы сөзбен келеді: көмір қышқылы, тіл білімі, оқу орны, мал шаруашылығы (животноводство); 2. етістікті тіркес болып келеді. Мысалы: дауыс беру, жер аудару, шағым беру (заң термині), тыйым салу; 3.

анықтауышты тіркес болып келеді: өзара әсер (философия термині), жеке адам (личность), жәрдем ақша (пособие).

Бірге жазылатын сөздер. Біріккен сөздерді жасап тұрған компоненттер, негізінен, түбір тұлғалары сақталып, бірігіп жазылады: *асқазан, алабұға, алақоржын (өсімдік), баспасөз, балабақша, бірқатар, бірыңғай, бозбала, бозқырау, демалыс, денсаулық, еңбеккүн, жарқабақ, кәсіподақ, кәсіпорын, қолбасшы, қолжазба, қолөнер, қолтаңба, оңтүстік, орынбасар, өнеркәсіп, өнертану, өнертапқыш, сегізкөз, солтүстік, шаштараз, суықторғай, түйетауық, уқорғасын.*

Бірсыпыра біріккен сөздер өзгерген қалпында, айтылуынша жазылады: *бүгін, биыл, жаздыгүні, қыстыгүні, бүрсігүні, күздігүні, белбеу, қолғап, қолғанат, қолғабыс, қарағаш, апару, әкелу, түрегелу, мойынсұну.*

Топонимикалық атаулар, яғни жер-су аттары. Бұлар, негізінен, түбір тұлғалары сақталып жазылады: *Ақтөбе, Ақжар, Алатау, Жезқазған, Талдықорған, Қызылорда, Сарыөзек, Сырдария, Баянауыл, Ұлытау, Қаратау, Жаманшұбар, Еңбекшіқазақ.* Кейбір жер аттары үш сөзден жасалады да, үшеуі де бірігіп жазылады: *Екібастұз, Қызылжарқұдық, Ақдаласор, Актүйесай, Алқакөлқұм, Ақбасатан.* Тіпті кейде төрт түбірден құралып жасалған жер-су аттары да кездеседі: *Аймысықкөккөз (тау, шоқы аты, Қарағанды облысының Шет ауданында), Ақсортөпырақсай (сайдың аты, Ақадыр ауданында).*

Қазақша кісі аттары мен ру-тайпа және бірен-саран халық аттары. Бұлардың да көпшілігі, негізінен, түбір тұлғалары сақталып, бірге жазылады: *Ақбөпе, Ақмарал, Гүлжәмила, Ғалиябану, Жақыпбек, Жанбота, қаракерей, жетіру, қарақалпақ, қарақыпшақ. Бірқатар кісі аттары дыбысталуы жағынан өзгерген күйінде жазылады: Амангелді, Жангелді, Нұргелді, Қарагөз, Ботагөз, Айғыз, Әйгерім, Жанғозы, Телғожа, Дәметкен, Ұлбосын, Айғаным.* Адамның фамилиясын немесе әкесінің атын білдіру үшін қолданылатын ұлы, қызы деген сөздер жалқы есімге қосылып жазылады: *Мұхтар Омарханұлы Әуезов, Ғабит Махмұтұлы Мүсірепов, Бауыржан Момышұлы, Сара Сәтбайқызы Есова.*

Ғылым мен техниканың әр түрлі саласындағы терминдік мәнге ие болған атаулар бастапқы түбір тұлғаларын сақтап, бірігіп жазылады. Оның ішінде: Саяси-әлеуметтік терминдер мен тарих, экономика ғылымдарына жататын сөздер: *өнеркәсіп, кәсіподақ, бесжылдық, көзқарас, баспасөз, арақатынас, еңбеккүн, еңбекақы, жалақы, қаламақы, шикізат, қолбасы, келіссөз, қонақасы, өнертабыс, алауыздықтар (мемлекеттер, одақтастар, пікірлестер т.б. аралығындағы келіспеушіліктер), көзбояушылық, сөзбұйда (волокита деген терминнің баламасы), қосмәнділік принципі (философия термині).* Биология ғылымына жататын терминдер, яғни аң-құс, жан-жануар, өсімдік, ағаш, құрт-құмырсқа атаулары және осы салаға қатысты өзге де терминдік сөздер: *алабота, кәріқыз, алақоржын (өсімдік аттары), қырықаяқ, бұзаубас, қарақұрт (жәндіктер), ақиық, бізтұмсық, бірқазан, өгізшағала (құс аттары), гүлтабан, бұршаққын, тозаңқап (ботаника терминдері).* Бірінші сыңары түсті білдіретін сын есімдер (ақ, сары, қызыл, қара т.б.), немесе мал, аң-құстардың жалпы атаулары (қой, сиыр, түйе, қозы, бөрі, аю, қоян, қаз т.б.), я болмаса тау,

шөл, құм, дала, су, тас, у деген сияқты сөздер болып, екінші сыңары нақты өсімдік немесе аң-күстардың аты болса, бұлармен жасалған сөздер биологиялық терминдер ретінде қосылып жазылады (қазақ тілінің емле ережелері мен 1988 жылғы «Орфографиялық сөздікте» алдыңғы сөз анықтауыш ретінде бөлек жазылады деп көрсетілген ереже түзетілуге тиіс): *құмбетеге, субетеге, қоянжоңышқа, сиыржоңышқа, түйежоңышқа, қойжусан, қызылжусан, қаражусан, қойқарақат, бөріқарақат, аюқарақат, қызылқарақат, қарақарақат, түйекекіре, уекекіре, атбұршақ, түйебұршақ, бөрібұршақ, майқаңбақ, балқаңбақ, сорқаңбақ, аққайың, қотырқайың, үлпекқайың, қызылқайың, итжуа, итбүлдірген, итбадам, итқонақ, итқұмық, итшаған, итсигек, итбүлдірген, таутеке, субүркіт, сужылан, убалдырған, убидайық.*

Ескерту. Ақ, кара, қызыл, қоңыр деген сын есімдер аң-құс, өсімдіктердің түсін айыру үшін қолданылған болса, бөлек жазылады: ақ аю, қоңыр аю, кара бұрыш, қызыл бұрыш, кара жүзім, кара өрік, қоңыр қаз. Кер сөзі де түсті білдіріп тұрса, бөлек жазылады: кер ат, кер ала, кер бесті, кер жағал, кер төбел, кер марал, ал кері және керілген сөздерінің ықшамдалып барып тіркескен түрімен келген күрделі сөздер бірігіп жазылады: керауыз, керзаман, кермиық, кертақыс, кертартпа.

Физика-математика ғылымдары мен өндіріс-техника саласына жататын терминдердің бірсыпырасы біріккен сөздер болып келеді. Мысалы: *сегізжақ, үшжақ, көпмүше, бірмүше, көпбұрыш, темірбетон, қазанишұңқыр (котлован), майбалшық (раствор), жанармай, жағармай.* Медицина, ветеринария салаларына қатысты терминдердің бірқатары екі түбірден жасалып, бірігіп жазылады: *шорбуын (артрит), соқырішек, сарысу (илену), сарауру, көкжәтел, құрқұлақ, өкпеқұрт, қоянжел.* Мәдени-ағарту, өнер, әдебиеттану, тіл білімі салаларына жататын терминдердің ішінде екі түбірден бірігіп жасалғандары едәуір: *күйтабақ, қылқалам, қолтаңба, сөзжұмбақ, жолжазба, сегізаяқ, сөзжасам, сөзтізбе (реестр).* Спорт саласына жататын терминдер екі түбірден жасалса, біріккен сөз болады: *бессайыс, онсайыс, мұзайдын, ойынсерік (партнёр), жанкүйер.* Спорт терминдері сияқты қазақша ұлттық ойын аттары да екі түбірден жасалса, көбінесе, біріккен сөз ретінде қосылып жазылады. Бұлардың ішінде сын есім, сан есімдер мен зат есімдердің тіркесуімен жасалғандары көбірек кездеседі: *аққала, ақсүйек, түйебас, қосқұлақ, әуетаяқ, салматаяқ, алакүшік, алтынқабак, бурақотан, қарабие, қарақұлақ, алтыбақан, бесқақбай, үштабан, шықетер, төртасық, бесасық, бестас, соқыртеке, тоғызқұмалақ.* Сондай-ақ кейбір ойын аттары есімдер мен етістіктердің тіркесінен жасалады, олардың көпшілігі біріккен сөз болады: *балтамтап, қолсоқпақ, ханатпақ, ханталау, тисінқабак,* ал бірқатары күрделі сөз ретінде бөлек жазылады: *қыз қуу, орамал тастау.* Бастауыш, баяндауыш, толықтауыш мүшелері бар, сөйлем іспетті құрылымдардан жасалған ойын аттары тырнақшаға алынып, кейде тырнақшасыз әр сөзі бөлек жазылады: «*ханды қара басты*», «*хан жақсы ма?*», «*кім түртті?*». Бір сөздің қайталауынан жасалған немесе қарсы мәндес қос сөздерден жасалған ойын аттары дефиспен жазылады, олар да көбінесе тырнақшаға алынады: «*мыршыммыршым*», «*ұрмақ-тозақ*», «*хан-уәзір*». Әр түрлі ырым, ритуал аттары да екі түбірден тұрса, бір сөз ретінде танылады: *ақсарыбас, жолаяқ, беташар, есікашар, тұсаукесер, атұстатар,*

қолұстатар, батаоқыр. Химия, геология, металлургия салаларына қатысты терминдердің бірқатары біріктіріліп жазылады: *оттек (оттегі), сутек (сутегі), қостотық, теміртас (железняк), таскөмір*.

Астрономия саласына қатысты терминдік сөздер екі түбірден жасалса, біріктіріліп жазылады: *көкжиек (горизонт), кемпірқосақ, оңтүстік, солтүстік, шоқжұлдыз*. Бұл топқа жұлдыздардың, шоқжұлдыздардың аттары да жатады: *Темірқазық, Жетіқарақшы, Ақбозат, Есекқырған, Үшарқар, Құсжолы*. Біріккен сөз болатын терминдерге келгенде мынадай жайттарға көңіл аудару қажет болады. Флора (өсімдік) пен фауна (жан-жануарлар) дүниесінің терминдік атаулары болып келетін біріккен сөздердің жасалу жолдары көбінесе мыналар: 1) Флора мен фауна атаулары түсті білдіретін ақ, қара, көк, сары, қызыл, ала, боз деген сөздер мен жеке тұрғандағы лексикалық мағынасынан айырылған сөздердің бірігуі арқылы жасалады. Мысалы, *(алақоржын (тышқан), ақиық (құс), қарақанат (өсімдік) дегендердегі қоржын, иық, қанат* сөздері осы атауларда өздерінің жеке лексикалық мағынасында қолданылып тұрған жоқ, алдыңғы сөздермен бірігіп барып, нақты аңның, құстың, өсімдіктің атауы болып тұр. Бұл топтағы өсімдік атауларына мысалдар: *ақбүйрек, ақбілек, ақшилек, ақсырғақ, ақтамақ, бозбұғы, бозкілем, қарабас, қарақұлақ, қарашора, қарашұнақ, қызылбас, қызылқұйрық, сарыбуын, сарысадақ, көкқасқа, көкнайза, көксұлтан, көкшолақ*. Осы топтың жан-жануарлар атауларына мысалдар: *ақиық, қарабай (құстар), ақкөз, аққайран, ақсерке, алабұға, қаракөз (балықтар), алақоржын (тышқан), қарақұйрық (аң)*. 2) Бірінші сыңары түсті білдіретін сын есімдер, екінші сыңары аң-құс, өсімдіктердің жалпы атауы болып саналатын құс, ағаш, балық, құрт, шөп, гүл, торғай, жидек, жеміс сияқты сөздер болып келген атаулар біріккен сөз болады: *қарақұс, қараторғай, қарағаш, қарақұрт, сарағаш, сарыгүл, сарышөп, қаражидек, қызылжидек*. Мұнда да өсімдіктің нақты атауы ағаш, гүл, жидек деген сөздер емес, сол сияқты құс, торғай дегендер де – нақты бір құстың аты емес, жалпы атаулар. 3) Бірінші сыңары әр алуан есім сөздер болып, екінші сыңары шөп, от(ы), гүл, құс, торғай, балық, тауық, құрт сияқты жалпы атау болса, олар да біріккен термин сөз болады. Мысалы: *айгүл, айланшөп, бояушөп, барқытшөп, қоңыраушөп, сәлемшөп, әтіргүл, безекгүл, тарақбалық, теңгебалық, қылышбалық, күрке тауық, түйе тауық, тентекқұс, жыланқұрт, суықторғай*. Соңғы компоненті жапырақ, тікен, тікенек, тамыр сияқты сөздер болып келгендер де осы қатарға жатады: *бабажапырақ, алтайтамыр, сужапырақ, сүтжапырақ, теңкежапырақ, әректікен*. 4) Екі сыңары да жеке тұрғандағы лексикалық мағынасынан айырылған есім сөздер болса, ол атаулар да ботаникалық немесе зоологиялық терминдер бола алады: *егеуқұйрық, бізтұмсық, қаптесер, айқабас, асқабас, бестамақ, балмұрын, томардәрі*. 5) Бірінші сыңары мал атаулары (қой, сиыр, айғыр, түйе, бота, бие, қозы, ат) аң атаулары (аю, киік, бөрі) немесе балық, бақа, құс деген сөздер болып, екінші сыңары өзінің лексикалық мағынасынан айырылған сөздерден жасалған биологиялық терминдер біріккен сөз болады: *аюқұлақ, аютабан, атқұлақ, атиоңқай, бақабас, балықкөз, бөрікөз, бөріқұлақ, бөрігүл, ботатабан, қозыжаурын, қозықұйрық, қозықұлақ, құсаяқ, құсқонбас, құстарақ*,

түйеқарын, түйеқұйрық, түйесүйек, түйежапырақ, биебау, биеемшек, биеқарын, қоянсүйек, қоянтамақ, қоянтобық. Бірінші сыңары кейбір малдар мен аңдардың жалпы атаулары (қой, қоян, түйе, киік, балық т.б.) екінші сыңары шөп, от(ы), жапырақ, тікен, жеміс, тамыр, ағаш, қат сияқты сөздер болса, бұлардың бірігуі арқылы да ботаникалық терминдер жасалады: *балықот(ы), қояноты, бақоты, қойоты, қояншөп, қандағаш, қарағаш, қызылағаш, түйежапырақ, түйетікен, киікоты, қазоты, бөріжеміс.*

Ескерту. Белгілі бір өсімдіктің түрін (сортын) айырып атау үшін жасалған, бірінші сыңарлары мал мен аң-құстардың жалпы атаулары (бөрі, аю, қоян, киік, қаз т.б.) екінші сыңарлары жеке өсімдіктің өз атаулары болып келетін тіркестер де біріккен сөз болады.

Өсімдік, аң-құс, жан-жануарлардың белгілі бір түрінің (тұқымының, сортының) атауы алдынан олардың мекеніне, түсіне немесе басқа да бір қасиет-белгілеріне қарай айтылып қалыптасқан тұрақты анықтауыштары болады. Олар анықтайтын сөзінен бөлек жазылады. Мысалы: *мес бие, құлық бие, лақса бие, сарқарын бие; жәнек нар, үлкен нар, оқпақ нар.* Сонымен қатар мұндай терминдік анықтауыштар екі (кейде үш) сөзден тұруы да мүмкін. Ол күнде бұл екі сөз өзара бірігіп жазылады да, анықтайтын сөзінен бөлек тұрады. Мысалы: *ақбас жонышқа, ақбас сиыр, ақбас капуста* дегендердегі *ақ* сөзі жоңышқаның, сиырдың, капустаңың бастарының ақтығын жай ғана суреттеп тұрған жоқ, ол бас сөзімен бірігіп, сол өсімдіктің сортын немесе малдың тұқымын айырып атап тұр. Мұндай терминдік мәндегі күрделі анықтауыштар негізінен ғылыми әдебиетте (оқулықтарда, ғылыми зерттеулерде, энциклопедия мен сөздіктерде) кездеседі және көбінесе калька жолымен жасалған аударма болып келеді: *ақтұмсық қарға, алақанат бозторғай, итбас жарғанат, алаяқ мәлін, ақтөс сусар, аққабақ шымшық, бізқұйрық үйрек, сүйелтұмсық кептер, қызғылтжирен саршұнақ, қызылерін ақмарқа.*

Ескерту. Екі-үш сөзден тұратын күрделі анықтауыштар ғылымдық термин болмай, яғни түрді, тұқымды, сортты білдірмей, жай суреттеме атау үшін қолданылған болса, олардың әрбір сөзі бөлек-бөлек жазылады: Мысалы: *ақ шандыр бие, ит арқа ат, бас асау жылқы, иір өркеш түйе, қара қайыс түйе, сары аяқ марқа, ақ ала мойын кептер, ұзын сирақ әтеш.*

Биология саласының біріккен сөзден жасалған терминдері тек жанжануар, аң-құс, жәндік, өсімдіктердің аттары ғана емес, олардың құрылысына, организміне, өсіп-өну процесіне т.б. қатысты атаулар болып та келеді. Мысалы: *гүлтабан, гүлшұнақ, тозаңқап, бұршаққын, сүтқоректілер, оңқанаттылар.*

Әр алуан құрал-жабдық, қару-жарақ, машина, аппарат, бұйым, үймүлкі атаулары екі түбірден жасалса, біріккен сөз болады. Бұлардың ішінде бұрын пайда болған ежелгілері де, жаңалары да бар. Мысалы, көне мылтық атаулары: *алтатар, бесатар, күлдірмамай, жекауыз, бірауыз, қандауыз, жездауыз;* әр түрлі үй мүлкі мен бұйым атаулары: *жұқаяқ, қазанқап, жастағаш, қолғап, қуысқұлақ, музыкалық аспап атаулары: месқобыз, сазсырнай, асатаяқ, найсыбызғы, қоссаз, желғабыз;* өзге де құрал-жабдық аттары: *атауыз, жерағаш (соқы), тісағаш, шотаяқ сияқтылар ертеден келе жатса, мұзжарғыш, еттартқыш, қаржыртқыш, астықтиегіш, шаңжұтқыш* тәрізді жаңа машина, аппарат, құрал-жабдық атаулары – кейіннен жасалған біріккен сөздер. Соңғы топтағы нақты атау болып саналатын зат есімдерді осылармен

тұлғалас келетін кәдімгі анықтауыштармен шатастырмау керек, күрделі анықтауыштардың әрбір сөзі бөлек жазылады: су тартқыш колонка (қандай колонка? – су тартқыш), жүк көтергіш машина (қандай машина? – жүк көтергіш).

Әр алуан мамандық, кәсіп иелерінің аттары және белгілі бір іске (әрекетке, жұмысқа т.б.) бейім адамдардың атаулары да екі сөз арқылы білдірілсе, біріккен сөз болады: алыпсатар, атқамінер, теміржолшы, жолсерік (проводник), өнертапқыш, қызылізші. Екі компоненті де етістік тұлғалы болып келетін сипаттама тіркестер қосылып жазылады: көріпкел (адам), шығарыпсалма (сөз), суырыпсалма (ақындық), алыпқашпа (сөз); бұл қатарға екінші компоненті ашық райдағы етістік болып келетін тіркестер де жатады: ерғашты (болу), жүрекжарды (хабар), қағазбасты (қызметкер), жолсоқты (болу), пышақкесті (тыйылу). Етістік араласып жасалған әпербақан, ойбауырымдау (жоқтау), өлдемаған, әлімжеттік (қылу), немкетті (қарау) немкеттілік, немқұрайды (қарау), немқұрайдылық, қағазбастылық сияқты сөздердің осылайша жазылуы сөздік бойынша реттеледі (яғни сөздіктен қарап жазу керек).

Екінші сыңары аралық, тану, сымақ, құмар, жай, -хана, ақы, -нама, хат, тас, бас деген сияқты сөздер болып келген тіркестер бір ғана заттың атын білдіріп (көбінесе термин болып) тұрса, біріктіріліп жазылады: *халықаралық, ауданаралық, ведомоствоаралық; қоғамтану, шығыстану, абайтану; шешенсымақ; асхана, құсхана, төлхана, перзентхана; сапарнама, өмірнама, ғарышнама; шайқұмар, әнқұмар; жалақы, қаламақы, еңбекақы, жамбасақы, көзақы (көргеннен көзақы алған), жолақы, кіреақы* (термин ретінде емес, образды фразеологизм құрамында келген ақы сөзі бөлек жазылады: табан ақы, мандай тері); *сенімхат, түсінікхат, келісімхат, мағлұмхат, сәлемхат* (хат сөзі жалпы «жазылған дүние» мағынасында келіп, алдыңғы сөз сол жазылғанның сипатын білдіріп тұрса, бөлек жазылады: *ашық хат, жасырын хат, жабық хат, тапсырыс хат*); *қоражай, саяжай, тұрақжай, қонақжай, жағажай (пляж), егінжай; ұлутас, теміртас, сутас, тақтатас, зертас, сынтас, құлпытас, обатас, этнографиялық бұйымдардың атаулары; тұмартас, есектас, құрал атауы: шаңтас (бидай бастыратын), табиғаттағы құмтас, қойтас, жартас, шағылтас* (тас сөзі өзінің тура мағынасында келіп, алдыңғы сөз оның түрлі сын-сипатын білдірсе, бөлек жазылады: *малта тас, дөңбек тас, жақпар тас, қайрақ тас, қабыршақ тас, шақпақ тас, серек тас, үңгір тас, тектұр тас, лағыл тас, ақық тас, меруерт тас*) *қалжыңбас, қылжақбас, маубас, жүдеубас, жындыбас, қаңғыбас, қақбас* (бұларды алдыңғы компоненті анықтауыштық қызметте келген қауға бас, дода бас, қазан бас, қасқа бас, қалтақ бас деген жай тіркестермен шатастырмау керек); *қолбасы, онбасы, мыңбасы, жүзбасы, рубасы, түменбасы, көшбасы, әскербасы, дуанбасы; қолбасшы, жолбасшы, көшбасшы* (соңғыларды термин емес, жай мынадай сөз тіркестерімен шатастырмау керек: сөз басы, түлік басы, төл басы, мал басы – мал басын көбейту, жан басы – жан басына шаққанда) т.т.

Еш, әр, кей, қай, әлде, бір деген сөздер есімдіктермен, үстеулермен тіркесіп келгенде, бірігіп жазылады: *әрбір, әркім, әрқайсы, әрдайым, әрқашан, әрнеме, әркелкі, әрқайда, ешкім, ешбір, ешқайда, ешқашан, ешқандай, ештеңе,*

ешқайсысы, ешқалай, кейбір, кейбіреу, қайбір, бірдеңе, бірнеше, біраз, бірсыпыра, біркелкі, әлдекім, әлдене, әлдеқашан, әлдеқайда, әлдеқандай, әлдебір, әлдеқайдан т.т.

Ескертулер. 1. Еш, әр, кей, қай, қайсы, әлде, бір деген сөздер зат есімдермен келгенде, бөлек жазылады: әр адам, әр жылы, әр уақытта, әр жұмыс, әр нәрсе, әр күні, кей адам, кей жылы, кей уақытта, қай адам, қайсы адам, қайсы жылдары, бір адам, бір күні, бір жылы, еш адам, еш нәрсе, еш уақытта, еш жұмысым жоқ. 2. Бір деген белгісіздік есімдігі мына сияқты тіркестерде бөлек жазылады: белгілі бір, бейне бір, екінші бір (екінші бір айтатын әңгіме), неше бір (неше бір түсінбесең де), не бір (не бір әдемі гүлдер бар).

Бірінші компоненті фото, радио, электр(о), авто, аэро, кино, гидро, агро, теле, стерео, мото, метео, био, микро, макро, квази, транс деген тұлғалар, екінші компоненті тәуелдік жалғаусыз сөз болса, әрі бұлар қосылып, бір заттың, бір құбылыстың атын білдіріп тұрса, бірігіп жазылады. Мұндайда екінші компонент қазақ сөзі де, кірме сөз де бола береді: *автомашина, автобаза, автоқалам, автосуарғыш, автотіркес, авиапочта, авиабайланыс, авиамектеп, фотоаппарат, фотосурет, электровоз, электромагнетизм, электроөткізгіш, телемеханика, телеқабылдағыш, теледидар, телестудия, телехабар, агрокомплекс, агрошаралар, биосүзгі, макромолекула, микробиология, микросинтез, трансевропалық, транссібірлік, инфрақызыл, ультракүлгін, изосызық, гипержазықтық.*

Ескерту. Электр сөзімен келген тіркестер кейде о дәнекерінсіз келеді де, осы сөзбен келген тіркес күрделі сөз ретінде танылып, электр сөзі бөлек жазылады: электр агрегат, электр барабан. Ал тәуелдік жалғаулы сөзбен тіркескенде, электр сөзінің бөлек жазылатыны өзінен-өзі белгілі: электр қуаты, электр станциясы. Орыс тілінен біріккен сөз болып танылатын кірме сөздер сол қалпында (яғни орысша жазылуынша) таңбаланады: паровоз, бронепоезд, бортмеханик, бензорез, метрлотель, амперметр, бормашина, самосвал, газогенератор.

Дефис арқылы жазылатын сөздер. Қос сөздер, негізінен, дефис арқылы жазылады: бара-бара, жақсылы-жаманды, бірде-бір, жап-жақсы, апыр-топыр, сарт-сұрт. Дефиспен жазылатын қос сөздердің түрлері мыналар: а) Бір сөздің қайталанып айтылуынан жасалған қос сөздер: биік-биік, лек-лек, лып-лып, тырс-тырс, көп-көп, алуан-алуан, жүре-жүре. Мұндай қос сөздердің арасына -ма, -ме, -па, -пе, -ба, -бе, -ды, -ді, -да, -де, -шы, -ші дәнекерлері және шығыс септік жалғауы қосылып та жасалады. Ондайда дәнекерлер қос сөздің бірінші сыңарына қосылады да, олардан кейін дефис қойылады: *көзбе-көз, қолма-қол, бетпе-бет, жылмажыл, жанба-жан, бірме-бір, көшші-көш, баршы-бар, қараптан-қарап, жылдан-жылға, бостан-босқа, тектен-тек, турадан-тура.* Бір сөздің қайталануынан жасалған кейбір қос сөздердің екінші сыңарына шығыс, көмектес, барыс жалғаулары немесе -ла+п, -ле+п жұрнақтары да жалғанады: бір-бірден, шет-шетінен, өз-өзінен, бас-басына, бет-бетімен, топ-тобымен, рет-ретімен, бір-бірлеп, мың-мыңдап, біртебіртеп, ақырын-ақырындап, қыт-қыттап, аз-аздап. Бір сөздің қайталануынан жасалған кейбір қос сөздердің екі сыңарына да септік жалғаулары (шығыс және барыс) жалғанады: *жылдан-жылға, қолдан-қолға, күннен-күнге, тектен-текке, сақтан-саққа.* Жалғау бір сөздің қайталануынан жасалған қос сөздердің кейде бірінші сыңарына, кейде екінші сыңарына жалғанып айтылады. Екі вариантында да араларына дефис қойылады: *бір-бірімен – бірімен-бірі, бір-*

бірінен – біріненбірі, бір-біріне – біріне-бірі, бір-бірін – бірін-бірі, өз-өзінен – өзінен-өзі, өзөзімен – өзімен-өзі, өз-өзін – өзін-өзі. Алдыңғы сыңарына III жақ тәуелдік жалғауы жалғанып та бір сөздің қайталануынан қос сөз жасалады: аттысы-атты, жаяуы-жаяу, бары-бар, жоғы-жоқ, бірі-бір, екісі-екі.

Бір етістіктің болымды және болымсыз тұлғада тұрып қайталануы арқылы да қос сөз жасалады: барар-бармастан, келер-келмесі, кіреркірместен, айтты-айтпады, барды-бармады. ә) Қарсы мәнді сөздердің қатар келуі арқылы жасалған қос сөздер: ертелі-кеш, жақсы-жаман, күн-түн, азды-көпті, кешелі-бүгінді. б) Екі сыңары да мағыналы қос сөздер. Олар көбінесе жинақтау мәнін білдіреді: *ата-ана, мал-жан, құрт-құмырсқа, ыдыс-аяқ, ұрыс- қағыс, атарба, жаздым-жаңылдым, тапқан-таянған, билеп-төстеп, сылап-сипап, төрт-бес, он-он бес, отыз-қырық.* в) Бір сыңары мағыналы, екінші сыңары мағынасыз (бұл күнде түсініксіз) қос сөздер. Бұлардың түсініксіз компоненттері басқа түркі, моңғол тілдерінде жеке қолданылатын немесе көнерген сөздер болады: *бала-шаға, жолдас-жора, киім-кешек, жол-жөнекей, жүн-жұрқа, келінкепшек, көрші-қолаң, кәрі-құртаң, телегей-теңіз, хабар-ошар, қиын-қыстау, құда-анда, көл-көсір, тоқты-торым.* Көбінесе қомсыну, кеміту мәнінде айтылатын *жігіт-мігіт, ат-мат, жүрек-мүрек* сияқты сөздердің бір сыңары мағынасыз тұлға болады. Күшейткіш буын қосылып жасалатын қос сөздердің де бір сыңары мән-мағынасыз болады: тәп-тәуір, жап-жақсы, тұп-тура, дұп-дұрыс, сүпсүйкімді, қып-қызыл, қап-қара, ап-алыс, мып-мықты. Араларына да, де, та, те шылауын салып, етістіктің бұйрық рай тұлғаларынан жасалған анықтама (сипаттама) тіркестер дефис арқылы жазылады, шылау сөз бірінші компонентке қосылады: аста-төк (байлық), ұрда-жық мінез, уда-шу (айғай), келде-кет (болып отыру).

Ескерту. Ақ, көк деген сын есімдерге күшейткіш буын үстелгенде, олар аппақ, көкпеңбек түрінде айтылады және осылай жазылады.

г) Екі сыңары да түсініксіз қос сөздер: алай-түлей, кәкір-шүкір, қиянкескі, үбірлі-шүбірлі, алда-жалда, апақ-сапақ, алқам-салқам, дел-сал, жапатармағай, жым-жылас, жым-жырт. Қос сөзден жасалған одағайлар мен еліктеуіш және бейнелеуіш сөздердің де сыңарлары жеке алғанда мағынасыз сөз болады: жарқ-жүрк, гу-гу, тарс-түрс, сарт-сұрт, пай-пай, ah-yh, шөре-шөре, әукім-әукім, быт-шыт, қалт-құлт.

Плеоназмдардың (қосақтап қолданылған мағыналары бірдей немесе жуық сөздердің) көпшілігі дефис арқылы жазылады: *ел-жұрт, даужанжал, күш-қайрат, ұшы-қиыры, ар-намыс, аз-кем, ен-таңба, шам-шырақ, айып-шам, шет-жағасы, хал-ахуал, мүкі-тақы (мүкі – «аздап», тақы – арабша «аздап»).*

Ескерту. Қатарласа қолданылған мағыналас сөздердің бірқатары дефиссіз бөлек жазылады: ежелгі ескі (досы), құр босқа, құр текке (мұндағы құр сөзі бекер, босқа, текке деген сөздермен синонимдес), ақыр аяғында (ақыр – арабша «соң, ақыр» деген мағынада), сәске түс (сәске – парсыша «түс»), әуел бастан (әуел парсыша «бас»), шынайы таза (бұлардың жазылуын орфографиялық сөздік реттеп көрсетеді).

Екі компоненті бір-бірімен мағыналас ала-бөле, желе-жортып, баса-көктеп, жуып-шайып, өсіп-өну, қырып-жою, кекеп-мінеу, жылап-еңіреу сияқты етістіктер де плеонастық қатарлар түзіп, дефис арқылы жазылады. Бұлардың екінші сыңары әр түрлі тұлғада өзгеріп отыруы мүмкін. Ондай жағдайда да

дефиспен жазыла береді: *жуып-шайып, жуып-шайды, жуыпшайғалы отыр, өсіп-өнді, өсіп-өне бермек, өсіп-өндік*. Ал тұлғасы жағынан осыларға ұқсас, бірақ біреуі негізгі, екіншісі көмекші етістік болып келетін (яғни тең мағыналас емес) *айта сала, келе сала, көре сала, ести сала, көре тұра, біле тұра, ести тұра, сөйте тұра, кіре бере, түсе бере, ала бере* сияқты етістіктер бір-бірінен бөлек жазылады.

Ескерту. Қос сөз немесе плеоназм типтес құрылымдардың әр компоненті бірнеше сөзден тұрса, олар үтір арқылы немесе ешқандай тыныс белгісі қойылмай жазылады (соңғы жағдай араларында мен жалғаулығы бар жерде болады): үн жоқ, түн жоқ (ал үнсіз-түнсіз), әй дер ажа, қой дер қожа жоқ; бір сырлы, сегіз қырлы; апы кіріп, күпі шығып; алты аласы, бес бересі; үлде мен бүлдеге (оранған); күн демей, түн демей, (ал күні-түні, күн-түн демей), аз болсын, көп болсын (ал азды-көпті), ерте болсын, кеш болсын (ал ертелі-кеш); о жақ, бұ жағы, о шеті мен бұ шеті.

Тең мағыналы немесе қарама-қарсы мағыналы екі сөзден жасалған термин мәнді күрделі анықтауыштар дефис арқылы жазылады: оқу-ағарту жұмысы, әкімшілік-басқару жұмыстары, халық-азаттық қозғалысы, салыстырмалы-тарихи әдіс, ғылыми-көпшілік әдебиет, үгіт-насихат жұмысы, орысша-қазақша сөздік, есеп беру-сайлау жиналысы.

Екі сөзден тұратын ғылыми дәреже, атақтардың және қызмет дәрежесін немесе мамандықты көрсететін атаулардың арасына дефис қойылады: *премьер-министр, вице-президент, тілші-фонетист, редакторматематик, инженер-байытушы, әнші-композитор*.

Машиналар мен олардың бөліктерінің және өзге де техникалық жүйелердің күрделі атаулары дефис арқылы жазылады. Олардың басым көпшілігі орыс тілінен енген сөздер болып келді: *дизель-мотор, стоп-кран, вакуум-аппарат, телефон-автомат*.

Күрделі өлшем атаулары дефис арқылы жазылады: тоннакилометр, адам-күн, киловатт-сағат, вольт-ампер (бірақ: вольтметр), ваттсағат (бірақ: ваттметр). Бұл ережеден еңбеккүн сияқты бірер сөз тыс тұрады. Орыс тілінен енген немесе орыс тілі үлгісімен жасалған статускво, х-сәуле, альфа-сәуле, м-1, ОСВ-2 сияқты атаулар дефиспен жазылады.

Орыс тілі орфографиясы бойынша қолданылатын жер-су және кейбір халық аттары дефиспен келсе, дефис қазақша жазуда да сақталады: *Орехово-Зуево, Соль-Илецк, Могилев-Подольск, Нью-Йорк, Рио-де-Жанейро, Лос-Анжелос, коми-зырян, угро-фин*. Орыс тілінде дефиспен жазылатын Қазақстан, Орта Азия жеріндегі топонимдер қазақша түрінде дефиссіз (кейде бөлек) жазылады: Алматы (орысша бұрынғы жазылуы Алма-Ата), Ыстықкөл (орысша – Иссык-Куль), Қызылорда (орысша Кзыл-Орда).

Екінші сыңары біріншісін айқындайтын қосалқы мүшелі күрделі атаулар дефис арқылы таңбаланады: зауыт-институт (әрі институт ретінде қызмет ететін зауыт), зауыт-филиал (филиал болып саналатын зауыт), кафебар (бар типтес қызмет ететін кафе), вагон-ресторан (ресторанға арналған вагон), гараж-тұрақ, диван-кереует.

Орыс тілінде дефиспен жазылатын кісі аттары (көбінесе фамилиялары) қазақша жазуда да дефис арқылы таңбаланады. Бұлар, негізінен, орыс халқы және Еуропа, Америка т.б. халықтары өкілдерінің аты-жөндері болып келеді:

Немирович-Данченко, Новиков-Прибой, КнипперЧехова, Жолио-Кюри, Дон-Жуан, Дон-Кихот. Соңғы екі есімнен жасалған донжуандық, донкихоттық деген жалпы есімдер қосылып, кіші әріппен жазылады. Араб халықтары есімдерімен келетін әл, аш, ар, аз, әд, бен сияқты элементтерден соң дефис қойылады, олардың өздері кіші әріппен алдыңғы сөзден бөлек жазылады: *Абд ар-Рахнан әл-Халиси, Ибрагим әл-Муфти, Авадх бен-Солех бен-Галәб, аз-Закир Рукн ад-Дин Бейбарс, әл-Фараби, әл-Кинди.*

Ескерту. Араб халықтары аты-жөндерімен келетін ибн сөзі кіші әріппен бөлек жазылады: Әмір ибн Кулсум, ибн Халдун, ибн Сина, Тарафа ибн әл-Абд. Араб атауларында келетін демеуліктер де алдыңғы сөзден бөлек, ал өзінен кейінгі сөзден дефис арқылы жазылады: жами'ат-тауарих, әлМаджмағу л-илмий ("Ғылым академиясы" деген мәндегі тіркес), Китаб әлХамаса (Батырлар туралы кітап). Түркі, парсы т.б. халықтар есімдерінің соңында келетін паша, бей, бек, заде, оглы сияқты тұлғалар да дефис арқылы кіші әріппен жазылады: Турсун-заде, Нахас-паша, Измаил-бей, Абдулла-бек. Түркі, моңғол хандары есімдерінің соңында келетін хан сөзі дефиссіз бөлек жазылады (ал орыс жазуында бұл дефис арқылы таңбаланады): Шыңғыс хан (орысша – Чингиз-хан), Тәуке хан (орысша – Тауке-хан), Жәңгір хан (орысша – Джангир-хан).

Реттік сан есімдер цифрмен жазылса, өзіне қатысты сөзбен араларына дефис қойылады: 7-сынып (жетінші сынып), 15-үй (он бесінші үй), 50-километр (елуінші километр). Кейде реттік сан есім жасайтын, -ншы, -нші, -ыншы, -інші жұрнақтары көрсетіліп жазылуы мүмкін, ол күнде де дефис сақталады: 7-нші сынып, 15-інші үй, 50-інші километр. Айды, жылды көрсететін цифр мен ай атын білдіретін сөз және жылы деген сөздердің арасына дефис қойылмайды: 8 наурыз, 1 қазан, 1987 жыл.

Қысқарған сөздердің жазылуы. Жеке сөздердің басқы әріптерінен құралып қысқарған сөздер бас әріптермен жазылады, ол әріптердің ара-арасына ешқандай тыныс белгісі қойылмайды: *БҰҰ (Біріккен Ұлттар Ұйымы), АҚШ (Америка Құрама Штаттары), ҒА (Ғылым академиясы).*

Алғашқы сөздің басқы буынынан, соңғы сөздердің бас әріптерінен қысқарып жасалған сөздің алғашқы қысқарған буынының бірінші әрпі бас әріппен, қалғандары кіші әріппен жазылып, кейінгі әріптер бас әріппен жалғастырылып жазылады: *КазТАГ (Қазақ телеграф агенттігі), КазМУ (Қазақ мемлекеттік университеті).*

Буындардан және буын мен тұтас сөз араласып қысқарған сөздер кіші әріптермен бірігіп жазылады: ауатком, Түрксіб.

Адамның аты-жөні (көбінесе өз есімі мен әкесінің аты) қысқартылып, бас әріппен белгілегенде, әр әріптен кейін нүкте қойылады: *А.С.Пушкин, М.Горький, М.О.Әуезов, С.Мұқанов.*

Бақылау сұрақтары:

- 1 Қандай сөздер бөлек жазылады?
- 2 Ұқсас жер аттарын бір-бірінен ажырату үшін сол атаулардың алдынан келетін тұрақты анықтауыштар қалай жазылады?
- 3 Қандай сөздер бірге жазылады?
- 4 *Бүгін, биыл, жаздыгүні, қыстыгүні, бүрсігүні, күздігүні, белбеу, қолғап* сөздерінің жазылуы

5 Амангелді, Нұргелді, Ботагөз сөздері қандай ережеге байланысты жазылады?

6 Қандай сөздер дефис арқылы жазылады?

8 Қысқарған сөздердің жазылу ережесі қандай?

1-жаттығу. Әрбір сөйлемдегі сөздердің не себепті бөлек, не себепті бірге жазылатынын анықтаңыз.

.... Жәнібектің жылқылары айтса, айта қаларлықтай. Құдай тағала бұл дүниенің бар бояуын жылқыға арқалатып қойғандай, Мөлей қара, мақпал қара, қара кер, тобылғы торы, қара торы, құла торы, торы ала, көк ала, қара ала, ала күрең, ала жирен, сұр ала, қара шұбар, қара көк, қызыл көк, құла жирен, көк бурыл... Көз алдыңнан жалт-жұлт жон көрсетіп, жып-жып жоғалып, сапырылысып жатқан көп түсті санап тауыса алар емессің (Ә. Кекілбаев). Мұрат Мәнкеұлы бір мың сегіз жүз қырық үшінші жылы туып, бір мың тоғыз жүз алтыншы жылы дүниесіне салған. Мұрат ақын- он тоғызыншы ғасырдың жартысында өмір сүрген ақындардың ішіндегі ең көрнектілердің бірі («Бес ғасыр жырлайды» кітабынан).

2-жаттығу. Берілген сөздерді екі топқа бөліп жазыңыз; бірге я бөлек жазылу себепін түсіндіріңіз.

Үлгі: Бірге жазылатын сөздер. Бөлек жазылатын сөздер

Бей бақ, әр кім, әр уақыт, қияқ шөп, түйе табан, тас бауыр, ит мұрын, боз торғай, боз шұбар, бой жеткен, қос аяқ, шаң сорғыш, авто тіркес, авто тиеуіш, ультра күлгін, халық аралық, табиғат тану, әнші сымақ, авто дром, агро риара, радио қабылдағыш, радио әуесқой, қол орамал, темір тас, ешкі емер, ескек тұмсық, қаз жуа, қол шана, сала аралық сауда ала шұбар, ала жылан, ала жаздай, ала бөтен, ақ үрпек, ақ жарқын, ақ жүрек, жапа тармағай.

3-жаттығу. Сөйлемдерде жақшаға алынған сөздердің бірге ие бөлек жазылатындығын анықтап, көшіріңіз.

Айдың (ел арасы) еді. Сыбызғышыда (іш құсталық) болмайды, шырақ, (іш пысу) болады. (Атқа мінермен) ашық айтылуға дәрмен жоқ (Т. Әлімқұлов). Дәрмен деген бірдемесі... (өлең сымақ) шығарыпты. Кей тілмаш, ат шабарлар да сол жайды дабырлап айтысып қояды (М.Әуезов).

4-жаттығу. Бірге жазылатын терминдік 10-15 атаулар ойлап жазыңыз, олармен сөйлем құраңыз.

5-жаттығу. Сөйлемдерден бірге жазылатын сөздерді тауып, бірге жазылу себепін түсіндіріңіз.

....Кеш жатқан Тәттімбет таңертеңгі шайдан кейін қасына тірі жан ертпей, Қарашоқы Қособаға тартты. Тәттімбеттің көз алдынан Сарыжайлаудың тарихы шұбырып өтіп жатыр. Нұрсұлтан шаңқай түсте оралды. Қараойда Махамбеттің жалғыз үй отырғанына үш айдың жүзі ауды (Т.Әлімқұлов). Келісімен Аққасқа күздігүні бір күннің ішінде бір бөлтірік, бір үлкен қасқыр алған (М.Әуезов).

Құлтума Сармұратұлы айтыс ақыны ретінде де танымал. Шөже, Орынбай ақындардан тәлім алып, олармен сөз сайысына түскен. Біржан салмен өнер жарыстырып, жақын қарым-қатынаста болған. Әйгілі ақын қыпшақ Рысбаймен де айтысқан («Бес ғасыр жырлайды» кітабынан).

6-жаттығу. Туған өлкеңіздегі біріккен сөздермен аталатын жер-су, өсімдік, жан-жануар аттарын жазыңыз, сол сөздерді пайдаланып, шағын шығарма жазыңыз.

7-жаттығу. Орфографиялық сөздіктен тану, аралық, сымақ сөздерімен бірге жазылатын сөздерді теріп жазыңыз.

8-жаттығу. Сөйлемдерден қос сөздерді тауып, емлесіне сай жазыңыз.

Бас қосып жиналса, гүжілдеп кеукілдеп, сылқ сылқ күліп, бірін бірі сықақ қылғаннан басқа жұмыстары жоқ (С. Сейфуллин). Балтаны ала сала, кебежені періп жібергенде, тақтайлары бөлініп, ұшып кетті (С. Мұқанов). Ысылмаған ауыздан кедір бұдыр сөз шығады, кедір бұдыр сұр тастан асыл қазына, алтын шығады (Ғ. Мұстафин). Ол мынау... тау тастың, өзен судың, орман тоғайдың несінің пайдалы, несінің пайдасыз екенін жақсы біледі. Ол да, міне, жым жылас, ығы жығы адам да, жабыр жұбыр үн де жым жылас (І. Есенберлин).

9-жаттығу. Мына қос сөздердің екінші сыңарларын тауып жазыңыз, емлесін түсіндіріңіз.

Айқұш.... , ет, жігіт....., сарт.... , үнсіз, қызаң, ырду, аяқ, құрт, мәз, оқтың, кезек, у, гу, оқта, анда, мұң, қайғы

10-жаттығу. Текстерден біріккен сөздер мен қос сөздерді, фразеологиялық оралымдар мен күрделі сөздерді тауып, топтап жазыңыздар да, олардың жазылу емлесін түсіндіріңіз.

1-нұсқа. 1. Жылқышылар жарау аттарды киіз үйдің іргесіне қаумалап кеп, лып еткізіп құрық сап жүр (Ә. Әлім.). 2. Аудан орталығы Смирново станциясына жақын жердегі Шолақ Досжан аталатын мекенде екен (С. М.). 3. Совхоз былтырдан бері соның он бес мың гектардайын ғана айырып, биыл бес мың гектарына ғана егін сеуіпті (С. М.). 4. Ұмар-жұмар түскен бойда-ақ Қажымұқан Бульді ту сыртынан қапсыра құшақтаған күйі күлге шөккен түйедей төсін ырғаңқырай басып, езгілей берді де, бір мезетте екі қолын оның екі қолтығының астына жіберіп, қолын оның желкесінен тарақтап алды (А. Х.). 5. «Қоңырәулиеге» кетіп бара жатқан жолда, Мағаштың Әбдірахманға айтқанындай, Оспан Оразбай аулына барады екен. Бір болыс елдің билері мен елубасыларын, старшин, атбасарларын және песірін ертіп барыпты (М. Ә.). 6. – Онына түйедей-түйедей екі спасибо... енді мешайт қылмай, совдебіңе жүре берсең екен. Өлең-мөлеңді әңгіме қылып, жұмысты тоқтатып қоя алмасақ керек (Ғ. М.). 7. Соңғы кезде малшы ауылдарға құрамында автоклубы,

автодүкені, тұрмыстық, дәрігерлік қызмет көрсететін машиналары бар үгіт поездары бара бастады (І.О.). 8. Еркебұлан аң-таң, абыржып қалды. Шалғай шалыс отырған екі адамды бірдей көріп тұрған кімді болса да, таң қалдырғандай еді (Ғ.М.).

2-нұсқа. 1. Қыстаубай бұларды әрлі-берлі сүйрелеп жүріп, шыққан шөбіне, топырақ үстіне қарап құдық қазатын, оңай су шығатын жерлерді белгіледі (О.С.). 2. Ақадыр станциясына тұңғыш рет электровоз келді. Бұл күнді ақадырлықтар көптен асыға күткен еді. Қарағанды – Мойынты учаскесін электрлендіру жұмысы басталғаннан бері теміржолшылар армандаған сәт те туды («С.Қ»). 3. Сыртта күбір-күбір ғана дыбыс келеді. Анда-санда гүж етіп қалған бір дауыс әлдекімді еріксіз көндіргісі келетін сияқты. Ит қыңсылындай сезілетін екінші дауыс «әке-көкелеп» жалынғандай естіледі (Ғ.М.). 4. Шөп жинағыш-шөмелегіш ПК 1,6 машинасын және шөмеле таситын ТПС 6,0 машинасын қолданып, шашылған пішенді жинайтын комплекске назар аударылды («С.Қ.»). 5. Қу бастан қуырдақтық ет алатын, тілінің қотыры бар, эзілқойлардың айтуынша, бір күні, ел жайлаудан түсе, Қарашаның бір топ адамы Зайсанның базарына мал айдап барған көрінеді. Базарда сол күні сары ала қылыш тағынған бірнеше стражник, пристав орыстар жүрсе керек. Онда қыр қазағының қару асынған төре көрсе үрейі ұшып, қалтырап тұратын кезі. Өзара сөйлескенде әлгі стражниктердің аузынан «хорошо-хорошо» деген сөздер жиі айтылып жатады. Не керек, соны естігенде жаңағы қарашалардың зәре-құты қалмай, жүректері тас төбесіне шығады ғой. «Қой, мыналар бүгін Қарашаны тегін іздеп жүрген жоқ. Түбі, Қарашаға бір тықыр бар» деп базар аралауға да мұршалары келмей, асығыс ауылдарына қайтады (Қ.Жұмад).

11-жаттығу. Мына сөздерді күрделі атаулар етіп жазыңыздар, емлесіне көңіл бөліңіз.

МХР, БҰҰ, ТМД, КХР, ҚХР, БХР, ҚазТАГ.

5-тақырып. Шылау мен одағай сөздер

Жоспары:

- 1 Шылау сөздердің жазылуы.
- 2 Одағайлардың жазылуы.
- 3 Бас әріптің қолданылуы.
- 4 Тасымал.

Шылаулардың жазылуы. Шылаулар, негізінен, бөлек жазылады: Қалам да, қарындаш та үстел үстінде жатыр. Қалам мен қарындаш үстел үстінде жатыр. Мен әрі қаламмен, әрі қарындашпен жазамын. Бөлек жазылатын шылаулар мыналар (алфавит тәртібімен): *ал, алайда, айткенмен, әрі, әлде, басқа, бері, бұрын, бірақ, біресе, бірде, гөрі, гана (қана), гой, дағы (сен дағы), да (де, та, те), дегенмен, дейін, және, жуық (жүзге жуық), екеш (бала екеш бала да*

түсінеді), кейін, қабат, қарай, қаралы (жүз қаралы), қатар, құй, құйт, ма (ме, ба, бе, па, пе), мен (бен, пен), менен (бенен, пенен), мейлі, не болмаса, немесе, онда да, өйткені, сайын, себепті, сондықтан, сияқты (секілді, сықылды), сон, сынды, туралы, түгіл, шақты, шамалы, ше, шейін, үшін, я, я болмаса, яки.

Да (де, та, те) шылауы бірақ, әлі, тағы, сондықтан, сонда, әйтсе, сөйтсе, және, қандай, сірә деген сөздермен жанаса қолданылғанда, олардан бөлек жазылады: бірақ та; әлі де (болса), тағы да (айтарым), сондықтан да, сонда да, әйтсе де, және де, қандай да болса, сірә да (Сірә да, бұл сөзіңіз естен кетпес. М.Әуезов).

Сұраулық ше шылауы шы, ші болып айтылғанмен, ше түрінде жазылады: Мен он төрттемін, ал сен ше? (айтылуы – сен ші). Үлкендер жиналып болды, ал балалар ше? (айтылуы – балалар шы).

Ақ, ай, ау, мыс (міс), ды (ді, ты, ті) шылаулары өзінен бұрынғы сөзбен дефис арқылы жазылады: жақсы-ақ, жүрісін-ай, қарағым-ау, айтыпты-мыс, келіпті-міс, болған-ды, келген-ді. Ойпырай, ойпырмай, япырау, япырмай, япырмау сияқты одағайлардың құрамындағы ай, ау шылаулары сөзбен бірге жазылады.

Әдетте шылаулар жалғаулардан кейін келеді: Сен үйде қаласың ба, әлде киноға барасың ба? Әңгімені келістіріп айтасың-ақ. Мен осы үйдің ұлымын да, кызымын да. Ма (ме, па, пе, ба, бе) сұраулық шылаулары және ақ, да шылаулары кейде жалғаулардан бұрын келеді. Ондайда бұл шылаулар қосылып жазылады. Ма, ме, ба, бе, па, пе шылаулары мы, мі, бы, бі, пы, пі болып өзгереді: Сен үйде қаламысың, әлде киноға барамысың. Әңгімені келістіріп айтадыақсың. Мен әңгіме айтуға жоқақпын. Мен осы үйдің ұлыдамын, қызыдамын.

Да (де, та, те) шылауын осы тұлғалас септіктің жалғауымен; ма (ме, ба, бе, па, пе) шылауын осы тұлғалас болымсыздықты білдіретін жұрнақпен; мен (бен, пен) шылауын осы тұлғалас көмектес септік жалғауымен; ше шылауын үстеудің осы тұлғалас жұрнағымен шатастырмау керек: да (де, та, те) тұлғасы жалғанып тұрған сөз кімде? неде? қайда? қашан? қайткенде? неткенде? деген сұрақтарға жауап берсе, жалғау болады да, сөзбен бірге жазылады. Басқа жағдайда шылау болады. Шылауды түсіріп айтқанмен, сөйлемнің жалпы мағынасы бұзылмайды. Жалғауды түсіріп айтып көргенде, сөйлем түсініксіз болып шығады. Мысалы: Ол менің жанымда (қасымда) келе жатыр (қайда келе жатыр? – жанымда). Менің жаным да алма ағаштай гүлдеді (Жамбыл). Не гүлдеді? – жаным гүлдеді. Ал алдыңғы сөйлемді Ол менің жаным келе жатыр деп, да тұлғасын түсіріп айтуға болмайды. Ма (ме, ба, бе, па, пе) тұлғасы бар сөйлем ішінде сұраулық мән болса, ол тұлға шылау болады. Бұл шылау есімдермен де, етістікпен де, үстеумен де қолданыла береді: Мынау тау ма, төбе ме? Бүгін күн жылы ма, суық па? Сен мына кітапты оқыдың ба? Оның келер күні ертең бе? Ал ма (ме, ба, бе, па, пе) тұлғасы тек қана етістіктермен тіркесіп, болымсыздық мағына беріп тұрса, ол жұрнақ болады да, сөзбен бірге жазылады: Жалған сөзді айтпа. Сен бүгін киноға барма. Мен (бен, пен) тұлғасын және деген сөзбен алмастырғаннан (сөйлемдегі сөздердің орнын қозғамай) немесе мүлде алып тастағаннан сөйлем мағынасы бұзылмаса, ол

шылау болады: Қалам мен қағаз үстел үстінде жатыр – Қалам және қағаз үстел үстінде жатыр – Қағаз, қалам үстел үстінде жатыр. Бұл тұлғаны алып тастауға немесе оны және шылауымен алмастыруға болмайтын болса, ол жалғау болады: Ол қаламмен жазды – Ол қалам жазды немесе Ол қалам және жазды деуге болмайды.

Одағайлардың жазылуы. Одағайлар, көбінесе, естілуінше жазылады. Сондықтан бір одағай екі-үш түрлі болып жазылуы мүмкін: *ойпырай, ойпырой, ойпыр-о-ой, ойпырмай, ойпырмау; япырмау, япырау; уа, аһ, уай, уау, уа-а-а, уһ.*

Бір сөздің екі-үш (кейде төрт рет) қайталанып айтылуы одағайларда жиі кездеседі, ондайда араларына дефис қойылады: *әй-әй, жәжә, беу-беу, ха-ха-ха, ай-ай-ай, моһ-моһ, шөре-шөре.* Түбір сөз тұтасымен қайталанбай, жеке дыбыстары қайталанып айтылуы да (созып айту) – одағайларға тән құбылыс, мұндайда да қайталанған дыбыстар дефис арқылы жазылады: *ehe-he-he, қа-а-п, бәрекелдіі, ура-а-а, ә-ә-й.*

Бас әріптің қолданылуы. Сөйлем соңына қойылған нүкте, көп нүкте, сұрау белгісі және леп белгісінен кейінгі келесі сөйлемнің бірінші сөзі бас әріптен басталып жазылады: 1) Үш жыл өтті. Жаз күні. Қас қарайған уақыт. Ворошилов атындағы колхозда ұйықтамаған үй кемде-кем (Ғ. Мұстафин). 2) Япырау, мынау Тоғжан, Тоғжаным ғой мынау! Ербол-ау, мен қайда тұрмын осы? Мынау үйде мені шақырып отырған Тоғжан ғой (М.Әуезов). 3) Абай жүрегі өзгеше бір еміреніп келеді. Кеуде де талай ыстық. толқын сезімдер сыя алмай, сығылысқандай... Өлең әнге оралып, еркеленіп келеді... Үзіле алмай ырғалады (М.Әуезов).

Қаратпа сөздер мен одағайлардан және жоқ, иә деген сөздерден соң қойылған леп белгісінен кейінгі сөз бас әріппен басталып жазылады: Қозы! Жаттан жақын, қастан дос, ашудан ақыл тауып әкеле жатырмын! Жоқ! Бетің түзу! Аһ! Арманда кеттім-ау, Баян! (Ғ.Мүсірепов).

Ескертулер. 1. Төл сөздегі сөйлемге қойылған сұрау, леп белгілерінен және көп нүктеден кейінгі автор сөзі кіші әріптен басталып жазылады. Мәкіш: – Абай, осы сен ақынсың-ау! – деді де, күліп жіберді. Абай әуелі үркіп қалғандай қысылып қалып: – Е, оны қайдан білдің? – деді (М.Әуезов). – Көңіл көтерейік, өлең айтайық... Билейік... – деді Быков жинала бастаған жұмыскерлерге (Ғ.Мүсірепов). 2. Көп нүкте сөйлеушінің қысылып, тұтығып не басқа себептермен бөліп-бөліп айтқан бір сөйлем ішіндегі сөздерінің арасына қойылған болса, одан кейінгі сөз кіші әріппен жазылады. Мысалы: – Дүние... дүние қалай еді? Дүниеде... сірә, сендей маған жар жоқ, саған жар... менен артық табылса да... – деп қалды (М.Әуезов).

Төл сөз және цитаттар бас әріптен басталып жазылады. Мысалы: 1) Тарасенко менің қағаздарымды аударыстырып отырды да: – Жолдас аға сержант, командирлер курсына барасың! – деді (Ғ.Мүсірепов). Біржан ақырын ғана үн қатып: – Ән салса, Әйгерім ғана салсын да! – деді (М.Әуезов). 2) Осымен байланысты әр сөздің жалпылаушы қасиеті болатындығын көрсетіп, В.И.Ленин: «Сезімдер шындықты көрсетеді: ой мен сөз жалпы болады», – дейді (К.Аханов. «Қазақ тілі лексикасы мәселелері»). Кейде цитат автор сөзінің жалғасы немесе ажыратылмас бөлігі ретінде жымдастырыла келтірілуі мүмкін. Ондайда тырнақшаға алынғанмен, цитат кіші әріптен басталып жазылады және алдынан не соңынан төл сөзге (цитатқа) тән тыныс белгілері қойылмайды.

Мысалы: *Ел қамы үшін емес, өз қамы үшін, елді бірлестіру үшін емес, араздастыру үшін оқитын, ойында «я тілмаиш, я адвокат болу» жүрген қазақ балаларына Абай дұшпан. Бірақ бұлардың «қаны бұзық сұм-сұрқия болуына» орыстың оқуы айыпты емес, өскен ортасы, сол ортаның бұзық мінезін қабылдаған өздері айыпты (С.Мұқанов).* Мұнда тырнақшаға алынған бөліктер – Абайдан келтірілген цитаттар. Жақша ішіне алынған ремаркалар, өзге де сілтемелер аяқталған сөйлемнен кейін келтірілсе, бас әріптен басталып жазылады. Мысалы, жиналыс стенограммасынан: Сөйтіп, жолдастар, жаңа оқу жылын мектептің жаңа үйінде бастап отырмыз. Ол үшін құрылысшыларға мың да бір алғыс айтамыз (Қол шапалақтау). Пьесадан: Жантас (шыға кеп). Е, жүр олай болса! (Тысқа шығып айғайлап). Мына жақта, мына келеді! Шегіне, шегіне ат! (Өзі атып-атып жібереді) (М.Әуезов).

Адамның өз аты, әкесінің аты және фамилиясы, сондай-ақ лақап аты (псевдонимі), ныспысы (туып-өскен жеріне, руына т.б. қарай аталған көбінесе тарихи есімдер) бас әріптен басталып жазылады: Шоқан Шыңғысұлы Уәлиханов, Владимир Владимирович Маяковский, Максим Горький, Қадырғали Жалайыри, әл-Фараби (Әбу-насыр Фараби), Қоңыр, Жаяусал (М. Әуезовтің алғашқы кездегі лақап аттары). Кісі аттарының алдынан не соңынан адамның белгілі бір қылығын, қасиетін, кемістік-жетістігін т.б. көрсететін сын есімдер – тұрақты эпитеттер қосылып, ел атап кеткен жалқы есімге айналады. Ондай сөздер жалқы есімнің алдынан келсе, бас әріппен жазылады, соңынан келсе, кіші әріппен жазылады. Мысалы: Ер Төстік, Қыз Ақжелең, Қыпшақ Сейітқұл (Ы.Алтынсариннен), Кішкене молда (М.Әуезовтен), Тентек Ояз (бұл да сонда), Сумұрын Сүкең (С.Мұқановтан), Судыр Ахмет (Ә.Нұрпейісовтен), Ұлы Петр, Ақсақ Темір, Шықбермес Шығайбай; Баян сұлу, Қамар сұлу, Қамбар батыр, Жиренше шешен, Ақан сері, Біржан сал, Игілік би (Ғ.Мүсіреповтен).

Ескерту. Мұндай тұрақты эпитеттерді жалпылама айқындауыш анықтауыштармен шатастырмау керек. Айқындауыштар да бөлек, бірақ кіші әріппен жазылады: ақын Абай, ғалым Шоқан, Ыбырай педагог, әнші Күләш, мұғалім Мұрат, Мұрат мұғалім, агроном Оспан, Оспан агроном, етікші Жүсіп.

Дефис арқылы жазылатын екі сөзден құралған фамилиялардың екеуі де бас әріптен басталып жазылады: Жолио-Кюри, Книппер-Чехова, СергеевЦенский, Семёнов-Тяньшанский. Үш бөлімнен тұратын қытай аттарының бірінші, екінші сөздері бас әріппен бөлек жазылып, үшіншісі екіншімен қосылып жазылады: Шу Цинчунь, Го Тайци, Фэн Цзицан, Сунь Иминь, Лу Вэньтин. Ал екі бөлімнен құралған қытай аты-жөндерінің әр компоненті бас әріппен дефиссіз жазылады: Ляо Шэ, Чень И, Ван Мэн, Шэнь Жун. Корей, Индонезия, Бирма, Таиланд, Вьетнам, Шри-ланка халықтарының аты-жөндерінің әрбір сөзі бас әріппен, дефиссіз жазылады: Хо Ши Мин, Те Дян Хен, Ким Чон Тхе, Цой Дор Сан. Орыс халқының кісі аттары орысша орфографиясы сақталып жазылады. Шет жұрттық халықтар өкілдерінің есімдері, негізінен, орыс тіліндегі жазылуынша таңбаланады: Александр Дюма, Джек Лондон, Джон Голсуорси, Эмиль Золя, Абэ Кобе, Маргарет Митчелл т.б. Моңғол есімдері де, негізінен, орысша жазылуынша таңбаланады. Бұлардың ішінде қазақша қалыптасқан кейбір

тарихи есімдер сол қалыптасқан түрінде жазылады: Шыңғыс хан, Жошы, Бати, Үкетай, Қалдан-Церен, Қонтайшы т.б.

Әр алуан мифологиялық «иелердің», «құдайлардың», «әулиелердің» аттары бас әріппен жазылады: Антей, Зевс, Геркулес, Иусус Христос, Мұхамбет пайғамбар, Будда, Зеңгібаба, Ойсылқара, Қамбарата, Шопаната, Бифатима, Әзіреті Әли, Бабатүкті Шашты Әзиз, Бабата.

Ру аттары кіші әріппен жазылады. Мысалы: Бұнда отырған ауылдар – борсық, жексен аулы. Ол Жиренше бір Шыңғыс болысы емес, көршілес көкше, мамыға да, керей, уаққа да білікті жігіт болған (М.Әуезов). Жұман – алтай-қарпыққа мәлім тапал адам. Е, сексен аулының жігіттері ме? (Ғ.Мүсірепов). Ру аттарынан жасалған туынды сөздер де кіші әріппен жазылады: Өзінің бөкеншілік, ағайындық сөзін қосып, Дәркембайды сәл кінәлағандай сөйлеген еді (М.Әуезов). Жалқы есімдерден жасалған туынды тұлғалар да кіші әріппен жазылады: қожанасырлық, қарабайлық, судырахметшілеу.

Халық, ұлт, тайпа аттары және адамның тұрған жеріне (қаласына, өлкесіне) қарай -лық (-лік, -дық, -дік, -тық, -тік) жұрнағы жалғанып жасалған атауы кіші әріппен жазылады: *қазақ, орыс, румын, қытай, итальян; мәскеулік, киевтік, семейлік, алтайлық.*

Мал құс, ит т.б. қойылған аттар бас әріппен жазылады: Төрткөз, Жолбарыс, Бөрібасар (иттер), Қараторғай, Ұябасар (бүркіт аттары), Ақбоз, Буданкөк, Көкжорға (жылқы аттары).

Географиялық атаулар (жалқы есімдер) бас әріппен жазылады: *Алматы, Алатау, Іле, Балқаш, Сібір, Каспий теңізі, Тынық мұхит, Кеңқияқ, Нарын, Қосшағыл, Өскемен.* Орыс тілі арқылы енген географиялық атаулар (жалқы есімдер) орыс тіліндегі түрінде жазылады: *Орехово-Зуево, Великие Луки, Лос-Анжелос, Риоде-Жанейро, Бомбей, Куала-Лумпур.* Аталуы бұрыннан қазақша қалыптасқан кейбір жер-су, мемлекет, қала т.б. аттары сол қазақша қалыптасқан түрінде жазылады: *Қытай (Китай емес), Қырым (Крым емес), Омбы (Омск емес), Шыңжаң (Синьцзянь емес).*

Кейбір мемлекет одақтарының, халықаралық ұйымдардың аттарының әрбір сөзі бас әріппен жазылады: *Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас Ассамблеясы, Қауіпсіздік Кеңесі.*

Жеке мемлекет ретіндегі республика аттарының әрбір сөзі бас әріппен жазылады: *Қазақстан Республикасы, Әзірбайжан Республикасы, Қырғызстан Республикасы.*

Ескерту. Белгілі бір республиканың ресми атауы емес, жалпы атағанда, бұл сөздер кіші әріппен жазылады. Мысалы: Әрбір тәуелсіз республиканың өнеркәсібі өркендетілуі керек.

Ал облыс, автономиялы облыс, өлке, аудан, ауылкеңесі аттарының бірінші сөзі ғана бас әріппен жазылады: Алтай өлкесі, Ненец ұлт округі, Қарағанды облысы, Кеген ауданы, Жарқамыс ауылкеңесі.

Мемлекеттердің аттары бас әріппен жазылады: Қытай, Жапония, Франция, Бразилия, Польша. Кейбір мемлекеттердің күрделі атауларының әрбір сөзі бас әріппен жазылады: *Америка Құрама Штаттары.*

Агенттіктердің, радио, телекомпаниялардың аттары бас әріппен басталып жазылады: «*Би-би-си (радиосы)*», «*Азаттық (радиосы)*», «*Америка дауысы (радиосы)*», «*Қазақ радиосы*».

Көше, алаң, парк, шоссе, көпір, канал, жол, тарихи ғимарат т.б. аттарының бірінші сөзі бас әріппен жазылады: *Жібек жолы көшесі, Қызыл алаң, Мәдениет паркі, Панфиловшылар паркі, Гүл алаңы, Бейбітшілік бульвары, Эйфель мұнарасы, Милан соборы, Түркіб темір жолы, Үлкен Памир трактісі* (соңғы атауда екінші сөздің бас әріппен жазылуы ол сөздің өзінің жалқы есім болуынан). Орыс және шетел қалалары көшелерінің, алаңдарының, парктерінің т.б. аттары орыс тіліндегі түрінде, бірақ орыс тіліндегі сын есім көрсеткішінсіз жазылады: *Садово-Кудринск көшесі, Уолл-стрит, Гайд-парк*. Ал кейбір үлкен алаңдардың, кісі атына қойылған парктердің, «демалыс және мәдениет» деген сияқты жалпы қойылатын аттардың қазақша аударылып берілуі де мүмкін, бұл күнде ондай аттардың бірінші сөзі бас әріппен жазылады. Мысалы: Қызыл алаң (Красная площадь дегеннің қазақшаға аударылып берілген түрі).

Кейбір мемлекеттік мекемелердің, жоғарғы ұйымдардың күрделі атауларының әрбір сөзі бас әріппен жазылады (бұл әдетте емленің дәстүрлік принципіне бағындырылған жазу болады): Жоғарғы Кеңес, Министрлер Кабинеті.

Мемлекеттік біркелкі мекемелердің, ұйымдардың, академиялардың, институттардың, музейлердің, арнаулы үйлердің күрделі аттарының бірінші сөзі бас әріппен жазылады. Сондықтан олардың орысша атауларындағы бірінші сөз бен (яғни бас әріппен таңбаланған сөз бен) қазақшасындағы бас әріппен жазылатын бірінші сөз әрдайым бірдей (сай) келмеуі мүмкін. Мысалы: Ғылым академиясы – Академия наук, Тіл білімі институты – Институт языкознания, Шоқан Уәлиханов музейі – Музей Чокана Валиханова, Халық шығармашылық үйі – Дом народного творчества. Ал кей жағдайларда екі тілде де бас әріппен жазылатын бірінші сөз бірбіріне дәл келуі мүмкін: Мемлекеттік банк – Государственный банк, Үлкен театр – Большой театр. Осындай атаулардың алдында солардың қосалқы анықтауыштары болуы ықтимал, бірақ оларды түсіріп айтқаннан атау өзгермейді. Ондайда қосалқы анықтауыштардың бірінші сөзі де (ол жалқы болсын, жалпы болсын) бас әріппен жазылады: Мемлекеттік академиялық Үлкен театр (Үлкен театр); Мемлекеттік Тарихи музей (Тарихи музей); Ғылым академиясының Ахмет Байтұрсынов атындағы Тіл білімі институты (Тіл білімі институты), Мемлекеттік Опера және балет театры (Опера және балет театры). Мекемелердің, ұйымдардың т.б. жеке бөлімдерінің, секторларының, институт пен университет факультеттерінің аттары кіші әріппен жазылады: Тіл білімі институтының тіл мәдениеті бөлімі, Қазақстан Республикасы Білім министрлігінің мектептер бөлімі, Алматы мемлекеттік университетінің филология факультеті. Институт, университет, зауыт, шаруашылық, театр т.б. атауларының ішіндегі “мынадай адам” атындағы деген сөздер келсе, адам аты бас әріппен, атындағы деген сөз кіші әріппен жазылады: Әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік университеті, Абай атындағы Опера және балет театры, М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты.

Халықаралық және шетелдік орталық ұйымдардың (кәсіподақтық, қоғамдық т.б.) атауларының бірінші сөзі бас әріппен жазылады: Бүкіл дүниежүзілік кәсіподақ федерациясы; Әйелдердің халықаралық демократиялық федерациясы; Демократиялық жастардың бүкіл дүниежүзілік федерациясы.

Тырнақшаға алынып жазылған зауыт, фабрика, трест, комбинат, спорт қоғамдары, кәсіпорын, шахта, кинотеатр т.б. аттары бас әріппен жазылады. Егер олар күрделі атаулар болса (бірнеше сөзден тұрған болса), бірінші сөзі ғана (және солардың ішіне кіретін жалқы есімдер) бас әріппен жазылады: «Жеңіс» шағын кәсіпорны, «Қарағанды 3-бис» шахтасы, «Запорожсталь» зауыты, «Жетісу» аяқ киім фирмасы, «Арман» кинотеатры, «Еңбек» спорт қоғамы.

Кітап, газет, журнал аттары бас әріппен жазылады. Егер олар бірнеше сөзден тұрған күрделі аттар болса, бірінші сөзі ғана (және ішіне енген жалқы есім) бас әріппен жазылады. Кітап, газет, журнал, шығарма т.б. аттары текст ішінде қолданылғанда тырнақшаға алынып жазылады: «Абай» романы, «Оянған өлке» романы, «Асауға тұсау» пьесасы, «Ана тілі» газеті, «Жұлдыз» журналы, «Қазақстан мектебі» журналы, «Атамекен» суреті.

Аса маңызды тарихи дәуірлердің, революциялардың; уақиғалардың, мерекелердің аттары бас әріппен жазылады. Егер ол аттар күрделі болса, бірінші сөзі және кейбір атаулардың алдынан айтылатын ұлы деген сөз бас әріппен жазылады: Отан соғысы және Ұлы Отан соғысы, Бірінші мамыр, Жаңа жыл, Халықаралық бейбітшілік жылы.

Ескертулер. 1. Бірінші мамыр, Сегізінші наурыз дегендердің алғашқы сөзі цифрмен таңбаланса, мамыр, наурыз деген сөздер бас әріппен жазылады: 1 Мамыр, 8 Наурыз. 2. Тарихи оқиғалардың, соғыстардың т.б. кез келгенінің аталуы бас әріппен жазыла бермейді: француз буржуазиялық революциясы, орыс-жапон соғысы, крестілер жорығы.

Кейбір аса маңызды құжаттардың (конституция, келіссөз т.б.) аттары бас әріппен жазылады. Олар күрделі болса, бірінші сөзі, қайсыбіреулерінде екіншісі де бас әріппен жазылады: Тіл комитетін құру туралы жарлық, Қазақстан-Ресей келіссөзі, Хельсинки мәслихаты.

Бұрынғы ордендердің аттары тырнақшаға алынбай, әрбір сөзі бас әріппен жазылады (орден деген сөзден басқасы). Мысалы: *Еңбек Қызыл Ту ордені, Қызыл Жұлдыз ордені, Халықтар Достығы ордені*. Кейбір ордендер мен медаль аттары және құрметті атақтар тырнақшаға алынып жазылады, мұндайда олардың бірінші сөзі ғана бас әріппен беріледі: *«Еңбектегі ерлігі үшін» медалі, «Ардақты ана» ордені*. Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградалары мен құрметті атақтары да осы тәртіппен жазылады: Отан ордені, Данқ ордені, Парасат ордені, Құрмет ордені, «Ерлігі үшін» медалі, «Ерен еңбегі үшін» медалі, «Шапағат» медалі, «Алтын алқа», «Күміс алқа» (көп балалы аналарға берілетін наградалардың аттары), Қазақстанның халық жазушысы, Қазақстанның еңбек сіңірген ғылым және техника қайраткері.

Ресми құжаттардағы шартты атаулар бас әріппен жазылады. Мысалы: *Жоғарғы мәртебелі Президент мырза*.

Жалқы есім болып тұрған астрономиялық атаулар бас әріппен жазылады: *Сатурн, Шолпан, Марс, Ай, Жер (планета), Құсжолы, Үркер, Жетіқарақшы*.

Ай, жер, күн деген сөздер планеталардың аттары ретінде қолданылмаса, кіші әріппен жазылады: Бүгін күннің көзі ашық. Көктемде жер жыртылады. Қараңғы түнде жарық ай Сәулесі суда дірілдеп (Абай).

Жоғары дәрежелі қызмет аттары мен құрметті атақтардың әрбір сөзі бас әріппен жазылады: *Кеңес Одағы Батыры, Халық Қаһарманы, Қазақстан Республикасының Президенті.*

Өлеңнің әрбір жолы, көбінесе, бас әріппен жазылады. Бұл тілдік заңдылықтарға байланысты емес, тек дәстүр бойынша жазу болып саналады: Білімдіден шыққан сөз Талаптыға болсын кез. Нұрын, сырын көруге Көкірегінде болсын көз (Абай).

Сонымен қатар көптеген жағдайларда өлеңінің бір жолында аяқталмаған сөйлемнің жалғасы келесі жолдарда айтылғанда, ол жолдар кіші әріптен басталып та жазыла береді. Мысалы: Мен жалындап өтемін қариялардың қимайтын жас шағы болып, балапандардың талпынар асқары болып, ару қыздардың аңсаған арманы болып, асқақ жандардың алаулы таңдары болып, жиырмада жесір қалғандардың аңсары болып, сүйіскендерге көз ілер таң сәрі болып (Ф.Оңғарсынова).

Бас әріптерден қысқарған сөздер бас әріппен жазылады: *АҚШ, БҰҰ, FA, ЮНЕСКО, ЭЕМ.*

Тасымал. Жазып келе жатқанда жолға сыймаған сөздер буын жігімен тасымалданады: қа-лалық, қала-лық (қал-алық, қалал-ық емес), Ота-нымыз, Отаны-мыз (Отан-ымыз, Отаным-ыз емес), баян-дауыш, ба-янда-уыш (баяндау-ыш емес).

Ескерту. Газет-журналдар бетінде жолға, әсіресе тар бағандардағы жолдарға сыймай қалған не асып кететін сәттерде кейде сөздер буын жігін таңдамай тасымалданатын болады. Бұл – ережеден себепті түрде ауытқу болғанмен, мұны әрдайым қолдана беруге болмайды. Көпшілік қауым күнде оқитын баспасөздің жазуы мүмкіндігінше емле ережелеріне сай болуға тиіс.

Сөз ішінде дауыстылардан кейін келген *у, й* дыбыстары сол сөзді буындағанда, өзінен кейінгі дауыстымен бірігеді де, буынның бірінші әрпі болады. Мысалы: та-уық (тау-ық емес), қа-йық (қай-ық емес), баянда-уыш (баяндау-ыш емес). Бұл сөздерді осы жікпен тасымалдағанда, *у, й* әріптері келесі жолда ғана жазылады.

Екі (кейде үш) дауыссызға аяқталатын сөздерді оларға қосымша жалғанып тұрған жерден тасымалдағанда, түбірдегі дауыссыздарды бөліп жіберуге болмайды: қарт-тар (қар-ттар емес), театр-лар (теат-рлар емес), маркс-тік (марк-стік емес).

Түбір сөзде үш дауыссыз қатар келгенде, алдыңғы екі дауыссыз дыбыс алғашқы буын құрамына кіреді де, үшінші дауыссыз келесі буынның басқы дыбысы болады: құ-мырс-қа (құмыр-сқа емес), жұ-мырт-қа (жұмыртқа емес). Екі дауыссызға аяқталатын сөздерге дауыссыздан басталатын қосымша жалғанғанда да осы үлгімен буындалады: абонент-тік (абоненттік емес), парк-ке (пар-кке емес).

Біріккен сөздер буын жігімен де, түбірлер жігімен де тасымалдана береді: бі-рыңғай немесе бір-ыңғай, өза-ра немесе өз-ара, демалыс немесе дем-алыс.

Орыс тілінен енген сөздерге қазақ тілінің қосымшалары жалғанғанда, олар буын жігіне қарай тасымалданады: ро-лінде (рол-інде емес), съез-дің (съезд-ін емес).

Сөздің дара дыбыстан тұратын бір буынын жазып келе жатқан жолда қалдыруға немесе келесі жолға шығаруға болмайды: а-лақан емес, ала-қан, е-леуіш емес, еле-уіш, арми-я емес, ар-мия, оюлы емес, ою-лы. Алғашқы буыны бір ғана дауыстыдан тұратын екі буынды сөздер тасымалданбайды: атом, эмаль, ақыр, ақыл, отын, отыр.

Ұу, ый, ий қосар әріптерінің орнына жазылған у, и әріптері бар сөздер буындалғанда, келесі буын дауысты дыбыстан басталады және солай тасымалданады: су-ық, қу-ақы, ту-ынды, бу-ын, қи-ын, ки-ім, қи-ық.

Орыс тілінен енген сөздер де буын жігі бойынша тасымалданады. Бұлардың ішінде екінші, үшінші буындардың дауысты дыбыстардан басталатындары кездесе береді: про-ект, ро-яль, по-эма. Екі, үш, кейде төрт-бес дыбыстардан тұратын бір буынды (яғни ішінде бір ғана дауысты дыбысы бар) сөздер тасымалданбайды: төрт (тө-рт емес), жалт (жа-лт емес), пункт (пун-кт емес), взвод (вз-вод емес).

Тыныс белгілері жазып келе жатқан жолда қалдырылады.

Сан есіммен келетін қысқарған шартты белгілерді цифрдан бөліп тасымалдауға болмайды: 25 га, 15 см, 1987 ж.

Әріптерден қысқарған сөздерді өз ішінен бөліп тасымалдауға болмайды: ЮНЕС-КО деп бөлуге болмайды.

Бақылау сұрақтары:

- 1 - Шы, - ші шылаулары қалай жазылады?
- 2 -Ақ, -ай, -ау, -мыс (міс) шылаулары қалай жазылады?
- 3 Ойпырай, ойпырмай, япырау, япырмау, япырмай шылауларының жазылуында қандай мән бар?
- 4 Адам, жер-су, қала аттары, ең жоғарғы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың, қызмет атақтары мен құрметтері қалай жазылады?
- 5 Қандай сөздер бас әріппен жазылады?
- 6 Тасымал дегеніміз не?

1-жаттығу. Сөйлемдерден шылау сөздерді тауып, астын сызыңыздар да, емлесі жайында түсінік беріңіздер.

1-нұсқа. 1. – Түсінбейтін несі бар? «Әшекең қалыңмалын мықтап алып ұзатыпты-мыс» деп жүрген жоқ па жұрт, - деді тағы біреу.

- Қалыңмалы бар болсын. Оның қалыңы Әшірді қай жерге жеткізер дейсің? Онандағы осылай отырып, оның әнін тындағанымыздың өзі неге тұратын еді, - деп күйзелді тағы бірі (А.Х.), 2. – Аман-есенбісің, шырағым? Дені-қарның сау жүрмісің? – Оспан сыпайы ғана амандасты.

- Шүкір, аға. Ел-жұрт тегіс аман ба? – дегені болмаса, Шолпан да ашылып ешкімнің аты-жөнін дәлдеп сұраған жоқ (А.Х.). 3. Осының бәрі өткен өмір. Ал

бүгін ше? (Ә.Әлім.). 4. Әрі қорқу, әрі қуану, әрі мұң бейне жасаудың сала-сала жолдары барын ақын көңіліне бір-ақ үйе салыпты (Ғ.М.).

2-нұсқа. 1. Биылғы қыстың басы адамға да, малға да әзір аса жайлы болып тұр. Декабрьдің ортасына тақалса да, әлі қар қалындаған жоқ, күн аздап суытқан да жоқ. Шағырмақ, бұлтсыз ашық күндер көп. Қыс белгісі жақында түскен күпсек қардан және кей күндерде болатын сәл шытқыл аяздан ғана білінеді (М.Ә.). 2. «Жақсының жаттығы жоқ» дегендей, мына кісі аузын аша бере арғы-бергіні бір-ақ айтты-ау! – деп Майқан қошаметтей күлді (М.Ә.). 3. Апырау, немене көрді? Түлкі ме, қарсақ па? Әлде тіпті қасқырдың өзі ме? (Ғ.М.). 4. Осы шешемді құптаған қарт ақсақал – Қалыс би бата беру үшін қолын жоғары көтерді (А.Х.). 5. Асқар мен Жомарт туралы әңгімесін Анаш осылай бастаған-ды (Ә.Әлім.).

2-жаттығу. Одағай сөздердің тыныс белгілерін қойып көшіріңіздер.

1. Ей сен аузыңа келгенді айтып бейпілдене берме (Ә.Ш.). 2. Ей қарақтарым – ай әркім өз дүниесін өз үйінде сақтағаны жақсы (Қожанасыр әңгімелері). 3. Сары самауырын анау екен ғой е-е-е (З.Ақ). 4. Сол байлықтың бәрі де о шіркін ердің күші (Қ.Ә.). 5. Ау Межен Азырақ аялдап тұр (Н. Ғ.). 6. Пау шіркін осындай бір сәтті ұйқы – ай (С. М.). 7. Осы өлкенің жері жақсы – ау шіркін (Ғ. Сл.). 8. Бетім – ау қаптап кеткен не деген жау еді (І. Ж.). 9. Ей мынау өзі тірі адам ба? (Р. С.). 10. Сап – сап көңілім сап көңілім, Сабыр түбі сары алтын... (Абай). 11. Ой сырғанақ тебу қандай тамаша («Пионер» журналы). 12. Жайдары – ау шіркін қыз жаны... (Ә. Нұрп.). 13. Ай Өтешжан-ай, неге тидің оған (Ә. Нұрп.). 14. Үйбай қайтеді- ей. Ух белі құрғырға не болған бұл (Қ.Н.). 15. Ай тақсыр, бұл дүние өтер – кетер... (Ы. А.).

3-жаттығу. Жақша ішіндегі сөздерді емлесіне сай жазыңыз, шылаулардың жазылуын түсіндіріңіз.

Күндізгі жаңбыр(мен) ернеуін керіп кеткен өзен толқыны үңгірдің ауызын етегі(мен) сипап кетіп жатыр. (Мен) мұнда күндізгі сағат үштен тоғызға дейін істеймін. Бораш (пен) ән жайында ғана ұсыныса аласың. Қайғы (мен) өкініш, уайым (мен) мұң, үміт (пен) қуаныш сияқты сезім толқындары түптен толғанады. Талпынам(да), ұмтылам (да), бірақ алдым (да) тұйықтала береді. - ...Ақботаның апасын(да) ауруын жұқтырып өлтірген екен, бұл сорлыны (да) сор айдап әкелді (де). Түн (де) тұрғызып бие саудырады екен! – деп апам қатты назаланып сөйледі (Ғ.Мүсірепов).

4-жаттығу. Қазақтың батырлары туралы жырларының атын, ондағы кейіпкер атын жазыңыз.

5-жаттығу. Тексті оқып, мазмұнын есте сақтаңыздар. Бас әріптің жазылу себебін түсіндіріңіздер.

Еліміздің аса көрнекті ғалымы Марғұлан Әлкей Хақанұлы – Қазақстан ғылымының тарих, әдебиет, өнер, археология, этнография, архитектура сияқты

алуан саласында өзіндік із қалдырған ғалым. Қазақстан республикасының Ұлттық академиясының академигі, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген ғылым қайраткері, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, профессор Марғұланның «Ежелгі Қазақстан қалалары мен құрылыс өнерінің тарихынан «Орталық Қазақстанның ежелгі мәдениеті», «Қазақтың киіз үйі және оның жасауы», «Ежелгі мәдениет куәлары» сияқты кітаптары – туған өлкеміздің тарихи-мәдени шежіресін зерделеген құнды еңбектер («Ол кім? Бұл не?» кітабынан).

6-жаттығу. Тексті оқып, мазмұнын айтыңыз да, қалауыңызша жалғастырыңыз. Бас әріптің қолданылу себебін түсіндіріңіз.

БҰЛБҰЛ

Халқы мәңгі сағынып өтетін бір өзі дәуір, заман құбылысына айналған тұлғалар болады. Соның бірі – көмейіне мың сан бұлбұл ұя салған әйгілі әншіміз Күләш (Гүлбахрам) Байсейіткеліні. Қазақ ән, опера, драма өнерінің тарихына көз салсаңыз, оның аса бір жарқын, ғажайып белесін Күләштің сан қырлы таланты, терең шығармашылығы құрайды.

Қазақ өнерін кеше де, бүгін де, ертең де осы бір тұлғасыз көзге елемтету мүмкін емес. 1926 жылы қазақтың тұңғыш ұлттықдрама театры құрылғанда оның беташары М.Әуезовтің «Еңлік-Кебегіндегі» - Еңлік, одан кейін алғаш музыкалық театр студиясы болып, кейіннен опера театрына айналған қара шаңырақта М.Әуезовтің «Айман-Шолпанында» Айманды ойнады. Ол алғаш «Қыз Жібекпен» кездескенде 21 жаста еді. Алғаш Шығыс халықтары ішінен 24 жасында КСРО халық артисті атағын алған да осы Күләш. Күләш дегенде алғашқы деген сөздің ауызға жиі алынуы да заңды. Өйткені ол ұлттық профессионалдық өнер көгінде туған дара жұлдыз, алғашқы тұңғыштардың бірі болып, кейінгі дарынды сіңлілеріне жарқын жол ашты. Айман, Қыз Жібек, Қадиша, Шұға, Ақжүніс, Баттерфляй, Маро, Ажар, Сара...

Күләш марқұмның қазақ операсының сахнасына алтын шегелермен шегеленіп кеткен бейнелер осылар (Ғ.Мүсірепов).

7-жаттығу. Сөйлемдерді көшіріп жазыңыз. Бас әріппен жазылған сөздерді тауып, жазылу себебін түсіндіріңіз.

Құлан Алдыңғы және Орталық Азияның, Батыс Сібірдің, Орта Азия мен Қазақстанның шөл, шөлейтті далаларын мекендеген. Айға, Шолпанға, Марсқа автоматты космос аппараттары жөнелтілді. Ұлы Отан соғысының тарихында Москва, Ленинград, Волгоград, Киев, Минск, Одесса, Севастополь, Новороссийск, Керчь, Тула, Мурманск, Смоленск қалалары мен Брест қамалының аты алтынмен жазылған («Ол кім? Бұл не?» кітабынан).

8-жаттығу. Төмендегі сөз тіркестерінің қайсысы бас әріппен жазылатынын анықтап, емлеге сай етіп жазыңыз.

Краснодар өлкесі, үлкен қарғалы, батыр, қобыланды, әз тәуке, сал біржан, сегіз сері, баян сұлу, ер тарғын, қарқаралы тауы, өркен газеті, ұлттық академия, тарихи музей, абай спектаклі, жоғарғы кеңес төрағасы, кіші саян таулары.

9-жаттығу. Мәтіндерден бас әріппен жазылатын сөздерді бас әріппен жазып, көшіріңіз.

1-нұсқа. 1. «финтрако» фирмасының зілзала апатына ұшыраған оңтүстік аудандарына келіп құрылыс ғимараттарын салуға кірісуінде республика президенті Н.Ә.Назарбаев пен өскемен қорғасын-мырыш комбинатының бас директоры, қазақстан республикасының халық депутаты А.С.Күленовтың ерекше үлесі бар («Е.Қ.»). 2. «қарабұлақ» совхозы аудан орталығы зайсаннан 15 шақырым қашықтықта жатыр («Е.Қ.»). 3. ауылдың солтүстігінде «шығыс сақинасы» тас жолы бойында бой көтерген алып зауыт үйі сонадайдан көз тартады («Е.Қ.»). 4. аузым әннен босамайды. Сонау «елімайдан» бастап, «ардақ», «аққұм», «ақбақай», «ағаш аяқ», «ғайни», «қамажай», «қараторғай», «қызыл бидай», «сәулем-ай» сияқты халық әндерін бірінен соң бірін шырқадым-ау келіп (Ә.Нұрш.). 5. янтарь біздің елде, әсіресе балтық теңізінің жағалауындағы калининград облысында және тағы басқа жерлерде өндіріледі (Т.Әбдісадықов).

2-нұсқа. 1. қазақстан республикасының Президентінің ақ ордасында мемлекетіміздің ата заңының қабылдануына байланысты бұқаралық аппарат құралдары өкілдерінің конституциялық комиссиясының және жұмыс тобының мүшелерімен сұхбаты болып өтті («Е.Қ.»). 2. сол сияқты министрлер кабинетіне, министрлерге де байланысты мәселелерді тікелей Президенттің құзырына беру шешілді («Е.Қ.»). 3. баласы қожағұлдың біржан салмын, ешкімге зияным жоқ жүрген жанмын (Біржан сал). 4. мен де үнемі жолаушылап жүргенді ұнатамын. «жібек жолын» шарлап шықсам деймін (Ә.Әлім.). 5. содан қазақ мектебінің 1-4 кластарына арнап «әдебиетпен сабақтастырылған музыка» деген бағдарлама жасадым («Е.Қ.»).

6-тақырып. Сөйлем соңында қолданылатын тыныс белгілер

Жоспары:

1 Пунктуация ғылымы туралы түсінік;

2 Тыныс белгілерінің қазақ тіл білімінде зерттелуі;

3 Сөйлем соңында қолданылатын тыныс белгілер. Нүкте. Сұрау белгісі.

Леп белгісі.

Пунктуация ғылымы туралы түсінік. Пунктуация латынның «пунктум» сөзінен шыққан. Білдіретін мағынасы – нүкте. Пунктуация жазуда қолданылатын тыныс белгілерінің құрамын, атқаратын қызметтері мен білдіретін мағыналарын және оларды қолдану ережелерін зерттейді. Пунктуация жазылған мәтіннің мазмұнын, негізгі ойды дұрыс түсінуге, оны мәнерлеп оқуға мүмкіндік жасайды. Пунктуацияның негізгі қызметі – сөйлемді жазуда ойды

беруге қатысты бөліктерге бөлуді нұсқау. Пунктуацияны игеру арқылы адамдардың сауаттылығы артады. Пунктуация – адамдар арасында қатынас құралы қызметін атқаратын жазу тілінің маңызды бір саласы. Жазу тілі сияқты, пунктуация да жалпы халықтық болып табылады. Оны қолдануда, оқып тануда жалпы халық таныған заң, ережелер басшылыққа алынуы тиіс. Сөздерді дұрыс орналастырып айтпасақ, тыныс белгілерімен дұрыс бөліп жазбасақ, айтайын деген ой теріс беріледі.

Пунктуация жазу тілінің дамуымен, баспа ісінің дамуымен тығыз байланысты. Баспаның өркендеуі, оның халық арасына тарап, оқушылар санының артуы жазу мәдениетінің көтерілуін, жазудың жалпыға бірдей ортақ заңдарға, ережелерге негізделіп, бір жүйеге келуін талап етеді. Жазылған пікір оқуға оңай, түсінуге жеңіл болуы үшін, түрлі ықшамды ұсақ бөлшектерге бөлу, әр бөлшектің бір-бірімен мағыналық қатынастарын көрсету қажеттіктері туады. Сол қажеттіліктен келіп, тыныс белгілері пайда болады. Қазақ тілінде шыққан алғашқы баспасөзіміздің бірі «Дала уалаяты» газетінің (1888-1902) тұңғыш шыға бастаған жылдарындағы нөмірлерінде тыныс белгілерінің ешқайсысы болмайды. Бертін келе, 1894 жылдан бастап, газет кейбір сөйлемдердің жігін ажыратуға сызықша (—), жұлдызшалар (*) сияқты шартты таңбаларды қолданады. Мұндай белгілер сөйлемнің аяқталғанын, дауыс үзілісін білдіретін тыныс белгілері болғанға ұқсайды. *«Байан ауылдың қазақ орыстары қазақтардың үстүнан көб арыз барады бізлерді қазақлар қағыб соғыб күн көрсатбайды диб – бұларман сөйләсіб китсак қазақлар ұры қазақлар залым қазақлар ат ұрдағыштар диб айта бастайды* бұған қарағанда қазақ мин қазақ орыстар бірүн бірі күндиб жау боб жатыр диб ойлауға болады оларда рас айтсақ мұндай нарсе болмаса керек* біз қазақлар қазақ орыстарды күндиб жик көрмейміз жаңғызақ біздир өтірук жаладан ақтануға үмит итіб ойлаймыз ақ іс барча іслардан жоғары болса керек гой диб* арамызда жаман айыбсыз адам жоқ диб таңбаймыз».*

Орыс тілі пунктуациясын зерттеген ғалымдар орыс тілінің қолжазба түрінде сақталған ертеректегі жазу нұсқаларында сөйлеудің әрбір мағыналы бөлшектерінен кейін, көбінесе жеке сөздерден кейін, нүкте немесе бірнеше нүктеден құралған ромбик, қос нүкте тәріздес түрлі белгілердің қойылғандықтарын айтады. Біздің жыл санауымыздың V-VII ғасырлары шамасында жазылып сақталған Орхон-Енисей жазулары ескерткіштерінің кейбіреуінде әр сөзден кейін қос нүкте тәрізді белгі қойылса, кейбіреулерінен кейін төрт нүктеден құралған ромбик тәрізді белгі қойылып отырған.

Қазіргі заманда тілдерде кездесетін тыныс белгілеріне тән қасиет – олардың интернационалдығы. Тыныс белгілері түр-түрпаты жағынан да, мағыналары мен функциялары жағынан да тілдердің басым көпшілігінде біркелкі болып келеді. Қазақ тілінің қазіргі графикасында, баспасөз тәжірибесінде ғылыми негізде қалыптасып орныққан, тұрақты жүйеге келтірілген тыныс белгілері бар. Тыныс белгілеріне тән интернационалдық қасиет қазақ тілі графикасында да сақталған.

Тыныс белгілерінің қазақ тіл білімінде зерттелуі. Пунктуация ғылымының қазақ тіл білімінде қалыптасуы тыныс белгілері туралы жазылған жеке

мақалалар мен тыныс белгілерінің мектеп оқушыларына, жоғары оқу орны студенттеріне арналған оқулықтарда баяндалады. Ш.Сарыбаев 1938 жылы «Ауыл мұғалімі» газетінде жарық көрген «Қазақ сөйлемінде үтірдің жазылатын орындары» мақаласында оқушылар тыныс белгілерін дұрыс қоя білмейді, оның себебі, қазақ тіліндегі интонациялық қалыптың бір ізбен өріс алып кете алмағандығынан деп көрсетеді. Автордың «Тыныс таңбалары» деген мақаласында қаратпа сөздердің сөйлемнің басқа мүшелерінен үтір арқылы ажыратылатыны жөнінде дұрыс ереже беріледі. Тыныс белгілері жөнінде С.Жиенбаевтың шағын көлемді екі мақаласы бар. Оның екеуі де «Тыныс белгілері» деп аталады. Х.Басымов «Сөйлемнің тыныс белгілерін дұрыс жаза білейік» деген мақаласында көп нүкте, нүкте, сұрау, леп белгілерінің қойылатын орындарына түсінік беріледі. М.Балақаевтың 1941 жылы «Екпінді» газетінде жарық көрген «Сауатты жазудың негізгі шарты – тыныс белгілерін дұрыс қоя білу» деген мақаласында тыныс белгілерін дұрыс қою дауыс ырғағына байланысты делінеді.

1940 жылы жарық көрген С.Аманжолов, Н.Сауранбаевтың «Қазақ тілі грамматикасы (синтаксис)» оқулығында әр тыныс белгісіне арнаулы ережелер берілмеді. 1951 ж. С.Аманжолов, А.Әбілқасымов, И.Ұйықбаевтың «Қазақ тілі грамматикасы II бөлім, синтаксис» оқулығында тыныс белгілеріне қатысты біраз жаңа ережелер қосылған. Мысалы, кейбір басқы әріптен қысқарған сөздердің әрбірінен соң нүкте қойылады; пьесаларда әрбір кейіпкердің сөзінің алдынан оның аты-жөні жазылады да, соңынан нүкте қойылады. С.Жиенбаевтың «Сөйлемнің тыныс белгілері», А.Ысқақов пен Ә.Хасеновтың «Тыныс белгілері», Р.Сыздықова мен Қ.Неталиеваның «Тыныс белгілері», Ф.Мұсабекованың «Жай сөйлемнің пунктуациясының негіздері», «Қазіргі қазақ тілінің пунктуациясы» еңбектерінде қазақ тілінің пунктуациясы мәселелері жан-жақты талданды.

Сөйлем соңында қолданылатын тыныс белгілер. Хабарлы сөйлемдерден кейін нүкте қойылады. Хабарлы сөйлемдер толымды, толымсыз, атаулы, жай, құрмалас болып келе береді. 1) Жүгіріп басып Күләнда келеді. Артынан дауыс шықты. Бұрылып қарады (С. Ерубасев). 2) Аспанда алақандай бұлт жоқ. Қазір тал түс. Жер беті аппақ (Ғ.Мұстафин). 3) Жалма-жан тура сала далаға шықсам, түс болып, күн ыси бастаған екен (Б.Майлин).

Әрі қарай кең түрде баяндауды ескертетін сөйлемдерден кейін қос нүкте қойылмай, нүкте қойылады. Бұл баяндаудың өзі бірнеше сөйлемдерден құралады, көбінесе жаңа жолдан басталып жазылады. Мысалы: Мен іркіліп қалдым. Оның себебі төмендегі еді. Адамқұлды мен бірінші рет... көтерілістің алғашқы күндерінде көрдім. О кезде таныса қоюға уақыт болған жоқ («Адамқұл дегеніміз осы» дегенге дейін әрі қарай бір бетке жуық созылады) (С.Мұқанов).

Цифр немесе әріптер арқылы санамаланып айтылған сөйлемдерден кейін нүкте, нүктелі үтір, кейде үтір қойылады. Санамалап айтылған бірыңғай сөйлемдердің әрқайсысынан кейін нүкте қойылса, әрқайсысы бас әріптен басталып жазылады. Мысалы: Барлық сілтілердің төмендегідей ортақ химиялық қасиеттері болады: 1) Олардың концентрациялы ерітіндісі жануарлар мен өсімдіктер тканін бұзады. 2) Сілтілер майларды сабынға айналдырады.

3) Сілтілер ертінділерінде лакмустың және фенолфталеиннің түсі өзгереді («Химия» оқулығынан). Санамалап айтылған бірыңғай құрылымдардың (конструкциялардың) арасына нүктелі үтір (немесе үтір) қойылса, олардың әрқайсысы кіші әріптен басталып жазылады. Мысалы: Жалпы жанрлар теориясынан фольклорлық проза жанрлары теориясын бөліп алатын болсақ, оның мынадай басты-басты (түбегейлі) міндеттерін атап көрсетуге болады. Олар: а) прозалық фольклорды басқа қара сөздерден, күнделікті жай әңгіме және әдеби көркем прозадан ажыратудың ғылыми негізделген критерийлерін анықтау; ә) прозалық фольклордың өлең үлгісіндегі фольклордан айырмасын белгілеу; б) халық прозасының өз ішіндегі жанрлық топтар мен бөлшектерді айырудың принциптерін айқындау (С.Қасқабасов). Санамаланып келетін конструкциялар бір-бірінен әріптер немесе цифрлар арқылы дараланып көрсетілмеуі де мүмкін. Мысалы: Шешім (орысша развязка) – шығарма сюжетінің де шешуші кезеңдерінің бірі; суреткердің өзі суреттеп отырған өмір шындығына шығарған “үкімі”; адамдар арасындағы қарама-қарсы тайталастардың, күрделі күрестердің бітуі; түрліше тағдырлар тартысынан туған нақты нәтиже; оқиғаға қатысушылардың ең ақырғы хал-күйі; күллі құбылыскөріністердің соңғы сахнасы (З.Қабдолов). Практикада санамалап айтылған құрылымдардың араларына нүктелі үтір қойылып, келесілері бас әріптен басталып жазылатындары да болады. Санамаланып айтылған конструкциялардың алдында қос нүкте тұрса, одан кейінгі сөйлем екі түрлі басталады: егер араларына нүктелі үтір (немесе үтір) қойылып, әрқайсысы кіші әріптен басталатын болса, біріншісі де кіші әріптен басталады, ал араларына нүкте (кейде нүктелі үтір) қойылып, әрқайсысы бас әріптен басталатын болса, біріншісі де бас әріптен басталады (жоғарыдағы мысалдарды қараңыз).

Мазмұны әуендес болып келетін бірыңғай сөйлемдердің әрқайсысынан кейін нүктелі үтір қойылады: 1) Біз Алатаудай ел едік, – Теңемек болды ойға жау; 2) Біз тасыған теңіз сел едік, – Теңемек болды шөлге жау; 3) Біз атып болған таң едік, – Түн етпекші болды жау; 4) Біз әлемге жарық күн едік, – Өшірмекші болды жау. Жау ма бізді бөгейтін?! Жау ма бізді жеңетін?! (Жамбыл)

Мынадай жолдармен жасалған сұраулы сөйлемдерден соң сұрау белгісі қойылады: а) Ма, ме, ба, бе, па, пе сұраулық шылауларының қатысуы арқылы: Балтабек деген жігіттің үйін білесіз бе? (С.Мұқанов). ә) Сұрау есімдіктерінің қатысуы арқылы: – Күйігің не? О не деген сөзің? Сенде қандай күйік болушы еді? – деп, Мәкіш Абайға кінәлай да, сынай да қарады (М.Әуезов). б) Ғой, ә, ше шылауларының, шығар, болар деген сөздердің және сұраулық интонациясының қатысуы арқылы: Балалар пойызы осы ғой, ә? Балалар пойызы осы, ә? Балалар пойызы осы шығар? Балалар пойызы осы болар? Асан үйінде екен, – деді біреу жүгіріп кеп. – Қалима ше? – Ол да үйінде (С.Мұқанов).

Ескерту. Ғой, шығар, болар сөздері арқылы жасалған сөйлемдер сұраулы да, хабарлы да болуы мүмкін. Сондықтан тыныс белгісі олардың қандай сөйлем екеніне қарай қойылады: – Қарағым Қамқа, бүгін күн жұма ғой? – Қарағым Қамқа, бүгін күн жұма ғой. Пойыз бүгін кешікпей келетін болар? – Пойыз бүгін кешікпей келетін болар. Мұндай сөйлемдердің сұраулы не хабарлы екендігі жалпы контекске қарай және интонацияға қарай ажыратылады. Кейде, көбінесе диалогтерде, сұраулы сөйлем контекске қарай таза интонациямен жасалады,

бірақ бұл өте сирек кездеседі: – Бер деймін саған! – деді урядник, оппа қарға сүріне-қабына Амантайға жақындап. – Себеп? – деді Амантай, урядникке тізгінді бермей (С.Мұқанов). Сіз, Пелагея Ниловна, саудагер Корсуновамен таныссыз ғой? – деді. – Таныспын. Я? (М.Горький).

Құрмаласқан жай сөйлемдердің соңғысы сұраулы болса, сөйлем соңына сұрау белгісі қойылды. Мысалы: (1) Мен қазір кітап оқимын, (2) сіз ше? (1) Біреу есік қаққандай болды, (2) естисіз бе?

Құрмаласқан жай сөйлемдердің алғашқылары сұраулы сөйлем болса, олардан кейін де, сөйлемнің ең соңына да сұрау белгісі қойылмайды, тұтас сөйлемнің типіне қарай не нүкте, не леп белгісі қойылады. Мұндайда сөйлем көбінесе хабарлы болады да, нүкте қойылады: Бүгін қойды кеш сауып болған ба, немене, ымырт жабылып қалыпты (М.Әуезов). Қорыққаның көріп үрейлендіре түскісі келді ме, болмаса шын тістеуге ниет етті ме – қаз қанатын жазып жіберіп, жүгіре ұшып Ботағөзге жетуге айналды (С.Мұқанов). Тура келем бе, жоқ па – оны біліп боларлық емес (С.Мұқанов).

Бірыңғай жеке сөздер не сөз тіркестері ерекше сұрау интонациясымен баса айтылса, олардың әрқайсысынан кейін сұрау белгісі қойылады, сұрау белгісінен кейінгі сөз бас әріппен жазылады: Адам пішіні әрдайым бұған (Абайға) бір тамаша, өзгеше қызық сурет тәрізденетін. Ол кей адамның айғыз-айғыз әжімінен, салбыраған ұртынан, қыртыстанған маңдайынан, бояуы оңған көздерінен, алуан сақал-мұртынан өзінше неше түрлі жанды-жансыз дүние сипаттарын көргендей болатын. Қына басқан сызаты көп тас па? Я селдір тоғай ма? Не көде, көкпек пе? Кейде мал мен аң бейнесі ме? Бәріне де ұқсап кетіп отыратын адам мүсіндері болады (М.Әуезов). Жел ме? Аттың жал-құйрығы ма? Жылан ба? Әйтеуір бірдемелер айнала ысылдайды (С.Мұқанов). Сұраулық мағынасы бар бірыңғай сөз тіркестері ерекше интонациямен айтылмаса, араларына үтір ғана қойылады: Желдің суылы ма, оқтың зуылы ма – құлағымды жанай әлдене ысқырып өтіп жатады (С.Мұқанов).

Ішінде сұраулы сөйлем жасайтын элементтері (ма, ме, ба, бе, па, пе шылаулары) бар, сәлемдескенде айтылатын сөйлемдерден кейін сұрау белгісі қойылмай, леп белгісі қойылады. Олар тікелей жауап қайтаруды тілемейді, сол сияқты сөздермен қайыра сәлемдесуді ғана қажет етеді. Мысалы: Сау ма, князь! Жаным, неге Тұрсың ұқсап бұлтты күнге? (А.С.Пушкин). Армысыз, ардақты ата! (Ғ.Мүсірепов). Есенсіз бе! – деді Асқар Айбалаға кеп, кім екенін танымай. (С.Мұқанов) Ал жауап қайыруды тілейтін, таза сұраулық мәні бар, бірақ амандасқанда айтылатын толық сөйлемдерден кейін сұрау белгісі қойылады.

- Е, Жүмеке, мал-жан, бала-шағаңыз түгел аман ба?
- Шүкір Аллаға, аман. Өз үй ішіңіз де есен бе түгел?
- Тегіс есен.
- Өзіңіздің жүрген жерлеріңіз де, аманшылықта ма екен?
- Шүкір, Жүмеке, шүкір. Көпей бәйбішенің дені-қарны сау ма?
- Сау... (Ғ.Мүсірепов)

Бір нәрсені істеуді біреуден сұрауды, өтіруді білдіретін сөйлемдер сұраулы сөйлем болмайды. Олардан кейін көбінесе нүкте, кейде леп белгісі қойылады: Есікті жауып жіберші. (Есікті жауып жібердің бе? дегенмен салыстыр).

Кітабыңды маған бере тұршы (Кітабыңды маған бере тұрасың ба? дегенмен салыстыр).

– Асқар үйдемісің? – деді Кенжетай сырттан.

– Үйдемін.

– Шығып кетші.

– Қазір (С.Мұқанов).

«Шықшы іркілмей, бұқпашы баяу. Мені де еліктір, өзің де желпінші! Мынау нәзік назды қара көздің астына іркіліп, қорғалап тұрған көкшіл қоңыр сәулелі көлеңке сияқты қорғалақ асыл өнерінді ашшы!»– дейді. (М.Әуезов).

Сөйлем ішінде ма (ме, ба, бе, па, пе) және соған жалғас деп (деген) сөздерімен келген сұрау мағыналы тіркестерден (күрделі пысықтауыштан) кейін сұрау белгісі қойылмайды, сөйлемнің соңына тұтас сол сөйлемге тиісті тыныс белгісі қойылады: Абай Оспанды мерт бола ма деп қорықты (М.Әуезов). Бүркітбай екеуміздің оқамыз жоқ, сіз барған соң ұялып қала ма деп ойлап ем. (С.Мұқанов).

Лепті сөйлемдерден кейін леп белгісі қойылады: Маңайда егіннен ине шаншар жер жоқ екен-ау! (С.Мұқанов). Арыстаным келеді – астында қалма! Жолбарысым келеді – жолында тұрма! Қыраным келеді – көзіне түспе! (Ғ.Мүсірепов). – Шіркін, айтушы мен болғанда, үнемі ұқтырушым сен болсайшы, Абай! (М. Әуезов).

Бұйыру, өтіну мәнінде айтылып, баяндауышы II, III жақ бұйрық раймен жасалған сөйлемдердің соңынан автордың қолдануына қарай не леп белгісі, не нүкте қойылады. Ондай сөйлемдер ерекше бір көңіл күйіне байланысты көтеріңкі дауыспен айтылса, лепті болады: Құнанбай таң атар-атпастан бұйрық беріп:

– Малтықпай тез көшсін! Шұбалмасын! Қатар қозғалсын! Қауырт жөнелсін! – деп, қысқа-қысқа әмірді ауыл басы сайын кісі шаптырып айтқызып жатқан (М.Әуезов). Абай айыптап, кінәлағандай боп, ақырып жауап берді:

– Ақырмаңыз! Тоқтатыңыз қазір мынау бассыздықты! (М.Әуезов). Бұйрық, тілек мәнді сөйлем екпінсіз айтылса, нүкте қойылады: – Сендер үйге бара беріңдер. Ол да үйге тез келсін.

Ішінде сұраулы сөйлем жасайтын элементтері бар, бірақ ерекше бір сезіммен (сүйсіну, таңдану, мақтан ету, тіксіну т.б.) айтылған сөйлемдерден соң леп белгісі қойылады: Жамбылдың аты ақын ба, Жылғадай жыры ақпаса! (Жамбыл) Бірақ «жанды» аталатын Есілдің суында тек аяғың мен қолыңды қимылдата білсең болғаны. Көтеріп ала жөнеледі! Тәттілігі қандай сол судың! Салқындығы қандай! Мөлдірлігі қандай! (С.Мұқанов). Электрге, одан атомға жетсе қайтер еді! – деді Жомарт (Ғ.Мұстафин).

Ұран, үндеу мәнді сөйлемдерден кейін әрдайым леп белгісі қойылады: Біз қазақ ежелден еркіндік аңсаған! Қазақстан Республикасы ғылымын жетілдіре түсіндер!

Айтып отырған ой желісі түрлі себептермен (қысылып сөйлей алмаушылық, логикалық ойдың бөлінуі, сөйлеушінің ойын аяқтатпай, бөліп жіберу т.б. сияқты) үзіліп қалған жағдайда, аяқталған не аяқталмаған сөйлемнен кейін көп нүкте (үш нүкте) қойылады: Жоқ, ешкім де ұрған жоқ,

кейін айтам... Апа, төсек салып берші, жатқызшы! (М.Әуезов). – Он жетіге шықты ғой, – деді шешем. – Петруша біздің Настасья Герасимовна бәйбішенің беті қисайып кеткен жылы туған, одан соң әлгі... – Жарайды, – деді әкей шешемнің сөзін түгел айтқызбай, – мұны әскер қызметіне жіберуіміз керек (А.С.Пушкин). Жиренше атты байлай сала топқа қарай жүгіргенде, Абай көзін басып отыра кетті... Бітті, өлді... (М.Әуезов).

Алынған цитаттың (дәйексөздің) ара-арасына сөйлем не сөздер қалдырған жағдайда, сол жерге көп нүкте қойылады: Ф.Энгельс тайпа мен оның диалектісі жайында: «...тайпаның өзіне ғана тән ерекше диалектісі болады. Шындығында, тайпа мен оның диалектісі бір жерден шығып отырады» десе, тайпаның бөліну процесін «бөліну арқылы жаңа тайпалар мен жаңа тілдердің жасалуы» деп сипаттайды (К.Аханов). Дәйексөзге алынған сөйлем не бірыңғай ой желісі аяқталмай қалса, дәйексөздің соңына көп нүкте қойылады. Өнер тудырушылардың ең негізгі қасиетін Л.Н.Толстой оның реализмінде деп білді. «Өзіңіз суреттеп отырған адамдардың өмірімен өмір сүріңіз, – деп жазды Толстой, – әр образда оның ішкі түйсінулерін суреттеңіз; сонда олардың өздері өз мінездеріне лайық қимыл-әрекеттерді өздері жасайды...» (З.Қабдолов).

Ескерту. Сөйлем ішіне оның бір мүшесі ретінде кіргізілген дәйексөзге (олар толық алынбаса да) көп нүкте қойылмайды: Қазірде де кейбір талантты жазушылар қаламынан шыққан “тілге жеңіл, жүрекке жылы тиерліктей” сөз түйдектерін кездестіруге болады (К.Аханов).

Көп нүкте қойылуға тиісті сөйлем лепті не сұраулы болып келсе, әуелі леп белгісі (сондай-ақ сұрау белгісі), одан кейін қатарынан екі нүкте қойылады: Ой, тәйір алғыр!.. Бұл кім өзі? – деп ашумен сырт айнала беріп Абайды көрді де: – Ой, Абай, сенбісің?.. Ай, шырағым-ай, бір тыныш жерде отырсаң етті!.. – деді (М.Әуезов). Кейде көп нүкте қойылуға тиісті сөйлем әрі лепті, әрі сұраулы болып келсе, әуелі мағынасына қарай не леп, не сұрау белгілері, олардан соң бір нүкте қойылады: Өн салған жылқышының дауыстары да кейде шырқала, кейде баяулай естіліп жатады... Ол да маған таныс түндер... Көл ше?! Алуа ше?! (С.Мұқанов).

Лептік те, сұраулық та мәні бар сөйлемдерден кейін екі белгі қабат қойылады. Сұраулық мәні басым болса, әуелі сұрау белгісі және керісінше қойылады: Кешіре көр, тақсыр балық, Не қылмақсың бұл ессізге?! (А.С.Пушкин). Отаным, еркелегем өзге кімге? Өзіңмен нені болсын көргем бірге! Қалайша қабырғама батпас менің Басыңа қатер бұлты төнген күнде! (Ғ.Орманов).

Бақылау сұрақтары:

- 1 Пунктуация ғылымы дегеніміз не?
- 2 Пунктуация қандай салалармен байланысты?
- 3 Нүкте қандай сөйлемдерден кейін қойылады?
- 4 Нүкте қоюда сөйлем түрінің қатысы бар ма?
- 5 Сұрау белгісі қандай жағдайда қойылады?
- 6 Леп белгісі қандай жағдайда қойылады?

1-жаттығу. Мәтіндегі әр сөйлемнің соңынан қойылған тыныс белгілердің қойылу жолдарын түсіндіріңіз.

1. Жұрт дабырлап әңгіме қыза берген кезде, ауылдың сырт жағындағы белестің басына біреу шоқытып шыға келді, жұрт тіксіне қарады..

- Бұл кім...

- Базарбай ғой...

- Бұл қайдан келеді...

- Хабар білемін деп Тәкең аулына кеткен, содан келе жатқан шығар...

- Шақыр, мұнда келсін...

- Жұрттың бәрі соған қарай дүрлікті: біреу қолын бұлғады, біреулері оның атын атап айқайлады... Базарбай атының басын бұрғанша, жас балалар анталап қарсы барып та жетті...

- Уа, не хабар...

- Тінекең аулына бардым, тыныштық... Шалдары болыстың аулына кетіпті... Жастары жиын, бір-бір атын жаратып мініп алыпты... Бүгін ауылнайдікіне барып, жанын қысып отырып іспескені алған білем...

2-жаттығу. Сөйлем соңына қойылған тыныс белгілерін түсіндіріп, қандай мағына беріп тұғанын айтыңыздар.

Ел ішінде

Жаздың ыстық кезі. Судың биыл көп келгені сонша – Асалғам көпірінің үстімен жоғары қарай үйір-үйір шортан жүзіп өтті. Құтырына тасығанмен қайтуы тез, бір аптада сап болды. Мен маусым туа барғанымда, көпірдің үстінің шаңы бұрқырап жатыр. Тек шүңейт-шүңейтте бала құрақтың ортасында су жарқырайды. Жағасы жапырлаған өңшең бала. Қармақ салады, шабау сүзеді. Жарыпшыққанның жағасында өзімнің де өстіп жүрген қызық кездерім көз алдыма елес беріп өтті.

Бұл Кермеқас басынды туысқаннан ең етжақыным – Тасым деген нағашым.

- Ойпырмай, Мекешпісіз, әй! – деп қарсы алды ол мені. – Ойпырмай, нән жігіт бопсың ғой, әй! Өттең, дүние-ай. Біз қалай қартаймайық? Бәкизә деймін, бері кел деймін. Мынаны қарашы, ей? Мынауың бір дәу! Баяғы құйттай Мекеш! Талай мойныма мінгізіп ем! Түү, пәлекет! Біздер қалай қартаймайық?! Бәкизә деймін! Ұлбала апайдың баласы кәдімгі! Ой, айналайын! – деп, шыр-көбелек айналдырып, маңдайымнан сүйе берді нағашым (Б.Аманшин).

7-тақырып. Қаратпа, қыстырма және одағай сөздердің тыныс белгілері

Жоспары:

1 Қаратпа сөздердің тыныс белгілері

2 Қыстырма сөздердің тыныс белгілері

3 Одағай сөздердің тыныс белгілері

Қаратпа сөздердің тыныс белгілері. Жанды, жансыз заттарға қарата айтылған сөздер (қаратпалар) сөйлем ішіндегі басқа сөздерден үтірмен ажыратылады. Қаратпа сөз сөйлемнің басында тұрса, үтір оның соңынан, ортасында тұрса, екі жағынан, соңында тұрса, одан бұрын қойылады: Жігіттер, ойын арзан, күлкі қымбат. Жүрегім, нені сезесің! Сөз түзелді, тыңдаушы, сен де түзел (Абай). Тыңда, дала, Жамбылды (Жамбыл). Тыныштал! Тынышталшы, Абайжан! (М.Әуезов). Қаратпа сөздің алдында өз анықтауыштары болса, олар қаратпа сөзден тыныс белгісімен бөлінбейді. Қаратпа сөз анықтауыштарымен тұтасып, сөйлемнің басқа мүшелерінен үтірмен ажыратылады: Қарағанды шахтёрлері, ұр еңбектің дабылын! (И.Байзақов) Пернеге бауыр басқан кәрі бармақ, Арынын домбыраның шыңға самғат! (Жамбыл) Толғауы тоқсан қызыл тіл, Сөйлеймін десең өзін біл (Абай)

Алдынан не соңынан келген эпитет сөздері бар қаратпалар да тұтас тізбек құрайды, эпитет пен қаратпа сөз бір-бірінен тыныс белгісімен ажыратылмайды: Жарайды, Абай аға, қаршыға жайында ма? Әй, шырағым балам, ар жағында әкең тұр. Қарағым Қамқа, бүгін күн жұма ғой осы? (М.Әуезов). Жолдас командир, қасында мың шақты адамы бар Павел Громов келіп тұр (Ә.Әбішев). Оның рас шығар, жан анам! (Ғ.Мүсірепов).

Қаратпа сөзбен қатар келген одағайдан кейін үтір қойылады: Уа, Горький, халық ырысы – күнді сүйдің (Жамбыл). Уәу, жігіттер! Сендердің өлең жазамын деп қырқысқан таласың тіпті жақсы (М.Әуезов). Күннен күнге, уа, халқым, құлаш жаздың өріске (Жамбыл). Қаратпа сөзбен қатар келген о деген одағайдан кейін де үтір қойылады: О, күн-ау, төге түсші сәуленді сен (Жамбыл). О, Жасаған! – деді Савельич күңірене сөйлеп (А.С.Пушкин). О, жалғыз сенерім – Жантығым! О, сиқыр, тағы келдің бе қасыма? (Ғ.Мүсірепов). Есіл өлкесінің құнарлылығы туралы талай әңгімелер естіп ем, рас екен!.. О, Есіл!.. (С.Мұқанов)

Қаратпамен қоса айтылған шылаулар да күрделі қаратпа сөздің құрамына енеді де, екеуінің арасына дефис қойылады: Жеңеше-ау, Абай ағамның мысқылына ажалды кісі тап болсын да. Қаражан-ай, сенен де мырза бай болар ма екен? (М.Әуезов). Қаратпа сөздер (әсіресе жалаң түрлері) екі рет қайталанып та келуі мүмкін. Мұндайда қайталап тұрған қаратпа сөздердің өз араларына үтір қойылады: Ер Төстік жақындай түсіп: “Шеше, шеше, артындағы қыздардың бәрі өзіндікі ме?” – дейді (“Ер Төстік” ертегісі). – Қош, қалқам, қалқам! – деді Шұға (Б. Майлин).

Қаратпа сөз сөйлем басында келіп, көтеріңкі дауыспен айтылса, одан кейін леп белгісі қойылып, келесі сөз бас әріппен жазылады: Тоғжан! Япырмай, жақсы айттыңыз-ау! (М.Әуезов). Павел! Естисің бе? (М.Горький)

Қаратпа сөз сияқты, бірақ нақты біреуге арналып айтылмаған, жалпылық-белгісіздік немесе одағайлық мағынасы бар сөздер сөйлем ішінде үтірмен бөлінеді. Олар да күрделі, шылаулы болып келе береді: Менің айтқаным да, естігенім де осы ғана емес пе еді, сығыр-ау! Жандарым-ау, не білгендерің бар?

Әй, кәпір, содан қосылған жау болды. Айналайын құдай-ау, айнымаған Тоғжан! Жә, әлгі қайда жоқ боп кетті, батыр-ау! (М.Әуезов). Солай ма еді, аңқау басым? (С.Мұқанов). Бар болғыр, жай болушы ма еді? (Ғ.Мүсірепов). Көптен ұйқы көрмей сергелдең болып жүрген байғұс басым, сол мезгілде ұйқы қысып қалғымаймын ба? Таң атқан соң қарасам, көзін ашпағыр, май жағылмаған етігім өкпелеп қашып кетіпті (Ертегіден).

Қыстырма сөздің тыныс белгілері. Қыстырма сөздер (жалаң және күрделі) сөйлем ішіндегі басқа сөздерден үтірмен бөлінеді. Қыстырма сөз сөйлемнің басында келсе, үтір одан кейін, ортасында келсе, екі жағынан, соңында келсе, алдынан қойылады: Менің білуімше, ел бір заманда қой сияқты болған (М.Әуезов). Ұмытпасам, курста бізге берілетін сабақтардың саны он (С.Мұқанов). Түнеугүні, әлі есімде, ауылдағы құс фермасына бардық. Жалған шығар бұл, кім біледі.

Қыстырма болатын сөздер мен сөз тіркестері көбінесе мыналар: а) Автордың түрліше сезімін: қуанышын, қайғырғанын, өкінішін, сенімін, күмәндануын т.б. білдіретін сөздер: амал қанша, несін айтасың, бәсе, әрине, рас, сірә, тегі, тегінде, асылы, бәлкім, шамасы, айтпақшы, мүмкін, бақытымызға қарай, соры қайнағанда т.б.: Дүниеде, сірә, сендей маған жар жоқ (Абай). Бәсе, осы сөз менің құлағыма бір тиген еді (М.Әуезов). Көл, тегі, “Дос” болып сол кісінің ныспымен аталып кеткен болу керек. Амал нешік, келдім (С.Мұқанов). ә) Айтылған ойдың кімнің тарапынан шыққанын білдіретін сөздер: ...айтуынша, ...айтқандай, жұрт айтқандай, меніңше, менің байқауымша, менің аңғаруымша, біздіңше, сеніңше, оныңша, оларша, ...ойынша, әлі есімде, шынымды айтайын, ұмытпасам т.б. Мысалдар: Менің аңғаруымша, сіз тарихқа көп ат салысқан сияқтысыз (М.Әуезов). Горькийше, бүкіл азаматтық ақыл-ой мен көркемдікке жол салушы да, мәдениетті құрушы да, әлемді жаңғыртушы да – еңбек. б) Ойдың желісін, ретін (бастамасын, түйінін) білдіретін сөздер: біріншіден, екіншіден,... әуелі, алдымен, демек, сөйтіп, қысқасы, ақырында, әйтеуір, керісінше, мысалы, негізінен, негізінде, сонсың, сосын, бір жағынан, екінші жағынан,..., бір сөзбен айтқанда, былайша айтқанда, сайып келгенде т.б. Мысалдар: Ең әуелі, жайдақ суға теңгердіңіз... Екінші, ел алатын тәсілді айттыңыз... Үшінші, орысты айттыңыз (М.Әуезов). Өз балаларына сонша қатал ол мені кісі баласы көре ме, әлде әке-шешесі жоқ жетім деп аяй ма, әйтеуір, бұған дейін жекіп көрген жоқ еді. Мысалы, Омбының сол кездегі зор үйі – Омбы темір жолының басқармасы – Қызылжарда жоқ (С.Мұқанов). Сөйтіп, ол Кішкене Кентай атанып кетті (М.Ғабдуллин). в) Тыңдаушының назарын аудару үшін айтылатын сөздер: айталық, өздеріңізге мәлім, көріп отырсыз, шынында, міне, эне, қане, байқаймын, байқайсыз ба т.б. Мысалдар: Шынында, бүгін болмаса ертең, ертең болмаса бүрсігүні айырылуға тура келетіні анық сезілуші еді (М.Горький). Байқаймын, ол мені танитын адамға ұқсайды (М.Иманжанов). Бұған, айталық, тағы да екі литр су құямыз. Қасындамын, міне, келдім.

Не, немесе, қалай, ендеше, осы сияқты сөздер де сөйлем мүшесі болмай, айтушының (автордың) белгілі бір сезіміне байланысты қолданылғанда, қыстырма сөз ретінде үтірмен бөлінеді. Мысалы: Не, бәрің осы баланы мүйіздей бересіңдері (Ғ.Сыланов). Осы, солдатқа жалғыз өзім-ақ кете берсем

қайтеді! (Л.Толстой). Бүгін қойды кеш сауып болған ба, немене, ымырт жабылып қалыпты. Арысыңды, ендеше, арыстан жеді. Қалай, құлағың ашылды ма? (М.Әуезов) Қыстырма бола алатын бірқатар сөздерді олардың сөйлем мүшесі болып, немесе күрделі мүшенің құрамында келіп, басқа сөздермен синтаксистік байланыста тұратын түрлерімен шатастырмау керек. Сол жақта берілген қыстырма сөздері бар мысалдар мен оң жақта берілген қыстырма сөздері жоқ мысалдарды салыстырыңыз: Рас, мен сізді бір рет көрдім (М.Әуезов). Мүмкін, сәл кідіре тұрарсыз. Айтпақшы, бүгін мен Асқарды көрдім. Немене, шабыныңды басар деп қорқамысың? Несін айтасың, бұл ат – осы ауылдың әйгілі жүйрігі. Екінші, ел алатын тәсілді айттыңыз (М.Әуезов). Әлі есімде, бір күні тауға шықтық. Оның айтқаны рас екен. Оның кешігіп жүруі мүмкін емес. Мен саған бірдеңе айтпақшы едім. Немене айтып отырғаныңды өзің түсінемісің! Бұл сөзді бұрын мен естігем, қайталап оның несін айтасың. Екінші күні жолдың жартысына келдік. Бала кезде естіген ертегілерім әлі есімде.

Сөйлемдегі сөздермен синтаксистік байланысы жоқ қыстырма сөйлемдер көбінесе үтірмен бөлінеді: Ұмытып барады екем, жуырда елінен Әміржан келіп қалды. Сол ниетпен кірсем, неге екенін кім білсін, мені елеген адам болған жоқ (С.Мұқанов). Осы кезде, Құнанбайға Жексен шаққан болу керек, әкесі Абайға айғайлады (М.Әуезов). Сөйлемдегі негізгі ойды, не бір сөзді айқындау, дәлелдеу, түсіндіру үшін қолданылған қыстырма сөйлемдер не сөз тіркестері екі жағынан жақшаға алынады (бірінші сөзі жалпы есім болса, кіші әріппен жазылады): Салжігіттен (Темірбекті ол Салжігіт дейтін еді) неге қалдым? Иесі – Әбіл (әйелге бұлайша еркек атын қоюды бірінші естуім) дейтін жесір әйел (С.Мұқанов). Бірақ менімен Раушанның (Рауза деп бірге оқитын жолдастары атап кеткен көрінеді) оқысында үлкен айырма бар екенін сезгендеймін (М.Иманжанов). Қыстырма сөйлем лепті не сұраулы болса, екі жағынан жақшаға алынады да, леп не сұрау белгісі жабылатын жақшаның алдынан қойылады, жақша ішіне алынған қыстырма сөйлем кіші әріптеп басталып жазылады: Еміс-еміс естуімше, қыздың бір дұшпаны (неге дұшпан болатынайтпай-ақ мәлім!) қызға мен жіберетін өлеңдердің біреуін түсіріп алады (С.Мұқанов). Жақшаға жалпы сөйлемге тиісті болса, олар жақшаның сыртына қойылады: – Астапыралда (солай дейтін оның кейде әдеті болушы еді)! – деді Итбай (С.Мұқанов). Жақшаға алынған қыстырма сөз не сөз тіркестері бөліп кететін жердегі басқа тыныс белгілері де (үтір, сызықша, қос нүкте) жақшаның сыртына қойылады: Шыңғыстан Жақып, Шокан (жұртқа мәлім Шоқан Уәлиханов), Мақы, Махмет туады. Үлкендердің айтуынша, Қазақтың әкесі (атын ұмыттым) – ноғайлы деген жұрт (С.Мұқанов).

Екі қыстырма сөз қатар келгенде, араларына үтір қойылады: Рас, менің байқауымша, сіздің халық – ақын халық. Қысқасы, мүмкін, осы дұрыс та болар.

Оңашаланған мүшемен келетін мысалы, айталық, шынында сияқты қыстырма сөзден кейін үтір қойылмайды (бұл жөнінде § 70-ты қараңыз): Көктемде жыл құстарының алды, мысалы қаз бен үйрек, келе бастайды. Географиялық атаулар, айталық тау аттары, бас әріппен жазылады. Қыстырма сөзбен келген оңашаланған мүше жақша ішінде тұрса, қыстырмадан кейін үтір

қойылады: Көктемде жыл құстарының алды (мысалы, қаз бен үйрек) келе бастайды. Географиялық атаулар (айталық, тау аттары) бас әріппен жазылады.

Мағынасы жағынан қыстырма сөздерге ұқсас келетін, дауыс кідірісімен айтылатын мынадай сөздер сөйлемнің басында не жай сөйлем ішінде үтір арқылы бөлінбейді: ал, тіпті, дегенмен, алайда, бірақ, сонымен қатар, сондай-ақ, әсіресе, тек. Мысалдар: Ырғызбай ішінде әсіресе осы Қарашоқыға қызығушылар көп болатын. Тек не бұйырсаң да, тезінен бұйырғайсың. Абай бірақ қайындап кетті (М.Әуезов). Дегенмен мен жаңылмаппын. Мен оған күлімсірей қараймын. Ал ол өзінің келешегіне күлімсірей қарайды (М.Иманжанов). Ал Әмір болса, сол балалар ішіндегі әнші, өнерлісі болып келеді (М.Әуезов). Ол тіпті көшелі кісі боп қапты (С.Мұқанов). Ал, бірақ, алайда, дегенмен, сонымен қатар, сондай-ақ деген сөздер жалғаулық шылау ретінде екі бірыңғай мүшенің немесе екі жай сөйлемнің арасында келсе, алдарынан үтір қойылады.

Ескерту. Бұл сөздер сөйлем басында келіп, олардан кейін қаратпа, қыстырма сөздер тұрса, екеуінің араларына үтір қойылады, бірақ ол үтір бұл сөздерге байланысты қойылған тыныс белгісі емес, қаратпа не қыстырма сөздің екі жағынан қойылған үтірдің біреуі болып саналады: Ал, Абай аға, осы билік байлау ғой (М.Әуезов). Дегенмен, шынымды айтайын, сізді танымай тұрмын. Бірақ, апа, осы екі балаңды адам етем (М.Әуезов).

Ол – ол ма, бұл – бұл ма, ол – ол болмасын деген сияқты тіркестер, қыстырма ретінде үтірмен бөлінеді: Ол – ол ма, әңгіме одан да ұлғая түсті.

Сөйлем мүшелерімен синтаксистік байланысы жоқ, өз алдына жеке сөйлем сияқты қыстырма конструкциялардың да екі жағынан үтір қойылады. Ол конструкциялар көбінесе қасында, ішінде, басы ... болып деген тәрізді сөздердің қатысуымен жасалады, оларды алып тастағаннан сөйлем мағынасы ойсырамайды. Мысалы: Бір топ адам, басы Жомарт болып, егінге қарай беттеді. Газиктің рулін өзі ұстап, қасында Жақып бар, Жомарт келеді (Ғ.Мұстафин). Осы мақсатпен 1913 жылы патша әкімдері ел ішіндегі бір топ ақынды, ішінде Жамбыл да бар, Алматыға айдап әкелді (“Қазақ әдебиеті”).

Жақшаға алынған қыстырма сөзді не сөйлемдерді енгізген кім екенін білдіру үшін редакция деген сөз немесе автордың әріптерден қысқартылып көрсетілген аты-жөні (инициалы) қойылады. Ондайда қыстырмадан кейін нүкте мен сызықша қойылып, автордың қысқартылған аты-жөні немесе редакция деген сөз бас әріппен жазылады да, жақша жабылады: Шоқан Уәлиханов Қашқарда қалай тұруы туралы былай дейді: “Қашқардың және Алты шаһардың ғұрпы бойынша, шет мемлекеттен бұл елге келгендер үйленуге міндетті. (Кейін анықтасам, бұл әдет мұсылмандар үшін ғана екен. – С.М.). Кіші Бұхара (Қашқария – С.М.) имам Ханифке (мұсылмандар дүниесіндегі төрт мәзһәптің, орысша сектаның біреуі. – С.М.) бағынғанмен, ...бұл арада уақытша үйлену толық күшінде екен”. Бұл мысалдардағы С.М. дегендер – Сәбит Мұқановтың инициалы.

Одағайлардың тыныс белгілері. Одағайлар көбінесе сөйлем басында келеді де, үтірмен бөлінеді. Е, Ойке апаны білмеуші ме ең? Әй, Жиренше, жаңағы осы Қодар кім? (М.Әуезов). Тәй, қылжақты қоя тұр (С.Мұқанов). Апырау, сіздің ауыл Майқұдыққа қонбаушы еді ғой (Ғ.Мүсірепов). Уа, ата, мына таудың

басын қырау шалғалы неше жыл болды. Әй, сен не айтып келесің! Егер одағайлар сөйлем ортасында келсе, екі жағынан үтір қойылады, соңында тұрса, үтір одан бұрын қойылады: Жүрегім, ойбай соқпа енді... Бүгінгі дос – ертең жау, Мен не қылдым, япырмау?! (Абай)

О деген одағайдан кейін үтір қойылады: О, жауыз Қодар! О, шіркін, шіркін! (Ғ.Мүсірепов). О деген одағайды ықшамдалған о (ол) есімдігімен шатастырмау керек: әңгіменің о жақ, бұл жағы; о не дегенің; о заман да, бұл заман.

Одағай сөйлемнің басында келіп, көтеріңкі дауыспен айтылса, одан кейін леп белгісі қойылып, келесі сөз бас әріптен басталады: Пәләй! Мақұл-ақ! Ал ендеше мен нені айттым!?! (М.Әуезов). Еһе! Сен өзің біздің қақпанға бұрын да түскен кәрі қасқыр екенсің ғой (А.С.Пушкин).

Одағай тәріздес бәсе, жә, қош, қой, құп (болады), жай, бәлем, жарайды (осы мағынадағы жақсы), мақұл, болды, дұрыс, бәрекелді сияқты сөздер сөйлем ішінде жұмсалған орны мен мағынасына қарай оқшауланып келсе, өзге сөздерден үтірмен бөлінеді. Мысалдар: Қой, не де болса қалмайық енді. Жә, тоқтат, ақсақал! Бәсе, Телқара ғой... Бәлем, Бөжей де осыны сезген болар. Бәрекелді, мына қызықты қара. – Мырза, мына аттылар не? – Жай, мына жылқыға отарға шығар алдында таңба бастырайын деп ем. Соған жиылған ел, – деді Құнанбай (М.Әуезов). Жарайды, айтам деп әкелгенің екен. Жақсы, сынап берейін («Аяз би» ертегісінен). – Болады, оқыын, – деп мен уәде бердім.

Иә (я), жоқ, мә, мәңіз сөздері де сөйлем ішінде үтірмен ажыратылады: Ақтағаны ма? Жоқ, жай шошығаны ма? Иә, етің ыстық, ауырған жерің бар ма? (М.Әуезов). Павлуша, сен ауырып жүрген шығарсың? – Жоқ, денім сау. – Сен жатып ұйықтасаң етті. – Иә, қазір жатам (М.Горький). – Мә, мынаны қарай тұр (С.Шәймерденов). Иә, жоқ дегендер сөйлем басында келіп, ерекше екпінмен айтылса, олардан кейін леп белгісі қойылады да, келесі сөз бас әріптен басталып жазылады: Жоқ, жоқ! Жалғыз емес, мен болармын қасында (Ғ.Мүсірепов). Кісілер тарап кеткеннен кейін, ол Павелға қарап: – Павлуша, сен социалиспісің? – деп сұрады. Павел анасының қарсы алдында тура қарап тұрып: – Иә! Қайтеді? – деді (М.Горький). Иә, жоқ дегендер оқта-текте сөйлем ортасында да келеді, ондайда бұлар екі жағынан үтірге алынады: Осы, ілім дегенің кітаптың бетінде ғана ма, жоқ, мына жер бетінде де бірдеңе қалды ма? – деді Шығанақ (Ғ.Мұстафин). Мен осыны, иә, осыны айтып отырмын. Иә деген сөз я, ие түрінде де, жоқ деген сөз жо түрінде де айылады және солай жазылады: Жо, бізге барады (М.Әуезов).

Ескерту. Сөйлем басында, кейде ортасында оқшауланып келетін жоқ деген сөз бен осы сөздің сөйлем мүшесі болып келетін түрін шатастырмау керек. Әдетте жоқ деген сөз сөйлем мүшесі болып келгенде, сөйлемнің соңында тұрады: Бұл үйде балалар жоқ. Сөйлем мүшесі ретіндегі жоқ сөзі өлеңдерде және инверсиялы сөйлемдерде сөйлем басында да келуі мүмкін, бірақ ол үтірмен не леп белгісімен бөлінбейді.

Одағайлар көбінесе қаратпа сөзбен қатар қолданылады. Мұндайда одағай мен қаратпаның өз араларына да үтір қойылады: Ей, аққу, сәлем депші жолыққанда (С.Сейфуллин). Пай-пай, бала-ай, сабырың-ақ соңымнан қалмады-ау (Ғ.Мұстафин). Сыналар, ей, жігіттер, келді кезің (Абай).

Бірнеше одағай қатар келгенде әрқайсысы үтірмен бөлінеді: Уа, шіркін, ән деп осыны айт! А, астапыралда, солай ма еді? – деп Балбалаға қарай қалды. Япырау, әттегенай, атын сұрамаптын ғой! (М.Әуезов). § 68. Ә деген одағай мен ә дегенше, ә дегенмен тіркестерін, әй, әу деген одағайлар мен әй (ай) дер ажа, әудем жер деген сияқты тіркестерді (олардағы ә, әй, әу деген форматтарды) шатастырмау керек: тіркес құрамындағы ә, әй, әу дегендер өзінен кейінгі сөзден үтірмен бөлінбейді: Ә дегенше жетіп келді. Оның даусы әудем жерге естіліп тұрды. Мен оны ә дегеннен тани кеттім.

Бақылау сұрақтары:

1 Қаратпа, қыстырма және одағай сөздер сөйлемнің басында келсе қандай тыныс белгісі қойылады?

2 Қаратпа, қыстырма және одағай сөздер сөйлемнің ортасында келсе қандай тыныс белгісі қойылады?

3 Қаратпа, қыстырма және одағай сөздер сөйлемнің соңында келсе қандай тыныс белгісі қойылады?

1-жаттығу. Қаратпа сөздері бар сөйлемдерге тиісті тыныс белгілерін қойып жазыңыздар.

Терек пен қызыл гүл

... Тау алдында қызыл гүлдер шешек атып сыланғанда, сұлу қыздай таранғанда, ұзын терек дөрекілеу дауысымен сөз бастайды : «Е қызыл гүл таң атарда шешек атып сыланасың, сұлу қыздай таранасың , бірақ сен гүл табиғаттың сені әбден мазақ етіп, қор қылғанын сезесің бе? Өсімдіктердің ішіндегі ең жаманы сен боласың қызыл гүл ұзындығы бір – ақ тұтам, алабұта, қамыстардан бойың озып, мойның асып еш нәрсені көре алмайсың... Алабұта, қамыстардаң басқанәрсені көре көре алмаған сен де өзіңді ұялмастан бақытты деп санайсың – ау қызыл гүл». Шешек атқан ал қызыл гүл саспай былай жауап берді : «Терек ақылың қысқа, бойың ұзын... Бойым қысқа болғанымен, адам маған бақыт берген. Жүз жыл өмір сүрсең – дағы тастан басқа нені көрдің, тау артында нелер барын сен білмейсің, сезбейсің де тәкаппар боп өскен терек... ».

Терек оны тыңдап алып, былайша сөз қозғайды:

- «Қызыл гүл сенің мақтауыңа себеп те жоқ, желеу де жоқ. Сорлы гүлім менімен теңесуге саған күш қайда ? Мен өскелі жүз жыл болды... Ал сен сорлы гүл болсаң, бір күндіксің, бір – ақ күндік өмірің бар...». Күн сәулесін жұтып жатып, қызыл гүл қысқа ғана жауап береді:

- «Ұзын терек жүз жыл өмір жасап нені білдің, нені көрдің ? Халыққа жеміс бердің бе?әуелі жұпар иісінді шаштың ба ?».

2-жаттығу. Текстерден қыстырма сөздерді тауып, тыныс белгілерін қойып жазыңыздар.

Бұл әрине леопардтар дейсіндер ғой дегенмен дұрыстап үніле қараңдаршы басы және аяқтары арыстанға өте ұқсас. Ойланып қиналма бұл аң «леопандар» олар тұңғыш рет леопард пен арыстан қаншығын будандастырып тұқым алған Нисимия (Жапония) қаласындағы зоопаркте ғана «өседі». Алайда әр түрлі жыртқыш аңдарды будандастыру арқылы жаңа тұқым алу тәжірибесі көптен бері жүргізіліп келеді. Англияда бұдан жиырма жыл бұрын жолбарыс пен арыстан қаншығынан тұқым алынды, ал одан сегіз жылдан кейін жолбарыс пен арыстан қаншығынан тұқым – Америкада да алынды. Бірнеше рет осындай тәжірибе Совет Одағында да жүргізіліп келді, бұлардың арыстан-жолбарыс тұқымдас түрі (төртінші ұрпағы) қазірде Москваның зоопаркінде тұр.

Шынында таудың басына шығу қиын-ақ екен. Қысқасы аяғыма тас байлап алғандаймын. Неге екенін кім білсін Ләйла мен Жанар маған бұрылып қарайды. Байқаймын шаршап келе жатқанымды, сүйретіліп келе жатқанымды көреді, күледі. «Шыда, аз қалды» - дейді. Оларға әрине ештеңе демеймін. Меніңше екеуі мені мазақтап бара жатқан сияқты. Амалым жоқ ызаланып келемін. Шынын айтқанда тауға барып шаңғы тебеміз деп мені өздері ерткен. Әйтпегенде әрине Сәрсен екеуіміз мұзға барып коньки тебетін едік. Ләйла – менің апайым. Жанар – оның досы. Тауға жүр, шаңғы тебейік дегені маған жасаған пионерлік қамқорлықтары ғой («ҚП»).

3-жаттығу. Текстен қыстырма сөздерді тауып, тыныс белгілерін қойып жазыңыздар.

Желкенді қайық

Меніңше Желкенді қайық жасауға кіріспестен бұрын ара, сүргі, балға, отвертка (винт бұрайтын аспап), бұрғы сияқты қарапайым аспаптар мен үйеңкі (фанера), екі тақтай, бірнеше шеге, аздаған мата және сыр немесе майлы бояу әзірлеп алу керек. Әрине оның бортын (бүйірін) жасаудан бастаған жөн. Содан кейін, сөзсіз шпангауттар (қайықтың түбіне көлденең төселген ағаш), транец (артқы тақтай) және форштевень(мандайша ағаш) жасау керек. Форштевень диаметрі 20-25 миллиметрлік тесік жасалады. Ол су ағып кетпеу үшін жасалады. Осыдан кейін қайықтың каркасын (қаңқасын) құрастыру керек. Оның бөлшектері шегемен бекітіледі. Кесек ағаштан тұғыр бекітіледі. Кесек ағаштан тұғыр (степс) жасалады. Кейін оған мачта (желке байланатын дінгек) орнатылады. Мұнан кейін қайықтың түбі мен үсті (палубасы) жасалады. Палубаға керегі планкалар (жұқа тақтайлар), киль (ұзыннан салынған ағаш) әзірленеді.

4-жаттығу. Одағайларды тауып, тыныс белгілерін қойып, олардың сөйлемге қандай мағына үстеп тұрғандығын айтыңыздар.

1. Ай ойбай-ай не болды! Шалдың азан-қазан болған ащы даусы маңайдағы самсап тұрған жартастарды жаңғыртты. Ойпырмай бүкіл тау

аңғарын күңіретіп жіберді. Ух құлыным жал-ғы-зым, м...м... шырағым м...м... Керемет-ай ажалың құстан болды-ау. Құдай-ау одан да мені неге алмадың... (Д.Қ). 2. А-а-а-а-ау Термемен сөзді бастайын, Жас жігіттер алдында... (Жамбыл). 3. Ассаламағалейкум, Абай аға! Уағалейкумүссәлем! Е жігіт, неғып суыт келесің? (М.Ә). 4. Пай пай шіркін шіркін Алатау, Шандоз едің неткен сен! (Ә.С). 5. Қап екі жеп кеттіңіз-ау, ақсақал. – Епе-пе Шалды оп-оңай ұта қоймақ екенсің ғой (М.И.) 6. Иә Не иесі бар? (С.К). 7. Апырай – Түк опырайы жоқ... (С.М.) 8. Уай қайдасыңда түге бар болғырлар! (А.Ш.) 9 Ой ұл өзіндей болып өссін! Ой, мың жаса! Ой ұл өзіндей болып тусын! (Ғ.Мүс) 10. Әп-бәрекелде Кегенің жақсы болды ғой (С.О.).

8-тақырып. Айқындауыш және бірыңғай мүшелердің, жалпылауыш сөздердің тыныс белгілері

Жоспары:

- 1 Айқындауыш мүшелердің тыныс белгілері.
- 2 Бірыңғай мүшелердің, жалпылауыш сөздердің тыныс белгілері

Айқындауыш мүшелердің тыныс белгілері. Оңашаланған айқындауыш мүшелер сөйлемнің басқа мүшелерінен көбінесе үтірмен бөлінеді. Мысалы: Абай былтыр боқырауда, күзем үстінде, қалаға оқуға кеткенде, дәл осы қоныстан, Есенбайдан, кеткен болатын. Ұлжан енесіне бағана, Абай ұйықтап жатқанда, бар жайды айтқан (М.Әуезов). Өз ішінде үтірлері бар жайылма оңашаланған айқындауыш мүшелер екі жағынан сызықша алынып жазылады. Оңашаланған мүше үтірмен бөлінгенде, бірыңғай мүшеге ұқсап кететін жерде де сызықша қоюға болады: Біз – Мұстафаның екі кіші баласы Ғаббас пен Шәкен, мен үшеуіміз – үйден шықтық (С.Мұқанов). Біраз жүрген соң Асан – күндіз көп жүріп, шаршаған бала – ұйықтап қалды (Ы.Алтынсарин). Ұлы орыс халқының бай мәдени мұрасының бір саласы – оның тамаша мақалдары, мәтелдері – қазақ халқына аудармалар арқылы таныс болып, халық игілігіне айналып келеді (“Қазақ әдебиеті”).

Оңашаланған айқындауыш мүше болатындар: а) Өзінен бұрынғы сөздің мәнін айқындап, дәлдеп беретін және сонымен септік жалғаулары жағынан тұлғалас келетін бір сөз не сөз тіркесі: Осы үйдің ер жетіп қалған екі баласын, Нұржан мен Нұрланды, жұрт көп мақтайды. Тобықты ішіне ең алғаш келген арба осы Зеренің, Құнанбайдың кәрі шешесінің, көк арбасы десе де болады (М.Әуезов). ә) Яғни, әсіресе, мысалы, яки, немесе, болмаса, басқаша айтқанда, “әсіресе” деген мағынадағы көбінесе, оның ішінде, тіпті деген сөздермен басталатын тіркестер өзінің алдындағы сөздің мағынасын дәлдеп тұрса оңашаланған мүше болады. Жоғарыдағы сөздердің өздері жеке үтірмен бөлінбейді. Үтір тұтас тіркестің екі жағынан қойылады: Ылғалды жерлерде, көбінесе өзен бойларында, шөп қалың өседі. Реакцияға түскен заттардың салмағы реакция нәтижесінде шығатын заттардың салмағына әрдайым тең

болады; бұл заңды заттар сақталу заңы, немесе Ломоносов заңы, деп атайды. Өңгімемізді шығармашылықтың бір түрі, мысалы музыка, туралы бастайық.

Ескерту. Мысалы деген сөз оңашаланған мүшенің құрамында болмай, жеке қыстырма сөз ретінде келгенде, үтірмен жалғыз өзі ғана белінеді: Мысалы, таза мыс электр тогын жақсы өткізеді. Әрқайсымыз өз шаруамызбен болдық. Мен, мысалы, кітап оқып отырмын. .2. Әсіресе, көбінесе, тіпті, оның ішінде деген сөздер оңашаланған мүше болатын сөз тіркестеріне емес, жалпы сөйлемге қатысты болып келуі мүмкін. Ондайда бұл сөздер ешқандай тыныс белгісімен бөлінбейді: Ырғызбай ішінен әсіресе осы Қарашоқыға қызығушылар көп болатын (М.Әуезов). Алматылықтар жазда көбінесе тауға шығады. Олардың ішінде үй іштерімен шығатындар да көп. б) Есімдіктен кейін келген айқындауыштар оңашаланады: Олар, жас жігіттер мен жас қыздар, қиын жұмыстардан бас тартпады. Мен, Олег Кошевой, Жас гвардия мүшелерінің қатарына кірерде... ант етем (А.Фадеев). Айтып тұрған мына мен, Бақбергенмін (М.Әуезов). Кейде керісінше құрылған түрлері де болады, яғни есімдік оңашаланады, бірақ бұл сирек қолданылады. Мысалы: Балалары, біз, тірі тұрғанда, апам кедейшілікті ойлайтын кісі емес еді (С.Мұқанов). в) Жалпы мезгілді, мекенді білдіретін пысықтауыштардан кейін, сол мезгілдің дәл қай кезі, сол мекеннің дәл қай жері екенін ашып көрсететін анықтауыштар оңашаланады. Мысалы: Түнде, сағат 12-де, поезд келді (түннің басқа кезі емес, дәл сағат 12-де деп айқындап тұр). Қазақстан Республикасында, Астанада, білім ордасына арналып зәулім үй салынады (білім ордасына арналған зәулім үйдің Қазақстан Республикасының басқа жерінде емес, Астана қаласында салынғанын дәлдеп тұр).

Сияқты, ретінде, қатар, емес (емей), түгіл деген сөздермен келген және - дай, -дей, -тай, -тей жұрнақты сөздермен келген тіркестер де, оңашаланған мүше сияқты, сөйлем ішінде үтірмен бөлінеді: Жамбыл 70-80 жылдарда, ұсақ өлеңдермен қатар, көлемді жырлар да шығарады. Мен Әлти ғана емес, Сәдуақасқа да іштей қайран қап отырмын (С.Мұқанов). Үйге кіргізу түгіл, жақындасуға рұқсат жоқ (Ғ.Мүсірепов).

Ескерту. Бұл сөздердің белгілі бір сөйлем мүшесінің құрамында тұрғандағысымен шатастырмау керек. Ондайда бұлар үтірмен ажыратылмайды: Музгарко сияқты жан жолдасынан шал дәл қазір үмітін үзе бастаған еді (Мамин-Сибиряк) (Қандай жан жолдасынан? – Музгарко сияқты – анықтауыш). М.Әуезов сияқты талант бүкіл дүние жүзіне ортақ (қандай талант? – М.Әуезов сияқты – анықтауыш). Екеуі қатар отыр. (Қалай отыр? – қатар – пысықтауыш).

Қарамастан, қоспағанда, есептемегенде деген сөздерге аяқталатын тіркестер де үтірмен бөлінеді: Аяғының ауырғанына қарамастан, ол шапшаң жүріп отырды. Кешігіп қалған екеуді қоспағанда, жорыққа аттанатын шаңғышылар саны он алты. Жорыққа аттанатын шаңғышылар саны, кешігіп қалған екеуді қоспағанда, он алты.

Оңашаланған мүше инверсияланып (әдеттегі орны ауысып) келуі мүмкін, ол күнде де сөйлем ішінде үтірмен ажыратылады: Мұқанның баласы ғой, менің былтыр өлген ағамның (С.Мұқанов). Бұл сөйлемнің әдеттегі орын тәртібі: Мұқанның, менің былтыр өлген ағамның, баласы ғой болу керек.

Оңашаланған айқындауыш мүше өзінің алдындағы айқындайтын сөзімен септік, тәуелдік жалғаулары жағынан қиыспай тұрса, яғни айқындалушы сөз атау тұлғада келсе, араларына сызықша қойылады да, айқындауыштан кейін ешқандай тыныс белгісі қойылмайды: Күлкінің иесі – қызды біз енді жақсылап көрдік (С.Ерубаев). Осы сөйлемдегі айқындауыш пен айқындалушы сөздер бірдей тұлғада (екеуі де табыс септікте) берілсе, тыныс белгісі басқаша

қойылады: Күлкінің иесін, қызды, біз енді жақсылап көрдік. Ал айқындалатын сөзімен морфологиялық тұлға жағынан қиыспай (бірдей болмай) тұрса, не екеуі де атау тұлғада келсе, жалқы есімнен болған айқындауыш ешқандай тыныс белгісімен ажыратылмайды: Менің інім Марат биыл мектеп бітіреді. Оның бұл тұрған қалпын ағасы Балтабектің әйелі Айбаладан басқа ешкім көрген жоқ (С.Мұқанов). Шойын кеуделі, аю жоталы...қара кісі Игілік би паң да, тәкаппар да емес (Ғ.Мүсірепов). Бұл сөйлемдердегі Марат, Балтабай, Игілік би, Айбала деген жалқы есімдер өздерінен бұрынғы інім, ағасы, қара кісі, әйелі деген сөздерді дәлдеп атап айтып, айқындап тұр.

Бірыңғай мүшелер мен жалпылауыш сөздердің тыныс белгілері.

Тыныс белгілерін қоюға келгенде, бірыңғай мүшелерді үш топқа бөліп қарауға болады: а) араларында жалғаулық жоқ бірыңғай мүшелер, араларында жалғаулық бар бірыңғай мүшелер және б) жалпылауыш сөзбен қатар келетін бірыңғай мүшелер.

Жалғаулықсыз келген дара бірыңғай мүшелердің араларына үтір қойылады. Бірыңғай мүшелердің санынан үтір санының біреуі кем болады. Әр ел тұс-тұсындағы Ақбайтал, Көлденең, Жігітек, Шатқалаң, Бөкенші сияқты асу-асуларға қарай беттеді. Абай қажымай, жалықпай ылғи ғана ынтыға тыңдайтын (М.Әуезов). Оля Иванцова салмақты, ауыр мінезді, үндемейтін қыз еді (А.Фадеев).

Жалғаулықсыз келген күрделі (жайылмалы) бірыңғай мүшелердің араларына да үтір қойылады: Боржабай орта ғана бойлы, жуантық денелі, дөңгелек бетті, қалың ерінді, жасаураған кішірек қоңыр көзді, ұйысқан қысқа қара жирен сақалды, таңқита басқан сирек мұртты, домалақтау мұрынды, қоңыр өнді кісі еді (С.Мұқанов). Бірнеше орындық, көйлек-көншек салатын комод, оның үстінде кішкентай айна, киім-кешек салынған сандық, қабырғада ілулі сағат, бұрышта екі бұрқан – міне, бар мүлік осы (М.Горький). Осы кезде дөңгелек жүзді, қызыл шырайлы, сарғылт жылтыр шашын құлағынан асыра қайырған, жасы он сегіздерге не жетіп, не жетпеген жас қыз келіп кірді (А.С.Пушкин).

Жайылма (күрделі) бірыңғай мүшелердің әрқайсысының (немесе бірқатарының) өз іштерінде үтір кездесетін болса, бірыңғай мүшелердің жігіне нүктелі үтір қойылады. Мысалы: Қала деген аты ғана болмаса, Н... қаласы екі қабат үлкен үйлер көшелерінде ғана бірен-саран кездесетін; өзге үйлерінің көбі бір қабат қана қарағай үйлер болатын; шет жақтарында ағаш үйден шым үй көп кездесетін; азғана жаңбыр себелеп өтсе, көшелерінен адам батпақтап жүре алмайтын; бірақ етек-жеңі мол; таусымақтау жерге жалпая салынған; Сібірде көп кездесетін үлкен бір деревня еді (С.Мұқанов).

Бірыңғай мүшелердің алдыңғыларының жалғаулары түсіп қалып айтылуы мүмкін. Ол күнде де араларына үтір қойылады: Бөкенші, Борсақ Қызықшоқы, Қыдыр, Көлқайнарға жаппа тігіп қонды да, көшпей отырып алды (М.Әуезов). Жамбыл айтыс, жырларында өз заманындағы ақындардың көбінен озық екенін танытады. Ақын, драматург, жазушылар өз шығармаларында шындық өмірді суреттейді.

Ескерту. Алдыңғысының жалғауы түсіріліп айтылатын екі бірыңғай мүшені сол типтес қос сөздермен шатастырмау керек. Мұндай сөздер жалпылық мағынада айтылған болса, қос сөз болады. Мысалы: Мектебіміздің ән-күй үйірмесі бар (мұнда әңгіме бір үйірме туралы, сондықтан ән-күй – жинақтаушы атау). Мектебімізде ән, күй үйірмелері құрылды деп үтір қойып жазсақ, ән үйірмесі бір бөлек, одан басқа күй (домбырашылар) үйірмесі құрылғандығы көрінеді.

Егер алдыңғы сын есім тікелей зат есімнің сынын білдірмей, өзінен кейінгі тұтас тіркестің сынын білдіретін болса, араларына үтір қойылмайды. Мысалы: Мен жап-жаңа алтын сағат сатып алдым. Мұнда жап-жаңа деген сын есім алтын сағат деген тіркесті анықтап тұр. Ауылымызда қуатты су электр станциясы салынды. Мұнда да әңгіме жалпы станция емес, электр станциясы туралы. Электр станциясы дегеннің анықтаушысы – су. Мұндайда бірыңғай емес анықтауыштардың алдыңғылары өзі анықтайтын сөздің сыны емес, келесі анықтауыштың құрамындағы басқа сөздің сыны болып кететін қауіп болса, араларына үтір қойылады. Мысалы: Төңіректің бәрі де бірінен-бірі биік, қарағай жамылған ақ бас шыңдар (Ғ.Сыланов). Мұнда үтір қойылмаса, бірінен-бірі биік болып тұрған шыңдар емес, қарағай болып шығады. Ал дұрысында шыңдар бірінен бірі биік және олар қарағай жамылған. Кейде жазушы (не сөйлеуші) инверсия жасап, анықтауыш пен анықталушы сөздердің араларына басқа сөздерді қосып жібереді. Ол анықтауыштардың өзіне жалғас тұрған сөздің анықтауышы емес екені жазуда үтірмен, айтуда дауыс кідірісімен көрсетіледі. Мысалы: Барлық, үйге сатырлап тиген қамшы, шоқпар уық, керегені шатырлата сындырып барады (М.Әуезов). Мұндағы анықтауыш пен анықталушылар барлық үй дегендер емес, бір үйге тиген барлық қамшы, шоқпардеген сөздер. Егер барлық деген сөзден кейін үтір қойылмаса және айтуда дауыс кідірісі болмаса, барлық деген анықтауыш үй деген сөзді анықтайтын болады. Екінші мысал: Ана, төренің Кертаңдағын мін де бар. (Р.Амангелдин). Мұнда ана деген анықтауыш төре деген сөзге емес, Кертаңдақ деген сөзге қатысты. Ана деген сөзден кейін үтір қойылмаса, “мына төре” емес, “ана төре” деген мағына шығар еді. Тағы бір мысал: – Неғып тұрсың! – Шабайын деп ем – Кімді? – Әлгі, Кенжетайды ұратын төрені (С.Мұқанов). Мұнда да әлгі деген сөзден кейін қойылған үтір ол сөздің Кенжетай деген емес, төре деген сөзге қатысты екенін көрсетеді.

Бір деген белгісіздік есімдігі мен соған жалғас келген анықтауыштың арасына үтір қойылмайды. Мысалы: Жиренше таңертең Құнанбай аулына бір әдемі тарғыл тазы ертіп келді (М.Әуезов). Осы, саған бір айтатын сөзім бар. Егер бір деген есімдік екі бірыңғай анықтауыштың арасында тұрса, ол өзінен кейінгі анықтауыштың құрамына енеді де, үтір алдынан қойылады: Баяғыда айлакер, бір ку түлкі болыпты (Ертегіден).

Бірыңғай мүшелердің арасында қайталамайтын мен, және деген жалғаулықтар тұрса, үтір қойылмайды. Бұлар екі бірыңғай мүшенің арасында немесе бірнеше бірыңғай мүшенің ең соңғысының алдынан, я болмаса жұп-жұп болып тұрған екі бірыңғай мүшенің арасында қолданылады: Бұлардың артында Ербол мен Баймағамбет бір бөлек келеді (М.Әуезов). Махаббат, қызық, мал мен бақ, Көрінүші еді досқа ортақ (Абай). Ол да Байжанға ауданның қазіргі және

болашақтағы шаруасын білетін адам боп көрінеді (С.Мұқанов). Бірғақ – ой мен сезімнің, жан мен тәннің қосылып салар әні (Ғ. Мүсірепов).

Да шылауы қайталамай, екі бірыңғай сын есім, үстеулерден болған мүшенің арасында келсе, үтір қойылмайды. Мысалы: Тәжік – қатал да тағы табиғаттың бермесін еңбегімен еріксіз алып өскен ел. Дененің бар қозғалысы белгілі бір еңбек ырғағын тауып, тез де өнімді қимылдайды (Ғ.Мүсірепов). Қызғанышқа жеңгізген жас жүрек кінәшыл да әділетсіз (М.Әуезов). Даусы ащы да қатал, зілді де кекті шығады (Ғ.Мүсірепов). § 83. Да шылауы етістіктен болған екі бірыңғай баяндауыштың арасында қайталамай келсе, да-дан кейін үтір қойылады. Мысалы: Таныды да, таң болды. Жабыларсың, таларсың да, жерсің! Бұның балдызына үйленген жандарал төрені сүйетін де, сүйейтін (М.Әуезов). Сайра да, зарла, қызыл тіл (Абай).

Ескерту. Құрмаласқа енген жай сөйлемдерді байланыстырып тұрған да шылауынан кейін де үтір қойылады. Мысалы: Бұл жерлерге келгенде, Биденко мен Горбунов ескі тамның түбіне бой тасалап отыра қалады да, Ваня ілгері барып жер шолып келеді (В.Катаев).

Бір мағынаны беретін, бірақ екеуі де ашық райда айтылатын күрделі етістіктің арасында келген да шылауынан кейін үтір қойылмайды. Ол етістіктер бірыңғай мүшелер болып табылмайды: олардың соңғысы өз алдына лексикалық мағынасы жоқ көмекші етістік болады да, алғашқысын көсемше тұлғасына салып айтуға келеді. Мысалы: Сол кезде сен егеуді ал да жөнел. – Сен сол кезде егеуді ала жөнел. Жат та қой, бар болғаны сол. – Жатып ал, бар болғаны сол. Шал шанасынан секіріп түсіп, жүгіре басып, жаяу жүрді де отырды. – Шал шанасынан секіріп түсіп, жүгіре басып жаяу жүріп отырды. Мың жылқым қатар тұрып су ішетін суат ойылды да қалды. – Мың жылқым қатар тұрып су ішетін суат ойыла қалды (барлық сөйлемдер «Ертегіден»). Дауыл көтерілді де, төңірек ұйытқыған қалың қар болды да кетті (С.Мұқанов). – Дауыл көтерілді де, төңірек ұйытқыған қалың қар болып кетті.

Да жалғаулығы әр бірыңғай мүшеден кейін қайталап келсе, үтір қойылады: Көңілім қалды достан да, дұшпаннан да (Абай). Жер де, көк те тұптұнық, қап-қара (С.Мұқанов). Бала қыран алғыр да келеді, албырт та келеді (Ғ.Мүсірепов). Не, немесе, я, яки, әрі, әлде жалғаулықтары әр бірыңғай мүшенің алдынан қайталап келгенде, бірыңғай мүшелердің араларына үтір қойылады. Мысалы: Теріскейден соққан желдің екпіні әрі күшті, әрі суық (С.Мұқанов). Я алшымнан, я тәйкемнен түсетін күннің есігі бүгін ашылғандай (Ғ.Мүсірепов). Айтып тұрғаның әлде шын, әлде өтірік. Ендеше әрі сұлу, әрі ірі, әрі жорға бурыл атты мініп жүру қандай тамаша! (С. Мұқанов). § 87. Не, немесе, я, яки, әрі, әлде жалғаулықтары қайталанбай, екі бірыңғай мүшенің арасында тұрса, үтір қойылмайды. Мысалы: Есін жиғанын не оянғанын Асқардың өзі де білмейді (С.Мұқанов). Бұл жердің топырағы – құнарлы әрі қара топырақ. Бүгін біз киноға немесе театрға барамыз. Ол жолдасының сөзін қорқынышпен әрі құмарланып тыңдады.

Ескертулер. 1. Бұл ережені немесе, яки жалғаулықтарының оңашаланған мүшенің құрамына келген жағдайындағы тыныс белгісімен шатастырмау керек. Ол туралы §70-ты қараныз. 2. Бұл жалғаулықтар қайталанбай, құрмалас сөйлемдегі екі жай сөйлемнің арасында тұрса, алдарынан үтір қойылады. Мысалы: Мұндағылар егін басына барады, немесе егіс басындағылар мұнда келеді.

Бір сөз бірдей не әр түрлі тұлғада қайталап айтылса, араларына үтір қойылады. Олар қатар да, араларына сөз салып та келе береді. Лаула, жан, костёрден от, лаула, лаула! Келіндер, кел, балалар, от жағуға! Жүйткіді поезд, жүйткіді! (Н.Байғанин). Жантық-ай, бері келші, бері (Ғ.Мүсірепов). Малға апарып салсам, сиыр екеш, сиыр да мұрнын шүйіріп жемейтін (“Аяз би” ертегісінен). Ол үйінде отырса, отырсын. Солай болса, болсыншы. Молдадан оқымасан, оқымай-ақ қой, шырағым (С.Мұқанов). Бұларды дефиспен жазылатын қос сөздермен шатастырмау керек.

Екі бірыңғай мүшенің арасында келетін бірақ, дегенмен, алайда, сонда да деген жалғаулықтар мен сондай-ақ, сонымен бірге деген тіркестердің алдынан үтір қойылады. Мысалы: Абай өлеңдерінде, сондай-ақ публицистикалық әңгімелерінде баланы тәрбиелеу деген мәселеге үлкен мән берді.

Бірыңғай мүшелердің әрқайсысынан кейін сұраулық шылаулары, болсын деген сияқты сөздер қайталап келе береді, мұндайда бірыңғай мүшелердің араларына үтір қойылады: Тал-терегі болсын, тау қайыңы – қисықша қызылқайың болсын – барлығы да көктеп жайнап тұр (М.Әуезов). Желдің бе, қасқырлардың ба – әлдененің ұлыған үні жер-көкке сыймай тұрған сияқтанады (С.Мұқанов).

Үн жоқ, түн жоқ; ұзын арқан, кең тұсау; бір сырлы, сегіз қырлы; апы кіріп, күпі шығып; алты аласы, бес бересі; күн демей, түн демей; о жақ, бұ жағы сияқты күрделі қос сөздердің арасына, бірыңғай мүшелерге қойылғандай, үтір қойылады. Мысалы: Ол бір сырлы, сегіз қырлы жігіт еді. Қос салт атты үн жоқ, түн жоқ жүріп келеді. Ол әңгіменің о жақ, бұ жағынан бір шығып отыр. Жалпылауыш сөз бірыңғай мүшелерден бұрын тұрса, жалпылауыш сөзден кейін қос нүкте қойылады. Бірыңғай мүшелерден кейін сөйлем аяқталмаса, бірыңғай мүшенің ең соңғысынан кейін сызықша қойылады: Үш-ақ нәрсе – адамның қасиеті: ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек (Абай). Бұл өлең жолдарының қара сөзбен айтылатын құрылымы мынадай болар еді: Адамның қасиеті – үш-ақ нәрсе: ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек. Мұнда жалпылауыш сөз – үш-ақ нәрсе (баяндауыш). Бұл сөйлем бірыңғай баяндауыштармен аяқталып тұр. – Бұл үйдің жаны нешеу? – деді Итбай сөз бастау үшін. – Үшеу: Балтабек, қатыны, қарындасы, – деді Бүркітбай (С.Мұқанов). Бұл сөйлемнің толық түрі: Бұл үйдің жаны үшеу: Балтабек, қатыны, қарындасы болар еді. Сөйледі Жамбыл бәріңе: Жасың менен кәріңе (Жамбыл).

Ескерту. Жалпылауыш сөзді бірыңғай баяндауыштардың алдынан келген бастауышпен шатастырмау керек. Сырт қарағанда, жалпылауыш сөз сияқты болып көрінетін бастауыштан кейін қос нүкте қоюға болмайды. Ол үшін сөйлемнің бастауышы мен баяндауышын іздестіру керек. Мысалы, Көмірдің көп шығатын жерлері – Украинадағы Донбасс, Шығыс Сібірдегі Кузбасс, Қазақстандағы Қарағанды деген сөйлемде бастауыш – жерлері, одан кейінгі сөздер – бірыңғай баяндауыштар. Ал осы сөйлемді Көмірдің көп шығатын жерлері: Украинадағы Донбасс, Шығыс Сібірдегі Кузбасс, Қазақстандағы Қарағанды – ТМД елдерінің байлығы болып табылады деп өзгертсек, бұл сөйлемде жерлері – жалпылауыш сөз, одан кейінгілер бірыңғай бастауыштар, баяндауыш – байлығы болып табылады деген сөздер болып шығар еді. Сондықтан алғашқы мысалда баяндауыштары да атау тұлғадағы зат есімнен жасалғандықтан, жерлері деген атау тұлғадағы бастауыштан кейін сызықша қойылады.

Екінші мысалда жерлері деген жалпылауыш сөзден кейін қос нүкте, ал бірыңғай мүшелердің аяқталған жеріне сызықша қойылады.

Жалпылауыш сөз бірыңғай мүшелерден кейін келсе, жалпылауыш сөзден бұрын сызықша қойылады. Бірыңғай мүшелерден кейін жалпылауыш сөз болып келетіндер, көбінесе, бәрі, барлығы, баршасы, күллісі, бірі деген есімдіктер және сан есім аралас басқа есімдер болады: Ортасында Құнанбай, Бөжей, Байсал, Қаратай, Сүйіндік, Майбасар – бәрі бар (М.Әуезов). Жылаған Тоғжан, жылаған Бөжей қыздары, барлық қаралы көш... қаралы киім, тұл ат – баршасы осы барлық қауымның қайғысын да Абайға өзгеше терең түсіндірді (М.Әуезов). Жандармдар қораны, шардақты – бірін қоймай тінте бастады (М.Горький). Алма, Жанат – екі қыз бір анадан туғандай, бір қалыптан шыққандай, бір ауылда ер жетті (Ғ.Мұстафин). Көбі шалдар, өзгелері жастар – он шақты адам қатарласа сөйледі (Ғ.Мүсірепов). Жинақтаушы мәнде қолданылған кейбір зат есімдер де, оның ішінде мөлшерлі сан есіммен келгендері де жалпылауыш сөз бола алады: Екі ақсақ, бір жел аяқ – үш боздақ енді базарға қарай бет алдық (Ғ.Мүсірепов).

Ескерту. Жалпылау сан есімдерінен болған жалпылауыш сөзден бұрын сызықша қоймаса да болады: Ішінде отырған Мәкіш, Салтанат, Ербол үшеуі Абайға қарсы қуана ұмтылысты. Мәкіш, Ербол екеуі Абаймен құшақтасып амандасты (М.Әуезов).

Бірыңғай мүшелер мен олардан кейін келетін жалпылауыш сөздің арасында қыстырма сөз (не қыстырма тіркестер мен сөйлем) тұрса, қыстырма сөзден бұрын сызықша, соңынан үтір қойылады. Мысалы: Электр станциясының салынып біткен мерекесіне арналған митингіге жас та, кәрі де, оқушылар да, бөбектер де – қысқасы, ауыл адамдарының бәрі тегіс келді.

Бірыңғай мүшелерден бұрын тұрған жалпылауыш сөзден кейін мысалы, атап айтқанда деген сөздер келсе, олардың алдарынан үтір, соңынан қос нүкте қойылады. Мысалы: Бірсыпыра ірі өзендеріміз, мысалы: Лена, Обь, Енисей – Солтүстік мұзды мұхитқа құяды. Адам баласының тамаша қасиеттері, атап айтқанда: табандылық, ерлік, қайсарлық – оның бойынан табылады.

Көбінесе бірыңғай мүшелерден кейін келетін тағы басқалары, тағысын тағылар, тағы сондайлар деген сөздердің толық не қысқарған түрлері келсе, бұлардан бұрын, яғни бұлардың алдынан үтір қойылмайды, өйткені бұл жердегі “тағы” сөзі және деген жалғаулықтың қызметін атқарады. Мысалы: В.В.Радлов, Н.Ф.Катанов, С.Е.Малов, Н.А.Баскаков т.б. ғалымдар түркі тілдерін топтауда құнды еңбектер берді (К.Аханов). Мыналар элемент болады: оттегі, темір, күкірт, сынап, цинк, мыс т.т.

Бақылау сұрақтары:

- 1 Оңашаланған айқындауыштың алдынан неліктен сызықша қойылады?
- 2 Бірыңғай мүшелердің арасына неліктен үтір қойылады?
- 3 Жалпылауыш сөздердің тыныс белгілері қандай?

1-жаттығу. Мәтіннен оңашаланған айқындауышы бар сөйлемдерді тауып, тыныс белгілерін қойып жазыңыз.

Он мың метр теңіз түбіндегі тіршілік жуырда осыдан бірнеше ай бұрын шетел баспасөздерінде Данияның «Галатия» дейтін кемемен сапарға шыққан океанографиялық экспедициясының теңіз түбін зерттеуде жүргізген жұмыстарының қорытындысы жарияланды.

Экспедиция тамаша жаңалықтар ашқан экспедиция негізінен зерттеу жүргізген Филиппин құламасының тереңдігі соншалық оған Эверест тауы түгел бойлап кетерлік екен ғалымдар болат сымға байланған қажет еткен тереңдікте ашылып – жабылатын сүзекі торды 10190 метр теңіз тереңдігіне түсіріп көрді бұл тор 7 текшеметрлік алаңдағы жәндіктерді бірден сүзіп алады бас – аяғы екі сағаттың ішінде зерттеушілер теңіз тұңғығынан адам айтқысыз көп тастар мен ірі жәндіктер ұстап сыртқа шығарды.

Экспедицияның хабарына қарағанда 7 мың метр тереңдіктен әрі қарай суда балық болмайды екен одан әрі тұңғыықта жабайы жәндіктер – бактериялар ұлу құрттар шаяндар – өседі.

Өмір бойы сонда қараңғы түн түнегіндей теңіз түбінде өзінің жемін ұстау үшін «шам жағып» жүзіп жүретін құбыжық балықтар көзі жоқ бірақ оның есесіне тұңғыықта өмір сүру үшін лайықталғандай ұзын қанаттары бар балықтар да кездеседі.

2- жаттығу. Бірінғай мүшелері бар жеке сөйлемдерді текістен көшіріп жазып, ережесін еске түсіріңіз.

Шынының жаңа қасиеті

Адамның шыны өндіре бастағанына 5 мың жылдан аса уақыт өтті. Шыныдан жасалған бұйымдар күнделікті тұрмыста кең таралған. Олардың құрамына кремний, кальций, натрий, калий, алюминий, магний, қорғасын және оттегі элементтері кіреді. Шыны заттардың бәріне тән қасиет – сынғыштығы. Химияның соңғы табыстарды шынының жаңа қасиетін ашты. Соңғы жылдарда шынының құрамына жоғарыда аталған элементтерден басқа цезий, титан, вольфрам тағы басқа сирек кездесетін элементтерді қосу арқылы, оның жаңа сорты алынды. Бұл болаттан қатты, алюминийден жеңіл, тотықпайтын шыны. 35000 градустан аса температураға төзімді, соққыға шыдамды болып келеді. Шынының бұл сорттары өнеркәсіпте көп қолданылуда.

Ұстаз ойы

Жамал Төлендиевна ойланып тұр. Жазық маңдайындағы әжім сызықтары бір жиырылып, бір жазылады. Қарсы алдындағы сыры тозыңқыраған мына есіктен қазір ғана Сауле шықты. Бұрын көрмеген баласы болса да, аз күннің ішінде оны әбден таныған секілді. Елгезек, жайдары, сүйкімді тұлғасына мінезі сай, ілтипатты жан. Біле білсе, осы Сәуле өзінің оң қолы. жалғыз Сәуле ғана ма? Екі жылдан бері класс жетекшісі болып келе жатқан алтыншы кластағылардың бәрі де өзіне жәрдемші. Отыз жылдан астам педагогикалық өмірінде осындай бұлдіршіндердің қаншасын қанатын қатайтып, түлетіп

өсірді. Осылардың бәрі де мінезіне қарай, ой – санасына қарай бірдей емес еді. Ол – адам болу, халық үшін қызмет ету. Кейінгі кезде қарт ұстаздың ойы – өткен мен бүгінді жалғастыру болды...

3- жаттығу. Біріңғай мүшелері бар жеке сөйлемдерді текістен көшіріп жазып, ережесін еске түсіріңіз.

Салақбай

Әжесі құлағына қанша құйса да, Салақбай ұқыптылыққа үйренбей- ақ қойды. Даладан келгенде, табалдырықтан аттамай жатып малақайын бір жаққа, пальтосын бір жаққа, қалай болса, солай лақтыра салады. Қашан да әжесі жинап, тап – тұйнақтай етіп бір жерге іліп жүргені.

Бір күні алакөбеден оянған Салақбай сабаққа барайын деп, киімін іздесе, күндегі тұратын орнында жоқ . Әрқайсысы шашылған жерінде қалса керек. Ешкім жинамапты. Салақбай бөлменің ішінде аласұрып есі шықты. Асып – сасқан шақта іздеген нәрсең табылушы ма еді? Сабақ басталатын уақыт таянып қалды. Әбден жанталасқан Сақбай бір кезде оңай амал тапты – ол үй ішінде қолына іліккен киімді кие салып, мектепке қарай ұшты.

Бірақ оның есесіне, атасы тымақсыз, әжесі күпісіз, ағасы етіксіз, тәтесі пимасыз қалды.

4-жаттығу. Текстен жалпылаушы сөздері бар сөйлемдерді тауып көшіріп, олардың тыныс белгілерін қойып жазыңыздар.

Ұлт ойындары

Ауыз әдебиетінің қысқа түрлері бесік жыры ана сөзі ертегі жаңылтпаш жұмбақ тақпақ ойындар ел арасында көп жайылған ойындар асық ойынының неше түрі отырып ойнатып тұрып атып ойнайтын лекек доп ақсүйек қарабие тоқтышақ қарақұлақ айгөлек ойындары дене шынықтыруға жүйріктікке шыдамдылыққа тапқырлыққа жаттықтырмай ма есепке үйрететін ойындар мыналар тоғыз құмалақ дойбы ойындары.

Бірақ тұрмыс жаңаланған сайын халық мәдениеті өскен сайын ұлт ойындарының біразы өзінен өзі ескіріп ұмытылады мысалы бүгінгі мектеп оқушылары мен пионерлерге тоқтышақ қарабие қарақұлақ ойындарының бәрі ерсі ыңғайсыз болып көрінуі мүмкін.

Колхоз совхоз орталықтарында клуб қызыл мүйіс бәрі ұйымдасқан жастардың ойын орны стадиондар доп каток мұз сырғанағы бәрі тәртіпті қалыптасқан бейнеде ұйымдастырылады қазақ халқының ертеден әдетіне сіңген ұлттық қалпына жарасымды кейбір спорттық мәні бар ойындарды «алтыбақан» «әйгөлек» «ағаш аяқ» «кұр - құр» «серке тарту» «салма алу» «теңге алу» «сайыс» тағы басқа әлденеше ойындарды жастар ойнады.

5-жаттығу. Мына сөйлемдердегі бірыңғай мүшелердің бір-бірімен мағыналық қатынастарда, қандай тәсілдер арқылы байланысып жұмсалғанын түсіндіріңіздер; бірыңғай мүшелері әрі дауыс ырғағы арқылы байланысқан

сөйлемдер мен бірқатары дауыс ырғағы арқылы, бірқатары жалғаулық арқылы байланысқан сөйлемдерді көрсетіңіздер.

Абай мен Ұлжан сескенді де, Зеренің қасын күзетті. (М.Ә.) 2. Дарвиннің еңбектерінен асығып-саспайтын сабырлық пен адалдық та, іс жүзінде әбден тергелген ақиқат та, кішіпейілділік те ап-айқын көрініп тұрады. (К.Т.) 3. Айнала бірде аққұтанның әдемі сапарларында желбіреген ақ селеулі дала, бірде қызыл бұйра тобылғылы, жасыл қоңыр қарағанды адырлар, шоқылар, таулар, бірде көк ала қамысты көлдер, бірде сары ала жон белестер кездесіп қалып жатыр. (С.С.) 4. Жылтыр, қою қара қасы бар, ажарлы, үлкен қара көзді, қырлы кесек мұрынды және әдемі қиылған, қысқа мұрты бар қара сұр жүзді Дәрмен Долговқа анық кавказ типінің бірін елестетеді. (М. Ә.) 5. Ендеше, мен ғана емес, сен де оқы...(С.М.) 6. ...Манас тағы да ақырын дауыспен, бірақ зілді, ызғарлы үнмен бұйрық етті. (М.Ә.) 7. Тоқабай есікті сыртынан мықтап тіреді де, атына мінді. (Ғ. Мұст.) 8. Осы үйге Құнанбай балалалары ... тай, жабағы әкеліп немесе ту бие әкеліп сойғызып тастайды. (М.Ә.) 9. Дауысы ащы да қатал, зілді де кекті шығады...(Ғ.М.) 10. Биылғы қыстың басы адамға да, малға да әзір аса жайлы боп тұр. (М.Ә.) 11. Болысекең кейде паң, кейде мүләйім, кейде жұмсақ. (Ғ. Мұст.) 12. Бірнеше күннен кейін мен, әжем және апам – бәріміз кемеде, кішкене каютада, келе жаттық. (М.Г.) 13. Ол сасқанынан арбаға бір мінді, бір түсті. (С.М.) 14. Абай осы кеште болған өз халін бұл түнде де, ертеңінде де түсіне алмай кетті. (М. Ә.)

6-жаттығу. Бірыңғай баяндауыштарды сипаттаңыздар.

а) 1 пунктте берілген сөйлемдерден бірыңғай баяндауыштарды табыңыздар да, етістік баяндауыш, есім баяндауыш, құрама баяндауыш екенін, қандай рай, шақ тұлғасында қолданылып тұрғанын, айырым мағыналық қатынасы мен байланысу тәсілін айтыңыздар.

ә) II пунктте келтірілген сөйлемдерді көшіріңіздер; бірыңғай баяндауыш түрлерін салыстырып, айырмашылығын түсіндіріңіздер.

I. 1) Жұман бай Көпей бәйбешенің бір қапысын таппай да қалған емес, зекімей де қалған емес. (Ғ. Мұст.) Қағаз арқылы алуан түрлі адамдармен сөйлесіп шытынады, жымияды, біресе ойға кетеді. (Ғ. Мұст.)– Бар да ұйықта. (А. Мак.) Жұмабай баланың пішініне ырза болып қарады да, үндемеді. (М.Ә.) Жұманды жұрт ұната алмайтын да, Көпейді қия алмайтын. (Ғ. Мұст.). 1) Қора іші – жеміс және гүл бақшасы. (С.М.) Өлім – ел жазасы емес, ер қазасы... (М.Ә.) Ақбұйратты басқаратын –сіз бе, мен бе? (Ғ. Мұст.) Мағаштың хаттағы тілі әрі нәзік, әрі сезімтал жүректен туған, әрі шешен, көркем. (М.Ә.) Көбінің жүзі ақшыл не қызғылт сарғыш. (М.Ә.)

II. 1) ... көп үйлі ауыл – Абайдың екі шешесі Ұлжан мен Айғыздың ауылы. (М.Ә.) 2) Ол бірде биік, бірде аласа, бірде қатал, бірде жұмсақ мінезді, бірде шешен, бірде сараң сөзді еді. (Ғ. М.) Бұған көңуге, төзуге болмайды. (М.Ә.) Ауыз үй қазір кеңейіп те, биіктеп те кеткен. (Ғ.М.) Кеше кеш бойы

Оспан отауында Мұхаметжан Абай сөздерін әрі оқып, әрі жылап берген. (М.Ә.)3) Кіре галошын шешіп, жоғары шықты. (С.Е.) Содан бері қыс сонда бала оқытып, жаз елде болады. (Б.М.) Ұзақ кеш бойында бір жанып, бір тоңазыды. (М.Ә.) Ғабитқан біресе Тәкежанға қарап, біресе қамшыға қарайды. (М.Ә.) 4) Ерте де түгендейді, кеш те түгендейді. (Ғ.М.) Тас үтетін екі тиірмен, екі елек әрі үлгере алмайды, әрі ірі жібереді. (С.С.) Жаяу да жүрдік, машинаға да міндік...(Ғ.М.) Бұл жолы ол әрі ұзақ ұйықтады. (В.К.)

9-тақырып. Құрамалас сөйлемдердің тыныс белгілері

Жоспары:

- 1 Салалас құрамалас сөйлемдерде қойылатын тыныс белгілері.
- 2 Сабақтас құрамалас сөйлемдерде қойылатын тыныс белгілері.

Салалас құрамалас сөйлемдерде қойылатын тыныс белгілері. Бір мезгілде немесе бір-біріне ұласа болған істі білдіретін, салаласа құрамаласқан жай сөйлемдердің арасына үтір қойылады: Итбай мен Горбунов дойбы ойнап отыр еді, терезеден айғай шықты (С.Мұқанов). Қартайдық, қайғы ойладық, ұлғайды арман (Абай). Кенет Сержка Валяның қолынан ұстай алды, екеуі үйдің жарына жабысып тұра қалды (А.Фадеев). Осы минутта қайнаған самауыр көтеріп қожайын кірді, мен бастаушымызды шайға шақырдым, мужик төмен түсті (А.С.Пушкин). Тас еді, шаң еді, азап еді, кір еді, енді, міне, мыс болып жүріп кетті, күміс болып кейін оралады (Ғ. Мүсірепов). § 98. Мағына жағынан іліктес болғанмен, азды-көпті бөлектеніп тұратын, көбінесе өз ішінде үтірлері бар жай сөйлемдердің арасына нүктелі үтір қойылады. Мысалы: Сүйінбай: “Кедей жұртының тілін жақсы ұғын; өзіңнің әдемі жырыңмен тек халқыңа ғана қызмет ет; шыңырау құдықтың терең түбінен су алғандай, жырыңды жүрегіңнің терең қойнауынан шығар!” – деді (Жамбыл). Қазақстан өлкесі Нелер зауыт салынған; Неше жылғы көмбенің Тыныштығы алынған; Байлығы теуіп сыртына Жондарынан жарылған; Отан үшін қажеттің Бар керегі табылған (Н.Байғанин).

Жалғаулықсыз салаласқан жай сөйлемдер бір-біріне түсінік болып, яғни соңғысы не соңғылары алдыңғы сөйлемнің мазмұнын ашып тұрса, араларына қос нүкте қойылады. Мысалы: Аюлар үйде жоқ; олар орман ішіне серуенге кеткен еді. Қос нүкте түсіндіріліп тұрған сөйлем мен түсінік болып тұрған сөйлемдердің арасына қойылады, ал түсінік болып тұрған сөйлемдердің өзі бірнеше жай сөйлем болуы мүмкін, онда олардың араларына үтір қойылады. Мысалы: Құттыбай ауылы күздікке екі жарылып қонды: төрт-бес үй Алтаймен бір бөлек, бес-алты үй Асанмен бір бөлек. Ағайынды бұл үшеуінің жас мөлшерлері бір-біріне жақын: Балтабек жиырма алтыда, Темірбек жиырма төртте, Кенжетай жиырма екіде. Мінезі де денесіне ұқсас: орнығып отыра да алмайтын, ұқыптап іс те істей алмайтын сабырсыз, қайғыға да, қуанышқа да шыдай алмайтын күйгелек, жоққа шытырлай қалатын тығыз, өзінен басқаның ісін ұнатпайтын кінәмшыл, басқаға жақсылық қылмайтын қызғаншақ (С.Мұқанов).

Құрмаласқа енген жай сөйлемдерді байланыстырып тұратын бірақ, сонда да, алайда, сондықтан, дегенмен сияқты жалғаулықтар түсіп қалып айтылғанда, олардың орнына үтір мен сызықша қойылады: Үйде шешен, – дауда жоқ (Мақал). Тұрайын деп еді, – тұра алмады. Есіктің киізін олай итерем, бұлай итерем, – ашылмайды (С.Мұқанов). Аяп келдім, – айта алмадым (Ғ.Мүсірепов). Елге мойнымды созам, – көрінбейді. Манайға мойнымды созам, – дәнеңе жоқ (С.Мұқанов). Біз Алатаудай ел едік, – теңемек болды ойға жау (Жамбыл). Аяғы жоқ, – жүреді, аузы жоқ, – сөйлейді (Жұмбақ).

Өйткені, себебі сияқты жалғаулықтар түсіп қалып жасалған салаластарда жай сөйлемдердің арасына қос нүкте қойылады. Мысалы: Мен жиналып үлгеретін болдым: пойыз кешке жүреді екен. Салған әні жан-дүниемізді балқытты: даусы аса әсем екен.

Салаласқа енген жай сөйлемдегі іс шұғыл болса, немесе біріндегі іске екіншісіндегі қарама-қарсы қойылып айтылса, араларына сызықша қойылады. Мысалы: Тептім – терекке шықтым (Жұмбақ). Толқып теңіз бір уақытта Сарқырап кеп шайқалды ол Қалып қойды жағада сол Отыз үш ер кіл қаһарман (А.С.Пушкин). Ти десем – тимейді, тиме десем – тиеді (Жұмбақ). Айтты – көндім, алды – бердім, енді өкіндім, өзіме аз (Абай).

Да (де, та, те), әрі, не, немесе, яки, біресе, бірде жалғаулықтары салаласқа енген жай сөйлемдердің әрқайсысында қайталап келсе де, қайталамай келсе де, жай сөйлемдердің арасына үтір қойылады. Мысалы: Біз Балқашқа баратын поезды күттік те, ол Петропавл поезымен со күні кешке Алматыға аттанды (М.Иманжанов). Күн де шықты, біз де тұрдық. Біресе себелеп жаңбыр жауады, біресе қиыршақтап қар жауады.

Салаласқа енген жай сөйлемдердің арасында және жалғаулығы тұрса, үтір қойылмайды. Мысалы: Үйге берілетін тапсырмаларды оқушылар өз беттерімен орындай алатын болсын және ол жаттығулар үлкен болмасын. Бұл биенің құлыны да өзіне тартқан бурыл болады және бұл бие ерте құлындайды (С.Мұқанов).

Салаласқа енген жай сөйлемдер бірақ, өйткені, сондықтан, дегендей, алайда, әйтсе де, ал деген жалғаулықтармен байланысса, үтір олардан бұрын қойылады: Жарты сағаттан кейін атқа қондым, ал Савельич қала адамдарының бірі тегін берген көтерем ақсағына мінді (А.С.Пушкин). Жұрт Павелді қоршап тоқтай қалды, бірақ ол алға жарып шықты (М. Горький). Күн бұлттанып-ақ тұр еді, алайда жауа қоймады. Бірақ, өйткені, сондықтан, дегенмен, алайда, әйтсе де, ал деген жалғаулықтар жеке сөйлемнің басында келсе, олардан соң үтір қойылмайды. Кейде бірақ, дегенмен, алайда жалғаулықтары жеке жай сөйлемнің ортасында келулері мүмкін. Онда да алды-артынан үтір қойылмайды. Мысалы: Асқар ұзақ уақыт ұйықтай алмады. Бірақ жатқан қалпынан тырп етіп қозғалған жоқ (С.Мұқанов). Сондықтан да соңғы бір-екі күн бойында Татьянаны ақын өз елінің тілімен сөйлете бастап еді (М.Әуезов). Анық-ақ көрген кісім. Ал сонда қайда көрдім. Сүйген қызымды қолтықтап, мен өз елімнің кең көшесінде аяғымды алшақ басамын. Алайда айналамда не болып жатқанына көзімді жұма қарайтын парықсыз, тоғышар жан мен емес (М.Иманжанов).

Ескерту. Ал, бірақ, дегенмен, алайда, өйткені, сондықтан деген жалғаулықтар сөйлем басында келіп, олардан кейін оқшау сөздердің бірі тұрса, жалғаулықтардан соң үтір қойылады. Бірақ ол жалғаулыққа байланысты қойылған үтір болмайды, оқшау сөздің алдынан қойылған үтір болады. Мысалы: Бірақ, шынында, олай емес-ті, Сережка адастырмайтын (А.Фадеев). Ал, шырақ, әңгіменді айта бер. Дегенмен, сайып келгенде, еңбек адамымен ұғысу да, достасу да, сырласу да оңай орайласатыны анық (М.Иманжанов). Ал, бірақ, дегенмен, алайда жалғаулықтары қатар келгенде, өз араларына үтір қойылады: Ал, бірақ “білімсізбін” деп өзіңді өзің әдейілеп кемітуіңізге жол болсын (М.Иманжанов). Бірақ, дегенмен өзі қорықпайтын бала екен. Ал, дегенмен әңгіменді айтып көр.

Құрмаласқа енген алғашқы екі-үш немесе одан да көп сұраулы сөйлемдердің арасына сұрау белгісі емес, үтір қойылады. Қарт үнсіз тұрып қалған екі жас сөйлессін деді ме әлде жылқыны аралап қайтқысы келді ме, Борашқа иығын көтерді де, ылдиға қарай жорта жөнелді (М.Иманжанов). Сам жамырай бастағаны ма, жоқ, батар күннің жауын бұлты арқылы себездегені ме, әйтеуір, батыс жақта, көкжиек үстінде сарғыш мұнар сәуле бар (М.Әуезов). **Сабақтас құрамалас сөйлемдерде қойылатын тыныс белгілері.** Сабақтаса құрмаласқан жай сөйлемдердің араларына, негізінен, үтір қойылады. Мысалы: Сол жылы Есіл мол тасып, жаз жаңбыр да жауып, егін мен шөп тамаша көп шықты. Ойы ұнамды шыққасын, Ботагөз қуанып кетті. (С.Мұқанов). Білсең, отыр (Ғ.Мүсірепов). Баймағамбет тұрып есікті ашқанда, ар жағында тыстан қайтып келе жатқан Әйгерім көрінді (М.Әуезов). Жердің үстіндегі Ер Төстік жердің астына түсті дегенге, соның жолдасы болайын деп, жолын тосып жүрген адаммын (“Ер Төстік” ертегісінен). Әдетте шартты бағыныңқылы сабақтастың жай сөйлемдерінің арасына үтір қойылады. Ал баяндауышы шартты райдан жасалған бағыныңқы сөйлемге ерекше мән беріле айтылса, немесе басыңқыдағы іс шұғыл, күтпеген уақиғаны білдірсе, сызықша қоюға болады: Ұрса – құлашы, сыбанса – білегі, ашылса – жүрегі, түйсе – жұдырығы көз тойдырады (Ғ.Мүсірепов). Бұл сөйлем – төрт сабақтастан құралған құрмалас. Әр сабақтастың өзі толымсыз бір бағыныңқылы, бір басыңқыдан құралған. Ол ұрса – құлашы көз тойдырады, ол сыбанса – білегі көз тойдырады...Тағы бір мысал: Көзімнің оты жарқ ете қап, дуылдай жөнелген мұрнымды алақаныммен тоса қойып ем, жып-жылы бірдеме сорғалай жөнелді, байқасам – шұбырған қан! (С.Мұқанов).

Бағыныңқы сөйлем басыңқының ортасында келсе, үтір екі жағынан қойылады. Мысалы: Абай, Әбдірахман атқа мінетін болған кезде, үйден бірге ере шықты. Оспан, Жиренше қой деген сайын, сақ-сақ күліп, иттерін өшіктірді. Ол бұл жерге, Абайды керек еткен адвокат келсе, не тергеуші начальник келсе ғана, кіретін (М.Әуезов). Көңілің, суын ішсең, ашылады (Ы.Алтынсарин).

Бастауыш екі жай сөйлемге ортақ болса, ол қайсысымен айтылып тұрса, сонысына қатыстырылады: Абай Қарқаралыдан қайтқан соң, атқа мініп ел аралаған жоқ (М.Әуезов). Немесе: Қарқаралыдан қайтқан соң, Абай атқа мініп ел аралаған жоқ. Ал осы сөйлемнің тыныс белгісін: Абай, Қарқаралыдан қайтқан соң, атқа мініп ел аралаған жоқ деп қою дұрыс емес.

Тұлғасы жағынан бағыныңқылы сөйлемнің баяндауышына ұқсас болып келетін сөздері бар сөйлемнің бәрі бірдей құрмалас бола бермейді. Сондықтан ондай сөйлемдердің тыныс белгісін құрмаласпен шатастыруға болмайды. Олар:

1. Болса деген сөзбен келетін күрделі бастауышты немесе күрделі анықтауышты сөйлемдер. Мұндайда болса деген сөз алдындағы сөздің мағынасын баса, айырып атау үшін қолданылады және оны алып тастағаннан сөйлем мағынасы ақсамайды. Демек, мұндай күрделі мүшелерден кейін үтір қойылмайды. Мысалы: Ал Әмір болса сол балалар ішіндегі әнші, өнерлісі боп келеді (М.Әуезов). Мұнда Әмір болса деген тіркес – күрделі бастауыш. Бұл сөйлемді: Ал Әмір сол балалар ішіндегі әнші, өнерлісі боп келеді деп, болса сөзін түсіріп айтқаннан сөйлем мазмұны өзгермейді. Менің болса мұршам жоқ – Менің мұршам жоқ. Бұл сөйлемде менің болса тіркесі – күрделі анықтауыш. Жол болса жалғыз аяқ. – Жол жалғыз аяқ. Мұнда жол болса сөздері – күрделі бастауыш. Осы мысалдарды бағыныңқысының баяндауышы болса деген сөзбен келген мына құрмаластармен салыстырыңыз: Той болса, тон киелік, жүр, баралық (Абай). Мұнда той болса деген сөздер – өз алдына бағыныңқы сөйлем: той – бастауышы, болса – баяндауышы. Сондықтан бағыныңқы сөйлемнен сон үтір қойылады. Ауру адамдар болса, дәрігер күн-түн демей емдеп, әбден жазылғанша дамыл көрмейтін. Мұнда да бірінші сөйлем – бағыныңқы: адамдар – бастауышы, болса – баяндауышы. Демек, бұл жерде үтір керек.

2. Болмаса деген шылаумен келген сөйлемдер. Оларды да баяндауышы болмаса деген болымсыз етістіктен жасалған бағыныңқы сөйлемдермен шатастырмау керек. Екі бірыңғай мүшенің арасында келген болмаса шылауы (немесе дегеннің синонимі) үтірмен ажыратылмайды: Сен кітап болмаса газет оқи тұр – Сен кітап немесе газет оқи тұр. Ол бүгін болмаса ертең келеді – Ол бүгін немесе ертең келеді. Болмаса сөзі бағыныңқының баяндауышы болып келгенде, оның мағынасы «жоқ болса» дегенді білдіреді: Сен, кітап болмаса, газет оқи тұр. Сен, кітап жоқ болса, газет оқи тұр. Лиризм болмаса, эпопея мен драманың прозалығы күшті болар еді (В.Белинский) – Лиризм жоқ болса, эпопея мен драманың прозалығы күшті болар еді.

3. Себеп-салдар пысықтауыштар мен себеп-салдар бағыныңқыларды шатастырмау керек. Әр сөйлемнің өз алдына бастауыш, баяндауыштары жоқ болса, пысықтауыш болады да, үтір қойылмайды. Өз алдына бастауыш, баяндауыштары бар болса, құрмалас сөйлем болады да, үтірмен ажыратылады. Мысалы: Бөжей көп арбасқандықтан Құнанбай тәсілін түкпірлей танушы еді (М.Әуезов). Машина қатты жүргендіктен, біз жолдың жартысынан көбін алдық. Бұл екі сөйлемнің алдыңғысында көп арбасқандықтан деген сөздер – пысықтауыш, өйткені мұнда бір-ақ бастауыш бар (Бөжей), баяндауышы – танушы еді. Екінші мысалда қатты жүргендіктен – бағыныңқының баяндауышы, бастауышы – машина, басыңқының баяндауышы – көбін алдық, бастауышы – біз. Мына сөйлемдерді салыстырыңыз: Ол ұялғаннан қып-қызыл болып кетті. Ол ұялғандықтан, мен әрі қарай үндемедім. Сенің келгеніңе қуанып қалдым ғой. Мәз болады болысың, арқаға ұлық қаққанға (Абай).

4. Дегенде деген сөзбен келген күрделі мүшені баяндауышы сол сөзден жасалатын басыңқымен шатастырмау керек. Күрделі мүше үтірмен бөлінбейді. Мысалы: Сен дегенде ойым таза. Бүлдірген дегенде Абай да елең етіп сұрастыра бастап еді (М.Әуезов). Бұларды мына құрмалас сөйлеммен салыстырыңыз: Командир: «Атыңдар!»– дегенде, біз де оқты жаудырдық.

5. Тұлғасы жағынан құрмалас сөйлемнің бағыныңқысы

сияқты мынадай тұрақты тіркестердің соңынан да, өз іштеріне де үтір қойылмайды: не болса да, қалай болса солай, бірде болмаса бірде, бір күні болмаса бір күні. Мысалы: Бірақ Дәркембайдың бұл үшін неге болса да іркілмей басатыны Абайдың өзіне мәлім (М.Әуезов). Мен қайда болса сонда әлі күнге дейін басқа біреудің құлшылығында жүрмін («Аяз би» ертегісінен). Баласы мен Андрейді бір күні болмаса бір күні тұтқын қып әкетулері мүмкін екенін түсінген ана кейде осылай болса екен деп те тілейді (М.Горький). 6. Тұлғасы жағынан бағыныңқы сөйлемге ұқсас таң ата, таң сарғая, күн шыға, ымырт үйіріле, қас қарая деген тіркестер сөйлем ішінде үтірмен бөлінбейді, өйткені бұларды өз алдына бағыныңқы сөйлем деп санауға болмайды; бұлар бастауыш, баяндауышқа бөлінбейді де (не қарая? немесе қас қайтіп? деп сұрақ қоюға болмайды), тұтасымен қашан? деген сұраққа жауап беретін күрделі мүше болады. Мысалы: Таң сарғая қорғанның артына керуендер жиналды (Л.Толстой). Біз мұнда қас қарая келдік. Жастар ымырт үйіріле клубқа жинала бастады. Бұларды мына құрмаластармен салыстырыңыз: Март туа, біздің елдің қысында шуақты күн басталады (С.Мұқанов). Үлкендер үйден шыға, жастар да жиналып қалды.

Дауыс кідірісі бар жердің бәрі құрмалас сөйлем бола бермейді. Мысалы, алдында күрделі әрі жайылма және көбінесе есімшемен бітетін анықтауышы бар сөздерді айтқанда, дауыс кідіреді, бірақ үтір қойылмайды. Мысалы: Осындай орасан сұлу табиғаттың құшағында туып, балалығын Шортандының түпсіз терең көліне сүңгумен, меруерттей құмына аунаумен, текшелі тастарына өрмелеумен өткізген Асқар ер жеткен соң туған тауының сұлулығымен қанағаттанбайды (С.Мұқанов). Бұл шақтарда недәуір қартайып қалған Ұлжан баласының жүзінен көзін алмай, көп қарады (М.Әуезов). Кенжетай келді деп ойлаған Ботагөз оны қарсы алмақ боп үйден шықса, есік алдында Айбала жүр екен (С.Мұқанов). Өлеңдерде, көбінесе, тармақтың соңы паузамен айтылады, бірақ тиісті жерінде болмаса, тармақ (жол) сайын үтір қойыла бермейді. Мысалы: Әп-сәтте оған әсем аққу Тағы шашып бүрікті су (А.С.Пушкин). Бар тәнін жұлдыз жапқан барқыт түнде Комбайнға күзетші шалмен бірге Далада отырдым мен. Құлағымды Бірдей сап шал сөзіне, басқа үнге (С.Мұқанов)

Тізбек сонда, соншалық, сонша, сондай, сол, мынау, мынадай, себебі деген сөздермен аяқталып, әрі қарай өз алдына сөйлем болып кетсе, бұл сөздерден кейін қос нүкте қойылмай, сызықша қойылады. Мысалы: Горькийдің данышпандығы сонда – ол өз заманының негізгі мақсатын, міндетін терең және толық түсіне білді. Мақал-мәтелдердің ықшам болатын себебі – олар келелі ой, кең мазмұнды бір-ақ ауыз сөзбен айтып, «тоқсан ауыз сөзді тобықтай түюі» керек. Қойнына салған хаттың оған ыстықтығы сонша – төс қалтасында қағаз емес, тірі Дәулеттің соғып тұрған жүрегі сияқты (С.Мұқанов).

Бақылау сұрақтары:

- 1 Салалас құрамалас сөйлемдерде қандай тыныс белгілері қойылады?
- 2 Сабақтас құрамалас сөйлемдерде қандай тыныс белгілері қойылады?

1-жаттығу. Әр сөйлемнен кейін тыныс белгісін қойып, олардың қандай тәсілмен құрмаласып тұрғанын айтыңыздар.

1. Өнер жастан шығады деген екен үлкендер ендігі жерде сол жас өренді оқыту керек (С.Қ.). Жақсының жақсылығын айт құты қашсын (Мақал). Суретті төрге апарып ілді шүберекті столға апарып жайды содан кейін костюмінің төс қалтасынан блокнотын алды (Ғ. Мұст.). Көз алдындағы құбыла қабатқа ұйысқан шексіз қалың орман ортасындағы Аспанкөл оймақтай ғана болып жасылдана мөлдіреді (Ғ. Сл.). Ыбырайдың сөзіне кейін жұрт азды – көпті пікір алысты да екі жылдық ауылдық мектеп үшін үй салынсын деген тоқтамға келді (С. Қ.). Бір жол бар алыс алыс та болса жақын енді бір жол бар жақын жақын да болса алыс (Ғ. Сл.).

2. Бұл күні мен рота, взвод командирлерімен таныстым ішкі тәртіп, әскерлік оқу ережелерін жасадым, шаруашылық түзеу жұмыстарымен шұғылдандым (А. Бек.). Жастар еркін, әсем ән шырқады. Олар біресе бұлбұл нақысты, көп ырғақты «Жиырма бесті» созады біресе назды қоңыр, кең тынысты «Жанбота» шығады (М. Ә.). Құнанбай кейінгі күндері ешкімнің көңілін абыржытқандай ештеңе айтқан жоқ сөйтсе де Зеренің күрсінуі күшті (М. Ә.).

3. Осы кезде мұнда жоғары дәрежелі оқу орындары ашылған жаңадан екі театр қосылған. Осыдан біраз күннен кейін суға да үйреніп болдық биік жағаға тез жорғалап шығуға да үйреніп болдық (Ғ. Мұс.). Содан кейін ауыз бөлмеге шығып еді манағы жігіт бөлмеде қолын сабындап жуып жатыр екен (С. М.).

4. Осы бетімен олар ұйықтаған жоқ жүруге қамдана бастады. Сөз басылған кезде қастарына келіп едім үшеуі ештеңе болмағандай жым-жырт тарап кете барды (Ғ. М.). Баласы ұйықтап жатқан көлеңкеге көз қиығын аудара беріп еді тоғай жақтан әлдене гүрс ете түсті. Қайырбек артына қарап еді жолдастары үнсіз тұр (Ғ. Сл.).

2-жаттығу. Текстегі сөйлемдерді талдап, салаластың қай түрі екенін ажыратып, тыныс белгілерін жазыңыздар.

Көгілдір үйрек шын мәнінде өжет еді бірақ әлі қауырсыны қатпаған жас болатын. Көгілдір үйрек қалың құрақ ішінен құрт-шабақ аулайды бір мезгіл жиекте күншуақтап жатыр көгілдір үйрек олардан аулақтау кетіп өзіне құмдақ жер таңдап алды. Көңілі жайланған көгілдір үйрек құмдаққа бауырын төсеп жата кетті бірақ аңдушы аяқ астында екен біреу оны терең бір түпсіз тұңғиыққа тастап кеп жіберді не болып не қойғанын білген жоқ. Балапанды ұстаған – Болаттың экскаваторшы ағайы еді әкелген көгілдір үйрегін ағасы Болатқа ұсынды. Көгілдір үйрек Болаттың сый-құрметінен бас тартпады бірақ бір күні үйден қашып кетті. Бір күні үйрек оның алдынан қайта шықты қазан шұңқырда жүзіп жүрді Болат оны көріп қатты қуанды. Балалар жиекке қарай жиналып көгілдір үйректі ұстаудың амалын іздеді осы кезде мылтығын кезеніп Тоқтар да жетті мылтық гүс етті.

Үйректің маңайындағы су бұрқ ете түсті бірақ оқ үйрекке тимеген боп шықты. Тоқтар мылтығын екінші рет атты үйректің аунап түскенін бәрі де анық көрген еді бірақ үйрек өлмеді су бетін сызып жүзіп жүр. Тоқтар мылтықты үшінші рет атты сонда да үйрек өлмеді балалар Тоқтарды мазақтап жатыр. Тоқтар мән-жайға енді толық түсінді күні бойы атқаны көгілдір үйрек емес қуыршақ үйрек болып шықты (С. Бақб.).

3-жаттығу. Салалас сөйлемдердің жалғаулықтысын бір бөлек, жалғаулықсызын бір бөлек теріп жазыңыздар, тыныс белгілерінің ережелерін айтыңыздар.

Маржан біреулердің ісін біресе мұқатады, біресе олардың тұрмысын кемітеді (Н. Ғ.). Олар бұлақ жағасына қаздай тізілді де, беті-қолдарын жуды, кейбіреулері киімін кеудесіне дейін шешіп тастады. Адам сараң, табиғат мырза... Салқын су жуынған жанның денесін сергітеді, жанын жадырата түседі... Ол анадай жерде темекісін бұрқыратып тұр, сол қолын мықынына тірейді де, аздан соң торы бестінің үстіндегі Павелге қарап тұрған Коротченкоға қарай жылжиды. Аттан түсті, торы бестіні ағашқа байлады. Сол бетінде ат дүбірін естіді, артына жалт қарады да, күлімсірей қалды, кейінгі барлаушылар да штабқа жетіп үлгергенін көрді (Ә. Ш.). Ащылы шөптің тұқымы да күшті, мал тез семіреді және ащыға семірген малдың еті де, сүті де тұщыға семірген малдан күшті болады (С. М.). Сен жақсы жігітсің, бірақ кейде оңай лыпылдайтының бар. Рахмет те қойшы болуы керек еді, бірақ ғасырлар бойы қойшылықпен келе жатқан атаның заңын бірінші рет Рахмет бұзып-ақ жіберді. Рахмет есіктен шықты да, беті ауған жағына кетті (С.Е.).

4-жаттығу. Сабақтас құрмалас сөйлемдерді тыныс белгілерімен бөліп жазып, бағыныңқы сөйлемдерінің баяндауыш формаларын көрсетіңіздер, қалай жасалып тұрғанын айтыңыздар.

Ат тұяғының тықыры естілгенде ғана артына жалт қарап қолына тас алды Олжабек (Ғ.Мұст.). Ұлжанның мол денесін қапсыра құшақтап қатты қысып бетінен, мұрнынан, көзінен қайта-қайта сүйді (М.Ә.). Ел әлі жалқаулықтан арыла алмай шын іске келгенде пысықтығын білдіре алмай жатыр. Жалма-жан тұра сала далаға шықсам сәске түс болып күн ыси бастаған екен (Б.М.). Бұл бұрын көпті жылатқан болса енді сол көп елден жиылған көптің өзі келіп мұның малын шұбыртып ауылын шулатып өзін жерге тыға қор етіп кек алып кетті (М.Ә.).

Жас сәби жаны қиналып кеудесі сыр-сыр етіп алқынған сайын мұның да тынысы ауырлап ентіге түсті. Осы отырғанда балық бөлісіп жатқандай үйді бастарына көтере қауқылдасып бірнешеуі бірден жамырап жарыса қабаттасып сөйлеп кетті... Онда да тереңге бармай азғана ауын теңіздің тайыз басына салып үй ішінің кешке қазан қайнатқанын напақа көреді. Судыр Ахмет кімге ұрынарын білмей бойын ашу кернеп түйіліп келсе... үй іші көшуге әзір отыр екен. Көзіне құйылған жасты қарсы алдына анталап отырған әпербақан жігіттерге көрсеткісі келмей төмен қарап жер шұқылып қалды. Жасағанберген сыр бермей үй ішімен сыпайы қош айтысып жүріп кетті. Күн ұзын теңіз

үстінде боп үйге кейде ерте, кейде кеш келгенде есіктен кіре бере анасының қасы мен қабағына қарайтын. Енді тереңдеді-ау деп қауіптенгенде қақ суы кенет тайыздап тағы да ат шашасынан келіп шалпылдатып көшіп келе жатты.

5-жаттығу. Төмендегі сабақтас құрмалас сөйлемдерді салалас құрмалас сөйлемдерге айналдырыңыздар, тыныс белгілерімен ажыратып жазыңыздар.

Батыраштың ол ойы болмай көңілсізденіп тұрған жайы бар; Назыкеш пен Сейіт Қарағандының қарасын көргенде күн де көтеріліп қалып еді; Ақмолада биыл ашылғалы тұрған мектеп әуелі шығыннан басталса да бара-бара үлкен іске айналатын бет алып еді; Ушаков Баяндыны көптен білсе де балға ұстап отырған жігітті бірінші рет көріп тұр еді; Алғашқы бір күн Чайкин тұтқынға алынбаса да декабристердің дарға тартылар күні кешке қарай көшеде ұсталады; Осы күні үйіне қонақ келгенде зырылдауықтың қақпағын ашып әлсін-әлсін зырылдатып алу балалардан бұрын Байжекеңнің өзінің бір мақтаншысы болып алды; Осы молшылыққа мына келген орыс жұмыскерлері де сұғына кетсе кейін ол қолды қағу қиындай бермек; Басын көтеріп алғанын біреу көріп қалмады ма екен дегендей айналаға құлағын тосты; Дүние әрекетін түгел ұмытып ұрып жатсаң қозғалмайтындай мүлгіп отыр; Өзара орайласып қостасып келген жігіттер жұбын жаза алмай айырылыса беріп қайта қосылып кетеді; Жат-жарандар кетіп енді тек шаруасындағы адамдар ғана қалған соң бұйрықтарын қысқа-қысқа, ашық-ашық берді.

Игілік бәрібір икем, ыңғай бермей қора-қопсының төбе ағаштарын әзірлеп жатқандарға қарай бұрылды; Көлік жетер жерді тұтас алып қараса бұдан бір қап көмір алатын өніріс жоқ екен; Алды-артын ойласа бұған болысар да бір жан жоқ екен; Бұланбайдың алдын кесіп өте алмай олар да тоқтады; Елизавета Быкова сөзін аяқтап болмаса да көлденең қыстырылған сөздердің бәрі де өз ойын толықтырып жатқандай болған соң ешкімді тоқтатпап еді; Шұбырған мен құлағанды күнде көріп көздері үйренген әйелдер одан әрі қарап тұруды таң көрмей үйге қарай кетіп қалды; Өздері әр бұтаға ықтап әрең күнін көріп отырған кедей ел ықтасын бере қоймай қыс бойы алысып келе жатқан; Бұланбай Байжан үйіне жеткенде бұл үйдегілердің бәрі де аман далаға шыққан екен; Сөйлеп тұрған біреу болса да үлкен дәлел болатын.

Бақас ауыл күйіп-пісіп отырған біреу барын сонадайдан танып мазақтап күлетін сияқты; Күреңкөз қожаны орталарына алып бір топ кәрі-құрған жақындай бергенде Жұман тобының қатты дағдарып отырған кезі еді; Күндіз қанша шаршаса да осы жалғыз көріністей Ушаков қайта сергіп кетіп еді; Жұмыскерлерін осындай халде ұстап келе жатқан Рязанов оларды қайда жіберіп қандай жұмысқа салам десе де ерікті болатын; Бұлар Игіліктің ауылының тұсынан өте бергенде көлденең келіп жолдың жиегінде тұрған Тілеуке кездесіп еді; Жан-жағын қарасаң бәрі үлкен көше сияқты; Бұл шынында да өгей шешесінің отын-суына пысықтық жасай алмаған соң оңай ғана тентіретіп жіберген бала болу керек; Орыс жұмыскерлері аз сыйлыққа көп қуаныш көрсетіп бірақ оларын қалай айтарын біле алмай бастарын шұлғысады.

6-жаттығу. Тектегі сөйлемдерді талдап, салаластың қай түрі екенін ажыратып, тыныс белгілерін қойып жазыңыздар.

Құстар керісі

Бір құс аулаушы адамның орман ішінде құрып қойған торына қарғалар торғайлар көгершіндер келіп түсті олар тордаң босаудың жолын іздейді әрі бір – бірімен ақылдаса бастайды.

- Бәріміз қанатымыздың бірден қағайық та ұшып кетейік мүмкін торды көтеріп кетерміз – десті. Шынында да олар торды алып ұшты да кетті. Қайран қалған құс аулаушы «Торға әр түрлі құс түсті олар өзара керіседі де жылдам ұша алмайды және тор жерге қарай тартады» деп ойлайды. Расында да солай болады. Қарғалар: - Біз аянбай күш жұмсап келеміз басқа құстар сендер сендер сияқты жалқау болсақ тормен бірге баяғыда жерге түскен болар еді, - дейді. Бұл сөзді естіген көгершіндер:

- Біз сендерден кем сүйреп келе жатқанымыз жоқ, - дейді. Алауыздық кірген жерде жерде береке бола ма және басқа құстар да керісті. Барлығын қанаттарын ақырын қақты тор жерге салбырап түсе бастады. Құс аулашы олардың бәрін шап беріп ұстап үйіне апарды да торға қамап қойды.

Болаттың белгісі

Болат тау беткейінен қол қорабын толтыра қарақ теріп қайтып келе жатыр. тас төбеден аумай шақшиып тұрған күн таңдайды кептіреді. Жолда сұп – суық сарқырама өзен бар -ды. сол жаққа қарап еді бір топ бала шомылып асыр салып ойнап жүр еді. соларға барып қосылса салқын суға сүңгіп – сүңгіп алса қандай рахат! Бірақ «балалар қарақатымды талап жеп қояды – ау» деп ойлады Болат. Апам одан қақ қайнатам демеп пе еді? Қарақатын балалардан қызғанған Болат қорабын оң жақ қапталдағы қалың егін арасына тығып кетіп қайтарда алмақшы болды. Мұндайда бір белгі қою керек. Бірақ біркелкі егін арасынан ондай оқшау белгі табылар болмады. Сөйтіп аңырап тұрғанда аспандағы күннің бетін тоқымдай бұлт көлегейлерді де көлеңкесі Болаттың аяғының астына келіп түсті. Болат қуанып кетті. Әлгі көлеңкені белгі етіп ыдысын қойып бетін шөппен бүркеді. Сөйтті де өзенге қарай жөнелді.

Біраздан кейін Болат суға шомылып салқындап қайтып келе жатты. Бірақ ол қанша іздесе де ыдысын да, белгілеп кеткен көлеңкені де күн бетін бүркеген бағанағы ақша бұлтты да таппады. Көз тұндырған жалпақ егіннің ішінен кіп – кішкентай қорапты табу оңай ма ? Әбден шарасы таусылған Болат өзен жағасындағы балаларға қайта келіп жыламсырап тұрып бәрін де амалсыз айтып берді.

Болаттың қызғаншақтығы мен аңқаулығы көпке дейін жолдастарының арасында әзіл болып жүрді. \

7-жаттығу. Текстегі кейбір сөйлемдерді мағынасына қарай үйлестіріп, аралас құрмалас етіп жазыңыздар, тиісті тыныс белгісін қойыңыздар.

Нартайдың әкесі – орманшы. Бірде мойнына дүрбі салып, тау аралауға шықты. Маңайын шолып қояды. Өстіп келе жатып бөрене көтерген аюды байқады. Бөрене не үшін керек болды екен деп, бақылай бастады. Аю бөренені беткейдегі кісі бойындай сандық тасқа сүйеді. Сонан соң аяғының астындағы тастардың біреуін алып, ылдиға қарай лақтырып жіберді де сандық тастың қалқасында жасырына қалды. Нартай енді байқады, беткейде бір топ шошқа жайылып жүр екен. Тас дәл ортасына барып түсті. Өгіздей қабан басын көтеріп, жан – жағына қарады. Біраз тың тыңдап тұрды да, жерге қайта бас қойды. Аю тағы тас лақтырды. Бұл жолғысы шеткі торайға дәл тиді. Қабан басын көтерді. Жан – жағына қарады да, сандық тасқа қарай тұра ұмтылды. Аю сүйеулі бөренемен өрмелеп, сандық тастың үстіне шығып кетті. ашулы қабан қорсылдап, сандық тасты шыр айналды. Өлден уақыттан кейін үйіріне оралды. Аю төмен түсті де, тағы да тас алды. Қисықтау тұрған бөрененің құлап қалғанын бақаған жоқ. Тасты лақтырып жіберіп, қабанның жүгірісін бақылап тұра берді. Қабан жақындағанда ғана құлап жатқан бөренені көрді. Қапелімде не істерін білмей абдырап тұрғанда, екпіндей жеткен қабан жарып жіберді.

10-тақырып. Төл сөздің тыныс белгілері

Жоспары:

- 1 Төл сөздің қолданысы
- 2 Тырнақшаға алынатын төл сөздер
- 3 Де етістігі келген сөйлемдердегі төл сөздің қолданысы.

Төл сөздің қолданысы. Төл сөз екі түрлі қолданылады: бірі – төл сөзді мәтін ішінен бөлмей, абзацсыз (жаңа жолсыз) қолдану, екіншісі – төл сөзді абзацпен бөліп тастау. Бірінші жағдайда төл сөз тырнақшаға алынады, екіншіде сызықша арқылы жазылады: Әкей оқта-текте иығын қозғап қалып, күбірлеп сөйлеп те қояды: «Генерал-поручик!.. Ол менің ротамда сержант қана еді! Содан бері көпақ өткені ме?..» (А.С.Пушкин). – Асан үйінде екен, – деді біреу жүгіріп кеп. – Қалима ше? – О да үйінде (С.Мұқанов).

Төл сөз бен автор сөзінің орналасу тәртібіне қарай тыныс белгілері былайша қойылады: 1. Әуелі төл сөз, одан кейін автор сөзі келгенде, төл сөз екі жағынан тырнақшаға алынады да автор сөзінен бұрын, төл сөз болып тұрған сөйлем хабарлы болса, үтір мен сызықша; лепті болса, леп белгісі мен сызықша; сұраулы болса, сұрау белгісі мен сызықша қойылады. Сондай-ақ көп нүкте мен сызықшада қойылады. Мұндайда үтір тырнақшаның сыртына қойылады, ал сұрау, леп белгілері және көп нүкте тырнақшаның ішіне қойылады: «Мұны мен бұрын бір жерден көрдім», – деп ойлады ұста. «Мұның кім екенін қайтсем де білуім керек!» – деп өзіне серт берді ұста. «Бұл кім болды

екен, әлде...»– деп ойлай бастады ұста. Сызықшаға алынып жазылуға тиісті төл сөздердің тыныс белгілері де дәл осындай. Тек олар екі жағынан тырнақшаға алынбайды. Оның орнына төл сөздің алдына сызықша қойылады да, жаңа жолдан басталып жазылады: Кісілер тарап кеткеннен кейін, ол Павелға қарап: – Павлуша, сен социалиспісің? – деп сұрады (М.Горький). 2. Сөйлем тырнақшаға алынған төл сөзбен аяқталып тұрса, нүкте тырнақшаның сыртынан, ал леп, сұрау белгілері мен көп нүкте тырнақшаның ішінен қойылады: Ұстаның ойлағаны: «Мен мұны бір жерде көрдім». Ұстаның ойлағаны: «Мен мұны қайдан көрдім?». 3. Автор сөзі төл сөздің ортасында келгенде, тыныс белгілері төрт түрлі қойылады: а) Автор сөзі төл сөз болып тұрған тұтас сөйлемді екіге бөліп тұрса, автор сөзінің алды-артынан үтір мен сызықша қойылады. Төл сөздің екінші жартысы кіші әріптен басталып жазылады. Мысалы: – Мені, – деді Амантай далаға шыққан Асқарға, – губернатор шақырған екен. Еріп жүрші, шырағым. (С.Мұқанов). «Я, – деп ойлады, шелегін босағаға қойып ...далаға шыққан Айбала, – қуанатын жөні бар». ә) Екіге бөлінген төл сөздің бірінші жартысы өз алдына хабарлы сөйлем болса, автор сөзінен бұрын үтір мен сызықша автор сөзінен кейін нүкте мен сызықша қойылады. Төл сөздің екінші жартысы бас әріптен басталып жазылады. Мысалы: – Трест жанып жатыр, – деді Валя келтесінен, даусын көтере сөйлеп. – Мама, мен барып ұйықтаймын (А.Фадеев). – Жоғары шық, – деді үйге кірген Асқарға Балтабек. – Ағаңның қолына су құй, қалқам Ботагөз. – Амантай да бірге келді, – деді Асқар қалтасынан сәби Амантайдың суретін Ботагөзге ұсынып. – Жолда көрдім, аман! (С.Мұқанов), б) Екіге бөлінген төл сөздің бірінші жартысы лепті не сұраулы сөйлем болса, немесе леп белгісі қойылуға тиісті қаратпа, одағай сөздер болса, автор сөзінің алдынан тиісті леп белгісі не сұрау белгісімен сызықша қойылады да, соңынан нүкте мен сызықша қойылады. Төл сөздің екінші жартысы бас әріптен басталып жазылады, ал автордың сөзі кіші әріптен басталып жазылады. Мысалы: – Бұл не жұмбақ? – десті екеуі қосынан. – Көл ортасында бұл жалау қайдан пайда болды? (С.Мұқанов). – Жолдастар! – деді Павел. – Өмір бойы алға ұмтылайық! (М.Горький). в) Төл сөздің бірінші жартысынан кейін көп нүкте қойылуға тиісті болса, автор сөзінің алдынан көп нүкте мен сызықша, автор сөзінен кейін алдыңғы бөлікке қарай не үтір мен сызықша (егер төл сөздің бірінші жартысы өз алдына сөйлем болмаса), не нүкте мен сызықша (егер төл сөздің бірінші жартысы өз алдына сөйлем болса) қойылады. Мысалы: – Жаңа... – деді шал сасқалақтап, – Итбайдың төре баласы Сарыбас... солдатпен кеп шешенді атып өлтіріп кетті... Саған кетті... Жасырын! (С.Мұқанов). – Енді айналмай-ақ қоярмыз... – деп сыбырлады. – Былайырақ шығайық та, ауладан аттап түсейік... (А.Фадеев). 4. Кейде автор сөзі төл сөздің ортасында бір, соңында бір келеді. Ондайда автор сөзінің алдыңғысына тыныс белгілері төл сөздің екіге бөлініп қолданылғанындай қойылады. Соңғысының алдынан әдеттегідей тыныс белгілері қойылады. Мысалы: Алдыңғы күні барлаудан қайтып келіп, Семён маған: – Санитар машинасымен бара жатқан бір қазақ қызын көрдім. Құдай біледі, сол сенің Ақботаң, – деді. – Мұндай ұқсамас, – деп бастады да, артығырақ кетіп бара жатқанын өзі де андап, тоқтай қалды (Ғ.Мүсірепов). – Әрине, түсінем ғой. Бізге қай жерде жасалған танкіні жіберсе

де бәрібір ғой. Тек танк болсын. Бірақ әлдене үшін Сталинград танкілерін көргім келеді, – деп жымыды да, – туысқаным келердей күтемін, – деп аяқтады (Ғ.Мүсірепов).

Төл сөзді екіге бөліп тұрған автор сөзінің алғашқы жартысы мағына жағынан төл сөздің алдыңғы бөлігіне, соңғы жартысы төл сөздің екінші бөлігіне қатысты болса, автор сөзінің соңына қос нүкте мен сызықша қойылады: Жұмыскерлер мал ұстаймын дей ме, құс асырағылары келе ме, сондайларын да сұрап жүру күнә емес шығар? – деп, Сикорскийге қыжырта қарады да, Ушаков бұйрығын бітірді: – Дұрыстап көшіріп жаз да, мына жерге іліп қой (Ғ.Мүсірепов).

Кейде төл сөз бен автор сөзінің арасы де етістігінің көмегінсіз, тек іргелесіп тұру арқылы байланысады. Ондайда тыныс белгісі де дәнекері тұрғандағыдай қойылады: – Мен енді сенімен тілмен емес, мынаумен сөйлесемін, – Кулаков қамшысын көрсетті, – одан да айт шыныңды (С.Мұқанов). (Мен енді сенімен тілмен емес, мынаумен сөйлесемін, – деп, Кулаков қамшысын көрсетті, – одан да айт шыныңды). – Мен барақ жайын айтам, – деді Ушаков. – Үш күнде даяр етем. – Үш күнде? – Ушаков жақтырмаған қабақ көрсетті (Ғ.Мүсірепов). – Жо... Өлеңді ақындар жазады ғой. Ал мен... – Өзі балуан денесін жеңіл серпіп түрегелді (С.Шаймерденов).

Тырнақшаға алынатын төл сөздер. Тырнақшаға алынатын төл сөздер: 1. «Айтылмаған» сөздер, яғни біреудің ойлағаны, айтуға оқталып, бірақ әлі айтпағаны: «Еркем, неғып тұрсың?» – деп қала жаздаған Айбала... аузына келіп қалған сөзді ернімен бөгей қойды. «Ә, – деп ойлады Асқар, – жас қызды бұл еркем дейді екен ғой. Аты сол ма екен, әлде еркелетіп қойған аты ма екен?» (С.Мұқанов). «Осы өнерді қайтсем де меңгерермін!» – деп, ішімнен өзіме-өзім ант еттім. 2. Көркем шығармада жалпы әңгіме желісінен ауытқып келтірілген диалог (яғни әңгіме түсінікті болу үшін, бұрын болып өткен уақиғаны суреттеу ішінде келтірілген диалог) тырнақшаға алынады. Мысалы: «Сандықтың аузын аша бер, әке!» – деген еді Итбай Байсақалға, Қотыркөлге аттанарда. «Неге, шырағым?» «Ақша түседі...» «Неден, шырағым?» «Жұрттан» (С.Мұқанов). 3. Сызықшамен жазылған төл сөздің ішінде келген төл сөз тырнақшаға алынады. Мысалы: – Қорықтың ба, шырағым? – деді шал. – Қорықсаң да, айтайын, жаңа Итбайдың Сарыбасы кеп: «Шахтаға жан жолатпа, ешкімді шығарма да, кіргізбе де!» – деп кетті (С.Мұқанов). 4. Өлең ішіндегі төл сөздер көбінесе тырнақшаға алынады: Сарқылмас сөзі таудың бұлағындай, Сиқыр сөз көлдің сұлу құрағындай. Жорытады желмаядай шал кеңеске: «Осылай болған екен, шырағым-ай» (С.Мұқанов). Өлең ішіндегі төл сөз сызықшаға алынуы да мүмкін: Қоя бердім өлеңімді Жыршыларға қаратып: – Ей, жыршылар, жыршылар! Жыр айта ма осылай?! (Жамбыл). 5 Көркем шығармалардың ішінде келтірілген үлкенді-кішілі хаттар тырнақшаға алынады: Екі қыз бұл хабарға өте қуанышты жүргенде, қысқаша жазылған хат та келіп қалды: «Бұл хатты партиялық билетімді қалтама салып алып жазып отырмын, – деп жазыпты ол, – Жеке ісіме жазылатын қатты сөгісім бар, оны ісіммен алдыруға сенем...» (С.Мұқанов). 6. Дәйексөз (цитат) тырнақшаға алынады. Мысалы: Бұл жөнінде М.Горькийдің әр заманда, әр ортада ескі ертегінің жаңғырып, өскелеңдеп,

өзгеріп отыратыны турасында айтқан пікірін еске аламыз: «Ой мәдениеті мен халық шығармасын өсіруде көне ертегілерді әр жыныстың, ұлттың, әр таптың өзгертіп, қосымша жасап қолдануының рөлі өзгеше болғанына күдіктенуге болар ма екен» (М.Әуезов).

Мақалдар да тырнақшаға алынады, бірақ оның алды-артынан төл сөзге тиісті тыныс белгілері қойылмайды. Мысалы: «Салыстырудың қай-қайсысы да кемшіліксіз болмайды» дейді неміс мақалы. «Қалауын тапса, қар жанады» деген мақал – үлкен философия (Ғ.Мұстафин). «Ит маржанды неғылсын» деген сөз бар, Сәулесі бар жігіттер бір ойланар (Абай). «Келіннің аяғынан, қойшының таяғынан» деп еді, бұл ырыс әкелген күйеу болды ғой! – деп қуанысты жұрт (С.Мұқанов).

Біреудің сөзі мағына жағынан сөйлемге жанастырыла алынады. Олар да тырнақша арқылы жазылады, бірақ алды-артынан төл сөзге тән тыныс белгілері қойылмайды және кіші әріптен басталып жазылады: Қазірде де кейбір талантты жазушылар қаламынан шыққан, мақалмәтелдерге ұқсас, әрі нәрлі, әрі көркем, «тілге жеңіл, жүрекке жылы тиерліктей» сөз түйдектерін кездестіруге болады (К.Аханов). Бұл сөйлемдегі тырнақшаға алынған сөздер Абайдікі. Шілденің жиырма бірі күні Балтық Лепірді әлденеге тасып, шалқып. «Арыстанның жалындай бұйра толқын Айдаһардай толғанды» сүңгіп, қалқып (С.Мұқанов). Мұнда да тырнақшаға алынған сөздер Абай өлеңінен алынған.

Де етістігі келген сөйлемдердегі төл сөздің қолданысы. Де (деп, деген, деді, дейтін, дейді т.б.) етістігі келген сөйлемдердің бәрінде де төл сөз бола бермейді; олар мыналар: а) Деп, дегеніміз деген сөздер бастауыш пен баяндауыштың арасында дәнекер болып келеді. Мысалы: Сауатты болу дегеніміз – дұрыс жазып, дұрыс сөйлей білу. Синекдоха деп газ мағынасының бүтіннің орнына бөлшекті, жалпының орнына жалқыны, үлкеннің орнына кішіні қолданудың және керісінше қолданудың негізінде ауысуын айтамыз. ә) Дейміз, деп аталады, деп атаймыз деген сөздер күрделі баяндауыштың құрамында келеді. Мысалы: Дыбысталуы бірдей, бірақ мағыналары басқа-басқа сөздерді омонимдер дейміз (“Қазақ тілі” оқулығынан) Ғылыми жорамалдар гипотеза деп аталады. Қышқылдардың және сілтілердің әрекетінен түсі өзгертін заттарды индикаторлар деп атайды (“Химия” оқулығынан). б) Деген деген сөз өзінің аддындағы сөзбен қосақталып, күрделі мүшенің құрамында тұрады, ондайда деген тұлғасы “деп аталатын, (біреуге не бірдемеге) арналған” деген сөздердің мағынасын береді. Мысалы: Сен дегенде ойым таза (саған арналған ойым таза). Оспан деген – әдепті бала (Оспан атты бала – әдепті бала). в) Кейбір сұрау және белгісіздік есімдіктері де сөзінің тұлғаларымен тіркескенде, сұрау интонациясымен ерекше бөлінбесе, төл сөз болмайды. Мысалы: Сен не дедің? Ол ештеңе деді ме? Мен оған былай дедім. Де етістігі бірқатар есімдіктермен тіркескенде, оны айтты деген етістікпен алмастыруға болатын болса, төл сөзді сөйлем болмайды: Сен не дедің? – Сен не айттың? Ол ештеңе демеді – ол ештеңе айтпады. г) Де етістігінің тұлғалары тұрақты сөз тіркесінің құрамында келгенде, төл сөз белгісі болмайды: күн демей, түн демей, ай десе аузы, күн десе көзі; ә дегенде; әудем жер; әй дер ажа, қой дер қожа жоқ; әрең дегенде; керек десең т.б. ғ) Баяндауышы де етістігінің қатысуы арқылы

жасалған бағыныңқы сөйлемдер төл сөз болмайды: Сен келе ме деп, мен күн ұзын үйде отырдым, Айбала сүйікті көретін қайың сіңлісінің қуанышты сезімін бұзбайын дегендей, аузына келіп қалған сөзді ернімен бөгей қойды. Сабак қыркүйектің басында басталады дегенге, ауылдан Ботагөз ерте шығып, қалаға келгеніне айға жақындап қалған (С.Мұқанов). Бүгін тіпті Байжан келмей қалмайды деп, үй ішін де жинастырып, күтініп отыр еді (Ғ.Мүсірепов). д) Сөйлем ішінде белгілі бір сөзге (әсіресе қаратпа сөздерге) баса көңіл аудару үшін деймін деген сөз тіркесе айтылғанда, ол төл сөзді құрылым болмайды: Әй, Баянды деймін, осы дүниені Қызылжарға апаратын менмін ғой (Ғ.Мүсірепов). Түсімде деймін үлкен дарияның жағасында тұрмын. Тоқта деймін, тоқташы.

Төл сөз де етістігінсіз айтылып, заттық мәнге ие болады да, сөйлем мүшесі болып тұрады. Мұндай төл сөзге зат есімге тән септік, тәуелдік т.б. жалғаулар жалғана береді. Бұлар тырнақшаға алынып, бас әріптен басталып жазылады, оның өзі сұраулы сөйлем болса, тырнақшаның ішіне сұрау белгісі, лепті сөйлем не лепті сөз болса, леп белгісі қойылады; ал хабарлы сөйлем не жеке сөздер болса, ешқандай тыныс белгісі қойылмайды. Мұндай құрылымдардың алды-артынан төл сөзге тиісті тыныс белгілері де (қос нүкте, сызықша) қойылмайды. Жалғанған қосымшалар тырнақшаның сыртына дефис арқылы жазылады. Мысалы: Жабайы кісі болса, “Молчать!” – дер еді пристав, Итбайдың Кривоноспен жақындығы барын білетін ол олай жекіре алмады. Бірақ Молчать”-ты көз қарасымен ұқтырам дегендей, адырая қарады. Мен оңай таптым, – деді Ботагөз. – Қала ғұрпында сүйгенін айтқызады, сүйгеніңіз кім? (Асқар) жан-жағынан қуғын қамап, қайда барарын білмей жалпақтап қашқан қояндай, “Сүйгенім сен”-ді айтып қала жаздады (С.Мұқанов). Есжан алғашқыдай емес, қыры сынып қалыпты. Жомарт есептеріне жақсы түсінбесе де, Жомарт сөзі бұлтартпады. Бірақ күп деуге батылы бармай отыр. “Болса жақсы, болмаса”-ға тіреле береді. – Қанша берер екен ? – Берсе, бір бестен кем бермес.– “Берсе”-ңіз не?! “Бес”-іңіз бір айдың ғана жалақысы (Ғ.Мұстафин). “Боламын”-мен жүргенде, болат қайтып, Жалын сөніп, жас жүзін басады әжім (Абай). “Ел жатса да, енекем жатпайды” біз ғой (М.Әуезов). – Сонымен бізбен бірге елге жүресің ғой, Ботагөз? – Қайдан білейін. – “Қайдан білейін”-ді қой (С.Мұқанов).

Де етістігінің қатысуы арқылы жасалған нақты бастауышы жоқ жақсыз сөйлемдер де төл сөз болмайды (олар орыс тіліндегі “говорят, что...” деген құрылымда жасалатын сөйлемдерге ұқсас келеді). Мысалы: Қытайғы қардың көптігіне қарағанда, биыл егін бітік болар дейді. Осы күні сол ара Жайнаған қызыл гүл дейді. Дейді түні жап-жарық, Қыста да гүлі гүлдейді (Н. Байғанин).

-айын, -ейін жұрнақты етістік пен де етістігі тіркесіп келіп, қалау, тілек мәнді сөйлемдер жасалады, олар да төл сөзді құрылым болып саналмайды: Киноға барайын деп едім. Бөлтірік қашайын деп еді, күзен ытқып келіп, желкесін қырқып алды.

Төл сөз бен автор сөзін байланыстырып тұрған деп етістігінен кейін төл сөзге қатысты етістік келсе (деп сұрады, деп ойлады, деп үн қатты, деп айғайлады, деп сыбырлады т.б.), деп-тен кейін үтір қойылмайды. Мысалы: Абай Асылбайдан: – Қалада не хабар бар? – деп сұрады (М.Әуезов). “Егер

Амантай аман болса, кескіні маған ұқсайды, мен інісі едім дейін”, – деп ойлады ол (С.Мұқанов). Егер деп-тен кейінгі етістік төл сөздің айтылуынан соң болатын істі білдірсе, деп-тен кейін үтір қойылады: – Тұр! – деп, біреу қаттырақ дауыспен оятты (С.Мұқанов). – ...Бірақ ондай-ондай сән табылар, ән табылмайды ғой! – деп, шімірікпей күлді де, жастарға қарай бұрылды (М.Әуезов). – Бір сағаттан кейін сыртқа шығарсың, Сикорскийдің конторына кел, – деп, кейін қарай бет алды (Ғ.Мүсірепов).

Төл сөзден кейін де етістігінің десе, дегенмен, дегенде, деген соң, дегенше, дегеннен кейін, деді де тұлғалары тұрса, бұлардан соң үтір қойылады. Бұлардан кейінгі сөздер автор сөзі болмай, төл сөз болса, қос нүкте қойылады. Мысалы: Бозторғайды аяған жұрт: “Бұ бишара неге төмен қарай ұмтылмайды, неге жоғарылай береді?” – десе, біреу: “Төмендесе-ақ қағып түспей ме тұрымтай, соны біліп жоғарылап барады”, – дейді. Балалар: – Айдағанға көне ме ол, ата? – десе: – Неге көнбейді? – дейді Ораз (С.Мұқанов). Әшірбек сонда да азсынып: – Неге ақырын? – дегенде: – Қатты көмір, – деді Әкім (Ғ.Мұстафин).

Төл сөзден кейінгі де етістігі деді, деп еді, дейді, деген еді сияқты тиянақты тұлғаларда тұрса, одан кейінгі автор сөзі өз алдына тиянақты не бағыныңқы сөйлемдер болса, араларына үтір қойылады: Менің есебімді бер! – деді ол, Кенжетай ұсталып кеткесін (С.Мұқанов). - А... Мен өзім де солай шығар деп ойлап ем... – деді де, Быков өз жөніне кетті (Т.Мүсірепов). – Алма, сен жақсы салдың еске! – деді Жанат, есіне жаңа түскендей (Ғ.Мұстафин).

Бақылау сұрақтары:

- 1 Төл сөз дегеніміз не?
- 2 Мәтінде келген төл сөзге қандай тыныс белгісі қойылады?
- 3 Төлеу сөз дегеніміз не?
- 4 Автор сөзі дегеніміз не?
- 5 Төл сөз бен автор сөзінің орын тәртібі қандай?

1-жаттығу. Берілген мысалдардағы төл сөз бен автор сөздерінің тыныс белгілерінің ережелерін анықтаңыздар.

1. «Егер біз социализмге адал боламыз десек, біз бұрқараны қазірден бастап интернационалистік рухта тәрбиелеуге тиіспіз», деген В.И. Ленин. 2. - Апырмай – ай мынау тынысты тарылтар зілзала ғой. Өксімеші, құрдасым. Сен тарылмашы. Санаулы күнінде сарғаймай, самғап бір қалшы, ардақтым, абзалым, Біржан. Тауыспашы мөлдір тұнық бұлағыңды. Серпілші, қайта бір серпілші – деп, Тәңкебай досының иығынан ұстап тұрып, сілкіп – сілкіп қалды. Абай Ділдә сөзін бітірткен жоқ: - Қой, Ділдә, Тіленшідей атадан сені керек құлақ қып туғызған мен емес. Шүленнен шөл туғызған мен деп пе едің – деп, кейіспей бір кекетті. 4. -Көштің байсал тапқаны, - көкорайға қонғаны, даудың байсал тапқаны - төрешіге барғаны – деп, құба жондатып, айтқалы отырған жайларын тұспалдап өтті ... 5. Көзің аққыр, көзің ақсын. Ей, Құнанбай, аруақ қаны... Қарғыс атқыр – деп Бөжей айғай салды. 6. Менің арыз айтуға

ыңғайланғанымды сезді білем, бай ашуына мінді: -Шық иттің баласы ... Шық дегесін шық, таяғына жармасты. 7. Бірақ «бақташы байымайды» деп бекер айтты деймісің , бүгін бір бәле сап ете түсті: Қара мұртты қара торпағы жоғалып кетті. 8.Қалай оқитыныңды сен емес, мен білуім керек пе?.. -деп, мен қызарғанша едәуір кідіріс жасады да, - жақсы оқитының рас, мақтаңшақтығың да бар... - деді. 9. Қайназар: - Қала деп міне осыны айт, сонау Медеудің мұз айдынына дейін созылған салтанатты көшелер болады. таудың бөктері кілең бес қатар, он қатар мәрмәр үйге толады, - деді. 10. - Жақсы, жігіттер, бұл өз ойларыңыз ғой... -деп сағатына қарады. -Көпшілігі - белгілі пікірлер. Мүмкін, кейін тыңдап көрерміз, қазір менің уақытым болмай отыр, ректоратқа асығып отырмын. басқа шаруаларың жоқ па еді? 11. Бұл Тайманға оқыс әсер еткендей болды: - Надяға менімен бірге отыру көңілсіз екен деп ойласа керек.

2-жаттығу. Оқып шығып, төл сөз бен автор сөзін ажыратып оларға байланысты белгілерінің қойылу ережелерін айтып беріңдер.

Байдалы қартайып үйден шықпай күндіз-түні төсекте жататын болды дегенді естіп Мұса мырза іздеп келіпті, Мұсаның қолын алып, жөнін сұрап амандасыпты да, кәріліктің жайын айта беріпті.

- Ой, кәрілік-ай, сөздің өзі бала, тербете оянады, тербетпесе оянбайды, заманым өтті ғой! – де қояды.

Мұса қонып, қонақасын жеп, таңертең жүрмек болады.

-Е, шырағым, еліне не айтып барасың?-депті Байдалы.

-Мен не айтайын, ел ағасы болған Байдалы еді, енді кәрілікпен алысып жатыр екен деймін-дағы,-депті Мұса.

-Шырағым, оның рас. Үш ауыз сөз сұрайын, соны шешіп беріп кетші!- дейді қарт. Мұса «айтыңыз» деп тыңдайды.

Байдалы қарт сонда:

-Алыста не алыс?

Жақында не жақын?

Тәттіде не тәтті? –дейді.

Мұса ойланып отырып:

- Жер мен көктің арасы алыс,

Кісіге туыс жақын.

Бала тәтті депті. (Қазақтың би-шешендері)

3-жаттығу. Төл сөзге байланысты тыныс белгілерін қойып үзіндіні көшіріңдер.

Төле би Қойкелдіге

Атыңның қай уақытта талағаның білмейсің қалайша танысың деп сұрады.

Қойкелді

Шортанбайдыкіне қонып, жанбастың сүйегі арқылы қойын танығанын дәлелге көрсетеді.

Төле би

Мұнда жатып дем алыңыздар деп тоқтатады. Екі күн жатқаннан кейін таңертеңгі уақытта Қойкелдінің атшысын оятады.

Қойкелдінің атын және Азынаның атын, жолдасының атын, өз атынды әкеліп дайында – дейді. Атшы барлық аттарды дайын қылады. Төле би Қойкелді байға бір көрген қозыны көрсетеді. Қойкелді бір қарап өтеді де жолдасына

Мына бір қозы егіздің сыңары, мұның біреуін тап дейді.

4-жаттығу. Төл сөз бен диалог сөздерді ажыратып, оларға байланысты қандай тыныс белгісі қойылатынын айтыңыздар.

Бөлтірік аулының бір тынысы қартайғанша ұрлық қылуын қоймапты. Бір күні түндетіліп көрші ауылдағы тойдан келе жатса, алдынан әлгі шал ұшырай кетеді. Оны тани кеткен Бөлтірік.

-Түндетіліп неғып жүрсің?–десе, анау:

-Жай, әшейін Бөлтеке – деп, қипақтайды.

-Арқалап алғаның не?

-Қауын, қарбыз еді.

-Оны қайдан алдың?

-Мына ауылдың қауыны пісіп жатыр екен, содан алдым.

-Ұрлап алғаныңыз жарамайды ғой, ақсақал.

-Қараңғы түнде кім көреді дейсіз.

-Аппақ сақал қараңғы түнде айдай көрінеді емес пе!

-Қап мына сөзің өңменімнен өтті-ау, енді қойдым, қойдым!-шымбайына батқан шал. Сол, сол екен, әлгі ақсақал ұрлық қылуын пышақ кескендей қойып кетіпті деседі ел. (Қазақтың би-шешендері).

5-жаттығу. Үзіндіні оқып, көшіріңдер де, төл сөз бен автор сөзіне байланысты тыныс белгілерін қойыңдар.

Қасқарау елі қыз алыспайтын кезде Кебекбайдың баласы Нұрбек Жауасы деген қарындасын алып қашып келеді. Кебекбай мұны естіп Нұрбекті жарып өлтірмекке, оның отауына қарай келе жатады. Мұны көрген баласының замандастары Бәйсек, Белгібай дегендер Нұрбекке келіп

Өлтірсе мейлі деп Нұрбек ерегесіп жатып алады.

Кебекбай келіп, Нұрбекті өлтіріп, қаша жөнеледі. Ел мұны естіп, жиыла келіп

Қасқарау жеті атаға толды деп Кебекбай ашуын баспақ болады.

Сонда Кебекең

Аз ғана ауыл Қасқарау туысқанға қыз беріп, қыз алған соң «бауырым-ай» деп кімге жылаймыз деп көнбейді.

Баласы әкесіне әзілдеп

Баласын жазалаған, Бәйсекті жаралаған, ашуы қара дауылдай, сөздері боран жауындай, ата, қызыл шайдан, қызыл күрең бауырсақтан, шаш палаудан алып отырыңыз депті. (Қазақтың би-шешендері).

11-тақырып. Сөйлем ішінде келетін тыныс белгілер

Жоспары:

- 1 Үтір.
- 2 Нүктелі үтір.
- 3 Қос нүкте.
- 4 Көп нүкте.
- 5 Тырнақша
- 6 Жақша

Үтір. Үтірмен сөйлемдегі қаратпа сөздер, қаратпа сөз тізбектері бөлінеді. Нақтылы біреуге арналмаған, жалпылық-белгісіздік мағынасы бар сөздер мен сөз тізбектері де үтірмен бөлінеді. Сөйлемдегі қыстырма сөздер, сөз тізбектері және сөйлемдер үтірмен бөлінеді. Үтірмен сөйлемдегі одағайлар бөлінеді.

Бәсе, жә, қош, құп, жарайды, мақұл, дұрыс сияқты сөздер үтірмен бөлінеді.

Сөйлемдегі иә, жоқ, мә, мәңіз деген сөздер үтірмен бөлінеді. Үтір сөйлемнің бірыңғай мүшелерінің арасына қойылады. Сөйлемдегі оңашаланған айқындауыш мүшелер үтірмен бөлінеді.

Сияқты, ретінде, қатар, емес, түгіл деген сөздермен келген және -дай, -дей, -тай, -тей жұрнақтары қосылған тізбектер де үтірге алынады.

Қарамастан, қоспағанда, есептегенде деген сөздерге аяқталатын сөз тізбектері үтірмен ажыратылады.

Үтір құрмаласқа енген жай сөйлемдердің арасына қойылады.

Екіге бөлінген төл сөздің алғашқы бөлігі хабарлы сөйлем немесе сөйлемнің бір бөлігі болса, одан кейін үтір (және сызықша) қойылады. Екіге бөлінген төл сөздің алғашқы бөлігі өз алдына сөйлем болмай, оған үтір қойылған болса, екінші бөлігінің алдынан да үтір қойылады.

Бірнеше сөзден құралған күрделі қос сөздердің арасына үтір қойылады.

Бірдей немесе әр келкі тұлғада қайталап келетін жеке сөздер мен тіркестердің араларына үтір қойылады.

Ол – ол ма, бұл – бұл ма, ол – ол болсын деген тіркестер сөйлем ішіндегі басқа сөздерден үтірмен бөлінеді.

Нүктелі үтір. Нүктелі үтір санамаланып айтылған, мағыналары ыңғайлас сөйлемдердің арасына қойылады. Мағынасы, құрылысы жағынан ұқсас келетін сөйлемдердің арасына нүктелі үтір қойылуы мүмкін. Жайылмалы, әрі өз ішінде үтірлері бар бірыңғай мүшелердің арасына нүктелі үтір қойылады.

Қос нүкте. Бірыңғай мүшелердің алдынан келген жалпылауыш сөзден кейін қос нүкте қойылады. Салалас құрмаластағы біріне-бірі түсінік болып келген және өйткені, себебі деген жалғаулықтар түсіп қалып жасалған жай сөйлемдердің арасына қос нүкте қойылады. Төл сөздің алдынан келген автордың сөзінен кейін қос нүкте қойылады. Әрі қарай санамалап кететін бірыңғай сөздердің, сөйлемдердің алдынан келетін жалпылауыш мәнді сөйлемнен кейін қос нүкте қойылады. Бірыңғай мүшелерден бұрын келген мысалы, атап айтқанда деген қыстырма сөзден кейін қос нүкте қойылады.

Көп нүкте. Сөйлеуші белгілі бір себептермен (қатты асып-сасу, еңтігу, тұтығу, әлсіреу т.б.) сөздерін, ойын бөліп-бөліп айтқанда, бір сөздің ішіндегі әріптердің арасына немесе сөйлем ішіндегі сөздердің арасына, ал ойы бітпей қалғанда, сөйлемнің соңына көп нүкте қойылады: Құдайберді есікке көзімен нұсқап: – Адам бола ма?!.. Болар ма!.. Інілерің міне... Кім боларын... Не көрерін қайдан... білейін, – деді. (М.Әуезов.) Ж-ж-жоқ... мен... өзім барам... – А... с...с...қар, – деді Ботакөз талықсыған дауыспен (С.Мұқанов).

Көп нүкте алынған цитаттың бас жағынан, ара-арасынан және соңынан сөйлем не сөздер қалдырылған жерге қойылады.

Жазушы айтып келе жатқан оқиғаның жалғасын созбай, әрі қарай тоқтатады да, көп нүкте қояды. Абайдың ілгері созып келе жатқан оң қолы жібек шымылдыққа тиген кезде, алдынан қарсы қозғалып келе жатқан Тоғжанның ыстық саусақтары мұның бетіне тиіп еді. Дірілдеген демдері қосылып, ыстық еріндері енді айырылмастай табысқанды...(М.Әуезов).

Айтылып келе жатқан ойға кенет, тосын, күтпеген немесе өте алшақ жатқан нәрсе (оқиға, зат, қимыл т. т.) қосылып кетсе, оның алдынан көп нүкте қойылады: XIX ғасырда қазақтың жалпы халықтық тілін негіз еткен үлгілерге Абай, Ыбырайдан бастап, қазақ әдебиеті уәкілдерінің мұралары, ауыз әдебиеті нұсқалары, шығыс классик әдебиетінің қазақша жырланған үлгілері, баспасөз, оқулықтар, сөздіктер, медицина, ветеринария тақырыптарына жазылған көпшілік кітапшалар және... христиан дінін уағыздайтын миссионерлік әдебиет жатады (Р.Сыздықова). Мұнда және сөзінен кейін тұрған христиан дінін уағыздайтын әдебиет алдыңғы санамаланып айтылып келе жатқан әдебиеттерден мүлде алшақ әрі күтпеген әдебиет түрі, өйткені дінді уағыздайтын тіл (мысалы, ислам дінін) қазақтың жалпы халықтық тілін негіз етпейді, сондықтан христиан дінін уағыздайтын әдебиет те тілдік өзге бір нормаларға сүйенген болу керек деп отырғанда, бұл әдебиеттің де жоғарыда аталып келе жатқан топқа қосылғаны тосын, кенет нәрсе болып табылады.

Тырнақша. Дәйексөз тырнақшаға алынады. Алынған дәйексөз бірнеше азатжолдан құралған болса, әр азат жол бөлек-бөлек тырнақшаға алынбайды. Тырнақша дәйексөздің басталған жерінен ашылып, біткен жерінен бір-ақ жабылады. Шығарманың ішінде келтірілген үлкенді-кішілі хаттар тырнақшаға алынады. Кейде тырнақша хаттың әрбір азатжол сайын ашылып отырады да, ең соңынан барып бір-ақ жабылады. Бұл – өте сирек қолданылатын ереже. Мысалы, С.Мұқановтың «Ботагөз» романындағы Асқардың, Кенжетайдың хаттары: «Ботагөз!.. Амантай!.. Екеуіңнің аттарыңды қағазға түсіргеннен кейін, аяғына не сөз қосарымды білмей, бірнеше минут дағдарып отырмын»... «Сен берген аманатты Сағит қолыма тапсырды»...

Диалог емес төл сөз тырнақшаға алынады. Объект етіп алынған жеке сөйлемдер, сөздер не сөз тізбектері, сондай-ақ әріптер, буындар тырнақшаға алынады: Енді «шұбар» деген сөзге «жаман» қосылып, «Жаман шұбар» аталу тарихынан (С.Мұқанов) «Жаз шықты» деген сөйлемнің бастауышы – «жаз». Дауысты «а» дыбысы – жуан дыбыс. «Ат» – көп мағыналы сөз. «Тарақ» деген сөздегі «та» буыны – ашық буын.

Ескерту. Арнаулы кітаптарда, оқулықтарда (грамматикаларда), әдістемелік құралдарда т.б. бұлар тырнақшаға алынбай, басқа әріп түріндегі шрифтімен (курсив, қара шрифт т.б.) терілуі мүмкін.

Мақал, мәтелдер, афоризмдер сөйлем ішінде келтірілгенде тырнақшаға алынады. Дәйексөз ретінде келтірілмей, сөйлемге оның ажыратылмайтын мүшесі ретінде берілген біреудің сөзі тырнақшаға алынады.

Де дәнекерінсіз айтылып, заттанып кеткен төл сөздер тырнақшаға алынады. Біреудің айтқанынан алынған жеке-жеке сөздер тырнақшамен жазылады: Ырғызбайдың осындай көпшілігі бас қосқан кеңесінде Зере сөйледі. – ...Бірі дарақы мақтаншақ, бірі ұрда-жық, даңғой атанғанда, осындай көп жиын үстінде масайып, оспадарлық қылам деп, сондай атақ алатын! – деді. Соңғы айтқан «мылжың», «мақтаншақ», «даңғой» дегендері осы арада шынымен төрт көзі түгел отыр еді (М.Әуезов).

Кекету, ажуалау және кері мағынада қолдану үшін айтылған сөз (не сөздер) тырнақшаға алынады. Ақ көңіл Ақаң «баланың» сырғытпасын сезген жоқ (Ғ. Мұстафин.) Қоян «батыр» қорыққаннан зыта жөнелді (Ертегіден). Распутиннің “тәрбиесіне” түскеннен кейін, бақыттың «кілті» кімнің қолында екенін Алексей көрді (С.Мұқанов).

Зауыт, фабрика, комбинат, трест, шаруашылық, ұйым, машина маркасы, ұшақ т.б. қойылған аттар тырнақшаға алынады. Ал олардың жалпы ресми атаулары тырнақшаға алынбайды: «Азовсталь» зауыты, ал Алматыдағы ауыр машина жасайтын зауыт; «Актюбрентген» зауыты, «Красный Октябрь» фабрикасы, ал Алматыдағы кондитер фабрикасы; «Карагандауголь» тресі, «Растовуголь» комбинаты, «Донбасс» көмір комбайны, «Уралец» экскаваторы, «Ертіс» пароходы, «У2» ұшағы, «Волга» машинасы, «Қазақ тілі» қоғамы.

Газет, журнал, кітап, шығарма, қаулы, кино т.б. аттары тырнақшаға алынады: «Ана тілі» газеті, «Парасат» журналы, «Жалын» альманахы, «Абай» романы, «Шаттық» симфониясы, Абайдың «Жарқ етпес қара көңлім не қылса да» деген өлеңі, «Дала қызы» суреті, «Топайкөк» әні, «Көзімнің қарасы» (ән және өлең), «Қозы Көрпеш-Баян сұлу» пьесасы, «Аққу көлі» балеті.

Кейбір ойын, әдет-салт аттары тырнақшаға алынады: «Қол ұстату», «шаш сипату» деген атақты ырымдар осы. Үлкендер зор меженің бірі деп білетін өмір белі «ұрын бару» болса, Абай содан асты. (М.Әуезов). Ұзақты сары күнін балапан қуу, асық ойнаумен өткізген балалардың түнгі ермегі – «ақсүйек», «соқыртеке», «бурақотан» сияқты ойындар (С.Мұқанов).

Ескертулер. 1. Атындағы деген сөзбен келген атақ тырнақшаға алынбайды: Әл-Фараби атындағы университет, Ғ.Мүсірепов атындағы мектеп, Абай атындағы бірлестік (ал “Абай” бірлестігі.) 2. Мекеме, ұйым т.б. ресми атаулары (толық немесе қысқартылған) тырнақшаға алынбайды: Тұтынушылар одағының қызметкері. Мемлекеттік банкінің бөлімшесі. 3. Телеграф агенттіктерінің аттары тырнақшаға алынбайды: Ассошиэтед Пресс агенттігі, МЕН агенттігі. 4. Кітаптың аттары библиографиялық тізімдерде, сілтемелерде, пікірлерде автордың атыжөнінен кейін жазылғанда тырнақшаға алынбайды: Ғ.Мұстафин. Өмір белестері. Алматы, 1984.

Жақша. Қыстырма сөйлемдер не сөз тіркестері жақшаға алынады. Белгілі бір сөздерді түсіндіру үшін оның аудармасы, синонимі т.б. беріледі де, жақшаға алынып жазылады: 1900 жылдың желтоқсанында шетелге «Искра» («Ұшқын»)

газетінің бірінші нөмірі шықты. Газеттің атынан соң «Ұшқыннан жалын лаулайды» деген нақыл сөз (эпиграф) жазылды.

Алынған сөйлем, дәйексөздің және мысал қайдан, кімдікі екенін көрсету үшін, оның соңынан жазылған кітаптың аты, авторы т.б. жақшаға алынады: «Абайға сүтпен кіріп, сүйегіне сіңген әдебиет үлгісінің бірі – халық әдебиеті деп едік... Бірақ ол мұның да қызығын ерте тояттап, ескірген ел даналығын көп ұзамай-ақ өзіне мұра санаудан қалған сияқты» (Қ.Жұбанов. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. Алматы. «Ғылым» баспасы, 1966, 296 бет).

Драмалық шығармалардағы ремаркалар (автордың түсіндірмелері) жақшаға алынады: *Амангелді. Миша! (Жайнаққа.) Әкет мыналарыңды! (Жайнақ Жапарларды айдап кетеді.) Миша, аман қайттың ба? (Амандасады.) (Ғ.Мүсірепов.)*

Мәселенің талас я күдікті екендігін көрсетіп, оқушының назарын аудару үшін, біреуден келтірілген дәйексөздің ішіндегі жеке сөздерге не сөйлемге қойылатын леп, сұрау белгілері жақшаға алынады.

Келтірілген мысал не дәйексөздің ішіндегі белгілі бір сөздерді не сөйлемдерді санамалап көрсету үшін, жол-жөнекей қойылатын цифрлар (не әріптер) екі жағынан жақшаға алынады: (1) Жасыл желегін бүркенген қарағайдың арасымен жүріп отырып, (2) Асқар көлдің қабағына шықса, (3) мұз бетінде бірсыпыра кісі сырғанақ теуіп жүр екен. Мұнда үш сөйлем бар... («Қазақ тілі грамматикасы»).

Бақылау сұрақтары:

- 1 Үтір қандай жағдайларда қойылады?
- 2 Нүктелі үтір қандай жағдайларда қойылады?
- 3 Қос нүкте қандай жағдайларда қойылады?
- 4 Көп нүкте қандай жағдайларда қойылады?
- 5 Тырнақша қандай жағдайларда қойылады?
- 6 Қандай сөздер жақшаға алынады?

1-жаттығыу. Сөйлем мүшелерінің арасына қойылатын тыныс белгілерінің ережелерін түсіндіріңіз.

1. Өзін сыйлай білмеу – бақытсыздық, өзіне шексіз риза болу – ақымақтық («ЛЖ»). 2. Көргеннен, білгеннен аспау, барды қанағат қылу, жоқты іздемеу – ой мешеулігі. (Ғ.Мұст.). 3. Дәрмен өлеңінің орта тұсында үлкен үйдегі Оразбай, Жиренше, бейсенбі, Абралылар – бәрі де осы үйге кірді (М.Ә.). 4. Кіндіктіде - Әнеш, бәкең, Көтібақтардан шыққан жатақ. Ортада – Мамай жатағы (М.Ә.). 5. Сібірлік казак-орыстардың бір ерекшелігі қазақ тіліне жүйріктігі (С.М.). 6. Мен түнделетіп жүріп келемін. Бетім – Дос көлін жайлап отырған ауыл (С.М.). 7. Жүргіншілердің бұл кезде келіп тірелген жері – Маман тауының желке тұсы. Соғыстың басшылары – Жігітек пен Құнанбай жағы (М.Ә.). 8. Міндет Советтік Отанымыз бен Коммунистік партияға қалтқысыз берілген білімді мамандар даярлау («СК»).

2-жаттығу. Тұрлаулы мүшелерді тауып, олардың тыныс белгілерін қойыңыздар.

1. Басты міндеттердің бірі қолда бардың бәрін, елімізде өндірілгеннің бәрін ұқыпты, ұтымды пайдалану. 2. Мол өнім алудың бір ғана амалы, бір ғана үміті, бір ғана әдісі жұмыс істеу. 3. Бұрынғы ақселеулі далада осылардың бәрін өмірге әкелген тыңның алып астығы. 4. Ысырапқа қарсы күрес ауыл шаруашылығындағы басты резервтердің бірі. 5. Бұл солдат шинелін киген халықтардың еңбегі. 6. Бұл қайсарлықтың, қажырлылықтың, шеберліктің, ептіліктің көрінісі («СҚ»). 7. Мінез әр адамның бет пердесін көрсетіп тұратын айна. Адам өмірінің биік шыңы жастық Гете. 8. Шаруашылықтың елеулі саласының бірі мал шаруашылығы («ЛЖ»). 9. Біздің өміріміздің өзі қуаныш (С. Е.). 10. Алшынбай ауылының Құнанбайға тартқан күмісінің аты тайтұяқ (М. Ә.). 11. Көркемөнердің, ғылымның, техниканың тағы сол сияқты әр түрлі мәселелері туралы әдебиетті оқу адамды сауатты, мәдениетті, білімді етеді («ЛЖ»). 12. Қорабай шалдың кәсібі темір соғу (С. М.). 13. Ұлы орыс халқының бай мәдени мұрасының бір саласы оның тамаша мақалдары, мәтелдері («Жұлдыз»). 14. Жақсы өмір сүру дегеніміз жақсы жұмыс істеу («ЛЖ»). 15. Коммунист болу ойлай білу, ізденгіш болу, істі ынтамен атқара білу («Коммунист»). 16. Менің қазіргі минуттағы арманым осы хатты Сағитқа тапсыру (С. М.). 17. Көпір біткен соғыс тұмсығының қатты қадалатын жері (Ғ. Мүс.).

3-жаттығу. Текстегі сөйлемдердің тыныс белгілерін қойып, көшіріп жазыңыздар.

1. Барыс жабайы мысық тұқымдастарының ішіндегі ең ірісінің бірі. 2. Оның бойы 130 сантиметрдей. 3. Барыстың салмағы 25-40 килограмға жетеді. Барыстың қысты күнгі түсі көк сұр. 4. Басқа уақыттарда барыс қоңыр теңбіл шұбар болып келеді. 5. Еліміздегі барыстың қоры шамамен 630-дай. 6. Біздің республикамызда суырлар Жоңғар, Іле Алатауында, Оңтүстік Алтайда, Сауыр, Тарбағатайда мекендейді. 7. Бұл дүние жүзінде сирек кездесетін аң. 8. Барыс тұқымын көбейтуді, зерттеуді қажет ететін хайуанат. 9. Барыс тау тұрғыны. 10. Олар арқар мен таутекелерді азық ететін аң.

12-тақырып. Бастауыш пен баяндауыштың арасына қойылатын сызықша.

Жоспары:

- 1 Бастауыш пен баяндауыштың арасына қойылатын сызықша
- 2 Тыныс белгілерінің қабаттаса қолданылуы.

Бастауыш пен баяндауыштың арасына қойылатын сызықша. Бастауыш зат есімнен немесе заттанған (зат есімдік мәнге ие болған) басқа сөз таптарынан жасалып, баяндауыш та атау тұлғадағы зат есімнен не заттанған басқа сөз таптарынан болғанда, бастауыштан кейін сызықша қойылады: Тіл – қоғамдық

құбылыс. Қаһарлы суық Мұзды мұхит – үстінен құс ұшпаған қырқасын, жан баспаған жапан түз. Жастар – біздің болашағымыз. Соңғы келген үшеудің ортасындағы – Құнанбайдың тағы бір тоқал шешесінен туған Жақып (М.Әуезов). Бүгін – сапарға аттанатын күн (Бүгінгі күн – сапарға аттанатын күн). «Ойпырмай» – өкінуді білдіретін одағай. «Кейін» – демеулік шылау. «Тарақ» деген сөздегі «рақ» – бітеу буын. «А» – ашық дауысты дыбыс. Атау тұлғадағы бастауыш не баяндауыш, не екеуі де тәуелдік, көптік жалғаулы болуы мүмкін. Ол күнде де бастауыштан кейін сызықша қойылады: Монолог – бір адамның пікір түйе сөйлеген сөзі. Әкесінің баласы – адамның дұшпаны, адамның баласы – бауырың (Абай). Адамның ішкі сезімінің айнасы – көз (С.Мұқанов). Бастауыш та, баяндауыш та бір сөздің қайталануынан жасалуы мүмкін, бұл жағдайда да бастауыштан кейін сызықша қойылады: Ар жазасы – бар жазадан ауыр жаза (М.Әуезов). Ғашықтың тілі – тілсіз тіл (Абай). Әлі де беделі – бедел (Ғ.Мұстафин). Күлкі – қыздың күлкісі (С.Ерубасев).

Баяндауыштың алдында не артында ғана, ғой т.б. сияқты шылаулар тұрса, сызықша қойыла береді: Қаланың қасында көз толатын табиғат – шалқар көл ғана (С.Мұқанов). Даланы билеп алған жалғыз үн – күн сайын қатая түскен күзгі желдің уілі ғана (М.Әуезов). Адамды бақытты ететін – тек қана азат еңбек.

Ескертулер. 1. Бастауыш атау тұлғадағы зат есімнен, баяндауыш жатыс септіктегі зат есімнен болғанда, бастауыштан кейін сызықша қойылмайды: Бүркітші тау басында, қағушы ойда (Абай). Мектеп үйі қалашықтың қақ ортасында. 2. Бастауыш зат есімнен, баяндауыш сын есімнен болғанда, екеуінің арасына сызықша қойылмайды: Қар аппақ, бүркіт қара, түлкі қызыл (Абай). Күз түні ызғарлы, суық. 3. Бастауыш зат есімнен, баяндауыш атау не жатыс тұлғадағы сан есімнен болғанда, бастауыштан кейін сызықша қойылмайды: 1936 жылы Жамбылдан жазылып алынған жырдың саны он алты. Ағайынды бұл үшеуінің жас мөлшерлері бір-біріне жақын: Балтабек жиырма алтыда, Темірбек жиырма төртте, Кенжетай жиырма екіде (С.Мұқанов). 4. Бастауыштан кейін оған жалғас сұрау есімдігі келген сөйлемдерде, баяндауыш атау тұлғадағы зат есім болғанмен, сызықша қойылмайды: Жилин қандай адам? Қала мен селоның арасы қанша километр? Бүгінгі күн қай күн?

Бастауыш I, II жақтық жекеше я көпше тұлғадағы есімдіктен, баяндауыш жіктік жалғауы түсірілген есімдердің біреуінен болғанда, бастауыштан кейін сызықша қойылады: Мен – тауда ойнаған қарт марал (Махамбет). Біз – қырғауыл, сіз – тұйғын (Абай). Семья – шағын мемлекет, мен – президент, сен – премьер (Қ.Аманжолов). Сен – тоты құс бақта жүрген (Абай).

Ескерту. Мұндайда баяндауыш жіктік жалғаулы болса, сызықша қойылмайды: Мен осы үйдің баласымын. Сіздер тәжірибелі мамансыздар. Мен көмірмін қалған өрттен (Абай).

Бастауыш та, баяндауыш та атау тұлғадағы сын есімнен жасалғанда, бастауыштан кейін сызықша қойылады: Жақсы – ісімен жақсы. Сұлу – сұлу емес, сүйген – сұлу.

Бастауыш та, баяндауыш та сан есімнен болғанда, екеуінің арасына сызықша қойылды: Үш жердегі үш – тоғыз. Екі бесіміз – он.

Бастауыш ол, бұл, мынау, сонау, анау деген сілтеу есімдіктерінен жасалып, баяндауыш атау тұлғадағы зат есім немесе зат есім мағынасындағы басқа сөз табы болғанда, сілтеу есімдіктерінен кейін сызықша қойылады: Бұл – адам көз сүйегі, – деді ханға (Абай). Сонау – біздің бие. Анау – емен ағашы. Бірақ бұл – қайтқаны емес, толғанып қалып, бірнеше тәсіл тапқаны (Ғ.Мұстафин). Соғысты біз сүймейміз ел жылатқан. Ол – ісі қанқұмардың қарғыс атқан (Жамбыл).

Ол, бұл деген сілтеу есімдіктерінен болған бастауыштар өзінен кейінгі сөздің анықтаушына ұқсап, шатасып кететін жағдайда, бастауышы қай сөз табынан жасалса да, одан кейін сызықша қойылады: Мұндай бастауыштары бар сөйлем өзінің алдындағы сөйлемдермен логикалық байланыста болады, сондықтан олар контекстке қарай ажыратылады: Тіл-тілдің қайсысында болсын сөз мағынасы көбіне осы метафора арқылы ауысады. Сөйтіп, бұл – сөз мағыналарының ауысу тәсілдерінің ішіндегі метафораның айрықша орын алатындығын көрсетеді (К.Аханов).

Ескертулер. 1. Бұл ережені орынсыз қолдана беруге болмайды. Анықтауыш деп танылып кететін қауіп жоқ жерде ол, бұл деген есімдіктерден жасалған бастауыштан кейін сызықша қойылмайды: Ол біздің үйге келді. Ол кітап оқып отыр. Сол әңгімелерді ол аса шеберлікпен айтып береді (С.Мұқанов). 2. Ол, бұл деген есімдіктерден болған бастауыштар көпше тұлғада (олар, бұлар) тұрса, олардан кейін сызықша қойылмайды: Бұлар өндіріс озаттары (Бұл – өндіріс озаты дегенмен салыстыр). Олар би-старшын, бай-бағылан емес, сын кезеңдерде ел салмағын тәуекелшіл сом иықпен берік көтеретін өжет жандар (М.Әуезов).

Бастауыш -у жұрнақты етістіктен не ол араласқан тіркестен жасалса, баяндауыш атау тұлғадағы зат есімнен немесе -у жұрнақты етістіктен және керісінше болғанда, бастауыштан кейін сызықша қойылады: Елдің шетін күзету – ең ардақты правоң (Жамбыл). Көргеннен, білгеннен аспау, барды қанағат қылу – ой мешеулігі (Ғ.Мұстафин). Аз сөзді, көп мағыналы болу – мақал-мәтелдерге тән құбылыс. Мектептің міндеті – оқушыларға жан-жақты білім беру және тәрбиелеу.

Бастауыш -ған (-ген, -қан, -кен) жұрнағымен жасалған есімшеден (не есімше аралас тіркестен) болса, баяндауыш не зат есім, не есімше, не есімдіктен жасалғанда, бастауыштан кейін сызықша қойылады: Бұған таяу отырған – Ыбырайдың Ысқағы (М.Әуезов). Көпір біткен – соғыс тұмсығының қатты қадалатын жері (Ғ.Мұстафин). Алтын орден алғаным – терең жырдың тиегі (Жамбыл). Менің жазып отырғаным – теңіз үстінде кездескен көріністерден, жолыққан адамдардан білгендерім (С.Мұқанов). Абайды таң еткен – сол екі жігіт (М.Әуезов). Ән шырқаған – сол. Станцияға ең кеш келген – осы.

Бастауыш зат есімнен не сілтеу есімдігінен, баяндауыш есімшеден болғанда, екеуінің арасына сызықша қойылмайды, өйткені мұнда есімше өзінің етістік қызметінде қолданылады: Мектеп үйі жаңадан салынған. Сол екі жігіт Абайды таңдандырған. Ал баяндауыш болып тұрған есімше зат есім мағынасында қолданылған болса, бастауыштан кейін сызықша қойылады: Осы кездік – саған тартқаным (соңғы есімше тұлға «тартқан сыйым» деген заттық мағынада қолданылып тұр). Енді осы – тоқтатқаны (Ғ.Мүсірепов). Бастауыш бірі, біреуі, біріншісі, екіншісі, алдыңғысы, соңғысы деген заттанған сан есім, сын есімдерден және көбі деген сөзден, баяндауыш атау тұлғадағы зат есімнен не -у жұрнақты етістіктен (және керісінше) болғанда, бастауыштан кейін сызықша қойылады: Пьесада («Шыңырау түбінде») бір-біріне қарсы екі түрлі идея түйіседі: оның бірі – көнбістікті, төзе берушілікті уағыздайтын аяушылық идеясы, екіншісі – адам күшіне сену, оны өмір үшін күреске шақыру идеясы («Қазақ әдебиеті»). Жаяу Мұса – Біржан бастаған Арқадағы әншілер тобының көрнектілерінің бірі (М.Әуезов). Горькийдің реалистік шығармаларында

суреттелетін образдардың көбі – өмірдің азабын шеккен, қорлық, зорлық көрген таптың өкілдері («Қазақ әдебиеті»).

Ескерту. Бастауыш бірі, біреуі, екіншісі, біріншісі, көбі деген сөздерден, баяндауыш атау тұлғадағы зат есім мен -у жұрнақты етістіктен басқа сөз таптарының бірінен болса, бастауыштан кейін сызықша қойылмайды: Ойыл екеу: бірі ащы, бірі тұщы (Ғ.Мұстафин).

Бастауыш өз ішінен сөйлем мүшелеріне ажыратылатын күрделі тіркестер болып келсе, бастауыштан кейін сызықша қойылады (жазу тәжірибесінде көбінесе шатасып, қос нүкте қойылып жүр, ол дұрыс емес): Біздің жауабымыз – Оралбайды білмейміз (М.Әуезов). Мұндағы баяндауыш – (біз) Оралбайды білмейміз; оның өз ішінде бастауышы (біз), толықтауышы (Оралбайды), баяндауышы (білмейміз) бар, сондықтан бұл күрделі баяндауыш сөйлемнің бастауышынан сызықша арқылы бөлінеді. Келесі мына мысалдарда да баяндауыштар осылайша өз ішінен сөйлем мүшелеріне ажыратылатын күрделі болып келген: Бар ойы – өлең айтып, ән салалық (Абай). “Сор” дейтінім – сабақ оқытатын молданы мен жақсы білемін (С.Мұқанов). Сенің білмегенің – мен жаңа кеп қосылып отырмын (М.Әуезов). Бір ескертетін нәрсе – оқушылар айтқан сөзге көңіл қойып, зерек отыру үшін күн ілгері ескерту жолын да қолданады (Әдістеме құралынан). Өсиетім – шындықты, адалды сүй (Жамбыл). Сөйлемнің бір бөлігі мұның себебі, оған себеп деген сияқты сөздерден жасалып, екінші бөлігі тұтас сөйлем болып келетін жағдайлар да осы ережеге бағынады. Мұнда да сөйлемнің екі бөлігі бір-бірінен сызықша арқылы айырылады: – Кесіп айтайын, ашық шахтаға рұқсат берілмейді. – Себеп? – Бірінші себеп – Қарағанды жағдайында ашық шахта бола алмайды. Екінші себеп – бола алған күнде оны біз емес, жергілікті отын өндірісі министрствосы ашу керек (Ғ.Мұстафин).

Бастауыш өзінен кейінгі сөзбен тіркесіп, сөйлемнің басқа бір мүшесімен шатасып кететін болса, одан кейін сызықша қойылады (мұндайда баяндауыш қай сөз табынан, қандай тұлғадан жасалғаны шарт емес). Айтуда бастауыштан кейін пауза болады. Мысалы: Отыз – алтыға қалдықсыз бөлінеді. Бұл сөйлемде сызықша қойылмаса, әңгіме 30 саны туралы емес, 36 саны туралы деп ұғынылар еді. Мен білмейтін – жер астында дегенде білмейтін сөзінен кейін сызықша тұрмаса, бұл сөз бастауыш емес, жер сөзінің анықтауышы деп ұғынылар еді, ал сөйлемнің сызықша қойылғанда беретін мағынасы «мен білмейтін нәрсе жердің астында жатады» деген сияқты.

Бастауыш зат есім не заттанған басқа сөз табынан болып, баяндауыш болымсыздықты білдіретін емес сөзі тіркескен есімдердің бірінен болса, бастауыштан кейін сызықша қойылады: Туысым – аталасым емес, өзіммен мұны бір, бейнеті бір жатақтар (М.Әуезов). Сұлу – сұлу емес, сүйген – сұлу (Мақал). Эпопеядағыдай бұларда үстем болып отырған – оқиға емес, драмадағы тәрізді, адам («Қазақ әдебиеті»). Жатақтарды қосып отырған – ру ұраны емес (М.Әуезов).

Бастауыш алды (алдым, алдың), арты (артым, артың), қасым (қасы, қасың), үсті (үстім, үстің), асты сияқты көмекші есімдердің жалаң өзінен болып, баяндауыш та есім сөзден болғанда, бастауыштан кейін сызықша қойылады:

Адасқанның алды – жөн, арты – соқпақ (Абай). Үстім – көк, астым – теңіз, атым – кеме Арқырап ту толқынмен арпалысқан (Т.Жароков).

Бастауыштан кейін сызықша қойылуға тиісті сөйлемдердегі баяндауышқа еді, екен, болды, болады, болатын, болып табылады сияқты көмекші етістіктердің бірі тіркессе, бастауыштан кейін сызықша қойылмайды: Тіл қоғамдық құбылыс болып табылады (Тіл – қоғамдық құбылыс дегенмен салыстыр). Орысша киінген жігіт Досанов Асқар еді (ал: Орысша киінген жігіт – Досанов Асқар). Туысым өзіммен мұны бір жатақтар екен. Елімізді жаудан қорғау Жамбыл өлеңдерінің негізгі тақырыптарының бірі болды.

Бастауыштан кейін сызықша қойылуға тиісті сөйлемдерде бастауыштан кейін қыстырма сөздер тұрса, сызықша қойылмайды. Пьесадағы жағымды және жағымсыз кейіпкерлер арасындағы күрес, дұрысында, ескі дүние мен жаңа дүниенің арасындағы болып жатқан таптық күрес. Челкаш та, сайып келгенде, Гаврила секілді, жеке меншіктің құрбаны болған адам («Қазақ әдебиеті»). Бөжей де, Құнанбай сияқты, феодалдық-рушылдық қоғамның мықты болғанын тілейтін феодал (М.Әуезов).

Мақал-мәтелдерде, афоризмдерде, өлеңдерде сөйлемнің баяндауышы түсіріліп, ықшамдалып айтылады. Мұндай сөйлемдер түсінікті болу үшін, бастауыштан кейін сызықша қоюға болады. Ер – егесте (сыналады), нар – кешуде (сыналады) (М.Әуезов). Асыл – тастан (шығады), ақыл – жастан (шығады). Қой – қозыдан (өреді) (Мақалдар). Біреуі – көк (тағысы), біреуі – жер тағысы (Абай).

Ол – ол ма, бұрынғы – бұрынғы ма, бұл – бұл ма сияқты қыстырма сөз тіркестері араларына сызықша қойылып жазылады: Бұрынғы – бұрынғы ма, оның салтанаты тіпті артып кетті. Ол – ол ма, әңгіме одан сайын күшейе түсті.

Бастауыш пен баяндауышты байланыстырушы дегеніміз, деген (дегенім, дегенің, дегені) деген сөз тұрса, бастауыштан кейін сызықша қойылады: Сөйлем дегеніміз – тиянақты ойды білдіретін бір сөз я бірнеше сөз тіркесі («Грамматика»). Мия дегеніміз – қоймалжың қорыс батпақ. Гипотеза дегеніміз – ғылыми жорамалдар. Қарағанды деген – байлық қой жатқан (Ғ.Мұстафин). (Қарағанды деген жер – жатқан байлық). Көрдім деген – көп сөз (Көрдім деген сөз – көп сөз).

Де етістігінің алдында келетін, бірақ төл сөз емес құрылым өз алдына сөйлем болса, оның бастауышы мен баяндауышының арасына қойылуға тиісті сызықша сақталады: Жазушы өз шығармаларында қоғамдағы зұлымдықты жоя алатын күш – адамның өзі деп, еңбекші халықтың күшіне сенім білдірді.

Суреттеме мазмұнды атаулы сөйлемдердің ішіне сызықша қойылмайды, өйткені олар бастауыш, баяндауышқа бөлінбейді: Ортада үстел. Сол жақта диван. Диван үстінде кішкене жастықтар. Орман. Бірінің соңынан бірі келе жатқан адамдар. Әркімнің арқасына таңылған бір-бір рюкзак (соңғы сөйлемдегі таңылған деген сөз – бастауыш емес, анықтауыш).

Сөйлем мүшелерінің әдеттегі орны ауысып келген сөйлемдерде (көбінесе өлеңдерде) орынсыз сызықша қойылмайды. Мысалы: Сенсің жан ләззаты, Сенсің тән шәрбаты (Абай) деген өлең жолдарының қара сөзбен айтқандағы құрылысы: Жан ләззаты сенсің, тән шәрбаты сенсің немесе: Сен жан

ләззатысың, сен тән шәрбатысың болар еді. Сондықтан бұл құрылымдардың қай-қай түрінде де сызықша қолданылмайды. Өзімдей өскен бірге құрбыларым: Бірі – әнші, бірі – малшы, бірі – ғалым... Осылар батырлары бай еңбектің, Осылар сақтаушысы жер мен көктің (Ә. Тәжібаев). Бұл сөйлемнің қара сөздік құрылысы: Бай еңбектің батырлары осылар, жер мен көктің сақтаушысы осылар болар еді, сондықтан мұнда да ешқандай сызықшаның қажеті жоқ.

Бастауыш болып тұрған сөз баяндауыштың құрамында қайталап, бастауышқа жалғас тұрса, бастауыштан кейін сызықша қойылады: Физикалық, денелерден құралған заттар сол қалпында: шыны – шыны қалпында (қалады), парафин – парафин қалпында (қалады), мыс – мыс қалпында қалады («Химия оқулығы»). Жамбыл – Жамбыл болғалы, Есіткен талай батырды (Жамбыл).

Тыныс белгілерінің қабаттаса қолданылуы. Құрмалас сөйлемдегі бірақ, сонда да, алайда, сондықтан, дегенмен сияқты жалғаулықтар түсіп қалғанда, екі сөйлем арасына (жалғаулықтар айтылмаған жерге) әуелі үтір, одан кейін сызықша қойылады. Сызықша нүктемен, үтірмен, сұрау және леп белгілерімен, көп нүктемен қабаттаса келгенде, сол тыныс белгілерінен кейін қойылады: – Енді сен не істемекшісің? – деді ана баласының сөзін бөліп. (М.Горький). – Мен... – деп, Асқар азғана кідіріп бірдемені қиял еткендей бөгеліп тұрды да, – көлді жағалап қайтамын, – деді (С.Мұқанов). – Рас! – деп, Тоғжан қызара түсіп көзін төмендетті. – Сізді мен бір көрдім (М.Әуезов).

Тырнақша мен нүкте, үтір, сұрау, леп белгілері және көп нүкте қабаттаса келгенде, олар былайша орналасады: а) егер леп, сұрау белгілері және көп нүкте тырнақшаға алынған сөйлемге ғана қатысты болса, олар тырнақшадан бұрын қойылады, ал үтір мен нүкте тырнақшадан соң қойылады: «Өзім алып шығайын», – деп ойлады Бүркітбай (С.Мұқанов). «Өзім алып шықсам қайтеді?» – деп ойлады Бүркітбай. «Ешкім де емес, өзім алып шығам!» – деді Бүркітбай. «Өзім алып шығайын». Бұлармен қабаттаса сызықша жүрсе, ол тырнақшадан соң қойылады (жоғарыдағы мысалдарды қараңыз). ә) Тырнақшаға алынуға тиісті құрылым тұтас сөйлем емес, оның ішіндегі жеке сөздер не сөз тізбектері болса, сөйлем соңына қойылатын леп, сұрау белгілері мен көп нүкте қатар келген тырнақшаның сыртынан қойылады. – Әй, қайтып келесің бе «бала»? – деп қалжыңдай айғайлайды ол жолдасына. О, шіркін, осы ән ғой «құлақтан кіріп, бойды алар»! б) Сөйлем тырнақша жабылған жерден бітіп тұрса, леп, сұрау белгілері мен көп нүкте тырнақшаның іш жағынан қойылғанда, тырнақшаның сыртына басқа тыныс белгісі (сызықшадан бөтен) қойылмайды: «Олай болса, – деп ойлады Асқар, – мынау көш не?» 1914 жылдан бергі нөмірлерін Асқар тез-тез жүгіртіп қарап шықты: «Екі жылда Франция қырық миллиард шығын ұстаған...» (С.Мұқанов).

Нүкте, леп, сұрау белгілері және көп нүкте жақша ішінде алынған текске қатысты болса, жақшаның ішінен қойылады. Жақшаның сыртына жалпы сөйлемге тиісті тыныс белгісі қойылады: Байқауымша, әңгіме былай: Біріншіден (рас қой мұным?), Орыс үйі көрмей тыным, Қонақ күткен, сөз қылып ұдай... (А.С.Пушкин)

Баяндаманың, сөйленген сөздердің ішіндегі жақшаға алынған ремаркалар сөйлем соңында келгенде, тыныс белгісі мен жақша былай қабаттасады:

Ремарканың алдындағы сөйлем соңына қойылатын нүкте жақшаның алдынан қойылмай, соңынан (ремаркадан кейін) бір-ақ қойылуы мүмкін: Біздер, жазушылар, көркем сөзімізбен халықты ізгілікке тәрбиелеуге дайынбыз (Қол шапалақтау). Немесе ремарканың алдынан бір нүкте, жақша ішіне я болмаса сыртына тағы нүкте қойылып жазылуы да мүмкін: Біздер, жазушылар, көркем сөзімізбен халықты ізгілікке тәрбиелеуге дайынбыз. (Қол шапалақтау.) Былай қоюға да болады: Біздер, жазушылар, көркем сөзімізбен халықты ізгілікке тәрбиелеуге дайынбыз.(Қол шапалақтау). Келтірілген дәйексөздің қайдан және кімдікі екенін көрсету үшін жақша ішіне алынып жазылған сөздердің тыныс белгілерінің орналасуы да осындай. Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы (Абай). Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы. (Абай.) Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы. (Абай).

Драмалық шығармалардағы жақшаға алынатын ремаркалардың тыныс белгілерінің орналасу тәртібі мынадай: а) ремарка кейіпкердің атынан кейін қатар келгенде, нүкте жақшаның сыртына қойылады. Кейіпкердің атынан кейін нүкте қойылмайды. Б а я н (аз ойланып). Үш түрлі шарт қойсам, орындармысың? (Ғ.Мүсірепов). ә) Ремарка кейіпкердің сөзінің ішінде екі сөйлемнің арасында немесе кейіпкер сөздің аяғында келсе, нүкте жақшаның ішіне қойылады; жақшаның алдынан сөйлемге тиісті тыныс белгісі қойылады: Амангелді. Миша! (Жайнаққа.) Әкет мыналарыңды! (Жайнақ Жапарларды айдап кетеді.)

Тырнақшаға алынған дәйексөздің немесе басқаларының өзі тырнақшаға алынған сөздерден, сөйлемнен басталса, немесе аяқталса, екі тырнақша қатар қойылмай, біреуі-ақ қойылады, яғни ол жалпы дәйексөздің ішіндегі тырнақшаға алынған сөздерге де тиісті болады.

Жақша ішіне алынған сөздердің тұрған жеріне қойылатын тыныс белгісі жақшадан соң қойылады. Аңдағұл атынан рудың он шақты аулы айнала қонып жайлайтын Алуа атты шалқар көл бар (оған кейін ораламыз), көлдің әр тұсынан су ағар жыралар қосылады (С.Мұқанов). Егер жақша ішіндегі қыстырма жоқ болса, мұндағы үтір шалқар көл бар деп аяқталатын жай сөйлемнен кейін қойылуы тиіс еді.

Сұрау, леп белгілері көп нүктемен қабаттаса келгенде, әуелі сұрау не леп белгісі, одан кейін қатар екі (үш емес) нүкте қойылады. Ал леп белгісі, сұрау белгісі, көп нүкте – үшеуі қатар келгенде, мағынасына қарай әуелі сұрау мен леп белгісі (не леп пен сұрау белгісі), одан кейін бір нүкте қойылады.

Лептік те, сұраулық та мәні бар сөйлемдерден кейін леп белгісі де, сұрау белгісі де қатар қойылады. Сөйлемнің қай мәні басым болса, әуелі сол мәнге тиісті белгі қойылады.

Бірыңғай мүшелердің не құрмаластағы жай сөйлемдердің арасында көп нүкте тұрса, үтір қойылмайды: Сатылып кеткен бурыл биенің құлындарын кісінікі деуге қимаймын... іштей өзімсінем... көргім келеді де тұрады және көре де берем! (С.Мұқанов.)

Қаратпа, одағай сөздерден және сөйлем басында келген иә, жоқ деген сөздерден кейін көп нүкте тұрса, үтір қойылмайды: – Жаным! Асылым... барым

бір әзің! (М.Әуезов). О... білем, білем! – Ақмола ма ? – Жоқ... Омбы, Қызылжардың бірі (Ғ.Мүсірепов).

Бақылау сұрақтары:

- 1 Сызықша қандай жағдайларда қойылады?
- 2 Бастауыш пен баяндауыш арасындағы сызықша қандай ережелерге байланысты қойылады?
- 3 Тыныс белгілері қалай және неліктен қабаттаса қолданылады?

1-жаттығу. Әр сөйлемдегі бастауыш пен баяндауыштың арасына сызықша қойылатындай етіп, сөйлемдерді қайта құрыңыздар.

Қоқиқаз немесе қызылқаз дүние жүзінде өте сирек кездеседі. Ол Қазақстан жерінде Целиноград облысындағы Қорғалжын қорығына қарасты Теңіз көлінде жұмыртқа салады. Осы көлдің адам аз баратын аралдарын мекен етеді.

Қоқиқаз бірнеше жүздеп немесе мыңдап бір жерде тобымен жүреді. Оның сыртқы пішіні сондай әсем. Аяғы мен мойны ұзын, алыстан қарағанда аздап аққуға ұқсайды. Аққудан айырмашылығы тұмсығының бітімінде. Тұмсығының ұшы имекше келеді. Оның қанатының түсі қызғылт болады. Бұл құс ұшқан кезде көл айдыны қызыл алауға айналады.

Қоқиқаз өте қатал жұптық өмір кешеді. Мамыр, маусым айларында өсіп өнеді. Олар жылы жақтан ұшып келісімен жыл сайын жаңғыртып ұя салып отырады. Оның ұясы конус тәрізді болып келеді. Аталығы мен ұябасар жұмыртқаны кезектесе басады. 30-32 күн ішінде екі-үш балапан шығарады.

Қызылқаз тұзды көлдерде майда өсімдіктер мен ұсақ жәндіктер қорек етеді. Топтасып жүргендіктен кейде ұя салған көлден қоректенудің қиындайтын кездері де тың және тыңайған жерлер игерілетін әр түрлі аудандарда жүргізу қажет болатын сияқты («КТ»). Бастауыш мектепте оқитын қазақ балаларына арналып отырған хрестоматия сөз жоқ Ыбырайдың үлгісі бойынша жазылуы керек еді (С. К.). Абай әндері де осы айтқандай бізге көптеген варианттармен жетті («СК»).

2-жаттығу. Бастауыш пен баяндауыштың арасына қойып, ережесін айтыңыздар.

Бірлік малға сатылса. ант ұрғандықтың басы осы. Өзі мен Абайды, Базаралыны айнала қоршап отырған Балбала, Керімбала. Үмітей... Коммунизм орнатуда жаңа табыстарға жету жолындағы күреске халықты жұмылдыру әдебиет пен өнердің ең жоғарғы қоғамдық борышы. Ералының кең жазығына жаңа келіп ілінген жүргіншілер ерте көшкен ауылдың ер – азаматы. Бұның бірі қатқан қара келіншек Баян, екіншісі орақ тұмсықты, ақсұр әйел Есбике. Екі топтың қимылы өзгеше: бірі әйелдер тобы Жанбота, екіншісі еркектер тобы Амантай. Бүгін радио күні.

Әке сыры

Шоқанның ордағы соқпай, сәлемдеспей, өтіп кетуіне шағатын бүйідей тырсып теісіне әрең сыйып отырған Шыңғысқа Жарылғамыс тағы бір жаңалық хабар әкелді. Уақ руының белгілі атақты ұрысы Манаштың Қожығы, шағалақ Керейдің ұрысы Ертісбайдың Медебайы, «Сегіз ата қарауыл» аталатын елдің ұрысы Бекмырзаның Баубегі «Шоқан Атбасар жәрменкесінің үстінде үшеуінде ұстатады» деген қауесетпен бармауға бекініпжүреді де, «жандарал- гүбірнатыр ауырып қалып емделуге кетіпті, аз ғана солдатпен шоқан ғана келетін болыпты» деген соң, қапысын тауып, әрі салғанда өлтіріп, бері салғанда сілейте сабап алуға ұйғарыпты. Жарылғамыс Шоқан мен Шыңғысты осы қатерден сақтандыруға келіпті. Шыңғыс кірпі терісінен жаслған төсектің үстіне жалаңаш аунағандай болды. Енді жарылғамыс келе онда да ауырлап, тұла бойы дірілдеп кетті. Өйтпегенде ше?

Мал екеш,- мал да шамасы жеткенше, баласын жауына бермеуге тырыспай ма?

Үйіріне қасқырларды жолатпай қарсы шауып қайырып тастайтын айғырларды Шыңғыс талай көрген; боталы түйеге бура не адамды, не аңды жолатпайды; жеке биенің – құлынын, жеке сиырдың бұзауын қасқырға алдырмағанын біледі.

Шыңғыстың мақсаты – оны қайткен күнде де «қасқырларға» талатпау, жегізбеу. Сонда есіне Қанжығалы Бөгенбай батырдың шөбересі – Саққұлақ би түсті...

3-жаттығу. Кейбір сөйлемді бастауыш пен баяндауышының арасына сызықша қойып жазу қалпына келтіріңіз.

Тапқырлық

Әзімбек деген кедей жігіт жолаушылап келе жатып, үлкен Жалаңашта отыратын Қоңыр бөрік руындағы ауқатты жекжаты Бейсенбінің үйіне түсіпті. Бейсенбі жайшылықта да сараңдау адам екен, ал талшық етер талқан да жетіспей отырған мынадай шақта келген жолаушыны жақтырмапты. Олар кешкі тамақтарын енді-енді ішпек болып отыр екен.

Көп ұзамай буы бұрқыраған бір табақ тары алдарына келеді.

Арып-ашып, суық сорып, шаршап жеткен Әзімбек алдарына келген асқа комағайлана кірісіп, әп-сәтте үйеме табақ тарының бір шетін үңгіп жеп жіберіпті. Жаңағы сары май ыстық тарыға түскен соң еріп, табақтың Әзімбекке қарай қисайып тұрған шетіне жиналып қалады. Онсыз да бырысып-тырысып, не істерін білмей отырған Бейсенбінің сараң жанына бұл қатты батып кетіпті. Ол:

- «Қара кедей басқаны өз басына іс түскенде ғана таниды» деген рас-ау, тегі! Әкем өлді... келмедің – деп, қолындағы қасығымен табақтағы тарыны жарыпты. Содан кейін: «шешем өлді... келмедің – деп, тарыны тағы бір бөліп тастапты (ондағы ойы - Әзімбектің алдына жиналған майды жаңағы өзі жарған

«арықтар» арқылы өз алдына қарай ағызу екен). – Бұл жүрісің не жүріс, бұл келісің қай келіс? Бірдеме сұрай келгенсің-ау, шамасы?

Әзімбек Бейсенбінің жаңығы қулығын байқап қалып, былай дейді:

- Көңіл айтуға келмедің дегеніңіздің жаны бар. Бірақ дүниенің өзі мына тары құсап әлейім-тәлейім болып кетпеді ме?! – деп, табақтағы тарыны араластырып-араластырып жіберіпті («ЛЖ»).

Қорытынды

Қазақ тілінің орфографиясы мен пунктуациясы тіл білімінде зерттелгенімен, қазіргі таңда осы саланың кейбір теориялық мәселелерін ғылыми-тәжірибелік тұрғыдан әлі де болса қарастыру қажет болып отыр. Ұсынылып отырған оқу құралында орфография мен пунктуация ғылымының мақсат-міндеттері айқындалып, орфографияның негізгі принциптері және осы салаға қатысты өзекті тақырыптар қарастырылған. Орфографиялық сөздік туралы теориялық мағлұматтар беріліп, пунктуация жайлы мәселелер тәжірибелік жағынан талданған.

Болашақ қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімінің шешен де тартымды сөйлей білуі, ойын қағазға анық та түсінікті түсіре білуі оқу құралының тәжірибелік мәнін көрсетеді.

Оқу құралы филолог мамандарды даярлауға арналған. Еңбекте теориялық мәліметтер, студенттердің білімін бағалауға арналған бақылау сұрақтары және жаттығу жұмыстары енген.

Оқу құралы тақырыптық жоспарға сәйкес дайындалған, мақсаты мен міндетін орындаған. Мазмұны 5В020500- Филология мамандығының «Қазіргі қазақ тілінің фонетикасы», «Қазіргі қазақ тілінің морфологиясы», «Қазіргі қазақ тілінің жай сөйлемі», «Қазіргі қазақ тілінің құрмалас сөйлемі», «Орфография және пунктуация практикумы» атты пәндерге толық сәйкес келеді. Ғылыми жаңашылдығымен, тақырыбының өзектілігімен, теориялық және практикалық мәнімен ерекшеленеді. Оқу құралы студенттер дәрісханасында толық талдаудан өткен.

Осы еңбекті игеру жолында студент өзінің білімін жетілдіріп, дағдылық, іскерлік қабілетін дамытып, ана тілінің қасиетін тереңінен танып, оның қыр-сырын меңгеріп, өз бойына ана тіліне деген сүйіспеншілігін дарытып, тіл мәдениетін өркендетуге үлес қосары сөзсіз.

ПУНКТУАЦИЯҒА ҚАТЫСТЫ СЫЗБАЛАР

1 – кесте

Нүкте Негізгі қызметі	
Хабарлы сөйлемнен кейін нүкте қойылады.	Жай, екпінсіз айтылған бұйрық, тілек мәнді сөйлемнен кейін нүкте қойылады.
Мысалы: Аспанда алақандай бұл жоқ.	Мысалы: Кітабыңды маған бере тұршы.

Қосымша қызметі			
Драмалық шығармаларда кейіпкер атынан кейін нүкте қойылады	Кейіпкерлердің айтқан сөзіне тікелей қатысы жоқ, автордың түсінігі ретінде айтылған ремаркадан кейін жақша ішінде нүкте қойылады.	Жазуда кісі аттары, газет-журнал атаулары, басқа да сөз шартты түрде қысқартылған жағдайда, әрбір әріптен не буыннан кейін нүкте қойылады.	Дәйексөздің, келтірілген мысалдың қайдан екенін, авторын көрсететін сөздер жақшаға алынып, жақша жабылған жерге нүкте қойылады.
Мысалдар			
Біржан. Қалғанын мен айтайын, мынау Ыбырай сен, анау жас пері Балуан Шолақ... Анау отырған Ақан сері. Айша. Ақан!?. Құлақпен естіген-ді көз көреді деп, сері сіз екенсіз, есенсіз бе?	Қобыланды. Бақ күшіме бағып көр! (Қылышымен қаратасты қақ бөледі. Зуыл басылады.)	М. Әуезов немесе М.Ә., Ғ. Мұстафин немесе Ғ.Мұст. «Қазақ әдебиеті» - «Қ.Ә». - т.б. тағы басқалар - т.с.с. тағы сол сияқты - т.т. тағы тағылар - т.с. тағы сондайлар	Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін, Жок – барды, ертегіні термек үшін (Абай) .

Ескерту

Мынадай жағдайда нүкте қойылмайды	
Бас әріптерден және буындардан қысқарған сөздердің әріптерінің немесе буындарының арасына нүкте қойылмайды: ҚазМУ, ҚазҰТУ	Ұзындық, көлем өлшемдерінің және басқа да қысқартылып қолданылатын шартты белгілерінен кейін нүкте қойылмайды: км, м, см, га, г, л, а (ампер), v (вольт)

2 – кесте

Қос нүкте			
Жалпылауыш сөзден кейін, бірыңғай мүшелердің алдынан қойылады	Жалғаулықсыз себеп-салдар салаласта салдар мәнді сөйлемнен кейін қойылады	Жалғаулықсыз түсіндірмелі салаласта жай сөйлемдердің арасына қойылады	Төл сөздің алдында келген автор сөзінен кейін қойылады
М ы с а л д а р			
Енгі үшеуі: қалпақты, қылышы бар, көк шекпенді жат адамдар екен	Оларды кінәлауға да болмайды: географиялық картада ондай ат жоқ	Сол 1926 жылы қазақ тарихында зор бір оқиға болды: тұңғыш рет қазақ ұлт театры ашылды	Бөлтірік шешен былай деген екен: «Дүниеде азбайтын байлық біреу, ол – ақыл».

3 – кесте

Көп нүкте		
Айтылмақшы ой аяқталмай қалғанда немесе бір ой екінші оймен мағыналық байланысқа түспей, шашыраңқы айтылғанда, сөйлем срыңында көп нүкте қойылады	Көп нүкте алынған цитатаның не алдынан, не соңынан немесе сөйлем, сөз қалдырылған жерге қойылады.	Айтылып келе жатқан ойға кенет, тосын, күтпеген немесе өте алшақ жатқан нәрсе қосылып кетсе, оның алдынан көп нүкте қойылады.
М ы с а л д а р		
Маған да ол орысша, қазақша, өзбекше әндер айтқызып рахаттанатын... Сөйтіп жүрсем... Оны Нартайға айтқызармыз...	Ереуіл атқа ер салмай, Егеулі найза қолға алмай... Ерлердің ісі бітер ме?!	XIX ғасырда қазақтың жалпы халықтық тілін негіз еткен үлгілерге Абай, Ыбырай бастап, қазақ әдебиеті өкілдерінің мұралары, ауыз әдебиеті нұсқалары, шығыс классик әдебиетінің қазақша жырланған үлгілері, баспасөз, оқулықтар, сөздіктер және... христиан дінін уағыздайтын миссионерлік әдебиет жатады.

4 – кесте

Үтір						
Қойылатын орындар						
Бірыңғай мүшелер жалғаулық шылаусыз бірыңғай мүшелердің әрқайсысымен қайталанып айтылғанда, араларына үтір қойылады	Оңашаланған айқындауыштың алды-артынан қойылады	Құрмалас сөйлем құрамындағы жай сөйлем-дер арасына қойылады	Төл сөз хабарлы сөйлем болса, автор сөзі алдынан үтір, сызықша қойылады	Оқшау сөздер (қаратпа сөз, қыстырма сөз, одағай) сөйлем басында келсе, одан кейін үтір қойылады. Сөйлем ортасында келсе, екі шетінен үтір қойылады. Сөйлем соңында келсе, алдынан үтір қойылады.		
				Қаратпа сөз	Қыстырма сөз	Одағай
Мысалдар						
Қорықпаймын енді мен Аңыздан, желден, бораннан. Шеген - әрі батыл, әрі ақылды кейіпкер	Сіздер маған өз хылқымызды, қазақ халқын, сүйюді үйреттіңіздер	Ел болғың келсе, бесігіңді түзе. Ақыл жастан шығады, Асыл тастан шығады	Білгір кісіні ақылды, кітапты ұстаз сана, - депті Шәкәрім.	Балам, ертерек кел.	Әрине, ертең сабақ болады.	Жүрегім, ойбай, соқпа енді.

5 – кесте

Нүктелі үтір	
Қойылатын орындар	
Нүктелі үтір санамалап айтылған, мағынасы ыңғайлас сөйлемдердің арасына қойылады.	Бір күрделі ойдың, шумақтың, сөйлемнің ішінде мағынасы, құрылысы жағынан ұқсас келетін сөйлемдер арасына қойылады.
Мысалдар	
Қазақ тілінің негізі болған көне түркі жазба нұсқаларын мынадай кезеңдерге бөліп қарауға болады: 1. Көне түркі және Орхон-Енесей-Талас кезеңі; 2. Қараханид кезеңі; 3. Орта ғасырлық кезең;	Тастүлек сайып қырандай, Ұлдарым елді қорғаған; Жырым бірге майданға, Барсын оқтай ойнаған; Бомбасы жерге жарылса, Танкісі тауда ойнаған...

6 - кесте

Сызықша				
Қойылатын орындар				
Бірыңғай мүшелерге ортақ жалпылауыш сөздің алдынан сызықша қойылады.	Сызықша оңашаланған айқындауыш -тың екі жағынан қойылады.	Жалғаулықсыз қарсылықты, түсіндірмелі салалас құрмалас құрамындағы жай сөйлемдердің арасына қойылады.	Төл сөз, автор сөзі, диалогта сызықша қойылады.	Сан, уақыт, кеңістік мөлшерінің аралық шегін көрсету үшін қолданылады.
Мысалдар				
Әбен мен Әбді және Мұқа, Дәрмен – төртеуі ер қайратына бекінген күйде қолдарына бір-бір қару ұстай алысты.	Өзі әнші, өзі сұлу Байтасқа екеуі де – бірі кәрі, бірі жас бала – қызғана да, тамашалай да қараған еді.	Үйде шешен, - дауда жоқ. Жастардың білімге құмарлығы соншалық – қолдарынан кітап түспейді.	«Табалдырықта тұрма», - деді әжем. «Өркенің өссін десең, - деп толғаған Қаз дауысты Қазыбек, кекшіл болма». - Екі көзің не үшін керек? - Жақсыларды көру үшін.	Алматы әуежайынан күнбе-күн Алматы-Қарағанды, Алматы-Ташкент сапарлары бойынша ұшақ қатынап тұрады.

7 - кесте

Бастауыш пен баяндауыш тау тұғадағы сөзден болғанда, бастауыштан кейін сызықша қойылады						
Қойылатын орындар						
Бастауыш Зат есім – баяндауыш Зат есім	Бастауыш Сілтеу есімдігі – баяндауыш Зат есім	Бастауыш 3-жақ жіктеу есімдігі – баяндауыш Зат есім	Бастауыш Заттанған сын есім, сан есім, есімше – баяндауыш Зат есім	Бастауыш Тұйық етістік – баяндауыш Зат есім	Бастауыш Зат есім – баяндауыш Тұйық етістік	Бастауыш Сан есім – баяндауыш Сан есім
Мысалдар						
Бөрік – адамға көрік.	Бұл – үлкен қуаныш.	Ол - әйгілі әнші.	Ер жігіттің екі сөйлегені - өлгені	Оқу – білім бұлағы. Алдау – зұлымдық, Алдану - ақымақтық	Менің мақсатым – еліме пайдалы азамат болу.	Бес жерде бес – жиырма бес.

8 - кесте

Жақша			
Қойылатын орындар			
Жақша сөйлем ішіндегі белгілі бір сөздің мағынасын немесе ойға қатысты басқа бір ойды жол-жөнекей түсіндірген жағдайда қолданылады	Белгілі бір цитатаның кімнен алынғандығын білдіру үшін, соңында тұрған оның аты жақшаға алынып жазылады	Драмалық шығармалардағы автор түсіндірмелері жақшаға алынып жазылады	Кейде сөйлемдегі белгілі бір сөздің мәні оқушыға түсініксіз, талас, күдікті болса, сол сөзден не сөйлемнен кейін қойылатын сұрау белгісі, леп белгісі жақшаға алынады
Мысалдар			
Байжан бұрынғы Ақмола облысының Қызылжар (Петропавл) уезіндегі бір ауылда, кедей шаруалы үйде 1917 жылы туды	Ақыл сенбей, сенбеніз, Бір іске кез келсеңіз. (А.Құнанбаев).	Төлеген: Осы жолы тірі әкелуге серт етемін, жолдас генерал! Панфилов: Бар. (Бұлар кетеді, телефон сылдырлайды.)	Мұнда аудармашы сөзге сөз тауып, сан жағын ғана сақтаған: ломберный стол – төрт таған стол (?), салфетка – орамал (?)...

9 - кесте

Тырнақша				
Қойылатын орындар				
Дәйексөз тырнақшаға алынады	Төл сөз тырнақшаға алынады	Мақал-мәтелдер, афоризм сөйлем ішінде келтірілгенде тырнақшаға алынады	Дәйексөз ретінде емес, сөйлемде оның ажыратылмайтын мүшесі ретінде келтірілген біреудің сөзі тырнақшаға алынады	Біреудің айтқанынан алынған жеке-жеке сөздер тырнақшаға алынып жазылады
Мысалдар				
Махамбет Өтемісұлы туралы З.Қабдоловтың мына пікірі еске түседі: «Махамбет - өмірдегі қасіреттің синониміне, өнердегі қасиеттің символына айналған аса аяулы әрі ардақты ат».	«Осы өнерді қайтсем де меңгеремін!» - деп, ішімнен өз-өзіме ант еттім.	«Ит маржанды неғылсын» деген сөз бар, Сәулесі бар жігіттер бір ойланар.	Кейбір жазушылар қаламынан шыққан, «тілге жейіл, жүрекке жылы тиерліктей» сөз түйдектерін кездестіруге болады.	Зеренің соңғы айтқан «мылжың», «мақтаншақ», «даңғой» дегендері шынымен төрт көзі түгел отыр еді.

9 – кестенің жалғасы

Тырнақша			
Қойылатын орындар			
«Де» дәнекерінсіз айтылып, заттанып тұрған төл сөздер тырнақшаға алынады.	Астарлы, кекесін, қалжың мәнде айтылған сөздер тырнақшаға алынады.	Объект етіп алынған сөйлем, сөз тіркесі, сөз не буын, әріптер тырнақшаға алынып жазылады.	Кәсіпорын, өндірістік бірлестік, қоғамдық ұйым, көлік құралдары, газет, журнал, кітап т.б. атаулары тырнақшаға алынып жазылады.
Мысалдар			
«Қайдан білейін» - ді кой.	Есен-сау жүрсіз бе? «Ақынның төресі?»	«Тарақ» деген сөздегі «та» буыны – ашық буын.	«Қайрат» - ерікті спорт қоғамы. «Ана тілі» газеті. М.Әуезовтың «Абай жолы» романы. «Жазушы» баспасы.

10 - кесте

Леп белгісі					
Қойылатын орындары					
Леп белгісі көтеріңкі дауыспен айтылған лепті сөйлемдерден соң қойылады	Ерекше бір көңіл-күйге байланысты көтеріңкі дауыспен бұйыру, өтініш мағынасында айтылған сөйлемдерден соң қойылады	Ұранды сөйлемдерден кейін қойылады	Ерекше көтеріңкі дауыспен айтылған қаратпа, одағай сөздер мен «жоқ», «иә» деген сөздерден кейін қойылады	Ерекше мән бере көтеріңкі айтылған атаулы сөйлем сияқты сөздерден кейін леп белгісі қойылуы мүмкін	Сәлемдескенде айтылатын, ішінде сұраулық шылауы бар тіркестерден кейін леп белгісі қойылады
Мысалдар					
Шіркін, айтушы мен болғанда, ұқтырушым сен болсайшы, Абай!	Ақырмаңыз! Тоқтатыңыз мынау бассыздықты!	Біз, қазақ, ежелден еркіндік аңсаған!	Тоғжан! Япырмай, жақсы айттыңыз-ау! Жоқ! Бармаймын!	«Иегі ителгінің тамағындай» деп қызықтырған, асықтырған қалыңдық! Ділда! Мұның жары!	- Есенсіз бе! – деді Асқар Айбалаға келіп.

11 - кесте

Сұрау белгісі		
Қойылатын орындары		
Сұраулы сөйлемдерден кейін қойылады	Сұраулық мәнін көтеру үшін кейде бірыңғай мүшенің әрқайсысынан кейін қойылады	Сұрау белгісі кейде сөйлемдегі белгілі бір сөздің мәні оқушыға түсініксіз, неге олай деген күдік туғызғанды аңғарту үшін қойылады, мұндайда ол сол сөзден кейін жақшаға алынады.
Мысалдар		
Сен биыл ондасың ба? Мал-жан аман ба? Асқар сөзіне жұрт сенбесе ше? Бұл қайсың, Мұратпысың?	Жел ме? Аттың жал құйрығы ма? Жылан ба? Әйтеуір бірдемелер ысылдайды.	Еңбек – кеме, матрос – мен кемеде, оны сүймек сыбаға пешенеме (?)

12 – кесте

Тыныс белгілерінің қабаттаса қолданылуы		
Қойылатын орындары		
Егер сұраулы сөйлем лептік интонациямен айтылса, сұрау мен леп белгілері қабат қойылады.	Жалғаулықсыз қарсылықты салалас құрмалас құрамындағы жай сөйлемдері арасына үтір, сызықша қойылады.	Төл сөз бен автор сөзі арасына сызықша үтірмен, леп белгілерімен қабаттаса келуі мүмкін; тырнақша мен үтір, нүкте, сұрау, леп белгілері, көп нүкте қабаттаса да қойылуы мүмкін.
Мысалдар		
Шіркін, Нұра, жер шұрайы сенен өтер ме?! Не қыл дейсің маған?!	Айтты, - көндім, Алды, - бердім, Енді өкіндім, өзіме аз.	Халық ырымында: «Сүтті жерге төкпе», - деген бар. «Өзім алып шықсам қайтеді?» - деп ойлады Бүркітбай.

Ұсынылған әдебиеттер тізімі

- 1 Сыздықова Р. Емле және тыныс белгілері. Алматы: Рауан, 2014ж. -284 б.
- 2 Сыздықова Р. Қазақ орфографиясы мен пунктуациясы жайында анықтағыш. Алматы: Рауан, 2015
- 3 Мұсабекова Ф. Қазіргі қазақ тілінің пунктуациясы. –Алматы: Ана тілі, 1991. -128 б.
- 4 Балақаев М. Қазақ тілі мәдениетінің мәселелері. Алматы, 2017
- 5 Оралбаева Н. Қазақ графикасы мен орфографиясының негіздері.- Алматы, 2014
- 6 Жолымбетов Қ. Қазақ орфографиясын игерудің негіздері Алматы, 2016
- 7 Уәлиев К., Алдашев А. Қазақ орфографиясындағы қиындықтар.- Алматы, 2015
- 8 Мұсабеков Ф. Қазіргі қазақ тілінің пунктуациясы.-Алматы, 2015
- 9 Мұсабеков Ф. Тыныс белгілерін оқытудың кейбір мәселелері.- Алматы, 2014
- 10 Ысқақов А., Хасенов Ә. Тыныс белгілері.- Алматы, 2015.

